

*«Меніңше, Қ.И. Сәтбаев – даналығының, еңбегінің арқасында Қазақстан геологтар мектебін қалыптастырып, оны басқарған, геология ғылымын жетілдіруге зор ықпал еткен, Кеңес Одағының ғана емес, өтіп бара жатқан ғасырдың ең ұлы тұлғаларының бірі.*

*Қазақстанда, қазақтардың арасында дәл осындай шырқау биік деңгейге басқа ешкім көтеріліп көрген жоқ».*

***Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,***
*Қазақстанның Тұңғыш Президенті*

*«Кеңес Одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғаны – ғажап құбылыс».*

***Антони ИДЕН,***
*Ұлыбританияның Премьер-министрі*

*«Қаныш Сәтбаевтың орасан зор табыстары мен ғылыми тамаша еңбек-тері – қазақ халқының ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының мақтанышы».*

***Сергей ВАВИЛОВ,***
*академик, 1945-1951 жж.*
*КСРО Ғылым академиясының президенті*

*«Сәті түсіп, 1941 жылдың бас кезінде Қанекеңмен алғаш рет Москвада кездестік. Көп сөйлестік. Оның үлкен маман екені маған қатты әсер етті. Ол бұл кезде Жезқазған жағында жүретін. Содан көп кешікпей Алматыға қоныс аударды. Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастыру жөніндегі Үкімет комиссиясы Төрағасының орынбасарларының бірі болып тағайындалды. Мен оны бірден-ақ Ғылым академиясының болашақ президенті деп білдім».*

***Нұртас ОҢДАСЫНОВ,***
*1938-1951 жж. Қазақ КСР*
*Министрлер Кеңесінің Төрағасы*

*«Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп ержетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды».*

***Ілияс ОМАРОВ,***
*1947-1952 жж. Қазақстан Компартиясы*
*Орталық Комитетінің хатшысы*

*«Қаныш Имантайұлы институтты бітіргеннен кейінгі 15 жыл өмірін Жезқазған-Ұлытау аймағының байлығын айқындап, анықтауға арнады. Ол болашаққа батыл көз тастайтын, өзінің арманы үшін күресе білетін талантты инженер және басшы болды. Қазіргі Үлкен Жезқазған – Қ. Сәтбаевтың жүзеге асқан Ұлы Арманы».*

***Шапық ШӨКИН,***
*академик, Қазақстанның «Халық Қаһарманы»,*
*1964-1967 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті*

*Кітап академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Абылайұлы Ыдырысовтың бастамасымен жарық көрді*

# ЖҮРЕКТЕРДЕ ЖАНҒАН *жұлдыз*

*Естеліктер, арнау өлеңдер мен әндер*

«Кәусар» баспасы
Нұр-Сұлтан – 2019

**ӘОЖ 821.512.122**
**КБЖ 84 (5 Қаз)**
**Ж 23**

**Ж 23** **Жүректерде жанған жұлдыз.** *Естеліктер, арнау өлеңдер мен әндер.* Құраст. А. Дастанов. – Нұр-Сұлтан: «Кәусар» баспасы, 2019. – 272 б.

**ISBN 978-601-7921-29-3**

Қаныш Сәтбаев есімі Жезқазған-Ұлытау өңіріне өте ыстық. Оның ғылымның биігіне ұмтылысы осы өңірдің қыраттарын зерттеуден басталды. Ол мұнда он жылдан аса тұрақты жұмыс істеді, көптеген адамдардың сүйіспеншілігіне бөленді.

Бұл кітапқа негізінен осы өңірде Қ.И. Сәтбаевпен бірге қызметтес, жұмыстас болған замандастарының және олардың ұрпақтарының естеліктері топтастырылған. Сонымен қатар, аймақ ақындарының арнау жырларына, композиторлардың әндеріне де орын берілді.

**ӘОЖ 821.512.122**
**КБЖ 84 (5 Қаз)**

**ISBN 978-601-7921-29-3**

© А. Дастанов., құраст., 2019
© «Кәусар» баспасы, 2019



***Асқар ЫДЫРЫСОВ,***
*Сәтбаев қаласының әкімі*

# ЕСКІРМЕЙТІН ЕСІМ

Уақыт – өткен мен кеткенді саралайтын, сараптайтын ең үлкен құрал. Уақыт – адамзат баласына берілген ең қымбат сыйлық. Айналаңа қарап, оң-солыңды танып, ақ пен қараны ажыратуға таптырмас мүмкіндік беретін – тағы да уақыт. Біз уақыт жөнінде аз-маз сөз қозғай қалсақ, әлбетте, ең алдымен өткенге ораламыз. Келмес күндер елесіндей болған уақытты кері айналдыру процесі естелік арқылы ғана жүзеге асатыны анық. Қолыңыздағы кітап – соның бір дәлелі, қадірлі оқырман!

Жетпіс мыңнан аса тұрғыны бар қаламыздың Қаныш Сәтбаев есімін иеленгеніне біршама уақыт болды. Әйгілі академиктің ел үшін жасаған еселі еңбегі, төккен тері тасқа жазылған сөздей анық. Туған жерді сүю, өскен ортаға құрметпен қарау – тектілік. Тегін танымаған – өзін танымайды. Қаныштай кемеңгер тұлғаның ұрпақ жадында мәңгі қалар ісінің бірі – мысты шаһар Жезқазған мен сәулетті Сәтбаев қаласының негізін қалады. Міне, содан бері біздің туған жеріміз өзінің тарихын геолог Қ. Сәтбаевтың атымен мәңгі байланыстырды.

Алыс-жақынға бара қалсаңыз, қайдан келіп, қайда туғаныңды сұрап, таныстық арқылы тамырыңды баса сөйлейтін бір жазылмаған заңдылық бар. Міне, дәл сол жолаушылаған адамға құрғақ жауап емес, құнарлы әңгіме болатындай бір кітапты құрастырып шықтық деп ойлаймын. Көптен бері ойда жүрген істің оңтайлы аяқталғаны – кімге де болса абырой.

Бұл кітаптың баспаға берілуіне түрткі болған екі себеп бар: біріншісі – ғұлама ғалым, академик Қ. Сәтбаевтың 120 жылдық мерейтойы болса, екіншісі – әркімнің қолында сарғайып, тоз-тозы шыққан маңызды мәліметтер мен құнды деректерді жүйелеу, жинақтау.

Әуелде атап өткен ғалым мерейтойы қарсаңында игілікті, ілтипатты істер атқарылғанын айтып өткім келеді. 2018 жылы «Қ.И. Сәтбаев – Тұлға. Патриот. Ғалым» атты халықаралық симпозиум өтті. Симпозиумға Украина, Ресей, Жапония мемлекеттерінен жетекші ғалымдар қатысып, Қ. Сәтбаевтың есімін тағы бір мәрте асқақтатты. Қазақстанның алғашқы академигі туралы туындылардың авторы, көрнекті жазушы Медеу Сәрсеке қаламызға арнайы келіп, «Сәтбаев ұлағаты» кітабының таныстырылымын өткізгенін ел біледі. Қ.И. Сәтбаевтың ескі бюстін қалпына келтіріп, қала орталығына қойғанымыз да құптарлық іс болды. Сондай-ақ, Жезқазған қаласында екі күнге созылған республикалық конференция Қаныш Сәтбаев есімінің ескірмейтінін дәлелдеді.

«Жүректерде жанған жұлдыз» атауымен жарыққа шыққан екі бөлімді кітапқа ғалым туралы әр жылдарда берілген естелік-толғаныстармен қатар ақындардың арнау өлеңдері мен әндері топтастырылған.

Осы жинақты шығару барысында ел білмейтін қаншама салмақты дүниелер жинақталып, кітаптың мазмұны мен маңызын арттырып, бізді айрықша қуантты.

Ақын – мөлт еткен сезім мен жылт еткен дүниені көңіліне тоқитын ерекше қабілет иесі.

*Қуантып Арқадағы байтақ елді,*
*Алғысын ақсақалдар айта берді.*
*Жарқырап ақ маңдайы, алшаң басып,*
*Ортаңа Қаныштарың қайта келді,* –

деп ақын Шынболат Ділдебаев қалаға академиктің есімі берілгенде халықтың қуанышын, толқынысын жырға қосқан еді. Кеңгір жағасындағы келбетті қаланы сөзбен әсемдеу, сазбен көркемдеу ақын жүрегінің елегінен ғана өтері анық.

Айта кетерлігі, академик Қаныш Сәтбаевтың көзін көрген, сөзін тыңдаған көнекөз қарттар мен аймағымыздағы аға буын өкілдерінің сүбелі сұхбаты, сүйекті әңгімесі тұңғыш рет баспаға беріліп отыр. Игі бастаманың өрісі кеңейіп, кейінгі ұрпаққа мирас болып қолдарына тисе – жұмысымыздың жүйеленгені.

Қаныштың қаласы қай кезде де әнге кенде болған жоқ. Қаланың сән-салтанатын танытатын әндер жетерлік, сол әндердің әркімнің қолында жүргені, тіпті кейбірінің нотаға түспегені бізді біраз уақыт алаңдатып еді. Мына жинақ құрастырылған соң, күмәніміз біршама сейілген сияқты.

Олай болса, ойлы оқырман, ескірген естеліктен ескірмейтін есім турасында толғанып, сусаған жүректі әуезді әнмен, жауһар жырмен сусындатып алыңыз!

# I БӨЛІМ

# *Жұртының жадында, елінің есінде*



***Таисия САТПАЕВА***
*(22.05.1900-06.04.1976)*

*Инженер-геолог, кандидат геолого-минералогических наук, жена, верный друг и соратник Каныша Имантаевича Сатпаева.*

# НЕЗАБЫВАЕМЫЕ ГОДЫ

Оглядываясь назад, как будто совсем в недалекое прошлое нашей совместной жизни и работы с Канышем Имантаевичем, мы всегда с ним приходим к одному мнению, что самым интересным периодом нашей жизни, как нам теперь кажется, был период 12-летней работы по изучению геологии и рудных богатств Джезказганского района.

Вспоминается, как вначале мне не хотелось ехать в Джезказган. Пугало все: и тяжелый климат полупустыни, и отдаленность, и оторванность от научных центров.

Но всякие волнения оставались волнениями, а ехать было необходимо.

Вот и станция Джусалы Ташкентской железной дороги, встретившая нас своим ярким, еще не слишком горячим апрельским солнцем.

Впоследствии эта станция стала для нас знаменательной. При выезде из Карсакпая в центр она являлась как бы символом связи с центром культуры, науки, какой-то другой большой жизни.

Когда подъезжаешь к станции Джусалы со стороны Карсакпайского завода, благодаря исключительно плоскому рельефу местности, отдельные строения ее начинают быть видимы километров за тридцать. После долгого, утомительного пути по бесконечно однообразной полупустыне, истомленные солнечным пеклом, пропитанные насквозь тончайшей желтовато-серой глинистой пылью, подгоняемой за машиной попутным ветром (в облаках этой

пыли шофер уже не видит дороги и останавливает машину, чтобы пыль хотя бы немного улеглась), наконец-то, Джусалы! Наконец-то отдых после тяжелого пути! А вон и линия железной дороги уже видна, и поезд какой-то идет – это связь с большим миром, связь с большой жизнью.

Вспоминаются и другие моменты: возвращение на станцию Джусалы после поездок в центр или на отдых.

Порядочно лет прошло с тех пор, как станция Джусалы потеряла для нас значение рубикона, но и до сих пор, проезжая по Ташкентской железной дороге, приближаясь к этой станции, мы испытываем волнение встречи с дорогими памятными местами. И в какое бы время суток не подходил к ней поезд, мы выходим на перрон, чтобы пройтись немного по родной земле, подышать ее воздухом и при этом невольно вспомнить некоторые эпизоды, связанные с отдельными отъездами или приездами на эту станцию.

Конечно, в первый приезд эта станция не вызвала во мне каких-либо особых чувств, кроме разве чувства преддверия в какое-то неизвестное будущее.

Джезказган для Каныша Имантаевича не был абсолютно новым объектом. Более двух лет до этого, работая в правлении Атбасарского треста цветных металлов, он бывал в Джезказгане, изучая его и организуя там разного рода договорные работы по разведке его недр. И направляясь сейчас на постоянную работу в Карсакпай для создания стационарной геологоразведочной службы на комбинате, он прекрасно понимал, как много трудной работы предстоит впереди.

По существу, это была «неподнятая целина». Никакой базы для производства геологоразведочных работ на месте не было. Если на Джезказгане еще крутились два станка буровой партии Геолкома, работавшей только в летний сезон, то на Байконурском каменноугольном месторождении, питавшем только что пущенный в ход Карсакпайский завод, никаких разведочных работ по выявлению и подготовке его запасов не проводилось. Предстояла задача организовать на месте постоянную геологоразведочную службу. А так как на месте не было ни нужных людей, ни оборудования, то пока надо было думать о подвозе того и другого.

И вот вместе с нами на станцию Джусалы прибыла целая группа буровых мастеров во главе с инженером Д.Н. Бурцевым дпя организации буровой разведки на Байконурских копях.

Все мы погрузились в Джусалы на грузовую машину и двинулись к нашей цели – Карсакпайскому заводу.

Середина апреля – это время пышного расцвета для здешних степей. А каким жалким и убогим показался мне в то время этот расцвет. Позднее, после долгих лет жизни в полупустынной природе, научишься ценить прелесть

каждой зеленой былинки, слабый аромат невзрачного цветка. Впервые же казалось, что весны здесь совсем нет, что все так серо и уныло. Даже здешние тюльпаны имели какие-то сероватые грубые листья, стелившиеся по земле.

Бесконечная тряска машины. Через 20-25 км маленькие глиняные домики с большими крытыми сараями для верблюдов – это пикеты, где можно немного ноги размять и попить солоноватой воды из колодца, пока заправляется машина.

Многочисленные караваны верблюдов оживляли весь путь. Машин в то время было здесь еще очень мало, и на верблюдах перевозили все необходимое для завода и жизни людей. Эти караваны производили величественное впечатление как своими необычайными размерами, так и гордой осанкой неутомимых животных.

Наши попутчики – буровые мастера, большинство из которых были украинцы, под впечатлением утомительной тряски, пыльной дороги, а также окружающей непроглядной природы, пуская мало ободряющие реплики по поводу «богом забытых мест», постепенно начали унывать. И эти первые признаки уныния в приезжих людях заложили в сознании Каныша Имантаевича убеждение о необходимости растить и воспитывать кадры из коренного населения, для которых эта степь является любимой родиной.

Позднейшая практика показала, что это убеждение было совершенно правильным, что только кадры, выращенные из местного населения, а не приехавшие за «длинным рублем» люди могли создать тот исключительно сработавшийся коллектив, преданный всей душой делу и болевший за это дело.

С приближением к Карсакпаю холмистый рельеф местности начал заметно оживлять наш путь. Наконец, где-то вдалеке, между отдельными горками, показалось на небе легкое облако дыма, а затем постепенно начали вырисовываться высокие заводские трубы и отдельные сооружения его. Вот и долгожданный Карсакпайский завод, красиво вздымающийся на высоких обрывистых скалах, у подножия которых разостлалось зеркало подпруженной воды.

Уже вечерело, и кое-где начали загораться точки электрического света, заметные издали.

Наконец, машина нырнула в последнюю долину, высоко поднялась на горку, покрытую белой кварцевой щебенкой, и перед нами неожиданно открылась масса электрических огней, заливавших своим светом широко раскинувшийся заводской поселок.

Резкий контраст перехода от безмолвной полупустыни с редкими жалкими строениями пикетов, разбросанными по дороге, к этому яркому электрическому свету в густых сумерках догорающего дня, был поистине изумительным.

Приезд в Карсакпай был приятным событием и в том отношении, что кончился длинный утомительный путь. А самое главное – неожиданная радость – нам дали не комнату в бараке, на что мы рассчитывали в лучшем случае, а целую квартиру в две комнаты с кухней.



Итак, Геологоразведочное бюро Карсакпайского комбината впервые начало организовываться. Помещение его представляло собой два рабочих стола в комнате, занимаемой канцелярией главного механика комбината. Из материалов по геологии Джезказганского месторождения имелся небольшой архив – результаты работ англичан, которые интересовались только богатыми рудами и только их разведывали и опробовали. Работа, проведенная ими, была исключительно по верхним горизонтам месторождения, на незначительной его площади.

В Джезказгане бурили два станка партии Геолкома под руководством молодого специалиста, который, стремясь к точному выполнению данных ему инструкций, останавливал проходку скважин в богатейших рудах, придерживаясь проектных глубин, предписанных инструкцией. Весь персонал, обслуживающий бурение, был вывезен из Ленинграда и туда же мечтал уехать с наступлением холодов.

И вот началась кипучая деятельность для Каныша Имантаевича. Прежде всего нужно было скорее пустить третий буровой станок, причем бурить не до мелко залегающих рудных горизонтов, а постараться бурить гораздо глубже, так как глубокие недра Джезказгана оставались «терра инкогнито». Необходимо было организовать круглогодичную работу станков, организовать свои механические мастерские, поставить бурение в Байконуре. Кроме того, комбинат срочно требовал провести разведку на питьевую воду в Карсакпае, так как растущему предприятию не хватало питьевой воды.

Нужно было выявить, что же сделали англичане? Какие запасы ими были разведаны? Необходимо было скорее изучить их материалы и пересчитать выявленные ими запасы.

А главное – кадры, кадры. Ведь пока что везде сидят «перелетные птицы», ожидающие первого снега, чтобы сняться с места. Нужно часть кадров хотя бы временно, хотя бы на одну зиму задержать здесь, прикрепив к ним немедленно своих местных людей для обучения. Но чтобы иметь действительно настоящие квалифицированные кадры буровиков, надо сейчас же способных молодых казахов отправлять на курсы в Ленинград и обучать их там. И этих молодых людей Каныш Имантаевич всегда умел разыскивать.

Чтобы иметь всегда повсюду свой глаз, нужен транспорт. И вот какие-то две старые потрепанные грузовые машины давно забытой марки «АМО» начали постоянно тарахтеть около дверей нашей квартиры.

В это же время путем договоров с соответствующими учреждениями и организациями как на руднике и копях, так и почти во всем Джезказганском районе, развивались в широком масштабе такие работы, как топо и геосъемки различного масштаба.

Только что начавшие применяться в разведочном деле геофизические методы едва ли получили где-либо, кроме Джезказгана, такое широкое развитие во всех своих видах.

И вот целые полчища людей начали съезжаться дпя производства этих разнообразных видов работ.

Сам же Каныш Имантаевич в это время, как «летучий голландец», худой и длинный, появлялся то в Джезказгане, то в Байконуре, то на железо-марганцевых флюсовых карьерах комбината в районе Найзатаса и Джезды, то заглядывал на два-три дня домой, чтобы заняться делами в конторе.

Посетив Болаттамское месторождение пиритоносного лигнита, находящееся в 180 км от Карсакпая, Каныш Имантаевич предложил заводу отказаться от дорогостоящего уральского пирита, применявшегося в то время как флюс, и перейти на болаттамский пирит.

Найдя в старых заявках упоминание о выходах углей в районе Киякты, Каныш Имантаевич немедленно отправил инженера Д.Н. Бурцева на поиски этого месторождения, а на следующий год там уже развивались геологоразведочные работы.

Приближалась зима, «заморские пташки» начали свой перелет, а три буровых станка в Джезказгане были в полной готовности для зимней работы. Каныш Имантаевич сразу же отказался от громоздких деревянных строений вокруг станков, требующих дорогостоящего леса и отнимавших при перестановке на новую точку почти 30% полезного времени от бурения. Он решил перейти на легкие казахские юрты, которое оказались гораздо теплее и отнимали всего лишь несколько часов на переноску и установку их, что давало громадную экономию.

Три станка благополучно проработали всю зиму. Первая глубокая скважина колоссально увеличила перспективы месторождения.

К весне вернулись из Ленинграда обучавшиеся там новые буровые мастера, первые буровики-казахи.

А бурные годы первых пятилеток требовали новых заводов, больших запасов руд для них.

Еще в 1928 г. на основании первых своих геологических наблюдений в Джезказгане Каныш Имантаевич в статье «Атбасарское медное дело и его перспективы», опубликованной в журнале «Минеральное сырье СССР», смело выдвигал Джезказган как одну из потенциально мощных медных провинций Союза, и составленный им в те годы пятилетний план геологоразведочных работ предусматривал широкий размах бурения в десятки станков.

По плану Каныша Имантаевича к будущему сезону число буровых станков на Джезказгане должно было дойти до пятнадцати.

И.С. Яговкин, приехавший с комиссией Главка из Москвы, считал этот план «фантазией». Геолог В.П. Симонов, его сотрудник из Ленинграда, заявлял прямо, что «ничего тут не выйдет, такие темпы развития невозможны».

Те сравнительно ничтожные запасы, которые предвидели специалисты-консультанты из Геолкома, и тот убого ограниченный метраж бурения, который они рекомендовали провести, чтобы полностью разведать Джезказган, являлись смешными «детскими игрушками» для Джезказгана-гиганта. Ходя из года в год по его земле, составляя подробные геологические и структурные карты месторождения, эти специалисты не поняли того, что изучали.

Однако то, что казалось невозможным для них, в действительности оказалось возможным. Пятнадцать буровых станков в срок начали работу, систематически перевыполняя свои производственные задания.

И вот недалеко от Джезказгана вырос целый поселок разведчиков Тас-Кудук. В самом же Джезказгане были уже нечто вроде геолого-разведочного комбината, своя хорошая механическая мастерская, химическая лаборатория, коллекторская, гараж, техсклад, кернохранилище.

Среди бурового персонала были еще кое-какие люди, вечно ищущие хороших мест, но основной костяк кадров уже рос и креп.

Из ФЗО и с собственных курсов вышла целая группа коллекторов, из которых впоследствии выковались прекрасные коллекторы и прорабы разнообразных геологоразведочных работ. На них можно было совершенно спокойно положиться в отношении как тщательности фиксации фактического материала, так и описания и обработки его. Некоторые из этих людей, А. Альмагамбетов. П.В. Прокопьев, А.В. Фесенко, Т.Н. Калашникова до сих пор работают в Джезказгане и являются золотым фондом геологоразведочной службы.



И в то время, как весь комбинат продолжала еще трепать лихорадка текучести кадров, в геологоразведке эта сторона дел принимала совершенно устойчивый характер.

Надо сказать, что человеку, привычному к другому климату, освоиться с климатом Джезказгана было действительно не так-то легко. Безрадостная полупустынная степь; необычайно жаркое лето с температурой до 40-45 °C и такими же морозами зимой; дожди как редкостное явление; почти не перестающие ветры, переходящие летом в пылевые, а зимой в снежные бураны, почти постоянное жалобное завывание ветра в печной трубе, действующее на нервы; полное отсутствие овощей и фруктов в первые годы работы комбината, а в связи с этим развитие цинги – все это было мало привлекательным и создавало большую текучесть как среди рабочих, так и технического персонала.

Как раз в это время мы только что потеряли с Канышем Имантаевичем нашего первенца сына из-за неопознанной дифтерии. Сама я страдала цингой, и, надо сказать, мое мужество поколебалось. Жить еще в этой оторванности хотя бы от хорошей медицинской помощи, в этом климате, без овощей, которые иногда даже снились во сне, казалось невозможным. И, однако, мы прожили там 12 лет...

А геологоразведочная служба росла и крепла из года в год. Управление и камералки ее размещались в больших домах как в Джезказгане, так и в

Карсакпае. Существовало просторное помещение для вновь организованного научно-исследовательского сектора. Имелось несколько микроскопов, бинокулярных луп и других точных приборов; работала своя шлифовальная мастерская, а руды и породы Джезказганского района подвергались точным петрографическим и минераграфическим исследованиям. Зарождался геологический музей. Постепенно росла научная геологическая библиотека.

Тонкости бурового дела также осваивались. Ни одна новинка в этой области не проходила мимо нашей партии.

Два лучших мастера-буровика были отправлены в Ачисай к работавшему там хорошему специалисту и обучились у него искусству чеканки алмазных крошек в буровые коронки. Позднее эти мастера образовали в Джезказгане целую школу чеканщиков.

Каныш Имантаевич, прочитав в каком-то специальном журнале коротенькую заметку об эффективности бурения с применением засыпки больших порций буровой дроби, решил немедленно испробовать этот метод в джезказганских условиях, чтобы по возможности отойти от дорогостоящих алмазов, постоянно лимитировавших и удорожавших работу. Оказалось, что этот метод дал такой эффект, что впоследствии почти все станки перешли на него.

При огромном развитии буровых работ не могло быть, конечно, без того, чтобы часто не хватало каких-либо частей в оборудовании. Однако выход из положения всегда находился, и эти части начинали делать или сами, например шестеренки к станкам, или же использовали старье. Так, необычайно остро стоял всегда вопрос со штангами. И вот наша механическая мастерская, по инициативе Каныша Имантаевича, стала обрезать, утолщать концы и обтачивать старые штанги, что полностью ликвидировало неизбежные простои буровых станков.

Результаты всех этих усилий начали быстро окупаться. Благодарный Джезказган щедро открывал свои недра людям, с любовью и терпением приложившим к нему свои руки. Неудержимо быстро росли его запасы, а вместе с этим также бурно расширялись и перспективы месторождения в целом.

Карсакпайский завод оказался ничтожным для осваивания богатых недр такого месторождения, как Джезказган.

И вот Каныш Имантаевич вступил в новую, более тяжелую, чреватую моральными ранениями битву, битву за Большой Джезказган.

Борьба за создание и развитие геологоразведочной службы складывалась в основном из огульных организационных деталей, где врожденные в этом отношении способности Каныша Имантаевича проявились в полной мере. В ней было, конечно, много волнений, беспокойств и подчас тяжелых переживаний, но они несли за собой быстрый эффект, моральное удовлетворение, радость созидания.

Борьба за Большой Джезказган – это борьба с рутиной, борьба с тупостью и бесперспективностью многих специалистов, засевших во всякого рода главках.

Средства, отпускаемые на разведочные работы, вдруг стали резко снижаться, вплоть до того, что пришлось не только свертывать станки и увольнять второстепенных рабочих, но надо было расставаться с частью ценных, теперь уже высококвалифицированных буровых мастеров, выпестованных собственными руками. Однако эти люди оказались действительно во всех отношениях золотыми. Не желая бросать своей любимой работы, первоклассные мастера переходили на должность младших рабочих.

Каныш говорил, что все эти невзгоды временны, и они верили в своего Каныша.

И действительно, будучи оптимистом по своему духу, Каныш Имантаевич ни на одну минуту не сомневался, что дело развития Большого Джезказгана не умрет, его нельзя задушить, рано или поздно оно выйдет на верную широкую дорогу.

Чтобы как-то сохранить кадры, Каныш Имантаевич искал всякие пути и возможности получить дополнительные средства, заключая различные договоры на подрядные работы с посторонними организациями, такими, как Главзолото, Лакокраска и т.п.

«Запасов, разведанных в Джезказгане, хватит для Карсакпайского завода на десятки лет – это и так слишком много для нас, а рост Джезказгана нас не интересует», – таков был ответ от непосредственного начальства.

А тут еще новая неприятность, новая забота.

Джезказганский рудник в те годы имел крайне узкий фронт подготовительных работ, что вынуждало для выполнения плана выплавки меди «вырывать» лишь наиболее богатые руды.

Каныш Имантаевич всегда стремился к тому, чтобы эксплуатационными работами вынимались все промышленные руды. В результате этого руководство комбината начало сваливать вину на плечи геологоразведки, «будто бы скрывающей богатые руды». Все эти осложнения трепали нервы, мешали работать, ставили, как говорится, «палки в колеса». И эти «колеса», действительно, начали замедлять ход.

Но девиз Каныша Имантаевича – «правда всегда восторжествует», а главное, его природный оптимизм и жизнерадостность не позволяли ему ни в коей мере сдаваться.

И действительно, кто бы там ни мешал работать, а большая наука Москвы уже знала, что есть Большой Джезказган.

И вот этот Большой Джезказган со своей геологией, запасами, перспективами, богатствами района вышел на трибуну Академии наук СССР. Это был

знаменательный для Джезказгана 1934 год. В этот год АН СССР по инициативе академика А.Д. Архангельского организовала сессию в Москве по Большому Алтаю и Большому Джезказгану. С трибуны, казалось, столь недосягаемой для молодого специалиста-казаха, работавшего в отдаленном уголке Союза, послышались слова, освещающие подлинное значение Джезказгана. Все это казалось сказкой. Помню, как зачарованная, ходила я по чудным залам Нескучного дворца, стараясь запомнить лица выдающихся людей нашей страны, виденные мною тогда впервые: академика В.А. Обручева, А.Д. Архангельского, И.М. Губкина – подлинных отцов советской геологии; академика Б.Е. Веденеева, строителя знаменитой в то время ДнепроГЭС, и многих, многих других. И не верилось, что «наши ребята», как мы называли наших молодых специалистов, будут здесь выступать, а эти маститые ученые будут их слушать.

Характерной чертой в работе Каныша Имантаевича было постоянное его стремление тянуть за собой молодых специалистов. И на сессии АН он поручил некоторым из них сделать ряд докладов.

«Наши ребята», хотя и волновались, но ободренные первым успешным выступлением Каныша Имантаевича, выступали хорошо. Из прений по докладам было видно, что Джезказган «завоевывает сердца». И несколько забавно получилось на заключительной дружеской встрече после сессии, когда Каныш Имантаевич поднял тост за Большой Джезказган, и все бурно приветствовали этот тост, чуть-чуть разгоряченный академик В.А. Обручев сказал: «Не надо забывать седой, старый Алтай. Джезказган – это выскочка, он слишком молод, он что-то слишком быстро идет вперед». И помню, как наш молодой главный инженер комбината И.А. Стригин (теперь директор Гинцветмета) вставил реплику: «Из молодых да ранний», шумно и весело встреченную всеми собравшимися. Конечно, академик В.А. Обручев один из первых понял масштабы и значение Джезказгана, но тогда ведь происходило первое знакомство большой науки с «молодым да ранним» объектом.

«Но речи – речами, признания – признаниями, а ведь разведку-то нужно форсировать. Надо как можно скорее проводить к Джезказгану железную дорогу. Академия наук издаст об этой сессии книгу, а строить ведь она не будет», – вот мысли, которые не давали Канышу Имантаевичу покоя после сессии. Надо было попасть к руководителю ВСНХ СССР Серго Орджоникидзе; только он может все понять и сделать. Все другие «мелкие тропы» были уже исхожены, и на них нечего уже было больше ожидать. И вот при поддержке профессора В.А. Ванюкова Канышу Имантаевичу удается попасть на прием к Серго Орджоникидзе. В каком восторженном настроении вернулся он от Серго. Этот замечательный человек совершенно покорил Каныша Имантаевича не

только своим обаянием, но и пониманием и поддержкой в развитии Большого Джезказгана.

И вот начались геологоразведочные работы широкого масштаба на Кияктинском каменноугольном месторождении, Найзатасском железорудном месторождении, Джездинском и Каратасском месторождениях марганцевых руд, Актасском месторождении известняков и на многих участках стройматериалов и огнеупоров.

Обладая душой настоящего геолога-исследователя, который не может идти по земле и не видеть, что у него лежит под ногами, Каныш Имантаевич не мог пройти мимо тех месторождений, небольшие выходы руд которых, можно сказать, усыпали Джезказган-Улутауский район. Поэтому большое количество маленьких летних партий и отрядов ежегодно рассылалось по целому ряду этих точек.

А Каныш Имантаевич на грузовом фордике с шофером, страстным охотником на дроф, разъезжал от одной своей партии к другой, изучая по дороге геологию и структуру района и занимаясь поисками все новых и новых богатств на Джезказган-Улутауской земле. Но как бы широко не ставил работы Каныш Имантаевич, он всегда находил их слишком ограниченными и мелкими по сравнению с теми богатейшими недрами, какими одарила природа Джезказганский район.

Все материалы летних работ тщательно изучались и обрабатывались в зимний период в камеральных помещениях разведки. В Карсакпайской и Джезказганской лабораториях проводились анализы новых руд, вычерчивались многочисленные карты и разрезы, подсчитывались запасы.

А Каныш Имантаевич под свое собственное пение старинных казахских мелодий сидел до глубокой ночи, склонившись над этими материалами, непосредственно руководя всеми деталями этой кропотливой работы.

Рос и креп научно-исследовательский сектор разведки. Если вставал вопрос о том, что наши лаборатории не совсем были сведущи в каких-либо методиках или требовалось открытие новых лабораторий, то свои работники немедленно отправлялись в институты Москвы для ознакомления и обучения тому, что требовалось. Или же, наоборот, приглашались специалисты из центра в Карсакпай с предварительным заказом полного лабораторного оборудования и наши люди обучались на месте. Таким образом у нас появились такие лаборатории, как пробирная, минералогическая, петрографическая, лаборатория стройматериалов, фото и микрофотолаборатории.

А музей все более и более пополнялся ценнейшим каменным материалом, характеризующим своими многочисленными образцами и экспонатами как детали петрографии и литологии всего Джезказган-Улутауского района, так и его многочисленных месторождений. В минералогическом отделе музея

накапливались ценнейшие, а часто и уникальные по красоте и составу образцы руд и минералов района.

Геологический музей и научно-исследовательский сектор геологоразведки Джезказгана по оснащенности аппаратурой и лабораториями, по богатству экспонатов, по глубине изучения фактического материала вызывал одобрение и восхищение многих приезжавших туда крупных специалистов-геологов, таких, например, как Н.Г. Кассин, М.П. Русаков и др.

Фактический материал геологоразведочных работ постепенно ширился и рос. Время от времени, когда наступала пора представлять материалы в ВКЗ, в полном смысле пудами приходилось везти их в Москву. Наши подсчеты не всегда были исключительно изящно оформлены. Всякие синьки и аммиачки получались из главка часто достаточно старыми, а иногда и подмоченными, но достоверность анализов, качество подсчетов, разносторонняя изученность материала, вплоть до петрографии, минералогии и микрофотографий, постоянно встречали одобрение на заседаниях ВКЗ.

И все эти огромные работы выполнял исключительно небольшой коллектив специалистов и коллекторов-камеральщиков. Но Каныш Имантаевич своей неутомимой энергией, своей работой по 15 часов в сутки заражал всех. Работа не представлялась в виде отсиживания положенных тебе часов, а работали столько, сколько было необходимо, с энтузиазмом и охотой. И это, я бы сказала, вдохновение было в работе всех, вплоть до счетного работника или младшего коллектора. Слов «перегрузка» или «сверхурочная работа» в лексиконе коллектива не существовало.

Авторитет Каныша Имантаевича среди рабочих и сотрудников был исключительный. И хотя из его кабинета часто слышался гром «пропесочивания» какого-либо из мастеров или сотрудников, но уходили оттуда все удовлетворенные и, как говорится, с проясненными мозгами и часто с такими словами: «Правильно поругал, сам виноват, зато теперь знаю свои ошибки и знаю, как их исправить».

На производственных совещаниях коллектива Каныш Имантаевич выступал всегда к концу и, когда он брал слово, часто можно было слышать: «Теперь будем слушать, что надо делать». И действительно, как-то сразу становились понятны все наши ошибки, все задачи, стоящие перед каждым работником в отдельности, и общая цель всей работы, вдохновляющая весь коллектив.

Спаянность коллектива геологоразведчиков джезказганцев была исключительной. Если люди умели работать, то любили и повеселиться. Ноябрьские праздники, день Конституции, Новый год и даже иногда 8 марта отмечались не столько пышными, сколько веселыми праздниками, устраиваемыми на компанейские средства коллектива. Искреннее веселье длилось до рассвета. Майские праздники проводили всегда с выездом в поле, после чего целый год

вспоминали этот день и ждали следующего мая. И на всех этих праздниках поднимался обязательный тост за Большой Джезказган, который для геологоразведчиков стал как бы девизом.

Мысль о Большом Джезказгане сверлила мозг Каныша Имантаевича. После смерти Серго Орджоникидзе к руководству Наркоматом тяжелой промышленности пришел Л.М. Каганович. В самом начале 1938 г. он вызвал Каныша Имантаевича для личного доклада в Москву. Радостный и успокоенный вернулся он из этой поездки. Лазарь Моисеевич полностью понял и поддержал его идеи развития Джезказгана.

Каныш Имантаевич теперь думал о том, какой городок для геологоразведчиков нужно построить около Джезказгана, где будут водоемы и сады, какие лаборатории нужно еще предусмотреть при строительстве этого городка.

Запасы же Джезказгана все росли и росли и вывели его на большую арену всеобщего признания.

В результате этого признания Каныша Имантаевича в 1940 г. наградили орденом Ленина. Трудно передать, как встретили мы эту огромную, неожиданную, я бы сказала, ошеломляющую радость как у себя в семье, так и в коллективе. До сих пор стоят в памяти все пережитые моменты и сказанные слова в первые минуты, когда мы узнали об этой радости.

В постоянном упорном труде, увлекавшем за собой весь коллектив, в разрешении все новых и новых задач, в атмосфере бодрости, целеустремленности и спаянности с коллективом прошли незаметно 12 лет нашей жизни и работы с Канышем Имантаевичем в Джезказгане.

Многое за это время там изменилось. Выросли рудники, много стало новых шахт. Изменились заводские и рудничные поселки, вокруг которых зазеленели сады и огороды, а главное – изменились люди.

Из казахов-степняков, видевших впервые завод и шахты, боявшихся подойти вначале к машине, выросли великолепные кадры мастеров-стахановцев, преданных производству и полюбивших его всей душой. Выросла неизмеримо культура этих людей. И можно было часами стоять на буровой вышке и любоваться соразмеренностью и четкостью всех движений этих людей, когда машина стала уже в их руках послушным ребенком и, отвечая на их заботы о ней, давала производительность, далеко превосходящую нормы. Вот некоторые из имен этих людей, до сих пор работающих в Джезказгане: Халык Темирбаев, Мурзабек Тунгушпаев, Егизек Байсалбаев, Жагыпар Сеилов, Тимофей Зверинцев и целый ряд других товарищей.

Молодежь, придя к нам на курсы коллекторов с образованием ликбеза, окончив эти курсы, немного поработав в партии, имея неудержимое стремление к знанию, шла учиться дальше, в рабфак и во втузы. Из среды этих людей вышли горный инженер Омирхан Байконуров, в настоящее время главный

инженер Джезказганского комбината; горный инженер Абдрахман Токтыбаев, руководитель горных работ на руднике Джезды, и много других товарищей.

Исполнилась мечта Каныша Имантаевича, когда еще в 1928 г. в заключительной части своей статьи «Карсакпайский район и его перспективы», опубликованной в журнале «Народное хозяйство Карсакпая», он писал: «Когда над Улутау впервые пронесется гудок заводской сирены, то он, несомненно, найдет свой мощный отклик далеко во всех уголках Казахстана. Усилителем же этого «эха» будет историческая популярность Улутау, его центральное местоположение, трудолюбие и любознательность казахского народа и даже его природная склонность к песнетворчеству, причем в новых песнях их, несомненно, будут звучать уже не былые ноты тоски и отчаяния, а другие, бодрые ноты, полные мощи и отваги. То будут песни нового, нарождающегося, индустриального Казахстана».

К большому сожалению, казахские писатели и поэты до сих пор не отразили, да, по существу, и не пытались отразить хотя бы в какой-то мере яркие факты индустриализации своей страны и не нашли среди перечисленных людей, прекрасных сыновей своей родины, героев художественных и поэтических произведений.

Итак, время шло, жизнь и люди в Джезказган-Улутауском районе быстро менялись, осталась прежней только природа, но и в ней мы начали видеть много нового и чудесного, чего не видели в первое время.

Как прекрасны степные просторы и дали! С чем может сравниться нежный запах полыни в первые весенние дни!

А песни жаворонков, разве поет кто-нибудь лучше их? А это глубокое синее, почти всегда безоблачное небо! А постоянные солнечные дни, какую бодрость и жизнерадостность вливают они в человека!

И ничего, кажется, нет лучше на свете, как в весенний, еще нежаркий день отправиться на первый геологический маршрут, колесить по безбрежным степям, где по целине, где по тропам, где по «каражолам», и вдыхать аромат этих степей.



***Кәкімбек САЛЫҚОВ***

*(22.01.1932-27.11.2013)*

*Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын. 1955 жылы Мәскеудің түсті металл және алтын институтын бітірген. Жезқазған кенішінде кен шебері, учаске бастығы, кен-металлургия комбинаты парткомының хатшысы, Қазақстан КП Жезқазған қалалық комитетінің бірінші хатшысы, Жезқазған облыстық комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарды. 1975-1984 жылдары КОКП Орталық Комитетінің аппаратында инспектор,1984-1989 жылдары Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, кейін КСРО Жоғарғы Кеңесі Экология комитетінің төрағасы, Халықаралық Қ. Сәтбаев қорының президенті болды.*

# «ОҚЫСАҢ, ҚАНЫШТЫҢ ОҚУЫН ОҚЫ!»

Ұлы адамдардың, халықтық тұлғалардың шапағатын сезіну үшін олардың өзін көріп, қолын алу, сөзін естіп, ақылын тыңдау міндетті емес. Мысалы, бүгін Абайды көрген кім бар? Ешкім жоқ. Бірақ үлкеніміз де, кішіміз де оның соңында қалған мол мұрасынан рухани нәр аламыз. Қиналғанда, қысылғанда ұлы ғұламаға барып сүйенеміз, соның ақыл-кеңесіне жүгінеміз. Демек, ұлы адамдардың ұлылығы сонда, қаншама жылдар өтсе де олардың өнегесі ескірмейді, жап-жарық шамшырақ тәрізді кейінгілерге сәулелі нұрын себелеп тұрады.

Сол ұлы Абай ақылманның «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір жақсыны көрсеңіз» дейтін ұлағаты бар. Күнделікті тіршілікте ескере бермейтініміз болмаса, осы бір ауыз сөзде қаншама терең мән-мағына жатыр.

Табиғаттың берген аз-кем талантының арқасында халқыма ақын, композитор ретінде танылдым. Мені жақын біле қоймайтындардың көпшілігі «Бұ кісінің

мамандығы не филолог, не журналист» деп ойлайды екен. Мұны көптеген кездесулерде оқырмандардың өздерінен сан мәрте естідім. Мүмкін, менің өз еркім өзімде болғанда филология факультетінде оқуға талпынатын ба едім?..

Осы орайда оқырмандар «менің өз еркім өзімде болғанда» деген сөздің мәнін түсінбей қалулары да мүмкін.

Біз – қазақпыз. Ал қазақ әрқашан үлкенді сыйлайды, тыңдайды, құрметтейді. Әйтпесе, ол қазақ емес. Нағыз қазақ отбасында өскен бала үшін әкенің сөзі – балаға, ағаның сөзі – ініге заңнан артық болуы керек. Дұрыс па, бұрыс па – мұны шешетін өзің емес, сенің әкең немесе ағаң. Міне, мен өз еркімнің өзімде болмағандығын осы тұрғыдан айтып отырмын.

1949 жылы сол кездегі «Қазақстан пионері» газетінде бір өлеңім жарық көрді. Бұл менің «ақын» ретінде республикаға алғаш танылуым еді. Көңілімді кереметтей шаттық, мақтаныш сезімі кернеді. Әсіресе, өзімнің қатарластарымның, мектеп мұғалімдерінің алдында абыройым аспандап шыға келді. Рас, оның алдында да сабақты жақсы оқитыным, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатыным, өлең шығарып, ән салатыным үшін абыройым жаман болмайтын. Енді мынадан соң өзімді «нағыз ақын» сезіне бастадым және айналамның бәрі де мені солай ойлайтын секілді көрініп тұрды.

Мұны неге айтып отырмын? Өйткені менің арманым – ақын болу еді. Республикалық газетте өлеңімнің жарық көруі мені сол арманға бір табан жақындата түсті. Ендігі қалғаны – «ақындықтың оқуына» бару деп, соған іштей дайындалып та жүрген болатынмын. Әрине, ақындыққа оқытпайды, бірақ филология факультетінде оқып, әдебиет теориясымен сусындауға болар еді, әдеби ортаға жақын жүретін едім. Тоғызыншы, оныншы класта оқып жүргенде қазақ тілі не әдебиеті сабағынан шығарма жаздыратын болса, міндетті түрде өлеңмен жазып шығатын едім.

Мектеп бітіруге тақаған кезде үлкендердің «Ал, қайда бармақ ойың бар?» дейтін әдеті. Сондай бір үйішілік мәжіліс кезінде өзімнің филология факультетіне барғым, келешекте үлкен ақын болғым келетінін айтып қалып едім, әкемнің ағасы Молдахмет деген кісі мырс етіп күліп жіберді.

«Не дейді? Адам оқып ақын болатын ба еді? Құдай қандай талант береді – сондай ақын боласың. Сол үшін бес жыл өміріңді текке жоғалтасың ба? Оқымай-ақ ақын болып жүрген жоқпыз ба? Тіпті, кешегі бір тұстары болыс та болдым, бірақ өлеңді тастаған жоқпын. Егер шын дарынды болсаң, өлең сенің ізіңнен өзі-ақ қалмайды, одан қашсаң да құтыла алмайсың», – деп қалды.

Шынында да, ол кісі үлкен ақын еді. Молдахмет Тырбиевтің есімін Көкшетау жағы әлі күнге шейін өте жақсы біледі. Ол 1942 жылы сол кездегі астанамыз Алматыға барып, еліміздің әр шалғайынан жиналған ірі-ірі ақындармен, соның ішінде «жыр алыбы» атанған Жамбыл Жабаевпен жолығып, сөз

қағыстырып келген еді. Сондағы алған әсерін үнемі қайталап айтып отырудан жалықпайтын.

«Жамбыл – Жәкемнің оқу түгілі, сауаты жоқ. Бірақ күллі Кеңес елі оның атын біледі. Сондықтан ақын болу үшін оқимын дегенді қой», – деген Молдекең: «Сен оқысаң, анау Қаныштың оқуын оқысай», – деп ақыл айтуға көшті.

Молдекең Қаныш Сәтбаевты да жақсы білетін. Оның үйінде қонақта болған. Қанекеңнің тек өндірісті ғана емес, қазақтың тарихын, өнерін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын – бәрі-бәрін өте жетік білетіндігіне таңғалып: «Соның бәрін қалай біледі?» – деп басын шайқап отыратын. «Керемет қой, керемет!» – деп тамсанып та қалатын.

Маған «Оқысаң, Қаныштың оқуын оқы!» дегендегі айтқысы келгені «Қаныш Сәтбаев сынды азамат болуға ұмтыл!» дегені екенін ашып айтпаса да, бірден ұға қойдым. Бірақ бірден «Иә, солай етейін» дей де қоймадым. Өйткені Қаныш ағаның оқыған оқуына түсіп кете аламын ба, түскен күні оны іліп әкетемін бе, оқуды бітірген соң қайда барамын?» деген өзіме қойған сұрақтарымның жауабын іздестіруім керек болды.

Ақыры бір шешімге келдім. Молдахмет ағама: «Сіздің ақылыңыз дұрыс екен. Қаныш Сәтбаевтың жолын қуамын. Мәскеудің Түсті металдар институтына барамын. «Жығылсаң – нардан жығыл» дейді ғой, не болса да Мәскеуге барып көрейін», – деп едім, ол кісі кәдімгідей керемет қуанып кетті.

Мектепті күміс медальмен бітірген едім. Менің «Қаныштың оқуына» баратынымды білген ағам: «Мынау – медалiңнің байғазысы», – деп қолыма 100 сом ұстатты. Бұл деген әжептәуір қаражат еді. «Осы ақшаны Мәскеуге барар жолыңа жұмса, оқуға түскен соң бұйырғанын тағы көре жатарсың», – деді.

Сөйтіп, Мәскеуге аттандым. Емтихан сынақтарынан сүрінбей өтіп, Мәскеу Түсті металдар және алтын институтының студенті атандым. Институтты 1955 жылы тәмамдадым, кен инженері мамандығын алып шықтым.

Молдекеңнің айтқаны келді. Қай жерде, қандай қызметте жүрсем де өлең бәрібір өмірлік серігіме айналды. Ақындықтан ешқашан қол үзбедім. Әрдайым көркем аудармамен де айналыстым.

Институттың екінші курсынан соң Уралға тәжірибеден өтуге бардық. Тәжірибе мерзімі аяқталып, қорытынды есеп жазу керек болды. Сонда шахтаны сипаттап жазғанымды оқыған профессор И.П. Каплун деген кісі: «Байқаймын, сен өзің инженер емес, Чехов болғалы тұр екенсің. Жарайды, Чехов деген де жаман кісі емес. Сондықтан есебіңе «5» қоямын, бірақ, дегенмен, келесі жолы есепті техника тілімен жазғаның дұрыс», – деп әзілдей отырып, жазылған есепке «өте жақсы» деген баға қойған еді.

1955 жылы институтты тәмамдаған соң, жолдама арқылы Жезқазғанға келдім, шахтаға орналастым. Қаныш ағаның жүздеген, мыңдаған шәкірттерінің,

ізбасарларының біріне айналдым. Жезқазған кеніштеріндегі жұмыскерлердің, мұндағы халықтың ол кісіге деген ұлы сүйіспеншілігін жаныммен сезіндім. Кіммен сөйлессең де, Қаныш Сәтбаев туралы сөз бола қалса, асқан іңкәрлікпен әңгімелей жөнеледі. Көзінің тірісінде есімінің аңызға айналғанын байқадым. Сондай сыртынан аты-жөнін де, түр-тұлғасын да, іс-әрекетін де өте жақсы білетін Қаныштай асыл ағамен, данышпан дана адаммен де кейін кездесіп, қолын алып, сәлем беру бақыты бұйырды. Дастархандас, дәмдес те болдық. Жұмыс барысына орай да ол кісінің ақыл-кеңестерін ауызба-ауыз тыңдадым.

Мен Қанекең арқылы нені ұғындым дейсіз ғой? Адамның ең ұлы байлығы – оның мінезі. Маған Қанекең тұлғасы осыны ұқтырды. Ол кісі ешкімді алаламайды, бөлектемейді. Шахтадан шаң-шаң болып шыққан кеншімен де құшақтаса кетеді, жатырқамайды. Кемеңгерлігі – қарапайымдылығында. Терісі кең, етек-жеңі мол жаратылған жан еді.

Бір ғажабы, Қаныш аға тамаша әнші еді. Ол кісінің бұл қыры туралы көп айтыла бермейді. Атақты өнер зерттеушісі Александр Затаевичке қазақтың 25 әнін орындап беріп, нотаға түсіртіп жүргені де осы әнге деген ғашықтығынан болса керек.

Қанекеңнің ән салғанын бірнеше рет қатар отырып, өз құлағыммен естідім. Маған «Бүркітбайды» айтқаны аса қатты ұнайтын. Бір жиында көпшілік қаумалап ән айтуын өтінгенде: «Ендеше, домбыра әкеліңіздер», – деді. Сол маңға жақын болғандықтан мен үйдегі домбырамды дереу барып алып келдім. Ол шертіп-шертіп көріп: «Домбыраң сөйлеп тұр екен», – деп мақтауын келістірді де: «Мынандай домбыра ұстағаныңа қарағанда, әнге үйірсек болдың ғой, кәні, бір-екі ән салып бер бізге», – демесі бар ма. Үлкен кісіден мұндай өтініш-тілек болатынын қайдан білейін, абдырап қалдым. Ұялдым да, келіспедім. Сондағы Қанекеңнің айтқан сөзі де есімде. «Сұлу саз адам баласының қам көңілін қалпына келтіреді, жанына нұр құяды. Ән салу деген жігітті өжеттікке үйретеді. Өйткені, көпшіліктің алдында ән салмақ түгілі, сөз сөйлеу де оңай емес. Ұялып, қысылып отырғаныңды түсінемін. Бірақ бұдан кейін тартыншақтай берме. Ал енді, батырым, сенің орныңа бұл жолы мен-ақ айтайын», – деп домбыра пернесін қағып-қағып жіберіп, ән бастап жіберді. Бір емес, бірнеше ән салды. Сондай бір тамаша отырыс болып еді.

Қанекеңнің сондағы сөзі әнге, өнерге деген құлшынысыма қанат бітірді, жігерімді шыңдады. Содан соң «Ән айтасыз ба?» деген өтінішті жерге тастаған кезім жоқ.

Қанекең туралы, оның өнерге деген жақындығы туралы айтқанда, міндетті түрде айтылатын тағы бір жәйт бар. Бұл – оның бишілігі. Өз ғұмырымда Қанекең тәрізді «бидің түбін түсіретін» адамды көрген де, естіген де емеспін. Би өнерін соншалықты меңгеруіне еңселі бойы, ерекше жаратылған тамаша келбеті мен

өзгеден өзгеше мәдениеттілігі де ықпал етті ме екен? Қалай болғанда да, Құдай бәрін үйіп-төгіп бере салған адам ғой, Қанекең би өнерінің де төресі болатын!

1961 жылы Қаныш Имантайұлы Қазақстан Ғылым академиясының көшпелі сессиясын Жезқазғанда өткізді. Жаңылмасам, 600-ден аса қонақ келді. Олардың бірі ғалым, бірі өндіріс қайраткері болатын. Сессия Жезқазған өңірін, оның өндірісін дамытуға арналды. Әрине, бәріміз де Қаныш Сәтбаевтың баяндамасын ықыластана тыңдадық. Сол баяндамасында ол менің де атымды атап өтті. Жасырып керегі не, кәдімгідей мәртебеленіп қалдым. Енді ше?! Бала күнгі арманым аты аңызға айналға адамды бір көру еді, ал енді сол кісінің сөзінде атымыз жақсы жағынан аталып жатса, бұдан артық қандай мәртебе болсын?!

Жылдар өте келе мен Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы Халықаралық қордың төрағасы болып сайландым. Ұлы ғалымның туғанына 100 жыл толу мерейтойын еліміздің Тәуелсіздігінің арқасында ЮНЕСКО аясында өткізудің сәті түсті. Сол ұлан-асыр тойдың басы-қасында жүрдік. Қанекең еңбегін жинастыру, оны елге таныстырып, насихаттау бағытында қыруар шаруа атқарылды. Бұл ретте маған қолдау, көмек көрсеткен барша азаматтарға алғыстан басқа айтарым жоқ.

Мен өзімді Қанекеңнің ізбасарларының біріне балаймын. Бала күнгі арманым орындалды. Кен инженері де болдым, халқыма ақын болып та танылдым. Бәрі де «Қаныштың оқуын оқы!» деген аға ақылына ден қойғандықтың арқасы!

*1999 жыл*



*«Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған – өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес».*

***Қ.И. Сәтбаев***



***Мухит БУПЕЖАНОВ***
*(12.11.1910-04.03.1999)*

*В 1936 году окончил Московский институт цветных металлов и золота. Работал дежурным инженером, начальником шахты и директором Байконурского угольного рудника. 1948-1973 годах был начальником шахтоуправления Джезказганского горно-металлургического комбината, директором Джезказганского горно-металлургического комбината, председателем Карагандинского совнархоза, председателем совнархоза Южно-Казахстанского экономического района, первым заместителем министра цветной металлургии Казахской ССР. Герой Социалистического Труда. Лауреат Государственной премии СССР. Почетный гражданин г. Сатпаев.*

# ПАМЯТЬ

Первое знакомство с Канышем Имантаевичем у меня произошло в 1934 году, когда мы, группа студентов Московского института цветных металлов и золото, прибыли в Джезказган для прохождения производственной практики. В процессе прохождения практики нам по программе требовался набор материалов о географическом положении Джезказган-Карсакпайского района и о геологии, т.е. о наличии месторождений полезных ископаемых. Таких материалов мы не смогли добыть ни в Джезказганском руднике, и ни в Карсакпайском заводоуправлении. Рассчитывая получить такие сведения, мы обратились к Канышу Имантаевичу Сатпаеву. Он с готовностью согласился снабдить нас геологическими данными района, предупредив, что он сам приедет в Рудник. В скором времени он приехал из Карсакпая в Джезказган, собрал нас и сделал сообщение:

**1.** Об истории горнодобывающей деятельности людей еще в средние века, показав в натуре следы их деятельности.

**2.** О попытках предприимчивых людей России, в основном купцов, использовать месторождения меди. Но не получая государственной поддержки своих инициатив, они уступили свои права, купленные у местного населения – казахов, англичанам. Деятельность англичан, заключившаяся в производстве подготовительных работ – в сооружении небольших мелких шахт, в строительстве поверхностных зданий, была прервана в ходе революции 1918 года.

**3.** Сообщил о первых результатах проводимых им поисков и разведок, которые открывают значительные запасы меди и других металлов, превращая Джезказган в перспективе в крупнейшее в мире месторождение. Нет сомнения, что Джезказган в близком будущем своими богатствами будет служить для нашей большой индустрии. Задача геологов – это ускорить, расширять границы месторождения, ведя детальную разведку. Он также сообщил, что в периферии Джезказгана обнаружены проявления других полезных ископаемых – марганца, железа и других. Они также будут оценены геологами и поставлены, на службу народному хозяйству страны.

**4.** Обещал подготовить для нас все необходимые данные в виде записок, карт. Действительно, они были подготовлены к нашему отъезду в Москву.

**5.** Заканчивая краткий обзор настоящего и будущего, перспектив будущего Джезказгана, он считал, что Джезказган ждет больших капиталовложений в его освоение с привлечением значительного количества специалистов. В связи с этим он считал, что откроется большое поле деятельности для специалистов и рекомендовал нам всем приехать в Джезказган по окончании учебы и принять участие в строительстве этого уникального комплекса.

Мы, студенты последних курсов института, побывавшие до этого и на других рудниках Союза, были приятно удивлены тем, что Каныш Имантаевич, в отличии от других специалистов, с кем нам приходилось иметь дело, оказался общительным, обязательным человеком и инженером с глубокими знаниями своего дела, и большим мечтателем, решившим познать глубину процессов металлообразования. И эта первая встреча с Канышем Имантаевичем оставила у нас глубокое к нему уважение и пример беспредельного служения делу и мечте. Его рекомендации приехать на работу в Джезказган мы восприняли как призыв к молодежи в ряды строителей будущего гиганта. Этот призыв был услышан и молодежь пошла в институты и техникумы. Первыми в 1935 году в Джезказган прибыли Дюйсеков Жетпыс, Исмаилов Габдулла. А в 1940 году Байконуров Омурхан, который, взявшись в начале за восстановление старых английских шахт начал добычу на них и обеспечивал богатой рудой Карсакпайский завод. Он же руководил строительством крупных шахт (шахт №№31,

32) того времени и вводом их в эксплуатацию. Совмещая практическую работу на шахтах с наукой, он внедрил новую технологию, который впервые в Джезказгане показала высокую производительность труда горнорабочих. За научные труды, опубликованные в книгах, журналах он был приглашен в Алма-Ату ректором политехнического института и заслужил звание академика АН КазССР. За О. Байконуровым в Джезказган пришла новая армия инженеров из местной молодежи. Это Ешпанов Далабай Оспанович, Омаров Газиз Омарович, которые известны, как крупные специалисты своего дела в Казахстане и за его пределами. Они удостоены звания лауреатов Государственных премий, а Г. Омаров и звания Героя Социалистического Труда. В доле строительства и освоения богатств Джезказгана участвовали горные инженеры Даутов Рустем, Садвакасов Темеш, Асатов Садык и многие другие. Таким образом, сегодняшний гигант Джезказган, строился и осваивался в основном молодыми специалистами из местного населения, выходцев из семей казахов и русских без привлечения иногородних. Этому способствовал призыв Каныша Имантаевича, брошенный им в начале пятилеток.

Каныш Имантаевич заботился и о своих помощниках, продолжателях его деятельности по разведке Джезказганских многоцветных и многочисленных богатств. Его ученики, последователи и известные геологи – академик Есенов Шахмардан, Штифанов Василий Иванович, покойный Сейфуллин Сагид. Они плодотворно продолжили начатые Канышем Имантаевичем работы по вскрытию скрытых в толщах земли богатств и многого добились, приумножив богатства казахской земли. В числе прибывших в Джезказган молодых инженеров в 1936 году был и я. В комплексе Джезказган-Карсакпай-Байконур я проработал до середины 1962 года.

В моей трудовой деятельности был случай, когда я был переброшен из Джезказгана в рудник Байконур, служившим тогда единственным топливо-энергетическим источником названного промышленного комплекса. В Байконуре пробыл до 1939 года, работая помощником шахт по добыче угля. Годы 1937, 1938, 1938, 1939 были годами, как известно, всеохватывающего подозрения и репрессий. Первые год и полторы меня это «движение» не трогало, видимо потому, что я был еще молодой одинокий человек без связи, не наработал пока никаких замечаний по работе и поведению. Хотя начиная с 1937 года начался повальный арест людей по неизвестным нам причинам, вернее, без всяких причин, кроме болезненного подозрения. Первому аресту подвергся директор рудника Дюйсеков Жетпыс, за ним начальник шахты Кукуев Михаил. Поскольку дальнейший арест руководящих работников привел бы к нарушению деятельности рудника перешли к аресту рабочих. Например, старшего рабочего Баржаксинова Акима, кочегара бани, инвалида 1-й миро-

вой войны Лепилина и других. Все это происходило тайно, ночами. Приезжал в рудник, обычно, поздно вечером известный всем работник ГПУ Саровантский (или Сароватов), а ночью увозил очередную жертву. Байконур небольшой поселок утром узнавал, кого увез Сароватский в Карсакпай в ГПУ. Причин никто не знал, только гадали. Как я уже сказал, меня до середины 1938 года этот процесс не трогал. Но примерно потом стали часто вызывать в особый домик на берегу Байконурки, где останавливались Сароватский и следователь Сквирин. Задавали вопросы, вроде обычные технические, например, «почему преждевременно обрушаются лавы (забои), что вызывает перерасход столь дорогого материала, как лес, завозимый из далекой Сибири». Объяснение, что явление редкое и объясняется состоянием покрывающих пород, возможные потери в этих случаях учитываются нормами расхода леса их не убеждают, требуют исключить потери леса. После ряда вопросов отпускают, рекомендовав лучше подумать и дать правильный ответ следующий раз. Предвидя печальный конец для меня этих вопросов, я обратился к директору рудника тов. Мулахову Т. дать мне отпуск для поездки в Москву с просьбой у Главмеди перевода меня на работу в Джезказган, так как я инженер по разработке руд, а не угля и меня в Байконур перебросили без моего согласия. Получив отпуск приехал в Москву с заявлением. Мне категорически отказали, мотивируя, что в Байконуре остался только один инженер и его нельзя увольнять. Расстроенный, не зная что делать ходил по Москве и случайно на Арбате встретил Каныша Имантаевича, находившего в это время в Москве (кажется) с ежегодным отчетом о разведке. На ходу объяснил причину приезда и опасность дальнейшего моего пребывания в Байконуре. Он привел меня в Казахское посольство (Которое тогда находилось недалеко от Арбата), где жил и работал в домике во дворе посольства. После моего более подробного рассказа обещал помочь и что он в тот же день переговорит с Главком, где осталось мое заявление. На другой день, придя в Главком, узнал, что по просьбе Сатпаева Каныша Имантаевича меня переводят в Карсакпай горным инженером при Заводоуправлении. Здесь раньше такой должности не было, хотя кое-какие горные работы велись для нужд завода. Я, конечно, был обрадован, безгранично благодарен Каныш ага за заботу о людях в тяжелую минуту перед молохом беззакония.Это один из многочисленных случаев проявления присущей ему человечности. Все что я рассказал в этой короткой записке это малая доля его богатой биографии.

*г. Алма-Ата,*
*15.10.1989*



***Өмірхан БАЙҚОҢЫРОВ***
*(14.09.1912-15.03.1980)*

*Қазақстан Ғылым академиясының академигі. 1940 жылы қазіргі Қазақ ұлттық политехникалық университетін бітірген. 1941-1952 жылдары Жезқазған кен өндірісінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарды. 1952-1962 жылдары – Қазақ кен-металлургия институтының (1952-1962) ректоры; 1962-1964 жылдары – Қазақстан Ғылым академиясының академик-хатшысы және Кен ісі институтында зертхана меңгерушісі, 1965-1980 жылдары Қазақ политехникалық институтында кафедра меңгерушісі болды.*

# ҚАМҚОРШЫМ ЕДІ

1934 жылы мен Алматыға оқуға аттандым. Мақсатым – кен инженері болу. Өйткені сол кезде бұдан қастерлі, бұдан артық мамандық бола қоймайтын. Әсіресе, біздің Жезқазған өңірінде өндіріс өркендеп, дамып келе жатқан уақыт еді ғой. Үлкендер жағы бізге «Келешегі бар оқу оқыңдар. Ал келешек – анау Қаныш бас болып игеріп жатқан зауытта» деп отыратын. Сөйтіп, Алматыда жаңадан ашылып жатқан кен-металлургия иститутына оқуға бардым. Талабым оңғарылып, оқуға түсіп кеттім.

Оқуға түсуіме Қаныш Имантайұлының тікелей ықпалы болғанын да айта кетуге тиіспін. Өйткені мен еңбекке ерте араластым. Қарсақбайдағы ФЗО-да оқыдым. Сол кезде бізге Қаныш Сәтбаев ара-тұра келіп сабақ беретін де еді. Кейін зауытта жұмыс істедім. Алғашында ағаш ұстасының жанында үйренуші болып жүрдім де, кейін Қанекең басқаратын геологиялық партия құрамында аға коллектор болып істедім. Әкем Шымкент қорғасын зауытында жұмыс істеп жүрген еді. Ол кісінің науқастануына байланысты маған да сонда баруға тура келді. Бірақ Қарсақбаймен, Қаныш ағамен байланысымыз үзілмеді.



1961 жыл. Қазақстан ҒА-ның Жезқазғандағы көшпелі сессиясы. Алғашқы қатарда солдан оңға қарай :
2 – Ғариф Сафарғалиев, 3 – Ғазиз Омаров, 4 – Далабай Ешпанов, 7 – Өмірхан Байқоңыров,
8 – Қаныш Сәтбаев, 10 – Шахмардан Есенов, 11 – Евней Букетов.

Шымкент қорғасын зауытының механика цехында жұмыс істеп жүрген кезімде, бірде мені партия ұйымына шақырды. «Сені Алматыда жаңадан ашылған институтқа оқуға жібереміз. Институт кен инженерлерін дайындайды. Өзің сондай мамандықты қалайды екенсің ғой. Енді сәтін салып, оқуға түсіп кетсең болды, – деген партия ұйымының хатшысы, – бізге Қаныш Имантайұлы Сәтбаев хабарласып, сені сол оқуға жіберуге ұсыныс білдірді. Ал біз Қанекеңнің назары ешкімге тектен-тек түсе қалмайтынын білеміз. Жолың болсын!» – деп, қолыма институтқа берілген жолдаманы ұстатты. Мен сол жолдама арқылы институттың дайындық курсына келіп, оқуға түстім. Міне, осылайша елдегі үлкендер мен өзімнің бала арманымның орындалуына Қанекеңнің қамқорлығы арқасында қол жетті. Бұл асыра айтылған сөз емес.

Біз білікті ұстаздардан білім алып жаттық. Бірде студенттер арасында «Бізге Қаныш Сәтбаев келіп лекция оқитын көрінеді» деген сөз тарады. Ал ол кісі бұл уақытта Жезқазғанда жұмыс істейтін. Шамасы, институт басшылығы лекция оқуға арнайы шақыртқан тәрізді. «Қаныш Сәтбаевтың лекциясы болады» деген хабар рас болып шықты, институттың мәжіліс залы студенттерге, оқытушыларға лық толды. Қанекең «Жезқазған мыс кені орнының геологиясы» атты ғылыми дәріс оқиды екен.

Аудиториямызға бойшаң, кең иықты, кеуделі, жазық маңдайлы, аққұба дидарлы, қою қара шашты, аялы қара көзді, жарқын жүзді, сымбатты кісі кіріп келе жатты. Жүзінен нұры төгіле, бәрімізге басын ие амандасты.

Бұрын атын сырттай естіп, құмартып жүрген атақты адамның қарсы алдымызда отыруы және жай емес, бізге дәріс оқығалы келуі тіл жетпестей қуаныш, көкірек толған шаттық әкелген еді. Әрине, мен ол кісіні бұрын Қарсақбайда көргем, сабағын да тыңдағам. Бірақ қасымдағы студенттердің бәрі дерлік ол кісінің атын естігені болмаса, жүзбе-жүз кездеспеген ғой. Менің Қанекеңмен бірге жұмыс істегенімді естігенде олар «Мынау не деген бақытты еді!» дегендей қызыға қарайтын. Міне, сол кісі алдымызда тұр.

Сол күні Қанекең бізге екі сағат бойы лекция оқыды. Геология пәнінің объектісі, мақсаты, тәсілдері жайында терең толғап сөз қозғады. Әр сөзін өте ұғымды, тыңдаушының көкейіне қонатындай етіп, байыпты баяндап, тайға таңба басқандай, қоңыр дауыспен салмақтап сөйлеген соң геология атты мұхиттың ортасында отырған ділмар шешендей сезінген едім сонда. Бүкіл аудиторияда сол сәтте бір қыбыр еткен не ызың еткен дыбыс сезілмей, баршамыз ұйып қалыппыз.

Үзіліс кезінде Қанекең басқа мұғалімдердей ешқайда кетпей, оқушылардың арасында болып, олардың қойған сұрақтарына ықыласпен жауап беріп, әңгімелесіп тұрды. Көптің арасынан қасына жақындай алмай тұрған едім, бір сәтте көзі маған түсіп кетті де, дереу қасына шақырып алды. Амандасқан

соң жағдайымды сұрады. «Сенің мұндағы оқуға келгенің өте дұрыс болды. Өйткені Жезқазған өндірісіне нағыз керекті мамандық. Ертең өзіңді ел күтіп отырғанын ұмытпа, оқуыңа мығым бол!» – деген Қанекеңнің сөзінен өзіме үлкен жауапкершілік жүктелгенін ұқтым. «Әрине, әрине...» – дей беріппін.

Бұдан кейінгі сабақ кен орындары туралы өтті.Ол сабақта да басынан аяғына шейін Жезқазған туралы сөйлеген Қанекең Жезқазғанда орасан зор мыс байлығы бар екеніне және жалғыз мыс емес, алтын, күміс, тағы басқа толып жатқан сирек металдар қорының молдығына назар аударды. Сол сабағында: «Қорғасын мен мырыш бар екендігіне де қазір дәлел мол», – деген еді. Шоқтығы шыға мархабаттанған Қанекең: «Жезқазған келешекте дүние жүзіндегі ең ірі мыс кен орны Солтүстік Родезиядан асып, Чукикаматамен қатар тұратын бассейн болады», – деп түйген еді ойын.

Қанекеңнің геологияға байланысты ғылыми деректерді жетік білетіні соншалық, ол қанша уақыт бізге сабақ берсе, соның бірінде қолына бір жапырақ қағаз не кітап ұстап келген емес. Лекциясын жатқа айтатын. Төтеден қойылған сұрақтардың бәріне байсалды, санаға жететіндей тиянақты жауап беретін.

Оның әр қимылынан біз білімділік пен мәдениеттілікті, парасаттылықты көруші едік. Ол өз сабағын, әсіресе, Жезқазған тарихын қазақ халқының тарихымен байланыстырып баяндайтын. Жезқазған өңірі біздің жыл санауымыздан бұрынғы V ғасырда өмір сүрген гректің ұлы тарихшысы Геродоттың еңбегінде сөз болғанын тамаша бір хикая етіп баяндағаны бар.

Қанекеңнің әр сабағын тыңдау жаңа бір дүние есігін ашқандай сезімге бөлейтін. Өйткені әр сөзі қолмен қойғандай мазмұнға толы болушы еді. Оның сабағының қалай басталып, қалайша тез аяқталып қалатынына түсінбейтінбіз. Сөйтсек, тартымды сабақ тез бітіп қалады екен ғой.

Соңғы лекциясындағы ең соңғы сөзін ешқашан ұмытқан емеспін. Неге? Өйткені бұл сөз Жезқазғанға, оның келешегіне қатысты айтылған болатын. Қанекеңнің сондағы айтқан: «Жезқазған байлығын ел игілігіне айналдырамыз!» – деген сөзінде оның ұлы арманы тұнып тұр екен ғой!

Біз ұлы адамның сол арманы жүзеге асқанын көріп, көңілімізді шаттық кернейді. Сол бір күндерден кейін арада қаншама уақыт өтсе де, ұстаздың қоңырау үні құлағымның түбінен кеткен емес.

Қаныш ағамен бұдан кейінгі кездесу араға үш жыл салып, 1937 жылы болды. Бұл жылы институт қабырғасынан оның ең алғашқы түлектері ұшып шықты. Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өзі болды. Ол түлектерді институт бітірулерімен құттықтап, алдағы өмірлеріне жемісті еңбек тіледі. Кен-металлургия мамандарын даярлайтын Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орнының ең алғашқы түлектерін көргендегі

қуанышы, шаттығы жүзінен көрініп-ақ тұрды. Бұл оның көптеген арманының бірі болатын. Ал соны көріп, сезінуден артық бақыт бола ма?!

Кейін тағдыр маған осындай үлкен жүрек иесімен жұмыстас болу бақытын бұйыртты. 1940 жылы институтты бітіріп, Жезқазған өндірісіне келдім. Әрине, мұнда Қаныш ағамен күнделікті жұмыс барысында жиі кездесіп жүрдік. Менің өндірісте қалып қоймай, ғылымға бет бұруыма да бағыт берген Қанекең еді.

Ол бірде маған: «Сендер неге тек бір бағытта ғана қалып қоясыңдар? Өндіріс пен ғылымды қатар игеруге неге ұмтылмасқа? Көз алдарыңда қаншама жаңалықтар болып жатыр. Мұны өндіріске енгізіп жатқандар да – өздерің. Егер басқа пысықайлау біреулер болғанда, осы еңбектерін әлдеқашан ұсынып, ендігі Мемлекеттің сыйлықтың лауреаты болып жүрер еді. Ал біздің ондаймен шаруамыз жоқ, жайбарақатпыз. Жә, жарайды, сыйлығы бар болсын, әрбір жаңалық бір-бір диссертацияға тақырып емес пе? Диссертация жазып, қорғауға болмай ма?» – деді. Әрі ақыл айтқаны, әрі біздің жайбасарлығымызды сынағаны деп түсіндім. Бірақ менің ғылыммен айналысқым да келетін, соған уақыт таба алмай жүретінмін. Қанекеңе соны айттым. «Кандидаттық диссертациямның негізі дайын. Жетекшім де бар. Ол – профессор Попов. Бірақ соны тәмамдауға уақытым жоқ», – дедім.

Арада екі айдай уақыт өткенде КСРО Түсті металлургия министрлігінің Мыс өнеркәсібі бас басқармасының бастығы Малининнің бұйрығымен маған екі жылдық кезекті демалыс берілді. Бұйрыққа «Академик Қ.И. Сәтбаевтың өтініші бойынша» деген сөз жазылыпты. Бұдан артық қамқорлық болар ма?!

Қаншама жұмысбасты болып жүрсе де, жастарға деген қамқорлықты есінен шығармаған ұлы адамға деген ризашылығымда шек болған жоқ. Тек менің ғана емес, жүздеген, мыңдаған адамдардың қамқоршысы болды ғой қайран Қанекең!

*Жазып алған Заря ЖҰМАНОВА,*
*«Сарыарқа», 12.04.2002*



*«Қаныш Имантайұлы өзінің соңына үш түрлі ұлы игілік қалдырып кетті: Олар – Жезқазған, Қазақстанның Ғылым академиясы және Геологиялық ғылымдар институты».*

***Владимир Сергеевич* КОПТЕВ-ДВОРНИКОВ,**
*профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым мен техника қызметкері*



***Василий ШТИФАНОВ***
*(14.10.1910-28.10.1998)*

*В 1937 году окончил Казахский горно-металлургический институт по специальности геолог. 1941-1982 годах руководил Жезказганской геологической экспедицией. Герой Социалистического Труда. Заслуженный геолог-разведчик Казахской ССР. Почетный гражданин г.г. Сатпаев, Жезказган.*

# «ОН БЫЛ МОИМ УЧИТЕЛЕМ И ДРУГОМ»

Гордость казахстанского народа, первый президент Академии Казахстана Каныш Имантаевич Сатпаев свое время был незаслуженно гоним власть предержащим. В чем его только ни обвиняли! Он-де скрыл, что происходит из зажиточной семьи. Значит, байский сын. А кто, спрашивается, тогда мог учиться в семинариях, институтах из числа казахов? Ведь начало века! История казахского народа шла по своим степным законам...

Обвиняли и в приверженности идеям партии Алаш. И даже в том, что в Академии наук «пригрел» своих родственников. А у Каныша Имантаевича и было-то родственников – две племянницы. На одной из них, Раушан, женился Алькей Маргулан, впоследствии ученый-археолог с мировым именем. А на другой племяннице, Райхан, был женат Абикен Бектуров, ставший выдающимся ученым, много сделавшим для теоретической химии и ее применения в производстве. Высокого научного и общественного положения эти люди добились сами, своим кропотливым трудом. Так при чем же здесь Сатпаев? Не называю очернителей его имени. Что было, то прошло. Только хотелось, чтобы это стало хорошим уроком и нашему поколению, и подрастающему.

Надо ценить и беречь людей, особенно неординарные, талантливые личности. Пусть человек не вписывается, что называется, в общепринятые каноны, нормы. Но если видна от него отдача, есть польза людям, и немалая – береги его. Ведь до чего доходило! Сатпаева, который первым по достоинству оценил рудные запасы Жезказгана, других месторождений, обвиняли чуть ли не в умышленном сокрытии данных геологической разведки на свинец. Это я узнал уже после 1953 года, после восстановления Каныша Имантаевича на посту Президента Академии наук. Меня полушутя-полусерьезно поздравил с этим представитель... органов госбезопасности. При этом недвусмысленно подчеркнул, что в случае ареста Сатпаева и я бы «загремел» в лагеря.

Числа 27-28 декабря 1951 года. В моей квартире раздался телефонный звонок. На «проводе» был Сатпаев: «Ну как, Василий, не побоишься отдохнуть со мной в Кисловодске?» Я только спросил: «Когда и где встретимся?» Быстро оформил отпуск и со своей супругой Зоей Ивановной в тот же день тронулся в путь. А надо было по завьюженной степи 315 километров проехать до станции Джусалы и только там сесть в поезд на Москву. Но как бы там ни было, а 31 декабря на перроне Казанского вокзала нас встречал Канеке с букетом цветов, который вручил Зое Ивановне. Новый 1952 год встретили в номере гостиницы «Москва»: Каныш Имантаевич с Таисией Алексеевной, я с Зоей Ивановной и Алькей Маргулан. В Москве Каныша Имантаевича, надо сказать, очень уважали. Он ведь был академиком и Российской академии. Предлагали даже место директора института геологии. Уже в Кисловодске, в санатории имени Горького, где мы отдыхали, состоялся такой разговор. Каныш Имантаевич спросил меня: «Ну как, Василий, соглашаться мне на работу в Москве?». Я ответил прямо: «Мол, я из многодетной семьи. А в семье чего не бывает? И поругают, и поколотят, а потом, глядишь, и приласкают. Не надо уезжать из Казахстана. Все будет хорошо». Таисия Алексеевна тогда очень на меня рассердилась: «Канеке не ценят в Алма-Ате, преследуют!» – горячилась она. А Сатпаев стоял за спиной супруги и подавал мне жестами знаки: «Молчи, мол». В Кисловодске он встретился с бывшим секретарем ЦК Компартии Казахстана Ильясом Омаровым. Часто мы гуляли вместе. Они беседовали, в основном, на казахском языке. Каныш Имантаевич как-то сказал мне: «Ты не думай, что мы скрываем что-то от тебя. Но не хотим, чтобы слышали и понимали нас другие». Тем самым он предостерегал меня в первую очередь от

возможных неприятностей. В 1952 году, будучи не у дел, Сатпаев не прекращал своей научной деятельности. В июле он приехал в поселок Жезказган, поселился в нашей квартире. Я уже был тогда начальником геологоразведочной партии, впоследствии комплексной экспедиции. Выделил ему автомашину ГАЗ-63 и водителя Владимира Панина. Каныш Имантаевич за три месяца объездил все рудопроявления Жезказган-Улытауского района, Жана-Арки, Балхаша. Когда приезжал, то лично отрабатывал днями и ночами геологические данные и снова уезжал. Так он, несмотря на невзгоды и гонения, работал, работал, работал...

*Записал Эдиге САПАКОВ,*
*«Индустриальная Караганда», 20.03.1999.*



*Солдан оңға қарай: Қаныш Сәтбаев пен Таисия Алексеевна және Зоя Ивановна мен Василий Иванович Штифанов демалыс сәтінде*

*Василий ШТИФАНОВ*

# ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Шынында да, адам ғұмыры өзінің ә дегендегі ойлағанындай бола бермейді де екен. Неге десеңіз, күні бүгінге дейін «Мен Қанекеңе кездеспесем, дәл бүгінгідей Василий Иванович болар ма едім, болмас па едім?» дегенді ойыма ала беремін де, оған өзім «Қанекең болмаса, онда мен кіммін, ғұламаға шәкірт еткен, оның соңына ерткен Құдайыма мың алғыс» деп жауапты да өзім қайтарамын. Бұл – менің шын ойым, шын көңілім. Ал «Қанекеңе қалай кездестім, оның соңына қалай ердім?» дегенге келсек, ол – бір ұзақ дастан. Оның бәрін тәптіштеп айтып беруге бір адамның ғұмыры да жетпестей... Дегенмен, ой түбінде жатқанды қозғап көрейін.

Онда «Қазақстанның осы бір шетсіз де шексіз кең сахарасына қалған ғұмырымды мәңгілік арнаймын» деп ойламаппын да.

Өзімнің ұлағатты ұстазыммен 1935 жылы кездескен екенмін. Мен ол кезде Қазақ кен-металлургия институтында үшінші курста оқитынмын. Сол жылы өндірістік тәжірибе жинақтау үшін Қазақстандағы металлургияның қарашаңырағы атанып жүрген Қарсақбайға, ондағы Жезқазған геологиялық кен барлау кеңсесіне келдім.

Шынын айтайын,ең алғаш бұл жерге табаным тигеніне қуанған жоқпын. Елсіз, ұшы-қиыры жоқ, құлазыған жердегі өмір көңілді жабырқатып жіберетіндей көрінді. Бірақ геологиялық барлау кеңсесіне келгенімде сол бір жабырқаған жаным әп-сәтте жадырап қоя берді. Өйткені алдымнан Қанекемдей маңдайы кере қарыс, үлкен жүректі абзал аға шыға келмесі бар ма!

Геологиялық барлау кеңсесінің табалдырығын аттаған мені қарапайым жазу столында отырып, қолындағы кен кесегіне үңіле көз салған, толқынды бұйра шашты, келбетті жүзінде жайдарылықтың сөнбес табы бар, ақжарқын адам қарсы алды. Бұл – Қаныш Сәтбаев болатын.

Ол менің жүдеулеу, шаршаңқы түріме зерлей бір көз салып, жіті қарап шықты. Бәлкім, сол сәтте ол да өзінің сол бір сүреңсіз жылдардағы студенттік өмірін еске алды ма екен, кім білсін? Қалай десек те, ол мені өзіне бірден баурап алды. Бірден хал-жағдайымды сұрап біліп, жақынындай жанына тартып алды. Сонда-ақ мен оған таңғалдым.

Бұған дейін орыс тілін таза, ешбір қоспасыз ашық, өз мәнінде, нақыш бояуын бұзбай сөйлейтін қазақты кездестірген жоқ едім. Сөйлескен сайын ол мені өзіне тарта түсті.

Ертесіне Қанекең кен-барлау бөлімінің өзі де жетімсіз қаражатына қарамастан менің үстімді бүтіндеп, күзгі киім алып киюге көмектесті. Ініге ағасының қамқорлығы да осындай-ақ болар!

Мені Қанекең Жезқазған кенішіндегі барлау жұмысына жіберді. Тұңғыш рет жер асты кенінің байлығын барладым. Қанекең институттан алған білімімді тәжірибеде сынауға мол мүмкіндік беріп қана қойған жоқ, қайта оған өзі басшылық жасап, жетекшілік етті.

Қанекеңмен бірге жерасты барлау жұмыстарын жүргізген күндерім күні бүгінге шейін есімнен кетпейді. Ол кісі қай іске болса да өте мұқият зер салып отыратын. Екі сөзінің бірінде: «Жезқазған жерінің мысы өзінің қоры жағынан әлемде еш теңдесі жоқ», – деп отыратын. Және де оны өзінің ғылыми-зерттеу дәлелдемелерімен нақтылай түсетін.

Тамаша ұстаз, қарапайым да кішіпейіл басшымен жұмыс істеу мені жалықтырған жоқ. Қайта еңбекке құлшындырып, ширата түсті.

Тәжірибе мерзімі бітіп, институтқа қайтар мезгіл де жетті. Азды-көпті атқарған еңбегім ұнады ма, әйтеуір, Қанекемнің маған ерекше ықыласы ауып, оқу бітірісімен ешқайда бұрылмастан тұп-тура Жезқазған жеріне ат басын бұруға уәде алды. Қол алысып, серт берiскендей болдық. Ал ол жылдары сонау Оралдың, Сібірдің, Қиыр Шығыстың, жалпы еліміздің кен қоры көп аймағының қаймағы бұзылмай жатқан кез болатын. Оны барлап, анықтап, пайдаға жарататын маман геологтар жетіспейтін. Барының да көбі әр түрлі жаламен ұсталып, айдалып кеткен кез болатын. Сол себепті ме, біз оқу бітіргенде мамандарды бөлуді Үкімет комиссиясы қарап, тиісті жерге жіберетін. Мені Оралға жібермекші болды. Менің Жезқазғанға барамын дегеніме комиссия қарсылық білдірді. Мен де айтқанымнан қайтпадым. Себебі ар жағымда Қаныш Имантайұлына берген уәдем бар. Одан аттап өтуге болмайды. Жағдайды баяндап Қанекеңе хабарластым.

Сол-ақ екен, Қанекеңнің Үкімет комиссиясына Жезқазған жерінің келешегіне көз жіберген өз тұжырымын дәлелдеген хаты, соның ішінде оған маман керегін айтып, мені шақыртуы келді. Сөйтіп, ұлы адамның тағы да бір шарапаты арқасында мен Жезқазған жеріне нық қадам басып, оның ізімен Арқа өңірін аралауға бет бұрдым. Содан кейінгі барлық ғұмырым Қанекең есіміне байланысты өтті. Содан да болар, ұлы ғұламаны МЕНІҢ ҚАНЕКЕМ деп, басқаға телімей, өзіме бұра айтамын.

Ғұлама ғалым өз қарауындағы жас мамандарға үнемі қамқорлық жасап, білгенін үйретіп отыратын. Өн бойында жылылық пен жақсылық лебі есіп тұратын

қасиеті айқын байқалушы еді. Ең біріншіден, еңбекті бағалайтын. Қандай тапсырманы болса да өз мезгілінде, ойдағыдай атқарғанды қалайтын. Өзі де солай істейтін. Еңбек ете жүріп ғылыми ізденісін, зерттеулерін бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Отызыншы жылдары бастаған ғылыми еңбегінің ең бір көлемді тарауы «Жезқазған мыс кені ауданы және оның минералдық ресурстары», «Жезқазған екінші бесжылдықта» деген еңбектері барлаушыларды өте қуантқан тың туынды болды. Онда ол Жезқазған жерінің болашағын дәл болжап, қолмен қойғандай айқын көрсетіп бергенін уақыт дәлелдеп шықты.

Ұстазымның ақыл-кеңесі, тәжірибесі мені еңбекпен ұштап, есейтті. Өз мамандығымды еркін меңгеруге, басқару ісіне машықтануға, адаммен сөйлесу, санасу, бірге қызмет атқарудың ең бір озық үлгісін үйретті десем артық болмас. Сөйте жүріп, Қанекең мені өзінің орнына барлау партиясын басқаруға даярлап жүріпті ғой. Оны өзі Алматыға қызмет ауыстыратын болғанда бір-ақ айтты. Бұл тұп-тура Ұлы Отан соғысы басталған күн болатын.

Сол 1941 жылдың 21 июні күні Қанекең Қарсақбайдан Алматыға қызмет ауыстыратын болды. Оны өзіміз, яғни, кен барлаушылар Жездінің жағасында атап өтетін болдық. Солай болды да. Аталған 21 июньде өзен жағасында үлкен демалыс жасадық. Барлаушылар үшін далада демалып, далада түнегеннен артық бақыт бар ма?!

Ертесіне үйге келгенде Ұлы Отан соғысы басталғанын естідік. Мен оқу бітіргенде соғыс бола қалған жағдайда ешбір шақырту қағазын күтпестен әскери комиссариатқа шұғыл жету туралы берген антым бар болатын. Сондықтан шақыртуды күтпестен аудандық әскери комиссариатқа баруға түнімен дайындалып, жолқапшығымды әзірледім. Менің бұл тірлігімді естіген Қанекең: «Жоқ, сен Қарсақбайда қаласың. Менің орнымды сен ғана басуың керек. Соғысқа бармайсың», – деп, ертеңіне ісқағаздарды қабылдауды тапсырды. Бірақ менің әскери борышым бар емес пе? Қанекеңе айтпастан, ертеңіне кен барлау кеңсесіне емес, әскери комиссариатқа тіке тарттым. Барсам, әскери комиссар: «Василий Иванович, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына жүріңіз», – деді. Қанекеңнің тапсырмасы екенін біле қойдым. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының кабинетінде хатшымен бірге Қанекең қарсы алды.

Хатшы сөзге келген жоқ, бірден-ақ: «Василий Иванович, соғысқа мен кетермін, бірақ сіз қаласыз. Елімізге мыс керек. Мыс кенін молайтатын маманды соғысқа жібермейміз, Қанекең сізді осында қалдыру туралы Алматыға дейін шығып, мәселені солай шешті. Басқа сөз болуға тиіс емес. Алматыға Қанекең керек, ал Қанекеңе сіз керексіз», – демесі бар ма.

Не дейін? Келіскеннен үнсіз төмен қарадым. Иығымдағы жолқапшығым сырғанап жерге түсті. «Ал қалай, батыр? – деп Қанекең күліп қолын созып, –

Жүр, кеттік, кеңсені қабылдап ал», – деді. Мен оның соңынан еріп кеңсеге келдім. Сол күні-ақ Қанекем Алматыға жүріп кетті.

Кен барлау ісі бұрынғыдан бетер өріс алды. Фашист басқыншылары басып алған жерде марганецтің мол қоры қалды. Оқ өтпес қалқанға құяр марганец ауадай қажет. Алматыдағы Қанекемде де маза жоқ. Бізде де. Екеуміздің сәлемнен соңғы сөзіміз Жезді өңіріндегі марганец кенінің қоры, оны нақтылау болатын. Алдымен өзімізді өзіміз сендіру, содан кейін Үкімет алдына мәселе қою еді. Қанекемнің тапсырмасымен Жезді бойындағы келісілген жерді тез арада барлап, мәліметті Қанекеме тапсырдым.

Өзі де біліп, көзі жетіп жүрген жағдайға Қанекем өте риза болды. Сөйтіп, Жезді жерінен марганец кенін шұғыл ашу жөнінде мемлекет алдына ұсыныс жасалды. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысы жеңісінің тарихында Жезді кені өзіндік орын алатын дәрежеге жетті. Бас-аяғы 41 жұмыс күні ішінде Жезді марганец кені ашылып, пайдалануға берілді.

Бұл кезде біздің барлау ісіміз Ұлытау-Жезқазған аймағының басқа бөлігін зерттей бастады. Қаныш Имантайұлының бастап, бізге сызып қалдырған тапсырмасы негізінде Қорғасын кені, Ешкіөлмес асбесті, Қияқтының көмірі, т.б. кен орындары белгілі болды. Сол бір қысылшаң шақта Қанекең біздің ісімізден көз жазған жоқ. Әр жұмыс қорытындысы туралы ұстазыма есеп беріп отырдым десем артық болмас. Бірақ шындық солай. Қай бағытта, қай жерде, қандай істер атқарғанымызды ол біліп қана қоймайтын, әрі қарай не істейтінімізге кеңес беретін. Кейде өзі келіп, көзімен көріп қайтатын. Кен барлаушысының брезент пешпентін киіп, белге белбеуін байлап, қайласын қарына іліп жорыққа шыққанда баяғының алып батырларын көз алдыма келтіргендей болатынмын. Шынында да, оның алып тұлғасы кен барлаушысының жорық киімін кигенде бұрынғыдан да тұлғаланып, биіктей беретін. Өзі де іске ерекше бір құлшыныс, ынта-ықыласпен араласатын. Сөйте жүріп, біздерге Жезқазған жері, кен қоймасы, оның болашағы туралы сендіре әңгімелейтін.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғанда қуанбаған жан болған жоқ. Көппен бірге Қанекем де қуанып: «Жеңіске Жезқазған мысы да үлес қосты!» – дегені әлі есімде. Сол бір ауыз сөз осы өңірдегі азаматтардың ұйқысыз-күлкісіз, тынымсыз атқарған еңбегіне берілген үлкен баға екенін жүрегімізбен, жанымызбен сезіндік. Сонда оған «Бұл – Сіздің еңбегіңіз» деп айтпаған екенмін деп те өкінемін. Бірақ Жезқазған жерінің бағын ашып, байлығын тасытқан ұлы адам ондай қолпаштаусыз-ақ, өз еңбегінің бағасын өзі біліп тұрғанын іш біліп, жүрек сезіп тұрды.

Ел тыныштанып, бейбіт өмір қайтадан өз арнасына түскенде де кен барлаушылар ісі толастаған жоқ. Кешегі құлан жортқан кең далада келісті қалалар салынып, кербез тұрбалар бой көтере бастады. Кен барлау кеңсесі Жезқазған

поселкесіне қоныс аударды. Бүгінгі Сәтбаев қаласының, Жезқазғанның табаны сонда-ақ белгіленген. Біріне бірі ағалы-інілідей болып тетелес, тел өсіп келе жатқан қос қала Сәтбаев пен Жезқазғанның бүгінгі келбетін Қанекем сол кезде-ақ болжап, біліп отырды.

Ұстазымның ұлағаты болар, соның тәлім-тәрбиесі болар, Жезқазған геологиялық барлау партиясын Қаныш Имантайұлының қолынан қабылдап алғаннан кейін табан аудармай тұп-тура 41 жыл басқарған екенмін. Сол жылдарда үш мың адам, екі мыңға тарта бұрғылау станогы жұмыс істеді. Ал қазір естимін, сол үш мың адамнан – үш жүз, екі мың станоктан екі жүздей ғана қалыпты деп. Бәрі де заман ағымы шығар. Ол – өз алдына әңгіме. Айтайын дегенім – сол 41 жыл басшы орында қызмет атқарғанымда бір адаммен «шәй» десіп қатты сөзге келмеппін. Қаныш мектебінің тәрбиесінің мәні де осында болса керек.

Қанекем әрқашан да «Биязы бол, сыпайы бол, кісі көңілін қалдырма» дегенді баса айтып отыратын. Өзі де сондай сыпайы, ілтипатты, ізетті болатын. Сыйласа да, сыйлата да білетін.

Қанекем қайбір істе болса да көппен кеңесіп, көптің пікірін біліп, сол арқылы шешім қабылдауды жөн көретін. Ондағысы – өзгенің пікірімен санасу, өзімшілдіктен аулақ болу деп білемін.

Өзімнің ұстазыммен соңғы рет 1963 жылы Москвада кездестім. Сол жолы онымен емен-жарқын әңгімелестім. Әңгіме тақырыбы ҚазССР Ғылым академиясының Жезқазғанда өткен арнайы сессиясынан кейінгі қала кәсіпорындарының жаңалықтары төңірегінде болды. Мен Жезқазғанның бүгінгі келбеті туралы баяндаймын. Ол оны сүйсіне тыңдайды. Ең бір айта кетері, Қанекең Жезқазған атын естігенде ерекше бір нұрланып, шырайланып сала беретін.

Ұлы ғұлама туралы әңгіме аз айтылып жүрген жоқ. Бірақ әр жолы өз жеріне жетпегендей болады да тұрады. Енді қалай, ұлы адам туралы әңгіме бір ғұмырға сыймаса керек. Әрі оның әр қыры әр жағынан айшықты да айрықша көрінеді. Ал ұлылықты даралай дәріптеп шығу тіптен де мүмкін емес екен. Оны мен өзімнің Ұлы Ұстазым Қаныш Имантайұлымен мәңгілікке қоштасқаннан кейінгі жылдары айқын сезініп келемін. Онымен соңғы рет Москвада кездескенде де: «Василий Иванович, өзің келіп, Алматыға алып қайтарсың. Содан кейін екеуіміз Жезқазған жерін еркін бір аралайықшы», – деген еді.

Айтқанындай-ақ, оны Москвадан Алматыға мен алып қайттым. Бірақ бұл жолы Қанекем мырышпен қапталған табытта жатты. Сөйтіп, 1964 жылы 31 қаңтарда алып жүрек соғуын тоқтатты. Сонда жан-жүрегім жүдеп, жабырқап отырғанымда да оның «Үлкен Жезқазғанда үлкен өмір басталады» деген бір ауыз сөзі ойымнан шыққан жоқ.

Енді бүгін қарап отырсам, ұлы ғалымның сол сөзі шындыққа шыққандай. Үлкен Жезқазғанда үлкен өмір – Қанекемнің өлмес өмірі жалғасқанын көз көрді.

Кешегі өзі бұрғы салған сайын дала төсінде оның есімінде кеніштi қала, елді мекен өсіп шықты. Ал оның ізін басқан ізбасарлары қаншама! Осы ретте ел құрметтеп, мені «Ғалымның шәкірті» деп қадірлеп жатқанда, «Қанекеңе өміріммен қарыздармын» дегенді қайталай беремін. Өзім жайлы әңгіме бастасам да, сөзді Қанекеңе тіремей өте алмаймын. Неге десеңіз, менің өмірімнің ұзын-ырғасы сол бір Ұлы адаммен байланысты, сабақтас, соның бір бөлшегі іспеттес. Социалистік Еңбек Ері атанып, еліміздің Құрметті геологы атағына ие болдым. Әрине, осының бәрі Ұлы ұстазымның ізгілігінің шапағаты дер едім. Сондықтан да мен оған өмір бойы қарыздармын.

Ол бар білгенін маған үйретіп кетті. Бүгінде жасым 86-ға қарап тұр. Осынау белестерде Қанекең есімі мені бір биіктен бір биікке жетелеп, көтеріп кеткендей әсер береді.

*Жазып алған Батырбек МЫРЗАБЕКОВ,*
*«Сарыарқа», 28.02.1996*



***Виктор ГУРБА***
*(24.09.1914-11.10.1981)*

*1938 году окончил Уральский институт цветных металлов. 1958-1981 годах работал директором горно-металлургического комбината в Жезказгане. Герой Социалистического Труда, лауреат Государственной премии СССР. Почетный гражданин г.г. Сатпаев и Жезказган.*

# «И НЕТ ДРУГОГО ПЬЕДЕСТАЛА ДЛЯ МОНУМЕНТА ТВОЕГО»

Яркая, счастливая судьба советского Джезказгана на протяжении почти полувека неразрывно связана с именем крупнейшего ученого Каныша Имантаевича Сатпаева.

Не случайно стало нарицательным выражение «Джезказган – детище Сатпаева». К этому можно добавить: любимое детище, которое завоевало признание одной из значительнейших баз цветной металлургии нашей страны благодаря таланту ученого-первооткрывателя, его кипучей энергии организатора, благодаря его умению предвидеть и научно обосновывать пути практического развития экономики богатейшего месторождения.

Мне довелось не раз лично встречаться с К.И. Сатпаевым в пятидесятых-шестидесятых годах, когда он возглавлял Академию наук КазССР. Но еще задолго до первой личной встречи состоялось мое знакомство с именем, с делом этого почти легендарного в Джезказгане человека. Моментом возникновения такого заочного, но довольно близкого знакомства я считаю 1952 год, год начала моей работы на Джезказганском руднике.

Минуло уже 10 лет, как К.И. Сатпаев оставил пост главного геолога и руководителя геологоразведочной службы Джезказгана. Но влияние

результатов пятнадцатилетнего джезказганского этапа его деятельности, его идей на развитие разработок этого уникального месторождения была ощутимо на каждом шагу. При решении, совместно со специалистами производства, проблем эксплуатации и технологии ведения горных работ, я не раз обращался к трудам Каныша Имантаевича, его прогнозам промышленных запасов, обоснованию возможностей месторождения.

Немалую роль играло и то, что в Джезказгане трудилось много сотрудников Сатпаева, его последователей, которые продолжали мыслить его критериями, сохранять выработанные им традиции. Память людей живо хранило ту особую радость общения с Канышем Имантаевичем, которую вызывали его оптимизм, его способность заражать окружающих своими идеями, его сердечность и доброжелательность в отношениях с людьми.

Впоследствии, в дни приезда Сатпаева в Джезказган, я неоднократно имел возможность воочию убеждаться, как тянулись к нему те, кто когда-то работал вместе с ним, и с каким уважением разговаривал он и с простыми рабочими, и с убеленными сединой аксакалами.

Многие годы моей работы в Джезказгане бок о бок с такими «сатпаевцами» как С. Сейфуллин, В.И. Штифанов, Т.А. Зверинцев, А. Смаилов, А.В. Кузнецова и другие обогатили мои представления об этом замечательном человеке, по настоящему открывшем всю мощь джезказганского месторождения, прозорливо предсказавшем пути его широкой индустриализации.

Приезды К.И. Сатпаева, уже президента Академии наук КазССР, в Джезказган были вызваны его неослабевающей заинтересованностью в дальнейшем освоении руд, во внедрении новейших, наиболее экономичных методов разработки, в комплексном извлечении всех полезных компонентов подземных богатств.

Бывая здесь, К.И. Сатпаев считал своим долгом непременно побывать в самом «сердце» рудника – в подземных забоях. Практическим вопросам эксплуатации он всегда уделял самое пристальное внимание. Побывал он одним из первых экспериментальных подземных участках шахты №45, когда начинала зарождаться новая технология разработки, получившая одобрение и поддержку ученого.

На посту Президента Академии наук КазССР, возглавляя по существу все научные силы республики, отдавая много сил и энергии развитию всех отраслей науки, К.И. Сатпаев во главу проблем ставил эффективность укрепления связи науки с производством. Одним из проявлений такой связи являлись, в частности, выездные научные сессии, посвященные комплексному развитию производительных сил крупнейших промышленных районов Казахстана.

Проблемы дальнейшего развития Джезказгана были рассмотрены на выездной сессии Академии наук КазССР, организованной в 1959 году в Караганде



по инициативе К.И. Сатпаева. К этому времени в Джезказгане, в соответствии с задачами XX съезда КПСС, значительно возросла добыча и переработка медной руды. В 1958 году в целях централизации управления, рудники, обогатительная фабрика, Карсакпайский медьзавод были объединены в составе созданного Джезказганского горно-металлургического комбината. На дальнейшее строительство Большого Джезказгана государство отпустило значительные средства. За период 1956-1960 годы добыча медной руды должна была возрасти в 2,2 раза.

Сессия рассмотрела насущные проблемы дальнейшего прироста промышленных запасов, углубления изучения богатств и способов их отработки. Работа сессии дала толчок к пересмотру мощностей Джезказгана, что в свою очередь обеспечило широкую промышленную перспективу комбинату.

Вслед за этим в марте 1961 года уже непосредственно в Джезказгане К.И. Сатпаев открыл объединенную научную сессию Академии наук Казахской ССР, Министерства Геологии и охраны недр республики, Карагандинского совнархоза, Джезказганского комбината. В числе приглашенных были видные специалисты Москвы, Ленинграда и других городов страны. В работе сессии приняли участие и представители партийных, советских организаций. Задачей сессии являлось рассмотрение развития экономики Большого Джезказгана.

Живейшее участие в работе сессии принял президент Академии наук КазССР К.И. Сатпаев. В своих выступлениях он снова, со свойственной ему горячностью и убежденностью подчеркнул важнейшую роль Джезказган-

Улытауского экономического района, его уникальность по разнобразию и мощности природных подземных богатств, его огромные перспективы в дальнейшей индустриализации новых приоритетов промышленных запасов меди и других металлов.

К.И. Сатпаев особо остановился на необходимости самого деятельного рассмотрения задач достижения полноты отработки месторождения, резкого снижение потерь металлов на всех стадиях его получения. В последующие годы борьба за снижение потерь металла стала важнейшим направлением работы ученых и прозводственников.

Повышение извлечения металлов, достигнутое за последний период в Джезказгане, во многом является результатом принятых рекомендаций, постоянных забот об этом академика Сатпаева, умевшего смотреть далеко вперед.

Подробно рассматривались сессией методы подземной и открытой разработок, обогащения и металлургической руд, вопросы комплексной механизации на всех звеньях добычи и переработки медного сырья.

Определены дальнейшие направления совместных усилий ученых и производственников по применению новой технологии добычи руды с использованием высоко производительного самоходного оборудования. Впоследствии практическому воплощению в жизнь рекомендаций сессии

К.И. Сатпаев уделял неусыпное внимание, оказывал постоянную поддержку как Джезказганскому комбинату, так и научным организациям в проведении исследовательских, экспериментальных и производственных работ. Его глубокое знание Джезказгана по всем аспектам экономики, умение мыслить по-государственному, комплексный подход к решению научных проблем, его настойчивость, высокая принципиальность явились неоценимым вкладом в дело дальнейшего развития Большого Джезказгана и, в частности, горно-металлургического комбината. Помимо официальных выступлений на сессии К.И. Сатпаев беседовал со многими специалистами Джезказгана, вникая в мельчайшие детали производственной жизни комбината, строительства, быта. При личном общении Каныш Имантаевич поражал своей широкой эрудицей, осведомленностью в самых различных областях науки, культуры, общественной жизни. В короткие минуты отдыха он становился душой общества, был неутомимым рассказчиком. Никогда не уставал он восхищаться красотой природы родного края. Он очень любил жизнь во всех ее проявлениях, любил людей и люди отвечали ему тем же.

Одним из первых Каныша Имаитаевича назвали Почетным гражданином Джезказгана. А в 1962 году джезказганцы избрали К.И. Сатпаева своим депутатом в высшей орган власти – Верховный Совет СССР.

В Москве, на сессиях Верховного Совета, где я присутствовал также как депутат, состоялось несколько моих встреч с Каныш Имантаевичем. Запом-

нились наши беседы, в которых он провлял самый искренний, живой интересно всему, что касалось Джезказгана. В те годы на рудниках в полную силу разворачивалась подготовка к переходу на новую технологию подземной добычи руды с применением высокопроизводительного самоходного оборудования. Шел большой промышленный эксперимент, и многие проблемы, возникавшие в этом новом деле, решались при непосредственной поддержке К.И. Сатпаева. Это были мои последние встречи с этим выдающимся ученым, прекрасным человеком.

Десять лет назад Джезказганскому ордена Ленина, горно-металлугическому комбинату присвоено имя К.И. Сатпаева. Это дань памяти ученому, человеку, делу всей его жизни. И это символ постоянного воплощения в жизнь его мечты.

За период восьмого и текущего девятого пятилетия на Джезказганском комбинате резко возрос объем добычи руды. В строй действующих вступили несколько новых шахт с поверхностными сооружениями и подземными околоствольными комплексами, гордо возвышаются бетонные копры шахт – гигантов №№ 55 и57, в ближайшее время будет введен в действие еще один гигант – шахта №65. Шахты Джезказгана стали подлинным полигоном по испытанию и освоению новейшего горного самоходного оборудования. По новой технологии сейчас добывается около 70% руды. Начаты промышленные испытания системы разработки с обрушением налегающих пород, системы с закладкой выработанного пространства. На открытых карьерах широко применяется мощная техника – четырех- и восьмикубовые экскаваторы, автосамосвалы грузоподъемностью 40 тонн. На обогатительных фабриках, благодаря усовершенствованию технологии обогащения, автоматизации технологических процессов, значительно повысилось извлечение металла. С вводом в действие Джезказганского медеплавильного завода комбинат получил возможность ведения полного цикла производства от добычи руды до выдачи товарной меди и других промышленных продуктов. С каждым годом раздвигает Джезказган свои границы, шагают в степь многоэтажные жилые дома, широкие проспекты, парки, дворцы спорта и кинотеатры.

Когда-то полупустынный район превращен в крупнейший индустриальный и культурный центр. И в этом заслуга выдающегося ученого, государственного деятеля Каныша Имантаевича Сатпаева.

*1974 год*



*Қ. Сәтбаев Қарсақбай комбинаты қызметкерлерімен бірге. 1934 жыл*



Сатпаеву
Каньшу Имантаевичу
в 1942 году присуждена Государственная премия СССР
второй степени и присвоено звание

ЛАУРЕАТА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРЕМИИ СССР

за научный труд „Рудные месторождения Джезказганского района Казахской ССР.

Председатель Комитета по Ленинским премиям в области науки и техники при Совете Министров СССР
(М. Келдыш)

№ 0517

„29“ октября 1962 г.

Ученый секретарь Комитета по Ленинским премиям в области науки и техники при Совете Министров СССР
(Н. Аржанников)

*1962 жылы Қ. Сәтбаевқа Жезқазған аймағындағы кен орындары туралы ғылыми еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді*



***Далабай ЕШПАНОВ***
*(15.10.1926-16.09.2004)*

*1949 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтын бітірген. 1949-1971 жылдары – учаске маркшейдері, шахтаның бас инженері, кеніш бастығы, бас инженер, Жезқазған шахталарында директор, 1971-1974 жылдары – Ақшатау тау-кен байыту комбинатының директоры, 1974-1980 жылдары – Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинатының бас инженері, 1980-1987 жылдары – Балқаш тау-кен металлургия комбинатының бас директоры, 1987-2004 жылдары «Қазақмыс» корпорациясында бас сарапшы болып жұмыс істеді. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. КСРО-ның еңбек сіңірген кеншісі. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

# ЖАҢАЛЫҚҚА ҰМТЫЛДЫРДЫ

№44 шахтаның бас инженері қызметінде жүрген кезім еді. Жезқазғанға Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың келіп жатқанынан, бірер күнде шахталарды аралайтынынан, жер астына түсетіндігінен хабардар болып отырғанбыз. Ол кісінің Жезқазғанға жолы түскенде міндетті түрде шахталарға түсіп, сондағы жұмыстың ұйымдастырылуын көзімен көріп, кеншілердің, жұмыскерлердің жағдайларын сұрап, инженер-техник қызметкерлерінен жұмысты қалайша тиімді ұйымдастыруға болатындығы жөніндегі пікірлерін тыңдап, өзінің ойларымен бөлісіп кететіндігін білетінбіз. Біз Қаныш ағаның мұндай сапарының өндіріске тек қана жақсы жаңалық әкелетініне сенгендіктен, ол кісінің келгенін естігенде шынымен-ақ қуанып қалдық.

Шахтаның бастығы Темеш Сәдуақасов еді. Телефон шыр ете қалды. Бірден білдім директор екенін.

– Далабай, жылдам жинал. Виктор Васильевич шақырып жатыр, комбинатқа барамыз, – деді ол. Тез жиналып, Жезқазғанға жылдамдатып жеттік.

Виктор Васильевич Гурба – Жезқазған кен-металлургия комбинатының директоры. Кабинетінің қабылдауындағы хатшы келіншек:

– Сіздерді күтіп отыр, – деді.

Кіріп барсақ, кабинеттің төрінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Виктор Васильевич қатар отыр екен де, қабырға жақтағы ұзын үстелді бойлай бір топ директорлар мен инженерлер қатарласа отыра қалыпты.

Мәжілісті В.В. Гурба ашты. Ол қысқаша сөйледі. Сөзінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Жезқазған жеріне келгеніне қуанышты екендігін атап өтті. «Сіздің әр сапарыңыздан бір жақсы жаңалық күтеміз» деген ыңғайда сөйлеп, сөзді Қанекеңнің өзіне берді.

Ол кісі бәрімізбен амандасып алды да, сөзін сұрақпен бастады.

– Сіздер кенді қалай, қандай құрал-жабдықтармен өндіріп жүрсіздер? – деген ол сынай қарағандай не жауап күткендей бәрімізді бір шолып өтіп, сәл үнсіз қалды. Содан соң сөзін одан әрі жалғап әкетті.

– Біз кенді әуелі жер астынан қайламен, сүйменмен, тіпті күрекпен үгітіп жер бетіне шығардық. Мұны кейбіріңіз көздеріңізбен көрдіңіздер, ал көпшілігіңіз ескікөздерден естіген боларсыздар. Кезінде сондай әдістерді қолданып та керекті өнімді алдық, берілген тапсырма, бекітілген жоспарды орындап жүрдік. Заман жаңарды, уақыт алға жылжыды. Қайла, сүймен, күрек – кешегі күннің құралдарына айналды. Өндіріске перфораторлар келді. Кен өндіру бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдеді. Күректің орнына сүйретпе қырмалар келді, ауызша айтқанда «тәшке» дейтін арбаларды 2,5 тонналық вагонеткалар ауыстырды. Ал енді қалай ойлайсыздар, осы кен өндіру техникаларын одан әрі жетілдіруге бола ма, жоқ па? – деген Қаныш Имантайұлының сұрағы тағы да жауапсыз қалпында ауада қалықтап қалды.

– Қазіргі қолданыстағы құрал-жабдықтар бұрынғыға қарағанда, әрине, көш ілгері. Ал шынтуайтына келгенде, өзің арқалап келе жатқан жүгіңді атан түйе кездесе қалып, соған арта салғанмен бірдей ғана нәрсе, басқа түк те емес. Ал уақыт бізден жаңалық талап етеді. Баяғы әкелеріңізден, ағаларыңыздан қалған ескі скреперді даңғырлатып сүйрете бергілеріңіз келе ме? Әлде техниканың жаңарып, жер асты жұмысының жеңілдегенін қалайсыздар ма? – деп тағы бір сауал тастағанда отырған орнымызда қозғалақтап, қолдайтынымызды, қалайтынымызды сездіргендей болдық. Бірақ жүзіміздегі «Сол техникаларды кім жасайды?» деген күмәнді көріп қойғандай-ақ Қаныш аға:

– Мынау орталарыңызда отырған Уахит Шәріпұлын танисыздар ма? – деп сұрағанда, көпшілігіміз басымызды изедік.

– Танисаңыздар, осы жігіттің шахталарға өздігінен жүретін алып техникаларды түсірмек ойы, жоспары бар. Ол «Кен өндірісінде бұрын-соңды болмаған

ұлы жаңалық, басқаша айтқанда, революция жасайтын, кен қазуды ондаған есеге арттыратын жаңа техника жасаймыз» деп отыр. Ал осындай ғаламат жұмысты Жезқазғанның инженерлері іліп әкетулері керек. Егер жаңа техникаларды мұнда қолданбайтын болсақ, қайда қолданамыз? – деген Қанекең мәжіліс барысында, одан кейін де Уахит Шәріповтен өзінің ойларын барынша кеңінен түсіндіруді талап етті.

– Біздің келешегіміздің көкжиегі қазіргіден де кең. Жаңадан мыс қорыту заводы салынып жатыр. Ертең оны іске қосқан кезде кен өндірудің жоспары да артады. Егер кенді мол өндіре алатындай, оны тасып-жеткізетіндей техникаларымыз болмаса, завод қалай жұмыс істейді? Өзіміздің табанымыздың астында бай кен қоры жатқанда шетелдерден кен тасимыз ба? Солай істеуге мәжбүр болсақ, «Досқа күлкі, дұшпанға таба» болмаймыз ба? Сондықтан біз алдағы он жылдан, жиырма жылдан соң кенді қандай жолмен, техникамен қазып аламыз? Жер бетіне немен көтереміз? Қандай көлік түрлерімен тасимыз? Мұндай сұрақтар біздің әрқайсымызды ойландыру керек. Жаңашыл ұсыныстарыңыз болса, іркілмеңіздер, беріңіздер. Бұл орайда инженерлердің, ғалымдардың бірлескен іс-әрекеті керек. Өйткені бұл бір адамның қолынан келетін шаруа емес. Қаражат та, уақыт та, шеберхана да керек. Мынау Уахит Ғылым академиясының Тау-кен істері институтында жерасты жұмысын техникаландыру лабораториясын басқарады. Енді сіздердің осы лабораториямен тығыз байланыста болғандарыңыз жөн, – деген Қаныш Имантайұлы алып шахталар тұрғызу, қуаты мол техникаларды қолдану дәуірі басталғанын айтты. Ол сөзін:

– Біз кенді қауіпсіз әрі арзан жолмен көп өндіруге бағыт ұстануымыз керек. Ең бастысы, әрине,«Осы ісімізден жақсы нәтижеге жетеміз, ойлағанымызға жетеміз» деген шексіз сенім, жұмыс істеуге ынта-жігер қажет, – деп аяқтады.

В.В. Гурбаның кабинетінде өткен бұл жиын бізді жаңалыққа ұмтылдырды. Көп кешікпей өздігінен жүретін техникалар №№45, 51 шахталарда жан-жақты сынақтан өткізілді. Бұрғылау, тиеу, тасу, бекіту техникалары №55 алып шахтада дүниеде теңдесі жоқ кен өндірудің техникалық мәдениетін көтеріп, руда тасқынын молайтты. Уақыт өте сол техникалардың да «ескіргенін» көзіміз көрді.



*Ғылыми талқылау кезінде*

*Ол жан-жақты ғалым болатын. Көркем әдебиетті көп білетін, өнердің сан саласына ой жіберіп, жақсы пікірлер айтып отыратын. Жалпы, Қаныш сөзге сараң кісі еді. Ол өз білгенін орынсыз айта бермейтін. Ал кездесулерде, үлкен жиындарда, басқосуларда басқалардан ойлы пікірлерімен озық шығып отыратын. Ғылымның бар саласынан бес саусақтай хабардар еді, бәрін де жете білетін. Әркім одан жақсы ой, пайдалы пікір, әдемі әңгіме, алуан жаңалық есту үшін баратын.*

***Сәбит МҰҚАНОВ,***
*жазушы,*
*Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының тұңғыш лауреаты*



***Әбдірахман ТОҚТЫБАЕВ***
*(1913-1987)*

*Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі. 1941 жылы Қазақ тау-кен институтын бітірген. 1949 жылдан 1975 жылға дейін, зейнет демалысына шыққанша Жезді кен басқармасының бастығы болды. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері.*

# КЕМЕҢГЕР ЕДІ, ДОС ЕДІ

Маған 1969 жылғы март айының орта тұсында Алматыдан мынандай шақырту қағаз келіп жетті. Шақыртуда:

«Құрметті Әбдірахман Тоқтыбаев жолдас! Қазақ ССР Ғылым академиясы Сізді аса көрнекті совет ғалымы, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына арналған Қазақ ССР Ғылым академиясының мерекелік сессиясына қатысуға шақырады. Сессия 1969 жылы 11 апрельде сағат 10-да Қазақ ССР Ғылым академиясының конференция залында болады», – деп жазылыпты.

Кереметтей қуанып кеттім! Сол-ақ екен, ол кісімен бірге жүрген күндер, сырласқан сәттер киноның лентасындай көз алдымнан сырғып өте берді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен алғашқы танысуым 1930 жылы болды. Ол кезде мен Қарсақбай мыс қорыту заводының жанындағы ФЗУ-да курсант болатынмын. Міне, осы кезде 32-33 жасар шамасындағы жас ғалым Қаныш бізге геологиядан лекция оқыды. Біз ол кісінің лекциясын зейін қоя тыңдап, құмарта құлақ түретінбіз. Өзінің келбеттілігімен де, айтқалы тұрған мәселені жетік білумен де тыңдаушыларды үнемі баурап алатын. Кейбір сәттерде Үлкен Жезқазғанның болашағы жайлы қызықты да қисынды әңгімелер айтатын. Бірақ оның айтқан сөздері бізге қиял сияқты елестейтін, сене қоймайтынбыз. Ақыры

алысты болжайтын ғалымның айтқаны дәл келіп, қазіргі Жезқазғанның сәулетті бейнесін көріп отырмыз. Кейде баяғыда Қанекеңнің келешекте осындай болатыны туралы айтқан сөздеріне сенбестік танытқанымызға іштей ұялып та қаламыз.

ФЗУ-ды бітіргеннен кейін жоғары оқу орындарына түсуіме де ақыл-кеңес берген, әсіресе, Тау-кен институтына баруға жолдама ұсынған Қанекеңнің өзі еді. Тек маған ғана емес, Қанекең сол кездегі қазақ жастарының бірқатарына қол ұшын берді, қамқоршысы болды, жол сілтеді.

1937 жылы Алматыдағы Тау-кен институтының алғашқы бітірушілері мемлекеттік емтихан тапсырды.Осы мемлекеттік емтиханды өткізетін комиссияның председателі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болды. Институтты бітіруге арналған кеш өтіп жатқанда Қанекең мені өзіне шақырып, жағдайымды сұрап,болашақ туралы ойымды білгісі келді. Мұндайды қазақ «көктен іздегенім жерден табылды» дейтін болса керек, өзім «Қайтсем Қаныш ағаға барамын, ойларымды қайтіп жеткіземін?» деп жүретін едім.

Мен ол кісінің Жосалы арқылы Жезқазғанға жүргелі жатқанын білетін едім, «Өзіңізбен бірге ала кетіңіз» деген өтінішімді айттым. Сол кезде Алматыдан ел Жезқазғанға тек Жосалы арқылы қатынайтын. Қанекең келісті. Сөйтіп,бір-екі күннен кейін жолға шықтық.

Мен сол жолы Қаныш ағаның тек геология саласында ғана емес, барлық тақырыпты терең білетін ғажайып жан екендігін алғаш рет байқадым. Әңгімелері қандай! Әдебиеттің халықтық нұсқаларын да, кейінгі жай-күйін де өте жақсы біледі екен. Негізінен әңгімеші – сол кісі, мен – тыңдаушымын. Әңгіменің бір ұрымтал тұсында маған: «Әбдірахман, қандай кітаптар оқып жүрсің?» – деген сұрақ қойды. Сол кезде Сәбит Мұқановтың «Бай баласы» атты кітабын жартылай оқып тауысқан болатынмын. «Соңғы оқығаным – осы кітап», – деп соны көрсеттім. Қанекең сәл жымиып күлді де, қазақ тілінде әлі күнге шейін әлеуметтік аренаға ұсынар әдеби туындылардың жазылмай жүргенін айтты. Содан соң Мұхтар Әуезовке жақында ғана жолығып, өзінің оны сынағанын айтты. «Мұхаң «Күрделі еңбек жазуға кіріскелі жатырмын» деді. Ол кісінің қандай шығарма жазатынын қайдам, бірақ бір керемет туынды болатын шығар деп үміттенемін», – деді. Кейін атақты «Абай жолы» эпопеясы жарыққа шыққанда, Қанкеңнің сөзі ойыма оралған болатын.

Жосалы станциясынан Қарсақбайға дейін – 373 шақырым. Осындай қашықтықты июнь айында жүріп өту кімге болса да жеңіл тимейтіні хақ. Қазіргідей салтанатты жеңіл машина жоқ. Жолға Қанекеңнің өзіне берілген бортты машинамен шыққанбыз. Бекеттен бекетке шаршап, шөлдеп әзер жетеміз. Бірақ, қанша шаршаса да, шалдықса да Қанекең сыр бермеді. Әйтеуір, түнделетіп Қарсақбайдағы Қанекеңнің үйіне де жеттік-ау...

Кейін де бірнеше рет кездестім. Әсіресе, қазіргі Жезді марганец кенін ашу кезінде Қанекеңмен тікелей қоян-қолтық жұмыс істеуге тура келді, сол кісінің басшылығына сүйендім.

Еліміздегі Чиатура кен орнымен байланыс үзіліп, Никопольдің марганец өндіретін өндірісі фашистердің қолында қалып қойып, өте қиын ахуал қалыптасқан еді. Осы кезде соғыс қажеттерін өтеу мақсатында Қаныш Имантайұлы бастаған геологтар тобы Жезді кенін ашып, оны жеделдетіп іске қосу бағытында керемет жұмыстар жүргізді. Жезді марганецінің құндылығы сол кезде Отанымыз үшін ас атасы наннан кем болған жоқ. Өйткені, марганец болмаса, танк жасау тоқтайтын еді. Ал мұның ар жағында қандай жағдай қалыптасатыны айтпаса да түсінікті еді. Сондағы еңбегі үшін Қ.И. Сәтбаевқа Сталиндік сыйлық берілді. Сол бір сындарлы шақта ұлы ғалымның қасында жүріп, бірге тер төккенімді әркез мақтаныш сезімімен еске аламын.

Қ.И. Сәтбаев жер байлығын қатты есепке алып, оның өндірілуіне мұқият зер салатын. «Қалтаңдағы ақшаңды қалай босқа жұмсағың келмейтінің секілді, жердің астындағы қаттаулы тұрған кенді өндіруге де сондай жанашырлықпен, ұқыптылықпен қарау керек» дегенді әрдайым есімізге салып отыратын. Бұл тұрғыда жазылған 10-нан астам еңбегі де бар. Қазіргі қарт геологтар В. Штифанов, С. Сейфуллин, т.б. мұны жақсы біледі.

Менің ойымша, «Жер байлығы – ел байлығы» деген сөз Қанекеңнің аузынан шығып, бүгінде халықтың мәтеліне айналып кетті. Өйткені ол осы сөзді жиі қолданатын.

Осы арада шеттен келген мамандарға кейде сене беруге де болмайтынын айтқым келеді. 1943 жылдың соңына таман Кривой Рог, Никополь, т.б. қалалар жаудан тазартылды. Ал біздің Жездідегі мамандардың көбі сол қалалардан келгендер еді. Олар үйлеріне қайтқысы келді, сөйтіп, жолға дайындала бастады. Және тектен-тек кете алмайтын болғандықтан «Жездінің кен қоры азайды, бізге мұнда істейтін жұмыс жоқтың қасы» дегендей сыпсың сөз таратты. Бұл сөз жылжи-жылжи Мәскеуге де жетіпті. Ақырында одақтық министрліктен академик Анатолий Георгиевич Бетехтин бастаған оншақты адамнан құралған арнайы комиссия келді. Олар шахталарға түсіп, жағдайды жан-жақты сараптап, Қаныш Сәтбаевтың болжамдарын толығымен бекітіп берген соң «Жезді кенінің қоры таусылды, көзі бітті» деген сөз су сепкендей басылып, кенді зерттеу қайтадан қолға алынды.

1949 жылы Қарағандыда Қазақ ССР Ғылым академиясының көшпелі сессиясы болып өтті. Оның жұмысына Қазақстанның ғана емес, Одақтың ең мықты деген ғалымдары жиналды. Сессия біткеннен кейін Қаныш Имантайұлы, жанында 10-15-тей өңкей мықтылары бар, СССР Ғылым академиясының вице-президенті, атақты ғалым-металлург Иван Васильевич Бардинді Жездіге

алып келді. Бұл деген біз үшін аса зор мәртебе еді! Шағын ғана ауылмыз ғой! Өндірісіміз де үлкен емес. Бірақ Қанекең Жездінің қаншалықты маңызды екендігін одақтық ғалымдарға, министрліктің басшыларына ұқтыруға ұмтылды деп ойлаймын.

Біз, әрине, қонақтарды зор қошеметпен, құрметпен құшағымызды жая қарсы алдық.

Күн күйіп тұр еді. Жезді өзенінің бойына киіз үйлер тіктік. Қонақтар, обалы нешік, шахталарды толық аралап, істеліп жатқан жұмыстарды көздерімен көріп, ойларымен бөлісті. Баяғы кен көзі бітеліп жатыр деген өсек сөздің күл-талқаны шықты. И.В. Бардин бастаған қонақтар «Жездіде байыту фабрикасын салу керек» деген тұжырымға тоқайласты. Қазіргі аралық шоғырлар карьерінде бар болғаны 2-ақ станок бар болса, И.В. Бардиннің алдында Василий Иванович Штифанов тағы да 2 станок қосуға сөз берді. Ол кейін сол сөзінде тұрды. Соның арқасында карьердің өндірістік қуаты 2 есеге жетті. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» деген сол! Бұл үлкен жеңіс болатын! Ал оның басы-қасында ұлы Қаныш Сәтбаев жүрді!

1950 жылдардың орта тұсында одақтық министрлік Жезді кенішін жабу туралы біржақты шешім шығарып, тоқтататын болды. Мені өзіне шақырған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы П.К. Пономаренко Москваға барып, мәселені оңынан шешудің жолдарын қарастыруды тапсырды. Содан Москваға тартып кеттім. Ашпаған есігім, тоздырмаған табалдырығым қалмады. Осылайша бір айдай жүрдім. Ақыры, істің кері кетіп бара жатқанына толық көзім жеткен соң, Қанекеңді мазаладым. Ол кісі бірер күнде Москваға келетінін айтып, күтуімді өтінді. Күтпегенде қайда барамын?

Қанекең Москваға келісімен мені баяғы академик И.В. Бардинге ертіп барды, мән-жайды түсіндірді. Иван Васильевич дереу СССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары әрі Қара металлургия министрі Иван Федорович (Ованес Тевадросович) Тевосянға телефон шалды. Сол-ақ екен, шаруа дұрысынан дөңгеленіп жүре бастады.

Сол күндері Қаныш Имантайұлы сол министрлікте «Орталық Қазақстан және оның минералдық байлығы» деген тақырыпта лекция оқыды. Мен сол лекцияны тыңдадым.

Үлкен залдың іші адамға лық толды. Қанекең көсіліп тұрып сөйледі. Қарағанды, Жезқазған, Балқаш, т.б. өндіріс орындары туралы нықтап тұрып түсіндірді. Әрине, Жездіні ұмыт қалдырмады. Әсіресе, соғыстағы жеңіске Жездінің айрықша үлес қосқанын ерекше атап көрсетті. Меніңше, бұған арнайы тоқталып, айту арқылы ол кісі «Жездіні жабу керек» деп жүрген министрлік «мықтыларының» екпінін басып тастауды ойлады.

Солай болды да. Арада он шақты күн өткенде «Жездіні жабу керек» деп жүрген СССР Қара металлургия министрлігі «Жезді кенішінің жұмысын одан

әрі дамыту шаралары туралы» деген қаулы қабылдады. Мен сол қаулыны алып, Жездіге оралдым.

1962 жылы Жездінің басына тағы да қара бұлт төнді. Бұл жолы да біздің бағымызға орай Қаныш Сәтбаевтың зор көмегі тиіп, бәрі орнына келді, алаңдаған көңіл орнына түсті. Бұл мынандай мәселе еді.

Кеніштің бас геологі Богданчиков екеуміз Алматыға барып, Жезді кенінің сапалық мөлшерін төмендету туралы мәселе көтеретін болдық. Әрине, барысымен Қаныш Имантайұлына соғып, сәлем беріп, мақсатымызды айттық. Ол бізге толық қолдау көрсетіп, «Казсовнархозға» телефон соғып, бізді көп күттірмей қабылдау туралы өтінді. Бардық, бірақ барғанымызды қайтейік, баруымыздан шығуымыз тез болды. Мұндағылар бізге керісінше, кеннің сапалық мөлшерін төмендетуді емес, көтеруді тапсырды. Бұл мүмкін емес нәрсе еді. Қайтадан Қанекеңе барып, болған жағдайды түсіндірдік. Ол мырс етіп күліп жіберді де:«Вениамин Григорьевич – старый горняк, но он горняк своеобразный. Он рассуждает как агроном, то есть можно увеличить дачу удобрении и ежегодно поднять урожайность поля», – деді. Вениамин Григорьевич Береза – Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары, Совнархоздың Председателі болатын. Қайтадан өзі араласты да, түйінді тарқатып берді.

Қанекең менің есімде қандай ерекшеліктерімен қалды? Әрине, бәрін айтып тауыса алмайсың ғой. Дегенмен, кейбіріне тоқтала кетейін.

Қанекең қазақтың қаймақ қатқан, қайнатқан қызыл күрең шайын аса бір сүйсініп ішетін еді. Бір ғажабы, насыбай атқанда түкірмейтін. Кісі үйінде үнемі бірқалыпты, тікесінен отыратын. Ешқашан жастыққа жантайып жатып немесе диванға қисайып отырып кісімен сөйлескенін көрген емеспін. Ешқашан сырт сөзге елікпейтін, ермейтін. Сосын ешкімге өкпе артқанын да байқамаппын. Ең қызығы, үлкенмен де, кішімен де тек қана «сіз» деп сөйлесетін еді. Неге екені белгісіз, тек Мұхтар Әуезовке ғана «сен» дейтін.

Маған Қанекеңнің 50 жасқа толған мерейтойына қатысу мүмкіндігі туды. Тойға Жездіден шақырылған мен ғана екенмін. «Қандай сыйлық апарғаным дұрыс?» деп біраз ойландым. Содан ол кісінің насыбай атқанды жақсы көретіні есіме түсті де, мүйізден шақша істетіп, сыртын жезбен оюлатып, қысқа ғана құттықтау сөз жаздырдым. Ішін ширатпа насыбаймен толтырдым. Той үстінде көптеген сыйлықтар тапсырылды. Бұл түсінікті де. Бірақ Қанекең тек екі сыйлықты өзіне қалдырды да, қалғандарын тойға келгендерге «тойдан – тобықтай» деп таратып жіберді. Алып қалғаны – үкілі домбыра және мен сыйлаған мүйіз шақша.

Тойда Қанекеңмен қатар отырған қазіргі академик Ісмет Кеңесбаев шақшаны қайта-қайта қызықтап, бір-екі рет сұрап алып, қарағыштай берді. Сонда Қанекең ол кісіге: «Мұның ішіндегі ширатпасынан шықшытың толғанша атуыңа

болады, бірақ шақшаны қолқалауға болмайды», – деді. Мұнысы әзілдені болса да, шынымен шақшаны бермейтінін айтқаны еді. Мен Қанекеңнің қаптаған сыйлықтардың ішінен қазақтың домбырасы мен шағын ғана шақшаны қалап, өзіне алып қалғанын да өзіндік ерекшелігіне баладым.

Дүниеден өтерінің алдында бір жылдай бұрын үйінде болдым. Бөгде адамдар жоқ, оңаша отырыс болды. Көңілді көрінді маған. Жезқазған, Жездінің, Қарсақбайдың жағдайын, өзі білетін адамдар туралы сұрады. Сол кездің өзінде-ақ ол ауырып жүреді екен ғой. Бірақ сыр берген жоқ. Мұны мен кейін білдім.

Бұл менің Қаныш тәрізді алып тұлғаны, абзал ағаны ең соңғы көруім екен. Арада бір жыл өтер-өтпесте өмірден озды, жерлеу рәсіміне қатыстым. Жиналған халықтан жер қайысып кетті. Ол дүниеден замандасы Мұхтар Әуезовпен қатар өтті. Сонда екі алыптың қазасына байланысты ақын Сабырхан Асановтың жазған өлеңіндегі мына жолдарды мен қойын дәптеріме жазып қойыппын:

*Аруанадай сыздап тұрған желіні,*
*Күңіренсе, күңіренсін ел үні.*
*Қабырғаны қайыстырып кетеді*
*Данышпандар, данышпандар өлімі.*

*Көздің жасы көңіл шерін қуар ма?*
*Омырауды көздің жасы жуар ма?*
*Әттеген-ай, батты-ау осы екі өлім,*
*Қазақта енді Қаныш қайта туар ма?*
*Әттеген-ай, батты-ау осы екі өлім,*
*Қазақта енді Мұхтар қайта туар ма?* –

деп толғанған екен ақын. Шынында да, олар енді қайталанбайды.

Қаныш ағаның даналығын, данышпан кемеңгерлігі мен қамқор жүрегін, айнадай кіршіксіз адалдығын бір ауыз сөзге сыйдыра білген осы заманның мықты ақындарының бірі Кәкімбек Салықовқа да тәнтімін.

*Аға болсақ, болайықшы осындай,*
*Қолдың ұшын берер үркіп, шошынбай.*
*Кемеңгердің кең мінезі екен ғой*
*Інілерін сыйлайтұғын досындай,* –

деп жырлайды Кәкімбек ақын ұлы Қанекең туралы. Сондықтан мен де өзімнің шағын естелігімді «Кемеңгер еді, Дос еді» деп атауды ұнаттым. Өйткені Қанекең біздің баршамыз үшін сондай тұлға болған еді ғой.

***P.S.*** *Естелік 1969-1970 жылдары жазылған тәрізді. Сондықтан автордың жазу мәнері толықтай сақталды. Естеліктің қолжазбасын Әбдірахман Тоқтыбаевтың немере қызы Айгүл Владимирқызы Тутеева тапсырды.*



***Иосиф БОГДАНЧИКОВ***
*(1901-1993)*

*1932 жылы Мәскеу кен барлау институтын үздік бітірген. Қ. Сәтбаевтың шақыртуымен Қарсақбайға келген. Жезқазған кенінің петрографиялық құрамын алғаш зерттеуші. 1940-1983 жылдар аралығында Жезді кен басқармасының геологиялық отрядын басқарды. Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері. «Жезді кен орнын алғаш ашушы» төсбелгісімен марапатталған.*

# КӨРЕГЕН

Мен 1934 жылы Москваның геологиялық-барлау институтын бітіргенде Қаныш Имантайұлына кездескенімді өз бақытым деп білемін. Институт дипломы қолыма тиген соң Уралға кетпек болып жүргенімде Түсті металлургия бас басқармасының бір кабинетінде көптеген кен көздерін ашумен атағы шығып жүрген Қ.И. Сәтбаевқа ұшырастым. Ол мені алыстағы Қарсақбай маңында қызықты істердің көп болатынына сендіре білді. Оның үстіне ол мені адамгершілігімен, азаматтығымен, терең білімділігімен, өзінің ғылыми пікірлерімен баурап алды. Сөйтіп, «Атбасцветмет» тресіне жолдама алып, Қарсақбайға тартып отырдым.

Мен Қаныш Имантайұлынан көп нәрсе үйрендім. Геология ғылымынан теориялық білімімнің өмірде қолданылуына тікелей ол кісінің ықпалы болды. Оның қасында жай жүрген адамның өзі тұрақты түрде биікке көтерілуі бір табиғи құбылыс тәрізді. Маған да ол осылай әсер етті.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Сәтбаевтың тапсырмасымен Кривой Рог пен Никополь рудниктерінде жұмыс істеп жүр едім. Соғыс басталғанын естіген күніақ Совет Армиясының қатарына кетуді ойладым. Бірақ сол күні Сәтбаевтан «26 июнь күні Жосалыға жет» деген телеграмма алдым. Айтылған күні Жоса-



Иосиф Николаевич Богданчиков пен Қаныш Имантайұлы Сәтбаев

лыға келдім. Келсем, мұндағы Қарсақбай комбинатының қызметкерлері түсетін үйде Қаныш Имантайұлы да семьясымен аялдаған екен. Олар Алматыға көшіп бара жатқан көрінеді. Ол маған осы жерде енді темір рудасын іздеуді тоқтата тұрып, қорғанысқа аса қажет болатын марганец рудасын іздеуді тапсырды. «Жезді геологиялық-барлау партиясын тез ұйымдастырып, оны өзің басқарып, марганец өндіріс ошағын ашуға дайындал», – деген тапсырма берді.

Сондағы Қаныш Сәтбаевтың көрегендігіне әлі күнге шейін таңданамын. Соғыс басталған күннің ертеңіне өзі бір кезде аңдап қалған Жезді бойындағы бір скважина маңында соғыс жағдайында аса қажет металдың мол қоры бар екенін және тез арада сол жерден кен өндіру қажет екенін қалай болжаған десеңізші! Ақыры, немістер көп ұзамай Никопольді басып алысымен, марганец кен орнын табу бірінші кезектегі мәселеге айналды.

Біздің жұмыс та қыза түскен еді. Қар түскенше бірталай жерді барлап, керекті деректерін Қ. Сәтбаевқа жіберіп тұрдық. Қыста да жұмысты тоқтатқанымыз жоқ. 1942 жылғы апрель айында 40 күн ішінде жаңа өндіріс ошағының жобасын жасап, кен бетін аршып, Урал заводтарына алғашқы марганец рудасын жіберу туралы тапсырма алдық. Еліміздің әр қаласынан келген көп ұлтты жұмысшы қауымы күндіз-түні қажырлылықпен жұмыс істей отырып, 38 күн ішінде, яғни, 1942 жылдың 12 июнінде алғашқы Жезді кенін жөнелтті.

Жезді кеншілері мен геологтарының осы еңбегі Ұлы Отан соғысындағы совет халқының зор жеңісінің шежіресінен лайықты орнын алды. Сол бір қаһармандық күндерді еске алған сайын менің ойыма Қаныш Имантайұлы келеді. Оның асыл бейнесі, ғылыми көрегендігі, қайраткерлік қасиеті – бәрі-бәрі көз алдымнан өтеді.

Қарсақбай, Жезді, Жезқазған өндірістеріне сырттан келген қай ұлттың өкілі болса да жергілікті халықпен бауырласып кетті. Мен сол кездері бір-бірінің ұлттық намысына тиісіп, түс шайысқан адамдарды көрген емеспін. Қазақ тілін біз үйренсек, орыс тілін жергілікті тұрғындар үйренді. Қазақша есімдерді біз орысшалап айтсақ, біздің есімімізді олар қазақшалап алатын еді. Мысалы, «Богданчиков» деген фамилияма байланыстырып, Жездінің үлкен-кішісі түгелдей мені «Құдайберген» дейтін. Бұл менің құлағыма жағымды естілетін.

Қаныш Имантайұлының көптеген сөздері менің жадымда жатталып қалды. Өйткені оның сөздерінде даналықтың дәні бұғып жататын. «Жезді – майданда жеңісті жақындатушы қолбасшы болмағанмен, сол жеңісті жүзеге асырушы қаһарман да даңқты солдат» деген сөзі қандай керемет! Меніңше, соғыс жылдарындағы Жездінің бағасын бұдан артық нақпа-нақ беру мүмкін емес. Ал маған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бейнесі жан дүниесімен қарапайым солдат тәрізді көрінгенімен, атқарған ісі, алысты болжай білетін көрегендігімен ірі қолбасшыдай елестейді.

*«Жезқазған туы»,*
*11.04.1989*






*«Алматының сейсмикалық аймақта орналасуы, қаланың кеңеюі үшін қажетті жер аумағының жеткіліксіздігі, табиғатының өзгергіштігі болашақта оны Қазақстан секілді үлкен елдің астанасы болуға жарамсыз етпек. Республикамызда астана болуға жарайтын екі қала бар – Қарағанды мен Ақмола. Бірақ біріншісі қалың көмір қабатының үстінде орналасқан және онда су аз. Ал екіншісінде су да, жер де жеткілікті, Қазақстанның географиялық орталығында орналасқан деп те айтуға болады...»*

***Қ.И. Сәтбаев,***
*1948 жыл*



***Саид СЕЙФУЛЛИН***
*(03.10.1905-22.05.1985)*

*Член-корреспондент Академии наук КазССР. Заслуженный геолог-разведчик Казахстана. После окончания в 1932 году Горной Академии им.С.Орджоникидзе в г. Москве работал в Жезказганской геологоразведочной партии.*

# БАЙКОНУРОВСКАЯ ВСТРЕЧА

О Джезказгане, Карсакпае, Байконуре, расположенных на южных площадях бывшего обширного Атбасарского уезда, я впервые узнал в самом начале двадцатых годов, в незабвенные годы своей комсомольской юности. Сведения об этом чудесном, как мне казалось, уголке нашей Родины до меня дошли в связи с переездом на постоянное место жительства в Карсакпай, семьи моего дяди (брата моей матери) Халитова Гарифа Нагимовича, позже, хорошего знакомого – писателя К.И. Сатпаева по Карсакпаю. Несколько забегая вперед отмечу, что Каныш Имантаевич в первый же год нашей совместной работы стал называть меня Саидом Нагимовичем (как «брата» Гарифа), хотя и знал что Нагим это мой дед, а мое паспортное отчество другое. Этот своего рода псевдоним остается в силе до последнего времени. В эти годы во мне впервые зародилась мечта посетить этот сказочный край, где люди ищут, находят и извлекают подземные клады, и возникло неопределенное желание самому приобщиться к труду таких рудоискателей. Вскоре моя мечта приблизилась к осуществлению благодаря Советскому строю, благодаря комсомолу, направившему меня в 1924 году на учебу в Казань, где я был принят сначала в Татрабфак, потом переведен в рабфак при Казанском Государственном университете. Следует отметить, что в числе моих «рабфаковских»«однокашников» тогда много было молодежи из различных областей Казахстана. Мне особенно приятен



Молодой геолог С. Сейфуллин сидит слева от К. Сатпаева

рабфаковский период моей жизни еще потому, что я целый год проучился вместе с легендарным Мусой Джалилем.

Окончив рабфак весной 1926 года и получив направление для дальнейшей учебы в Московскую Горную академию, в начале июня 1926 года, я выехал для отдыха в Карсакпай-Байконур, где обосновалась семья моего дяди.

Путь в Карсакпай тогда лежал только через ст. Джусалы. Доехав по железной дороге до этой станции, я дальнейший свой маршрут в Карсакпай должен был совершить или на верблюде в составе одного из многочисленных в то время верблюжих караванов, или если посчастливится, на автомашине. Казалось, что мне тогда повезло,так как я попал на грузовую машину, предоставленную комбинатом персоналу Джезказганской геологической экспедиции Геолкома во главе с геологом Яговкиным. Но, к сожалению, этот путь от Джусалы до Карсакпая тогда не обошелся без приключений. Автомашину после одной остановки не смогли вновь завести. Я, с одним из молодых попутчиков, тронулся по столбовой дороге пешком в сторону Карсакпая, в надежде, что машину исправят и она нас догонит. Мы шли долго. Стояла тогда очень сильная июньская жара. Машины все не было. Не знаю, чем бы кончилось это наше пешее путешествие, если бы нас обессиленных не подобрал верблюжий караван, вышедший на тракт откуда-то со стороны, вероятно, из пункта своего очередного привала. Караванщики нас напоили айраном, накормили очень

вкусными, как нам тогда казалось, лепешками, и мы дальше тронулись в путь на верблюдах. К вечеру мы доехали до аула, расположенного в нескольких километрах в стороне от какого-то пикета. В ауле нас приняли как желанных гостей, с соблюдением, принятых у казахов в таких случаях, всех ритуалов гостеприимства.

Мы с моим попутчиком в ауле хорошо отдохнули. Под утро по нашей просьбе нас доставили на пикет, который оказался пустым. Через некоторое время со стороны Джусалы показалась наша автомашина, но она шла не собственным ходом, а ее тащила четверка запряженных верблюдов. Вскоре подошла встречная машина, посланная из Карсакпая для выручки попавших в беду членов Джезказганской геологической экспедиции Геолкома. Мне, студенту, еще только мечтавшему стать геологом, тогда «посчастливилось» разделить эту «беду» первых советских исследователей Джезказгана. В этот приезд мне побывать в Джезказгане не удалось. Я провел лето в Байконуре в семье моего дяди, работавшего в Байконурских угольных копях. Тогда я впервые узнал о первом директоре треста «Атбасцветмет» т. Дееве и о члене КазЦИК-а, передовом забойщике Байконурских копей Хасане (фамилию забыл). Тогда еще только шла работа по прокладке узкоколейной дороги Карсакпай-Байконур. По этой узкоколейке мне впервые суждено было приехать весной 1929 года уже в качестве практика-студента 3-го курса геолого-разведочного факультета Московской Горной академии. Я приехал тогда в Байконур по случайному стечению обстоятельств, так как первым узнал о наличии в Горной Академии заявки на одну вакантную должность коллектора для работы в летний сезон в Байконурской разведочной партии. Я первым изъявил готовность поехать в Байконур на свою первую производственную практику. Это мое желание было удовлетворено. Позже стало мне известно, что именно в этом году К.И. Сатпаев с семьей обосновался в Карсакпае на постоянное место жительство, он утвержден в должности главного геолога треста «Атбасцветмет» и приступил к организации стационарной службы в Джезказганском районе.

Байконурскую геолого-разведочную партию возглавлял ныне здравствующий известный геолог, вложивший очень много труда в разведку Карагандинского угольного бассейна Дмитрий Назарович Бурцев. Имея направление непосредственно в Байконурскую партию, минуя К.И. Сатпаев, которого я еще тогда не знал, прибыл через Карсакпай в Байконур, в распоряжение Д.Н. Бурцева.

Практически работа в качестве помощника инженера-геолога вначале показалась трудной, так как мне была поручена вполне самостоятельная работа по геологической документации разведочных скважин по шламам пород, получаемым в результате ударно-вращательного способа ручного бурения. Но, благодаря чуткости руководителя моей первой партии, мужественного

требовательного геолога Д.М. Бурцева, я довольно быстро освоился и стал выполнять обязанности коллектора, потом старшего коллектора довольно уверенно. Вообще Байконурская встреча мне дала много знаний по геологоразведочной практике, что мне вскоре очень пригодились.

Подходил к концу первый месяц моей производственной практики. Работы было довольно много. В силу производственной необходимости я трудился не считаясь со временем.

Однажды, к исходу длинного июльского дня, в комнате, служившей для нас и жильем, и конторой, я занялся оформлением одного геологического профиля месторождения по линии разведочных буровых скважин. Кроме меня в комнате, вообще в квартире, никого не было. И слышал, что кто-то зашел в коридор, но не обращая на это внимания, продолжал свою работу. На пороге стоял рослый, стройный мужчина, не русской национальности, в форменной фуражке горного инженера и молча наблюдал за моей работой, которую я выполнял в необычной рабочей позе. Я догадался, что это и есть геолог Сатпаев, о котором не раз слышал от своих коллег по Байконурской партии.

Я быстро поднялся на ноги, сделал встречный шаг и пожал протянутую мне руку. Он спросил улыбаясь, с кем имеет дело и что я делаю, лежа на полу. Я назвал фамилию и свою должность, занимаемую в этой партии, дополнив, что являюсь студентом-практикантом.

Фамилия выдала мою национальность и он спросил уже на казахском языке, что вероятно, я татарин. Я ответил тоже на казахском языке, стараясь подчеркнуть свое безупречное владение местным лексиконом. Между нами завязалась непринужденная беседа, запомнившаяся надолго своей какой-то особой теплотой. Разумеется, больше говорил и спрашивал он, а я лишь слушал и отвечал на его вопросы.

Он не скрывал своей, я бы сказал, радости, вызванной тем неожиданным для него фактом, что я, в скором будущем инженер-геолог, являюсь по существу местным жителем (ведь и данное предприятие, в то время носило название «Атбасарский трест цветных металлов»), и, что я наверняка буду надежным пополнением рядов, очень недостающих здесь специалистов. Я тоже не мог не быть откровенным и сказал, что именно услышанные рассказы о Джезказгане, Карсакпае и Байконуре послужили главной причиной выбора моей профессии геолога и поэтому я хотел бы быть полезным человеком в освоении природных богатств Джезказган-Улытауского района. Таким образом, было установлено, что наши желания о дальнейшей моей работе в Джезказгане сходятся. После расспросов о последних результатах бурения в Байконуре, он уехал обратно в Карсакпай.

Эту мою первую встречу с Канышем Имантаевичем Сатпаевым я теперь вспоминаю как самый яркий и счастливый эпизод моей жизни и молодости.



***Сүтемген БҮКІРОВ***
*(1921-1996)*

*Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. «Жезқазғантүстіметалл» АҚ тарихи-өндірістік, Жезқазған облыстық өлкетану музейін басқарды. Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.*

# АСЫЛ АҒА

Орталық Қазақстанда Қаныш Сәтбаев араламаған, бармаған жер жоқтың қасы. Әсіресе, Жезқазған өңірі өзінің бай қазбаларымен академиктің сүйікті өлкесіне айналды. Осы жердің кен байлығын игеру жолында тер төккен Қаныш ағамыз өзінің көп өмірін осы аймақтың көркеюіне арнаған. Сондықтан да Жезказған өлкесі Қаныш Сәтбаевқа борыштар.

Қ. Сәтбаевпен кездесудің бірнеше рет орайлы сәті түскен еді. Сондағы алған әсерлерім өмір бойы жадымда сақталып қалыпты.

1936 жылдың июнь айы болатын. Ол кезде бүгінгі Жезқазған қаласы тұрған жерді жергілікті тұрғындар әр түрлі атаушы еді: Бекболат ауылы, Кеңгір немесе Үлкен Жезқазған дейтін. Осы алаңда жеті киіз үйден құралған шағын ауыл тұратын. Олар – Әбдірахман, Сәмет, Әлім, Балғымбай, Байсымақ, Жанділда және Әубәкірдің үйлері. Жаз айларында осы үйлер Кеңгірдің екі жағалауына қоныс тебетін.

Бірде ауылға бір машина келе қалды. Келгендерді көру үшін елдің жас-кәрісі түгел жиналды. Машинадан үш адам түсті. Ауыл ақсақалы өзінің үлкендік жолын сақтап, меймандармен ең бірінші амандасты.

– Аман ба, Қаныш?!

– Өздеріңіз де есен-сау барсыздар ма?

– Қаныш-ау, ауылға ат басын тіремегелі көп болды ғой?!

Ел дабыр-дүбір Қанышпен амандасып жатқанда, ауыл ақсақалы Әбекең әйелі Момақанға:

– Шай қой, қазан көтер! – деп дауыстай сөйледі.

Қонақтар Әбдірахманның шаңырағына бсттеді. Бұлар – геологтар, яғни Қаныш Сәтбаев, Саид Сейфуллин және Василий Штифановтар болатын.

Үйге еніп, жайласып отырған шақта Қаныш сөз бастады:

– Тақауда, жеті-сегіз жылдың ішінде осы жерге қала орнайды, – деді ол жан-жағындағыларға сынай қарап. – Сондай-ақ, Жезқазған мен Қарағандыны жалғайтын теміржол да салынбақшы. Ал енді оның түп-тамырына зер салатын болсақ, мұның бәрі – алып өндірістің бір бөлігі ғана. Болашақта бұл арада металлургия заводы орнайды. Мына өзенді бойлап үлкен көл орнатамыз. Қаланың болашағы үлкен. Ол ірі өндіріс орталығы болумен қатар сәулетті мәдениет ошағына да айналады. Ауруханалар, тас төселген көшелер, дүкендер, мектептер, балабақшалар халық игілігіне қызмет көрсететін болады...

Мына сөзді естіп отырғандар таңырқасып:

– Жапан далада қала қалай орнайды? Теміржол... көл дегені қалай болады? – деп жатыр.

– Таңданатын ештеңесі жоқ, – деді Қаныш күлімсіреп. – Ол үшін бізге үкіметіміз бен партиямыз көмектеседі. Ал біз осы қаланы тұрғызуға бір кісідей атсалысамыз.

– Бәрекелді! – деді мына сөзге сүйсінген бір ақсақал. – Қадамдарыңа нұр жаусын!

– Рахмет, Қанышжан! – деген Әбдірахман ақсақал Қаныштың қолын алды. Одан кейін ауыл адамдары өздері жинаған кен түрлерін көрсете бастады.

– Қаныш аға, мынау – Сізге сыйлығымыз, – деді Сүлеймен деген жігіт көзінен ұшқын шашып. Қаныш елге қонақжайлығы үшін алғысын айтты.

Қаныш келген сайын ауыл адамдары мәз болысатын, бәрі де үлкен ғалымға өз сыйларын көрсетіп қалуға тырысатын.

1940 жыл. Жаз. Мен Қарсақбайда шығатын «Қызыл кенші» газетінде қызмет атқаратынмын. Бірде облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің қызметкері Қали Садықов редакцияға бірнеше бума зат әкелді.Онда кітаптар, журналдар, газет қиындылары бар екен. Бұлар Қаныш пайдаланған ғылыми еңбектер мен оның өзі жазған мақалалар екен. Садықовқа Жезқазған туралы кітап жазу тапсырылса керек. Әзірше біз газетке осы құнды еңбектерден үзінділер жариялап тұрдық. Солардың ішінде, әсіресе, СССР ҒА-ның Қазақстандағы базасының баспасы шығарған «Үлкен Жезқазған» (7-шығарылымы, «Москва» баспасы, 1935 жыл) үлкен еңбек болатын. Әрине, ол кезде біз Жезқазған өңірінің бүгінгідей өмірін көз алдымызға елестете де алмаушы едік.

1946 жыл. Кеңгір поселкесінде соғыстан кейін бірінші рет СССР Жоғарғы Советінің сайлауына дайындық жүріп жатты. Депутаттыққа кандидат Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен сайлаушылардың кездесуі ағаш заводының цехында өтті. Бұл ара сол кезде ең үлкен алаң болатын. Оған барлық ауыл тұрғындары жиналды. Жасамыс сайлаушылар арасынан Сәтбаевтың бұрынғы жүргізушісі Қасымсейіт Батырбаев сөз сөйледі.

Жас сайлаушылар арасынан мен де сөйледім. Соңынан сөз Қанекеңнің өзіне берілді. Ол болашақ іс жоспарын айта келіп, жапан дүзге орнаған жас қаланың болашағына тоқталды. Сондай-ақ, халықтар арасындағы туысқандық пен достықтың шапағатты жақтарын тұрғындарға көп уағыздады.

Одан кейін бірнеше жыл өтті. Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қ.И. Сәтбаев КПСС XXI съезі мінбесінен де Жезқазғанның жарқын келбетін, болашағын бүкіл Кеңес Одағына паш етті.

– Жезқазған – біздің еліміздің мыс қорыту жөніндегі жақұтына айналды. Мұның өзі Жезказған байлығын тезірек игеруге міндеттейді. Сондықтан да Үлкен Жезқазған комбинатын Ленин комсомолы қамқорлыққа алса жөн болар еді, – деді ол биік мінбеден шабыттана сөйлеп.

Ғалымның бұл ойын Қазақстан комсомолының сол кезде өткен Пленумы толық қолдап, қаулы қабылдады. Жезқазған құрылысы Бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысы алаңы деп аталды.

1961 жылдың көктемінде Қазақ ССР Ғылым академиясының бірлескен көшпелі ғылыми сессиясы Жезқазғанда өтті. Оған еліміздің ғалымдары мен өндіріс саласындағы мамандары қатысты. Сессия Үлкен Жезқазғанның проблемаларын талқылады.

Сессияны аша тұрып Қ. Сәтбаев былай деді: «Біз Жезқазғанда, Қазақстанның тарихи орталығында кездесіп отырмыз. Мен «тарихи» деген сөзді тегіннен-тегін қолданып отырған жоқпын. Жезқазған шын мәнінде Қазақстанның тарихында ерекше орын алады.

Бүгінде жылдар өресінен көз жіберсек, Жезқазған кенін өндіруге, технологияны жаңартуға, жобалау институымен қатар, мамандар, өндіріс жаңашылдары да елеулі үлес қосыпты. Сафин, Харламов, Байқоңыров, Анарқұлов, Филимонов, Салықов, Бөпежанов, Корякин және басқалардың есімдерін біз мақтанышпен айтамыз».

Президенттің сөзін ықылас қоя тыңдадық. Мен ол кезде «Казмедьстрой» тресіндегі бір цехтың бастығы едім. Сессияда өндіріс мамандары да жарыссөзге қатысты. Онда ұсыныстар қабылданды. Мен президентпен кездескенімді мақтан тұттым. Менің сөзім «Үлкен Жезқазған» кітабында жарияланды. Сөйлеп тұрған кезімде Қаныш Сәтбаев кейбір деректерді алдындағы қағазға жазып алып жатқанын байқадым.

Менің есімнен тағы бір кездесу шықпайды.

1962 жыл болатын. Март айы еді. Жезқазған поселкесіндегі Кеншілер мәдениет сарайында №67 сайлау округі бойынша СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен кездесу болып өтті.

Кездесуді 1924 жылдан партия мүшесі, дербес пенсионер Ахмедия Төлекбаев ашты. Сондай-ақ, геолог Павел Прокофьев, Социалистік Еңбек Ері Мұхит Бөпежанов, тағы басқалары сөйледі.

Кездесуде Қаныш өзіне көрсетілген зор сенім үшін Жезқазған жұртшылығына алғыс айтты. Сол жылдың 18 мартында «Ленинская смена» газетінде менің «Қаныш аға» атты очеркім жарияланды.

Әрине, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен ең алғаш киіз үйде кездескеннен бері жарты ғасырға жуық уақыт өтті. Қанышты көзі көрген сондағы көптеген жастар – бүгінде аймақтың гүлденуіне елеулі үлес қосқан ардагерлер.

Ғалымның арманы жүзеге асты. Жезқазған ірі өндіріс орталығына айналды. Мұның өзі Қаныш еңбегі, Қаныш ойының өмірге кең қанат жаюы десем, артық айтқандық емес.

*«Жезқазған туы»,*
*31.05.1990*



***Ғазиз ОМАРОВ***
*(1925-2002)*

*Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі. 1949 жылы Қазақ тау-кен институтын бітірген. 1966 жылы жаңадан құрылған Шахтапроходка тресінің басқарушысы болып тағайындалып, бұл міндетті 1987 жылы зейнеткерлікке шыққанша атқарды. Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

# ҚОС ЖОЛДАМА

Ешкім де ертеңін нақты болжай алмайды ғой. Біздің балалық шағымыз ауыр жылдарға тап келгендіктен, «Ертең өскенде анау боламын, мынау боламын» дегенді аса көп армандай қоймадық. Басқалар үшін жауап бергендей болмайыншы, нақты өз басым сабағымды жақсы оқу керек екендігін ғана білдім. Әр сабаққа барынша тыңғылықты дайындалатынмын.

Сөйтіп жүргенде соғыс басталып, ахуал тіпті мүшкілдене түсті. Біздің үй Жезқазғанға жақындау Жиделісайға көшетін болды. Ол кезде әкем «Бостандық» колхозында ферма меңгерушісі еді. Бұрын Жезқазған кеншілеріне сүт пен май жеткізіп тұратын жігіт соғысқа алыныпты да, оның міндеті ферма меңгерушісінің өзіне жүктеліпті. Әкем сол тұста алпысты алқымдап қалып еді.

Кеншілердің қалың орналасқан кентіндегі орта мектептің қазақ тілінде оқытатын жоғары кластары жабылып қалыпты. Шамасы, жасы келгені әскерге алынып, келмегені шахталарға, т.б. жерлерге жұмысқа тұрып, мектепті тастап кетсе керек. Мені қосқанда бар-жоғы бес бала ғана қазақша оқиды екенбіз. Мектеп директоры:«Бес балаға бола жаңадан класс аша алмаймын. Егер оқимын десе, орысша класқа қабылдайын», – деді.

Ауылда өскен балалардың орысша оқығысы келмеді. Алғашында мен де «Оқымай-ақ қойсам ба екен?» деп ойлағам. Бірақ, осыған шейін тек мақтаулы оқушы болып келіп, нақ мектеп бітіретін жылы оқымай қалу дегенге миым жетпеді. «Тәуекел! Мен барамын!» дедім де, орыс класына жазылдым. Сөйтіп, тоғыз жыл қазақ мектебінде үздік оқығанымды қайтейін, орысша оқимын деп, белгісіз аралға барып түскендей күй кештім. Мұғалімдердің сабақты түсіндіріп жатқанын толықтай түсінбеймін. Үйге берілген тапсырмаларды орындау – қиынның қиыны. Өйткені сөздік жоқ. Бар қолымнан келгені – жаттап аламын. Сабақ сұраса, соны айтып бере қоямын. Қиналдым, бірақ қайыспадым, шыдадым. Талап етсең, ұмтылсаң, алынбайтын қамал болмайды екен, арада алты ай өткенде орыстарға орысша үйрететіндей деңгейге жетіп қалдым. 1942 жылы сол орта мектепті үздік бағамен тәмамдадым.

Оқуға бару туралы ойлағаным да жоқ. Шахтаға жұмысқа тұрып, ақша табу, сөйтіп, үйдегілерге көмектесу. Ол кезде №31 шахтаның бастығы кейін академик болған ағамыз Өмірхан Аймағанбетұлы Байқоңыров еді. Менімен тең адамдай сөйлесті. Құжаттарымды қарап отырды да: «Айналайын-ай, осы біздің Жезқазған өлкесінен орыс орта мектебін бітіріп отырған тұңғыш қазақ баласы екенсің әрі үздік бітіріпсің. Оқуды жалғастыру керек қой. Әрине, уақыттың қиындығын түсінемін. Бірақ мен сені жер астына жібермеймін. Біріншіден, жасың әлі 18-ге толмапты, екіншіден, сауатты нормировщиктер жетіспейді. Осында нормировщик боласың», – деді. Сөйтіп, өтінішіме қол қойып берді.

Жыл өткен сайын соғыста біздің елдің жеңіске жететіні шүбәсіз бола бастады. Елдің көңілі де көтеріле түсті. 1944 жылы Кеңес елі басқыншылардан толық азат етілді. Осы кезде жоғары оқу орындарына шақырған жарнамалар да көбейе бастады. Қасымда жүрген жігіттердің «Бәріміз де сонда барып оқиық» деген дүрмегіне ілесіп, мен де пошта арқылы заңгер мамандығына оқуға түсу үшін өтініштерімді салып жібердім.

Бір күні шахтаға Алматыдағы политехникалық институттан П.Н. Торский, И.З. Лысенко деген профессорлар келіп, орта білімді қыздар мен жігіттерді оқуға шақырды. Менің де құжаттарымды шахтадан көрген болу керек, өздеріне шақырып алды да, Павел Николаевич Торский: «Жас жігіт, сенің кен инженері болуың керек. Екі жыл шахтада істеген тәжірибең бар екен. Ертең осында сендер инженер болмағанда, мамандарды қайдан табамыз?» – деді. Мен ол кісіге Заң институтына құжаттарымды өткізіп қойғанымды, емтиханға шақыру күтіп жүргенімді айтып едім: «Соған бола қысылма. Құжаттарыңды өзіміз-ақ институтқа сұратып аламыз», – деп менің келісім беруімді өтінді. Мен әкемнің ауылда тұратынын айтып: «Сол кісімен ақылдасайын», – деп «құтылдым».

Содан соң үйдегілерге оқуға барғым келетінін айтып ем, әкем: «Кен оқуына шақырып жатыр дейсің бе? Кеше Жезқазғанға Қаныш Сәтбаев келді дегенді

естіп едім, барып іздестіріп, тауып, сол кісінің өзімен ақылдасып көрейінші. Мыналардың өздері келіп, оқуға шақырып жүргендері біртүрлі күдікті екен. Егер мықты оқу болса, жұрттың өзі-ақ бармай ма?» – деді. Сөйтсем, әкем Қаныш Имантайұлын өте жақсы біледі екен, талай дәмдес, дастархандас болыпты.

Ертесіне Қаныш Сәтбаевпен кездесуге әкем мені де ерте барды. Кабинетіне кіріп барып едік, Қанекең орнынан көтеріліп, әкеме қарай құшағын жая қарсы жүрді. Екеуі құшақтасып, мәре-сәре болды да қалды. Мен Қаныш ағаның әкеме деген ілтипатын көріп қуанып қалдым. Орындыққа жайғасқан соң: «Қаныш қарағым, мынау қара – балаларымның үлкені. Екі жыл шахтада істеді. Мектепті жақсы бітірді. Әрі қарай оқуға талаптанып жүр. Қандай мамандық лайық? Өзіңмен соны ақылдасуға келдім. Өзі Заң институтына құжаттарын өткізіп қойыпты. Осында Алматыдан келген бір кісілер мұны кен инженерінің оқуына шақырыпты. Түу Алматыдан неғып жүр? Егер оқулары мықты болса, жұрт өзі іздеп бармай ма? Соған күдіктеніп қалдым. Осында келе қалғаның қандай жақсы болды, ақылыңды айт. Сен қайда жібер десең, сонда жіберемін», – деген әкемнің сөзін ықыластана тыңдаған Қаныш аға: «Омеке, мен өзім кен өндірісінде жүріп сіздің балаңызды заң оқуына жібер деймін бе? – деп бір күліп алды да, – мамандықтың бәрі де жақсы. Сіз тұрған Жезқазған – кен байлығының таусылмайтын көзі. Осы байлықты халқымыздың игілігіне айналдыруға, молынан өндіруге мамандар жетіспейді. Қазақтан шыққан инженерлер аз, жоқтың қасы. Халқымыз бұл оқудың маңыздылығын әлі толық түсінбей жатыр. Бір жағы, бұл оқуға екінің бірі шыдай да бермейді, сондықтан бұдан қашқақтайды. Әрі қазіргі елдің жағдайы мынау. Оқуды ойлап жүргеннен гөрі күнделікті тамақтың қамын ойлау жағы басым. Өйткені уақыт солай. Бірақ біз әрқашан ертеңді ойлауымыз керек. Соғыс енді әрі кетсе бір жылға жетер-жетпес уақытта бітеді. Герман тек жанталасып жатыр, қарсылық көрсететін қауқары қалмады. Алматының политехының мұғалімдері осындай өндіріс орындарына барып, жастарды оқуға шақырып жүргені өте дұрыс. Сондықтан, Омеке, баланы кен инженерінің оқуына беріңіз», – деді де, маған бірнеше сұрақ берді. Содан соң: «Ал, қалқам, талабың оңғарылсын! Туған жеріңе кен инженері болып орал!» – деген батасын берді. «Маған мамандықты мен емес, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өзі таңдап берген!» Кейде осылайша мақтанатыным да бар. Артық ештеңе қосылмаған өмір шындығы солай!

Уақыттан жылдам ештеңе жоқ. Күні кеше ғана «Кен инженерінің оқуына барғанымыз қалай болады?» деп әкем екеуміз Қаныш ағаның алдында отыр едік, енді, міне, диплом қорғайтын сәт те келіп жетті.

Маған оқу үздігі ретінде диплом қорғауға бірінші болып кіресің деген тапсырма берілген еді. Аудиторияның төрінде өңкей оқымыстылар, басшылар жайғасыпты. Ең төрінде мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы, Қазақ

КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев отырды. Димаш Ахметұлын алғаш көруім ғой. Тұлғалы кісі екен. Отырғанда да қасындағылардан биік көрінеді екен. Мен имене кірдім. Қанша дегенмен, көңілде қобалжу бар.

«Жолдастар, диплом қорғау жұмысын бастаймыз. Студенттерді тыңғылықты тыңдайық. Өйткені олар бұл күнге бес жыл бойы дайындалды ғой», – деген Димекеңнің сөзінің астарында әзіл жатқанын түсінген қасындағы кісілер бір күлісіп алды. Сосын Димекең маған қарап: «Ешқандай қысылма. Бар ойыңды барынша көрсетуге ұмтыл. Бәріміз де жас болғанбыз, қобалжып тұрғаныңды түсінеміз. Аспа да саспа. Ал енді баста», – деген ол кісінің сөзіндегі жылылық жаныма шуақ сепкендей жадырап сала бердім. Әлгі қобалжудың, қысылудың қайда кеткенін қайдам, еркін тұрып, еркін сөйледім. Сөзімді бітірген соң қойылған сұрақтарға да нақтылы жауап қайтардым.

Диплом қорғау біткен соң, бәрімізді аудиторияға қайта жинап, бағамызды айтты. «Диплом қорғауға бірінші болып кірген Ғазиз Омаровтың еңбегі айрықша бағаланды, – деген Димаш Ахметұлы толы көптің алдына шығарып. – Қарағым, оқуды жақсы бітірдің, енді сол білімнің игілігін өзің де көр, еліңе көрсет! Адал жұмыс істеуге ұмтыл. Еңбегің сонда жемісті болады», – деп қолымды қысып, сәттілік тіледі.

Оқу бітірген соң жас мамандарға жолдама бөлінетін үлкен жиын болады. Комиссия мәжілісінде институт директоры менің аспирантурада қалдырылатынымды айтты. Мен бұған келіспедім. Рахмет, алғысымды айтып, өндіріске жіберулерін сұрадым. Ауылға, үйге қайтқым келді. Бірақ институт басшылығы шешімнің қабылданып қойғанын алға тартып, оның қайта қаралмайтынын айтып, менің өтінішімді қабылдамады. Сол сәтте комиссия мәжілісіне қатысып отырған Қаныш Имантайұлы орнынан көтерілді. Ол кісі Ғылым академиясының президенті еді.

«Бізге аспиранттар табылады. Жезқазғандай алып өндіріс білімді инженерлерге зәруліктен көз аша алмай отыр. Мен бұл жігітті өте жақсы білемін. Оқуға дейін де шахтада жұмысістеген азамат. Өзі Жезқазғаннан болса, сол жердің өндірісіне сұранып тұрса, неге жолына көлденең тұрамыз? Жолдастар, бұлай жасауға болмайды.Талабы дұрыс екен. Жіберейік Жезқазғанға», – деді. Әрине, президенттің сөзіне ешкім де қарсы келген жоқ. Сөйтіп, маған Жезқазғанға жолдама берілді. Бұл маған ұлы адамның тарапынан берілген екінші жолдама еді. Алғашқысы маған осы мамандықтың оқуына баруға берген ақыл-кеңесі еді.

*Жазып алған Ақылбек ШАЙХЫ,*
*«Сарыарқа», 18.09.1998*



**_Иван РЕЗНИКОВ_**
*(1912-2004)*

*Кавалер ордена Трудового Красного Знамени. Почетный гражданин г. Сатпаев.*

# «ГОРЖУСЬ, ЧТО БЫЛ СОРАТНИКОМ САТПАЕВА»

Я начал свою трудовую деятельность в годы первой пятилетки. Решил стать геологом, совершенно не представляя себе, что это за профессия. Когда окончил в городе Ташкенте среднюю школу, то один из специалистов-горняков пригласил меня на работу в Жезказган для того, чтобы я поближе познакомился с работой геолога. Приехав в наш меднорудный край, я определился работать на одну из шахт тогдашнего рудоуправления. Проработав под землей около двух месяцев, по совету знакомого горняка решил съездить к моим родителям в Узбекистан за теплой одеждой. Он сказал мне: «Завтра Каныш Имантаевич едет в командировку, он тебя и довезет на попутке до станции Джусалы». До этой станции мы и добрались впоследствии на автомашине.

На следующий день, после разговора со знакомым горняком, подошел к указанному дому, но не успел еще сесть на ступеньку крыльца, как из дома вышел мужчина и сросил меня: «Ты Ваня?» Потом пригласил меня зайти в дом и сесть за стол. Это и был Каныш Имантаевич Сатпаев. Он сказал мне, что надо хорошо покушать, поскольку дорога предстояла трудная и длинная. Когда мы плотно «заправились», то к дому подъехала автомашина. Выйдя на улицу, Каныш Имантаевич сел в кабину автомашины, а я в ее кузов. Отъехав от Карсакпая (мне пришлось туда приехать для того, чтобы впоследствии по железной дороге отправиться в Ташкент) у первого пикета, который назывался

«Дюсембай», машина остановилась. Пригласив меня, Каныш Имантаевич пошел навстречу пикетчику. При встрече с ним Сатпаев подробно расспросил его о семье, о здоровье его, родителей. Всего на длинной трассе было около 20 пикетов. Возле каждого из них были наши остановки и Каныш Имантаевич всегда сердечно беседовал с пикетчиками. Люди, видя его желание узнать о их житье-бытье все, рассказывали Сатпаеву о себе, о своих печалях и радостях, о детях и родителях, о растительном и животном мире, окружавшем их, показывали образцы горных пород.

Каныш Имантаевич не курил, но употреблял насвай. Узнав об этом, люди рекомендовали ему траву, которую сами использовали при приготовлении насвая. И, конечно же, каждый из пикетчиков называл при этом только свой рецепт. После того, как мы отъехали от первого пикета, Каныш Имантаевич пересел в кузов автомашины и начал рассказывать мне о богатствах жезказганской земли, где имеется не только медь, но и золото, марганец, уголь, свинец, железо и другие ценные полезные ископаемые. А когда мы проезжали место, которое почему-то называлось морским дном, Сатпаев сказал, что здесь, возможно, есть нефть и газ. Это его предсказание впоследствии подтвердилось. В дальнейшем Каныш Имантаевич рассказывал о реках, озерах, имеющихся в крае. Он знал название каждого озера и реки, говорил о рыбе, которая в них есть, называл птиц и зверей, обитающих в данной местности. Рассказывал он мне также о местном населении, которое занимается разведением мелкого и крупного рогатого скота. Говорил, что богатства, таящиеся и жезказганской земле, надо как можно быстрее разрабатывать и использовать в народном хозяйстве. А для их освоения надо проложить в степи железную дорогу.

У четвертого пикета мы остановились на ночевку. Хозяин пикета приготовил нам на ужин бесбармак. Я немного поел и Каныш Имантаевич заметив, что меня клонит ко сну, сказал, чтобы я ложился на приготовленную постель. Когда рано утром меня разбудили, то я увидел сидящих Сатпаева и пикетчика. Оказалось, что они за разговорам провели всю ночь.

Прибыв на станцию Джусалы, К.И. Сатпаев купил мне билет на поезд до Ташкента. Первое намерение мое было не возвращаться назад, но в пути я еще раз все обдумал и твердо решил связать свою судьбу с Жезказганом... Для успешного ведения разведочных работ необходимо знать происхождение месторождения. Поэтому Каныш Имантаевич нам, геологам и маркшейдерам, давал указания производить зарисовки всех изменений при проходке горных выработок, а также собирать интересные образцы пород. Эти образцы обрабатывала в основном супруга Сатпаева – Таисия Алексеевна. Она часто звонила мне, узнавала, где и на какой глубине был найден тот или иной образец породы. У меня была хорошая зрительная память и я быстро отвечал на ее вопросы, не пользуясь записями в журнале.

Коллектив геологов испытывал трудности в материальном и финансовом снабжении. Каныш Имантаевич часто бывал по этим вопросам в Москве. После каждой поездки он встречался с нами в отделе и в непринужденной, товарищеской обстановке рассказывал, где и с кем он встречался и с какими трудностями были решены положительно нужды коллектива. Каныш Имантаевич всегда требовал от нас бережного отношения к разведанным запасам полезных ископаемых и просил производить их добычу без потерь. Несмотря на определенные трудности, но разведанным запасам меди Жезказган занял первое место в Союзе ССР в первой пятилетке. В последующие годы Каныш Имантаевич доказал необходимость строительства Большого Жезказгана.

Однажды, после решения вопроса о строительстве Большого Жезказгана, позвонил мне Каныш Имантаевич и попросил не спускаться в шахту до его прибытия. Когда Сатпаев приехал, то сказал: «Ваня, собирайся, возьми инструмент. Поедем выбирать место для плотины под водохранилище». Нами и был сделан профиль той местности, где сейчас находится Кенгирское водохранилище. Я неоднократно участвовал в подсчете запасов полезных ископаемых, которые таила в себе жезказганская земля. При этом Каныш Имантаевич сам порой нередко работал до двух часов ночи, а нас всегда просил не задерживаться. Он часто приносил из дома чай и пил его вместе с нами. В годы становления и развития рудника Жезказган руду добывали рабочие в основном из числа местного населения. Многие из них не владели русским языком. В связи с этим на рабочих собраниях присутствовали переводчики. Но когда на собраниях находился К.И. Сатпаева, то рабочие просили переводить его.

В 1939 году Каныш Имантаевич сказал, что нам необходимо определить примерную площадь марганцевого месторождения в Жезды и поручил выполнить эту работу геологам А.В. Кузнецову, П.В. Прокопьеву и мне. Во время исследований месторождения к нам часто приезжал К.И. Сатпаев, давал советы, вносил коррективы в нашу работу. В этой местности в летнее время находилось много колхозников и, когда к нам приезжал Каныш Сатпаев, то они в торсуках приносили кумыс и с нами вечерами проводили время в непринужденных беседах. После завершения изысканий Жездинского месторождения приехал представитель из Москвы. В разговоре с нами он высказал свое удивление, что мы живем в такой местности, а Каныш Имантаевич на это ответил ему, что ему нравится степной простор и что в местах, где есть лес, ему тяжело жить и работать. За годы Великой Отечественной войны из Жездинского марганца была выплавлена броня многих танков, с помощью которых воины приблизили победу над врагом.

В 30-е годы в пионерских лагерях жильем для детей служили в основном юрты. Когда геологи получили палатки для полевых работ, я обратился к Канышу Имантаевичу, чтобы он дал согласие на выделение этих палаток пионерскому лагерю. К. Сатпаев собрал по этому поводу коллектив, сообщил им об этом. Вопрос был решен положительно.

Комсомольцы рудоуправления часто бывали в Карсакпае и давали концерты художественной самодеятельности. На этих концертах всегда присутствовал К.И. Сатпаев. Будучи секретарем комсомольской организации, я продолжал вечерами принимать участие в подсчетах запасов полезных ископаемых. Когда Сатпаев узнал об этом, то поинтересовался, не желаю ли я возвратиться на прежнюю работу – маркшейдером. Я дал согласие. После этого он договорился с руководством райкома комсомола и меня освободили от обязанностей комсомольского вожака рудоуправления. В конце 1939 года меня решили направить на курсы повышения квалификации по маркшейдерскому делу, которая действовали при одном из алма-атинских институтов. Тогда на подобные курсы было неимоверно трудно попасть. И только благодаря помощи Каныша Имантаевича я все-таки был направлен на них.

Вспоминается и такой эпизод, произошедший после Великой Отечественной войны. Как-то, мы, соратники К.И. Сатпаева, собрались на квартире главного инженера геологической партии С.Ш.Сейфуллина, как говорится, в семейном кругу. За столом Каныш Имантаевич говорил о том, что для восстановления народного хозяйства страны, разрушенного войной, необходимо резко увеличить добычу меди. А для этого надо строить новые шахты. Вероятно, тогда и родилась у Каныша Имантаевича идея создания шахт-гигантов, с помощью которых более объемно можно будет отрабатывать все разведанные запасы медной руды. Так, в начале 50-х годов в нашем крае приступили к сооружению шахт-гигантов. Но сроки строительства шахт, жилья, объектов соцкультбыта на Никольском (ныне Сатпаевском) массиве срывались из-за объективных причин. Я тогда уже был парторгом рудоуправления и мне приходилось часто бывать по этому поводу в ЦК Компартии Казахстана. Однако положительных сдвигов в этом деле мне так и не удавалось добиться. Однажды вечером я пришел домой к Канышу Имантаевичу и рассказал о своих мытарствах, а также о том, что я должен отправиться в Москву на семинар парторгов. Каныш Имантаевич по-отечески растолковал мне, что я должен предпринять, посоветовал не стесняться при встречах с руководителями государства и в беседах с ними, действовать энергично, всячески защищать строительство Большого Жезказгана. После семинара я встретился с одним из секретарей ЦК КПСС, был у Министра Минцветмета и Министра строительства СССР. Последний вскоре побывал в Жезказгане и оказал практическую помощь в

ускорении строительства вышеназванных объектов. О результатах поездки на семинар в Москву я сообщил К.И. Сатпаеву, за что он меня поблагодарил. В 1956 году наш край уже смог принять сотни молодых посланцев со всех концов страны, которые приехали строить шахты-гиганты, жилье, объекты соцкультбыта. Так и было положено начало Большому Жезказгану.

В 1949 году я с супругой и еще несколькими жезказганцами были приглашены президиумом Академии наук республики на торжественное заседание, посвященное 50-летию со дня рождения К. Сатпаева. За нами тогда был прислан специальный самолет, так как рейсового сообщения между Жезказганом и Алматы в ту пору не было. После официальной части Каныш Имантаевич пригласил всех жезказганцев к себе в гости. Канеке имел отличный музыкальный слух, играл на домбре, а мы хором пели песни. Вспомнил он и о концертах художественной самодеятельности, которые организовывали комсомольцы в Карсакпае в 30-е годы. Наши жены поинтересовались у Т.А. Сатпаевой: «Много ли зарабатывает сейчас Каныш Имантаевич?». На что она ответила: «Домой он приносит деньги как и раньше, потому что многим студентам, другим людям оказывает материальную помощь. Всем, кто к нему обращается, он старается помочь. А так на жизнь нам хватает...» Действительно К.И. Сатпаев всегда стремился помочь людям...

...Я был на похоронах К.И. Сатпаева. Когда мы, геологи, горняки Жезказгана стояли в почетном карауле у гроба, то я видел у всех проходивших мимо людей на глазах слезы... Светлая память о Каныше Имантаевиче Сатпаеве навсегда останется в моем сердце. Я глубоко благодарен ему за то, что он дал мне путевку в жизнь.

*Записал Вячеслав ЩЕГЛОВ,*
*«Сарыарка» (ныне «Шарайна»), 10.04.1993*



*Обсуждение открытия Академии наук КазССР. 1946 год*

*«Каныш Имантаевич Сатпаев принадлежал к плеяде замечательных геологов нашей страны, являлся одним из наиболее выдающихся ученых в области геологии. Он внес громадный вклад в развитие геологической теории, и его исследования привели к открытию богатейших природных ресурсов Казахстана.*

*Громадные заслуги принадлежат Канышу Имантаевичу Сатпаеву в области организации науки в Казахстане. На протяжении многих лет он являлся президентом Академии наук и создал крупный научный центр, содействовал развитию многих отраслей науки. Каныш Имантаевич играл большую роль и развитии науки всей нашей страны».*

***Мстислав Всеволодович Келдыш,***
*академик, Президент Академии наук СССР (1961-1975),*
*трижды Герой Социалистического Труда,*
*лауреат Ленинской премии*



***Мәкен ТӨРЕГЕЛДИН***
*(1923-2006)*

*Партия, кеңес қызметкері, қоғам қайраткері. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1939-1942 жылдары Қарсақбай мыс қорыту зауытында жұмысшы болды. 1946-1985 жылдары мектепте, шаруашылықтарда, комсомол, партия, кеңес органдарында басшылық қызметтер атқарды. Жезді кентіндегі Тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының ұйымдастырушысы әрі тұңғыш директоры.*

*Жезді, Ұлытау аудандарының және Түркістан қаласының Құрметті азаматы.*

# ӨМІРДЕГІ ҰСТАЗЫМ

Институтты жаңадан бітірген инженер-геолог Қ.И. Сәтбаев І926 жылы «Атбасцветмет» тресіне жұмысқа орналасады. Осы жылдың күзінде Қарсақбайға келіп, ағылшындардан қалған геологиялық архив пен бұл өлкенің қазба байлықтары жөніндегі болжамдарды мұқият оқып, зерттей келіп, Жезқазған-Ұлытау аймағына кең көлемді, комплексті геологиялық зерттеу жүргізу, игерудің қажеттігіне көз жеткізеді.

Ұлы ғалым Қарсақбай, Жезқазғанның тағдыры үшін өмірінің ең мағыналы кезеңін күреспен, тартыспен өткізді десе де болғандай. Ол күндіз-түні дала кезіп жүріп, бір ғана мақсатты – табиғаттың өзі ерекше жомарттықпен жаратқан өлкенің байлығын халықтың игілігіне жаратуды көздеді. «Жезқазғаннан алыс орталықта, геологиялық комитетте отырған, көпті көрген маман-кеңесшілер оның жазбаларымен, өтініш-талаптарымен таныса келе амалсыз бастарын шайқасты: «Неткен қиялшыл! Жас қой, арыны қаншаға барар дейсің!..» Бірақ мыс рудасының көздері үздіксіз көбейе берді. 1931 жылдың аяғына таман

Жезқазған кен көзі еліміз бойынша бірінші орынға шықты», – деп еске түсіреді жазушы В.М. Понизовский.

Мыспен қатар, темір мен марганец, сұрғылт колчедан, көмір мен алтын, қорғасын мен асбест те табылды. Қ.И. Сәтбаев өзінің көзі жетіп, қолға алған ісін аяқтамай тынбайтындығын дәлелдеді. Жезқазған секілді бірегей кен қоймасының табиғатта сирек кездесетініне қазір ешкім күмән келтіре алмайды. Ұлы ғалымның әріптесі әрі досы В.И. Штифанов Қанекең жайлы ерекше ілтипатпен еске алып, оның Қазақстан ғылымындағы үш іргелі еңбегін атайды: біріншісі – Қазақ Ғылым академиясы, екіншісі – Жезқазған, үшіншісі – геологиялық-барлау экспедициясы.

Қ.И. Сәтбаевтың артында қалған осынау үлкен істердің іргетасы Казақстан түсті металлургиясының қара шаңырағы Қарсақбайда 1926-1941 жылдар аралығында Қанекең тұрған қарапайым да қасиетті шаңырақта қаланды. Екі пәтерлі үйдің бір басында сол кездерде Қарсақбай мемлекеттік мыс балқыту комбинатының бас геологы Қаныш Имантайұлы басқарған геологиялық-барлау кеңсесі (конторы) орналасқан болатын. Бір сөзбен айтқанда, бұл үй Қанекең іргесін қалаған геология ғылымының ең алғашқы лабораториясы болды десек, артық айтқандық емес.

1930 жылдары Үлкен Жезқазғанның, 1942 жылы Жезді марганец руднигінің тағдырын шешкен, мыс дариясының көзін ашуға негіз қалаған алғашқы болжамдар мен жобалар, жоспарлар осы үйдегі Қанекеңнің жұмыс кабинетінде, кісі құлашы жетпейтін үлкен жазу столында шешілді. Табиғатынан көпшіл, асқан мәдениетті, ғылымның сан саласынан ұшан-теңіз білімді Қанекеңнің шаңырағында кімдер бас қоспады дейсіз. Жасөспірім баладан ауылдың ақсақалдарына, белгілі қайраткерлерге дейін бұл үйдің табалдырығында өшпес ізін қалдырған. Ғылым әлемінде белгілі тұлға, академик И. Бардин, геолог-ғалым, тамаша саяхатшы И. Яговкин, Қоңырат кенішін ашқан М. Русаковтар да Қанекеңнің үйінде болған.

С. Мұқановтың «Есею жылдары» кітабында Қарсақбай және оның адамдарына, тікелей Қанекеңе арналған үлкен бөлім бар.

Сәбең 1928 жылы Қарсақбайға келіп, Қаныш Имантайұлының жанында бір айдай болып, ел аралайды. Кейіннен өзінің кітабында Қаныш туралы ойға түйгендерін тамаша суреттейді. Әсіресе, жазушының ең құнды бір пікірі есте қалыпты. «Қоштасарда, – деп жазады С. Мұқанов, – Қазақстанның жер астындағы бар байлығы осы кісінің басында сияқты көрініп кетті. Расында да солай еді».

Өмірде мәңгілік естен кетпейтін, тіпті бүкіл тағдырыңа тірек боларлық сәт, кезеңдер болады. Бұғанам қатпай еңбекке араласқан мені ең алғаш қанатының астына алған Қанекең еді. Осы бір ғажайып тұлғаның тәлім-тәрбиесі бүкіл

ғұмырыма сабақ болып қалды. Сондықтан да мен оны өзімнің ең бірінші ұстазым (әрине, өмірдегі) санаймын.

1939 жылы қазан айының басында Қарсақбайдағы Қ.И. Сәтбасв басқаратын геологиялық-барлау конторының табалдырығын аттадым. Қанекеңнің жұмыс кабинетінің есігін жүрексіне ашып, кібіртіктеп тұрып қалдым. Ағылшындар заманынан қалған үлкен екі қара тумбалы столдың басында аса келбетті, тіпті өте сымбатты, жұқалтаң, ашық өңді, кең маңдайлы, бұйралау қара шашты, бітімі келісті кісі отыр екен. Стол үстін толық жауып жатқан геологиялық картадан басын көтергенде жылы шырай, мейірімді жанар қарсы алды. Арт жағында, қабырғада да үлкен геологиялық карта ілулі тұр. Аты-жөнімді, келген шаруамды сұрады. Жұмысқа орналасқым келетіндігін айттым.

– Оқу оқығаның дұрыс қой. Сабағыңды тастама, – деді.

Үйдегі бас көтерер ер-азамат көкем (әкем) Төрегелдінің қайтыс болғанын, менен басқа жұмыс істейтін адам жоқ екенін айттым. Біраз ойланып отырды да:

– Ыңғайлы жұмыс таппасаң, бір жетіден кейін келе ғой, – деді.

Шынымды айтсам, еш жерден жұмыс іздегенім жоқ. Қанекеңнің сырт тұлғасындағы ғана емес, жан дүниесіндегі ерекше жылылық, адамды өзіне тартатын бауырмалдық, үлкен-кішіге бірдей кішіпейілділік қатты әсер етті. Осы бір жанды сурет менің жүрегімде мәңгілікке қалып қойды. Арызымды жазып, бір апта өткен соң қайтадан келдім. Жылыұшырай сәлемдесті де, қолымдағы арызымды алып:

– Өзің жаздың ба? – деді сәл жымиып.

– Иә, – дедім.

Сол кезде Прокопьев деген кісі орынбасары болатын, шақырып алды да, мені нұсқап:

– Өзіңе апар. Арызын қайталап жазсын, – деді.

Арызымды әдемілеп қайта жазып әкеліп, Қанекеңе ұсындым. Бір парақ қағазды алып асықпай оқыды да, ойлы кейіппен салмақтай сөйледі:

– Мен саған мынадай талаптар қоямын: біріншіден – оқуыңды үзбейсің; екіншіден – кешкі мектепке ауысасың; сабақтан қалушылық болмасын; үшіншіден – тоқсан сайын табеліңді көрсетіп отырасың. Үлгеріміңді өзім қадағалаймын.

Солай болды да.

Уақытпен санаспай дала кезіп жүретін геологтардың, кен барлаушылардың жұмысы оңай емес еді. 1940 жылдың мамыр айында комбинаттың кәсіподақ комитетінде істейтін Машинская деген әйелмен келісіп: «Буыны әлі қатқан жоқ қой», – деп мені Ұлытау бауырындағы демалыс үйіне жіберді.

Қанекең басқарған барлау конторындағы негізгі жұмысым – қатардағы жұмыскер. Қыс айларында лабораторияда пробаларды анализге дайындаймын

(лаборанттың үйренушісімін). Жас шыға дала жұмыстарында мамандардың қарамағында істеймін. Коллектордың үйренушісі деген әжептәуір қызметім бар.

Дорба-дорба ауыр пробаларды арқалап, тапсырған шаруаны тез әрі тап-тұйнақтай орындаймын. Қанекең мені өзімсініп «ұзынсирақ» деп атайтын.

Бір күні Қанекең құба жолда, далада кездесіп қалды. Арқамдағы зілдей рюкзакты көрді де:

– Арқалап келе жатқаның не нәрсе? – деп сұрады.

Қапелімде «пробалар ғой» дегеннен басқа мардымды ештеңе айта алмадым. Қайран Қанекең мамандарға қатты ренжіді. Саид Сейфуллин, Федор Пастухов, Лев Левинге: «Бұл сендерге күш көлік емес, адам! Неге жастарға үйретпейсіңдер?!» – деді. Осыдан кейін менің өмірімде, жалпы буыны қатпаған жастарға көзқараста күрт өзгерістер болды. Атқарып жүрген жұмысымның маңыздылығын, әр түйір таста, егер үңіле білсең, құпия, тіпті қазына барын түсіне бастадым. Қанекеңнің жастарға деген қамқорлығы ерекше еді ғой.

Қанекеңмен соңғы кездесуім, сондағы айтқан үлкендік ұлағаты әлі есімде.

Қанекең Алматыға қызмет ауыстырып, көшуге дайындалып жатқан кез. Бұл уақытта кен барлау конторының ортан қолдай жұмыскерімін. Геология бөлімінде Қанекеңмен қоштасу салтанаты ұйымдастырылды. Дастарханға мені де шақыртыпты. Қанекең мені оң жағына жайғастырды. Ерекше бір көңілді әрі қимас сәттер еді. Дастарханға түрлі шарап, сусындар келді. Үлкендер жағы: «Бұл бала емес, азамат болды», – деп мені қажай бастады. Қанекең ерекше бір адамдарын қимағандай толқу үстінде болды.

– Ішпеу керек деуге де болады. Өйткені бойды үйрететін нәрсе емес. Іш деуге де болады, енді қашан кездесеміз? – деді ол.

Қазір ойлаймын, Қанекең қандай көреген адам болған?! Шындығында да, одан кейін заман алай-түлей болды. 22 маусымда қырғын соғыс басталды. Мұздай қару асынып, өңкей өрімдей жас майданға аттандық.

Қ.И. Сәтбаевпен Қарсақбай, Жезді, Жезқазғанның қоштасуын Иосиф Николаевич Богданчиков кейін былайша әңгімелейді:

«1941 жыл. Маусым айы. Қаныш Алматыға қызметке шақырылды. Кен барлау конторасының коллективі Қанекеңді жаңа жұмыс орнына құрмет көрсетіп шығарып салды. Қоштасу сәтінде Қанекеңнің қалай толқығаны көз алдымда. Көзіне жас алып тұрып:

– Сендер менің мәңгі есімде боласыңдар. Алматыға келсеңдер, есігім ашық, соқпай кетпеңдер, Жезқазған қашанда назарымда болады, – деді».

Ол бізді, біз Қанекеңді қимадық. Ол өзі ғашық болып, қазынасын ашқан кенді өлкеге даналықтың, даралықтың, тектіліктің дәнін сеуіп кетті. Сәл ғана нәрсеге көңіл бөліп, мән беретін ұлағаттылығының өзі үлкен тәрбие еді. Қарсақбай

комбинатында еңбек еткен белгілі металлург Мұзафар Жүсіпов Қанекеңнің ерекше қасиеттері жайлы былай дейді:

«Бірде Жарық станциясынан Қанекең басқаратын кен барлау конторының Ахмет деген жүк тасушысын қездестірдім.

– Конторға жеткізетін осы станцияда біраз жүк тұр. Бірақ қалтамдағы ақшам түгесіліп, не істерімді білмей тұрмын, – деді ол. 200 сом ақша бердім. Хабарын Қанекеңе жеткіздім.

Бір күні маған Қанекең келіп кетсін депті. Бардым. Өте риза болған кейіппен маған 200 сом ақша берді.

– Есеп қызметкерлерінің кінәсінен біршама кешіктірдім. Ренжімеңіз, – деп үлкен басымен кешірім сұрап жатыр!»

Бір ғана Мұзафар емес, Қанекеңді бір көрген үлкен-кіші оның азаматтық бейнесін жүректе сақтап қалады. Сондықтан Қанекеңнің біздің ортамызда өткен 15 жыл ғұмыры жайлы әңгіме халықтың өзімен бірге жасайтын, ешқашан үзілмейтін әдемі ән секілді, еске түссе жан дүниеңді тербейді.

– Біздің әкей қысылтаяң кезеңдерде талай ірі тұлғаларға, олардың туған-туыстарына қамқор болды, – деп еске алады Қаниса Қанышқызы Сәтбаева мұражай қорында сақтаулы тұрған үнтаспаға түсірілген естелігінде. – Қарсақбайдағы біздің үй талай адамдарға пана болды. Әлі есімде, Әлихан Бөкейхановтың баласы Үкітай да біздің қолымызда тұрды. Біз оны Сергей Алиханович дейтінбіз.

Иә, ғалымның ұлы еңбектері дүниеге келген киелі шаңырақ көптеген зиялы тұлғалардың рухани ордасы еді. Жезқазған-Ұлытау өңірінің арғы-бергі тарихын да жинақтап, мол мұра қалдырған Қ.И. Сәтбаевтың тағылымды әңгімелерін сүйсіне тыңдағандар аз болмағаны ақиқат.

1969 жылы апрель айында Қ.И. Сәтбасвтың туғанына 70 жыл толу салтанатына орай Қарсақбайда ғалымның мұражай-үйі ашылды.

Қарсақбай халқы бұған дейін де өздерінің үлкен шаңырағы санайтын Қанекеңнің 15 жыл тұрған үйі осылайша мұражайға айналды. Бұл – халықтың ерекше құрмет тұтқан біртуар азаматына деген ілтипаты, қалтқысыз сүйіспеншілігінің белгісі болатын. Осы шаңырақтың астында ғалымның жұбайы Таисия Алексеевнамен отбасының бақытты күндері өткен. Қ.И. Сәтбаевтың жеке архивінен алынған деректі материалдар – мұражай қорының ең басты байлығы саналады. Олардың көпшілігі – түпнұсқа және қайталанбайтын құндылықтар.

Мұражай экспозициясында негізінен Қ.И. Сәтбаевтың өмірі мен қызметін жан-жақты көрсететін, өлкенің өндіріс тарихын сипаттайтын деректі материалдар, қолжазба құжаттар, минералдар, ғалымның өзінің еңбектері, ол жайлы әдебиеттер мен басылым материалдары, Қанекеңмен қызметтес болған

азаматтар жайлы деректер жинақталған. Кішігірім 6 залды қамтитын мұражай экспонаттары құндылығы, мазмұны жағынан ерекше бағалы. Қанекеңнің киім-кешектері, күнделікті қолданған, тұтынған заттарына дейін сол қалпында сақталған. Алғаш көргенде бұл заттардың иесі өмірде бар, ортамызда жүрген адамдай, қазір кіріп келетіндей әсерде боласың. Қанекең өз қолымен отырғызған көшеттердің саялы баққа айналғанын көргенде ғана арада жарты ғасырдан астам уақыт өткенін мойындайсың.

*«Мысты өңір»,*
*04.01.2002*



***Қойшыбек ТОҚТАМЫСҰЛЫ***
*(1920-2018)*

*Соғыс және еңбек ардагері. 1949-1952 жылдары – Жезқазған мыс қорыту комбинаты комсомол ұйымының хатшысы, 1952-1954 жылдары – Қарсақбай аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1954 жылдан зейнеткерлікке шыққан дейін №1 кәсіптік-техникалық училище директоры, біріккен кәсіподақ комитетінің төрағасы және «Қазмысқұрылыс» тресі тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығының бастығы қызметтерін атқарды. Көптеген жылдар бойы Сәтбаев қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болды. Бірнеше кітаптың авторы. Сәтбаев қаласының және Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.*

# АЛЫППЕН КЕЗДЕСКЕН КҮН

Қазақ біткен «Қанағаң» деп атап кеткен Қаныш Имантайұлы Сәтбаев секілді ұлы тұлғамен қоян-қолтық араласып жүрмесем де, осынау алып адамның қолын алып, көзін көргеніме өзімді шын бақытты сезінемін. Үлкен жүрек иесі, ғаламат ғалым адаммен ең алғаш кездескенім әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді.

Зымыран уақыт-ай десеңізші! Содан бері де қырық жылдан астам уақыт өтіп кетіпті ғой.

Бұл 1951 жылдың жадыраған жаз айы еді. Мен сол кезде Жезқазған мыс қорыту комбинаты комсомол ұйымының хатшысы болатынмын. Сол жылғы маусым айында Қазақстан Ленин комсомолының V съезі өтіп, бір топ жезқазғандықтармен бірге мен де съезге делегат болып қатыстым. Менің Қаныш ағаны алғаш көруім сол съезд күндерінде болды.

Бір үзіліс сәтінде біз, делегаттар, ойда жоқта көрініп қалған Қанағаңды ортаға алдық. Үлкенге үйірсек келетін әдеті емес пе жастардың, біз де ағамыздың қолын алып қалуға ұмтылдық. Ол кісі де керемет бір жылылықпен бізді өзіне тарта түсті. Мен де шыдамай, қолын ала беріп: «Жезқазғаннанмын, аға», – деппін. «Ә, жарайсың, жігітім! Атың кім болады?» – деп ол кісі маған тіпті мейірлене қарағандай болды.

Атағы аспандап, дүрілдеп тұрған алып адаммен ауызба-ауыз тілдесем деп бұрын-соңды ойлаппын ба, басыма қапелімде келіп қонған бақыттан асып-сасып қалсам керек, атымды айтудың орнына: «Тоқтамысов», – деппін. Ол кісі жылы жымиып күлді. Табиғат ұлылыққа арнап жаратқандай ұлы адамның сол сәттегі асқақ қалпы мәңгілікке жадымда жатталып қалды.

Кейін Жезқазғанға жолы түскенде алыстан бір-екі рет көргенім болмаса, жақын барып сәлемдесудің, сөйлесудің сәті түспеді.

Қ. Сәтбаев есімін мақтан тұтпайтын, қадірлемейтін қазақ баласы болмаса керек.

1990 жылдың 22 қыркүйегінде қаламызға Қанағаң есімі берілді. Бұл – ғалым есіміне көрсетілген терең құрметтің белгісі. Ендігі біздің мойнымыздағы міндет – қаламызда Қаныш ағаның ескерткішін орнату. Бұл орайда да қол жайып, құралақан отырған жоқпыз. Ғалым ескерткішінің жобасы әзірленіп, дайындалу үстінде. Алла жазса, бірер жылдың көлемінде Қанағаның қола мүсіні қаламыздың төрінен орын алып та қалар.

Қаныш аға секілді біртуар азаматқа қандай құрмет көрсетсек те ешқашан артықтық етпейді. Өйткені Қаныш Сәтбаев – халқымыздың мәңгілік мақтанышы ғой.

*«Сарыарка» (қазіргі «Шарайна»),*
*09.04.1994*



*Федор ПАСТУХОВ*

# КОМАНДИРОВКА В АЛМА-АТУ

Во второй половине мая 1941 годо стало известно, что Каныш Имантаевич переводится директором Казахстанского филиала Академии наук в город Алма-Ату... Такая новость никого из коллектива геолого-разведчиков не радовала. Каныш Имантаевич избрал на свой пост молодого инженера-геолога В.И. Штифанова. Числа десятого июня приехали ко мне. Мы встретились со Штифановым как старые знакомые. Каныш Имантаевич сказал: «Когда-то Василий Иванович был в твоем отряде на практике, а теперь он будет твоим начальником».

Весь коллектив геолого-разведчиков как в Карсакпае, так и в буровой партии рудника во главе с цеховым комитетом, а также парторганизацией готовились к проведению торжественных проводов Каныша Имантаевича. Было общее решение организовать проводы на марганцевом месторождении реки Джезды. Ко мне приехали председателъ разведкома и парторг С.А. Рожнов. Вместе с ним я и Темирбаев Халык подобрали место расположение проводов на обширной, ровной зеленой долине поймы реки Джезды. Проводы назначены на 21 июня 1941 года. Меня попросили, чтобы я сделал на месте некоторую подготовку и уехали.

Об отъезде Каныша Имантаевича в Алма-Ату стало известно не только жителям Карсакпая и рудника, но в ближайших колхозах. В подготовке большую организаторскую работу проделал старший буровой мастер Халык Темирбаев. Утром 21 июня из ближайших колхозов было привезено несколько хороших юрт. Юрты были поставлены полукругом, на ровной зеленой траве, возле реки. В двух средних юртах для почетных гостей были разосланы ковры. В условленное время к 12 часам дня стали подходить машины с народом. На эти про-

воды также приехали не мало людей руководящих работников Карсакпайского завода, а также с рудоуправления.

Они также приехали не с пустыми чемоданами. Кроме того, не мало было представителей из местных колхозов. Они привезли много кумыса и мяса. На задней стороне юрт стояло на костре несколько казанов, в которых варилось мясо. Перед обедом состоялось собрание в виде митинга. Многие выступили и много говорилось хороших, добрых слов в адрес Каныша Имантаевича. Затем вступил сам Каныш Имантаевич. Он кратко изложил, что было сделано за эти годы, а также что еще предстоит сделать. Он также сказал о том, как нелегко приходилось создавать такой дружный и трудолюбивый коллектив геологов-разведчиков и вот приходится так трудно с этим коллективом раставаться.

Затем все были приглашены на обед. В юрты все не вмещались. Народу было очень много. На зеленой траве были разложены скатерти. На столах был вкусно приготовлено мясо (бесбармак), а также разные вина. Обед проходил довольно весело и дружно. По окончании обеда были организованы игры, затем была борьба. Темирбаев Халык принес длинную толстую веревку. За концы веревки брались по десять человек мужчин. На середину верөвки привязывали бутылку вина и кто эту бутылку перетянет за свою черту, тот её получает как приз.

При этом много было шуму и смеху. Я не могу описать, что там было на этом гулянии, которое было замечательно организовано в честь Каныша Имантаевича и продолжалось до позднего вечера. Уже на закате солнца стали разьезжаться по домам. Я вместе с Канышем Имантаевичем выехал в Карсакпай, чтобы на следующий день помочь погрузить его домашние вещи в машины.

22 июня я подошел к конторе рано утром. Возле конторы собралась группа людей. Некоторые вели разговор о событиях вчерашнего дня. Из конторы выбегает девушка и кричат нам: «Идите, быстрее, послушайте что говорит Молотов. Мы прошли к радиорупору, повторили второй раз. Понятно: «Война».

Подходит к нам Каныш Имантаевич, лицо у него было довольно мрачное, озабоченное. Он не поздоровавшись с нами, сказал: «Ну что ж, ребятки, вы все конечно уже слышали, новость довольно неприятная для всего нашего народа. С сегодняшнего дня придется перестраивать промышленность на военный лад, на нужды оборони, на нужды нашей армии. Давайте будем по»немножку вытаскивать и грузить в машины». Когда все было погружено, мы все собрались возле конторы и нас сфотографировали. Многие женщины и девушки плакали. Каныш Имантаевич уговаривал свою жену, Таисию Алексеевну, чтобы она перестала плакать и не расстраивалась. Машины тронулись и мы все пошли вслед, пока они не скрылись из виду.

С отъездом Каныша Имантаевича как будто началась другая жизнь, какая-то скучная и мрачная. В действительности это так и было, потому что началась война.

Я вернулся на свой участок и продолжал работать по разведке марганцевых руд. Все геолого-разведочные работы стали производиться под руководством В.И. Штифанова.

Василий Иванович это человек довольно упрямого характера, он не любил, когда ему в чем нибудь возражали. К техническому персоналу, а также к рабочим был достаточно отзывчивым и внимательным. Никогда не позволял себе в чем нибудь обвинять и ругать руководящего работника в присутствии его подчиненных. Если у рабочего было какое-нибудь радостное событие и пригласили его к себе в гости, то он также не позволял себе отказываться от приглашения. Таким поведением в руководстве, а также внимательным отношением к рабочим, он привлек к себе уважение всего коллектива геолого-разведчиков.Нет сомнений в том, что все эти положительные качества он принял от Каныша Имантаевича Сатпаева.

В летнее время 1941 года началась спешная работа по добыче марганца. Прибыло много новых грузовых автомашин. Марганцевую руду грузили в автомашины и отправляли на железнодорожную станцию рудника, где перегружали в вагоны. На обратном пути доставляли строительные материалы и строили жилые дома. Также спешно к добыче марганца прокладывалась железная дорога.

В октябре 1942 года мы с Саидом Сейфуллиным выехали в Алма-Ату на утверждение разведочных запасов марганцевых руд, а также по некоторым другим делам. По прибытии в Алма-Ату Сейфуллин с чемоданом поехал прямо к К.И. Сатпаеву, а я в трест «Казцветметразведка», чтобы передать некоторые бумаги от В.И. Штифанова. Кроме того меня там попросили расписаться как начальника отряда, в материалах утвержденных запасов угля по месторождению Киякты.

Покончив в тресте с делами, я поехал в институт геологических наук к К.И. Сатпаеву. В приемной, где сидел секретарь, сидели трое представительных мужчин. Я спросил у секретаря: «Можно ли войти к Сатпаеву?». Женщина секретарь ответила: «Нет. Вот люди сидят в ожидании приема». Затем она спросила: «Откуда Вы?» Я ответил, что из Джезказгана. Тогда она сказала: «Если вы из Джезказгана, тогда проходите».

У Каныша Имантаевича в кабинете было двое солидных мужчин. Когда я вошел в его обширный кабинет, Каныш Имантаевич увидел меня, встал из за стола и пошел ко мне на встречу. Мне несколько это был неудобно, что я покраснел. Он обнял меня, похлопал по плечу, затем провел меня из кабинета в



21.06.1941. Проводы К.И. Сатпаева в г. Алматы

боковые двери, в свою рабочую комнату и сказал, чтобы я посидел, отдохнул, пока он освободится.

Рабочая комната была довольно просторная. Там стояли сомкнутые два стола. На столах были разложены какие-то карты и планы. Около стены на стуле лежал наш чемодан с графическими материалами. Время подходило уже к вечеру. Я пробыл в его рабочей комнате около часа. Увлекся некоторыми книгами, так что время для меня прошло незаметно. Зашел Каныш Имантаевич и говорит мне: «Ну что, Федюша, ты вероятно устал в этой поездке. Пришел ко мне Саид Нагинович, вижу, что у него усталый вид, и я его отправил к себе на квартиру, чтобы немного отдохнул, а чемодан оставил здесь, завтра посмотрим, что вы тут привезли. Идем ко мне, там Таисия Алексеевна вероятно нас ждет».

В квартире нас встретила Таисия Алексеевна и старшая дочь Ханиса. За обедом больше всех спрашивала Таисия Алексеевна. «Кто и как живет, как идут дела, как работа?» и т.д.

На все вопросы мне пришлось отвечать. За обедом мы обо всем поговорили, распили бутылку водки и хорошо подзакусили. Время было довольно позднее и мы решили спать.

На утро был приготовлен хороший завтрак. Мы хорошо закусили и пошли в институт. В рабочей комнате на столах разложили графические материалы подсчета запасов марганцевых руд. Каныш Имантаевич долгое время все внимательно просматривал и сказал: «Подсчет запасов вами произведен неправильно. Вот здесь, где довольно редкая сеть буровых скважин, следовало подсчитать отдельно по характерам «В» как запасы, имеющие перспективное значение. А для того, чтобы эти запасы имели перспективное значение, для этого нужно пробурить несколько промежуточных скважин. А вы все это обобщали и посчитали по категории «А», как запасы промышленного значения. Тебе, Саид Нашимович, следовало знать».

Кроме этого были еще некоторые ошибки. Каныш Имантаевич предложил нам все это переделать и пересчитать. Сейфуллин оказался в довольно неприятном положении. По видимому, он впервые допустил такую грубую ошибку и ему не раз пришлось покраснеть. Я чувствовал себя в этом отношении как бы в стороне, так как подсчет запасов по марганцевому месторождению возглавлял С. Сейфуллин. Нам пришлось многие профильные разрезы по скважинам переделыватъ и производить подсчет запасов марганца отдельно по категориям «А» и «В». Работа эта для нас была нелегкой. Мы перечерчивали разрезы, крутили арифмометры. Эта работа у нас затянулась до двух месяцев. Занимались мы в рабочем кабинете Каныша Имантаевича. В свободное время он к нам заходил, контролировал нашу работу и кое-что подсказывал.

Это время я жил в гостинице треста «Казцветметразведка», а Сейфуллин где-то у своих близких знакомых. На обед я ходил в ресторан, где специально были отведенные столы для командировочных. Каныш Имантаевич нас часто приглашал к себе на обед или ужин. Нам было неудобно часто быть у него в гостях и мы отказывались, ссылаясь на то, что уже пообедали. Мы работали с утра и до позднего вечера. Каныш Имантаевич также подолгу засиживался с нами. Когда у него не было посетителей, то он писал, особенно много писал по вечерам.

Как-то перед вечером заходит Каныш Имантаевич, Сейфуллина в это время не было, спрашивает, хожу ли я в театр. Я говорю ему, пока что нет, еще довольно много дел, кроме того вашу рабочую комнату на долгое время оккупировали, так что нужно спешить. Затем он спросил у меня, слушал ли я оперу? Я сказал, что нет и даже представления об опере не имею. Он посмотрел некоторые чертежи и сказал: «Ты долгое время еще будешь находиться в столичном городе, вернешься домой и кроме вот этой работы и моей рабочей комнаты тебе и вспомнить будет нечего. Нужно на все находить

время. Мы сегодня идем смотретъ оперу «Иван Сусанин», взяли билет и для тебя».

Я увидел огромный, роскошный зрительный зал. Большая сцена с красным бархатным занавесом. Для меня все это представляло большой интерес. А вот проходившая опера для меня была довольно странным явлением, а именно в том, что шел разговор нараспев. Конечно, для меня это было впервые и казалось непонятным.

По окончании оперы мы вышли на улицу. Время было довольно позднее. Таисия Алексеевна предложила мне пойти к ним ночевать.

Я стал отказываться, но Каныш Имантаевич поддержал Таисию Алексеевну и сказал: «Пойдем выпьем с тобой по чарочке водки, закусим и ляжем спать. Завтра вместе пойдем на работу».

Тогда я вынужден был согласиться и пошел к ним. По дороге Таисия Алексеевна стала мне говорить: «Вот живем здесь второй год и никак не можем привыкнуть к новой обстановке, все время скучаем по Карсакпаю и Джезказгану. Там нам было лучше и работать было как-то веселей среди молодежи. Там часто были какие-либо шутки, смех. Одним словом работать было гораздо как-то веселей. Тут кажется все замкнутым, никаких шуток и смеха не слышно. Люди здесь большей частью с образованием, совсем не то, что там простонародье».

Я Таисии Алексеевне стал возражать, что там они жили в полуголой степи, как бы под открытым небом, под жарким солнцем. Там постоянно сильные ветра и много пыли. Здесь вы живете в красивом и роскошном городе, здесь большое озеленение, ходите в тени больших аллейных насаждений, много разных фруктов, кроме того, здесь много роскошных кинотеатров и клубов. Так почему же человек должен всю свою жизнь прожить в пустой степи или горной местности, если ему предоставляется возможность жить в более благоприятных условиях?

Таисия Алексеевна стала говорить, что город Алма-Ата очень хороший, но дело в том, что они почти не пользуются красотой и прелестью, а также некоторыми культурными благами этого города, мы больше всего находимся дома и в институте, на месте своей работы. Близких знакомых почти нет, поэтому они часто вспоминают Карсакпай, а также и рудник Джезказган, потому что мы там долго работали и ко всему привыкли. Особенно привыкли к людям своего коллектива.

В ноябре наша работа по пересчету запасов марганца подходила к концу. Каныш Имантаевич просмотрел все наши графические материалы и сказал: «Вот теперь пожалуй, придраться не к чему, все сделано правильно».

На следующий день С. Сейфуллин сложил все материалы и пошел в трест «Казцветметразведка» на утверждение. Я почувствовал себя свободным и пошел в комнату, где занималась Таисия Алексеевна. Она в небольшой комнате сидела за микроскопом. Таисия Алексеевна пригласила меня сесть и говорит: «Как видишь, я здесь работаю в одиночестве. О чем-либо поговорить не с кем. Это совсем не то, что было там, среди своих воспитанников, молодежи. Там было много шуток и смеха, а здесь этого нет. Я здесь на работе не оформлена и деньги мне не платят за то, что я работаю, так что я здесь работаю как бы непринужденно. Прихожу в неопределенное время, когда мне это нужно, а иногда по своей необходимости».

Я спросил:«Как здесь работает Каныш Имантаевич?»

Она сказала, что Каныш Имантаевич здесь работает гораздо больше, чем там в Джезказгане. Поэтому у него нет такого времени, чтобы скучать и вспоминать о работе в Джезказгане. Он постоянно до позднего вечера засиживается здесь в своем служебном кабинете, что порой начинаю о нем беспокоиться. Я стала его убедительно просить, чтобы он пораньше приходил домой. По моей просьбе он стал приходить домой раньше, но все равно и дома в своем рабочем кабинете до поздней ночи сидит и все пишет. Также по много времени бывает в разных поездках.

Я сказал Таисии Алексеевне, что мы свою работу закончили и готовимся к отъезду, что здесь больше не увидимся. «Приезжайте к нам». Она попросила передать всем привет и сказала:«Когда Каныш Имантаевич едет в Джезказган, то я от него не отстаю и еду вместе с ним, так что как появится такая возможность, то обязательно приеду».Попрощавшись, я вышел из кабинета.

Когда я зашел в приемную, то мне вспомнилось, как я впервые зашел в приемную Каныша Имантаевича. Подошел к секретарше и спросил: «Почему тогда меня пропустили к Канышу Имантаевичу без очереди,когда в ожидании приема сидели три человека?». Она ответила: «Каныш Имантаевич дал указание, что если кто появится из Джезказгана, в приемной их не задерживали и пропускали к нему. Независимо от того, кто у него находится».

Закончив все свои дела, на второй день утром обо всем Канышем Имантаевичем переговорили, попрощались и выехали на аэропорт. С аэропорта вылетели самолетом в Джезказган. В это время я работал по разведке марганцевых руд месторождения Джезды.



*«Мы обязаны не только разрабатывать наши кладовые подземных ископаемых, но и беречь их!»*

***К.И. Сатпаев***

*«Нашу степь я сравнил бы со скатертью, уставленной всякого рода яствами, но не повсюду одинаково густо, неравномерно. Скажем, в одном месте всякие сласти – урюк, изюм и тому подобное, а в другом – соль да несколько кусочков курта, в третьем – один хлеб, в четвертом – вода, а в пятом и этого нет, совершенно пусто».*

***К.И. Сатпаев***

***Әлкен ЖЫЛҚАЙДАРОВ***

*1910 жылы туған. Соғыс ардагері. Майдандағы ерліктері үшін Жоғарғы Бас қолбасшының Алғыс хатына 14 мәрте ие болған. Соғыстан кейін Қаратау қаласында партия ұйымының хатшысы, мектеп директоры, Талас ауданы білім бөлімінің меңгерушісі, совхоз директоры болған. Өкінішке орай, кейінгі өмір жолы әзірге толық анықталмады.*

# ТҰЛА БОЙЫ ТҰНҒАН – ТӘЛІМ

1927 жылдың жаз айында демалысқа елге келдім. Бұл уақыт менің Тәшкенде оқып жүрген кезім болатын. Қарсақбайдағы туған-туыстар, жолдас-жораларым: «Қалаға келіп, бірсыпыра уақыт саяхаттап, демалып қайт», – деп шақыртқан болатын. Осы қалада жүргенімде бір күні қалаға қасында бірсыпыра серіктері бар, сол кездегі Совнарком Председателі Нығмет Нұрмақов келді деген хабарды естідік.

Бұл хабарды жеткізген Әбушахман Әбділдин болатын. Ол ертесіне тіпті тамаша хабар әкелді. Үлкен кісілерді қонақ етуге күтініп жатқан комбинат директорының орынбасары Нығмет Байсалықов пен сол кездегі «Волком» деп аталатын, кейінгі аупарткомның хатшысы Қайырбек Дәулетбаев: «Сол кезде сендер де үйге келіп, қонақтармен бірге болыңдар», – депті. Мұндай қуанбаспын!

«Қонақтардың қашан келетінін өзім алдын ала хабарлаймын», – депті. «Қашан хабар келеді екен?» деп тағатсыздана алаңдадық. Бірер күн өткенде барып, «Ана кісілер бүгін осындай уақытта келетін болды, шамаларың келсе, ертерек келіңдер» деген хабарды ести сала, Байсалықовтың үйіне қарай зымырадық.

Нығмет ағамыз құрметті қонақтардың құрметіне үйінің ауласынан киіз үй тіккізіп қойыпты. Нықаңның әйелі Гүлсім жеңгеміз, қасында екі қайын сіңлісі бар, бізді жылы шыраймен қарсы алды. Күткен қонақтар да көп күттірмеді. Нығмет Нұрмақовтың қасында Қаныш Сәтбаев, сосын Қайсар Тәштитов және т.б. бар екен.

Қ. Тәштитов – Қазақстандағы комсомол жетекшілерінің бірі болған қайраткер еді. Жанып тұрған от тәрізді еді. Біз кездескен кезде Қарсақбай аудандық партия комитетінің хатшысы болу керек.

Кісілер үйге жайғасқан соң, үй иелері шайдың да, еттің де дайын тұрғанын айтып, соның қайсысын әкелейік деп рұқсат сұрады.

Қ. Тәштитов: «Мына кісілер не қаласа, сол болсын. Ал өзіме салса, еттің келгені дұрыс болар еді», – деп сөз бастады. Қасындағы кісілер де бұған келісті. Тек: «Ет келгенше бірер кесе қымыз ішіп алсақ дұрыс болар еді», – деді. Қонақтарға дереу қымыз әкелдік, соңынан үш-төрт табақ ет келді. Қазақ қадірлі қонағына бас тартатын ежелгі дәстүрі емес пе, қонақтарға бас тартылды. Тәштитов басты Нұрмақовқа беріп еді, ол: «Өздерің ұстай беріңдер», – деп Қаныш пен Қайсардың алдына қарай ысырды. Олар да, неге екенін, бас ұстаудан бас тартты. Сол кезде Н. Нұрмақов: «Егер Қаныш қалай ұйғарса, солай болсын, басты сол ұстасын, әрі-бері отырамыз ба?» – деп салмақты Қ. Сәтбаевқа сала сөйледі.

Мұны естіген Қаныш: «Солай десеңіз, мұның шешімін мен былай айтайын», – деді де, ойын ортаға салды. Сондағы ұсынысы «Бәріміз бірер минуттан бастан кешкен әңгімемізді айтайық. Бірақ ішіне не татардың, не орыстың сөзі араласып кетпесін. Егер кім тап-таза қазақша сөйлеп шықса, басты да сол ұстасын» дегенге сайды.

Мұндайды бұрын кім естіген? Бәрімізге мына ұсыныс қызықты көрінді. Бірақ, «Бірер минутта не әңгіме айтамыз?» деген соң, 7 минуттық мерзім белгіленді. «Біз әңгіме айтып отырғанда тамақ суып қалмай ма?» деген де сөз болды. «Ештеңе етпейді, қыстың күні емес қой, сол 7 минутқа тоқтайық» деп алғашқы сөз Тәштитовке берілді.

Ол әп-әдемі әңгіме айтып отырды да, орыс сөздерін қосып жіберді. Сөйтіп «жеңіліске» ұшырап, бас ұстау мәртебесінен айрылды. Н. Нұрмақов та көпке бармады, бірер минут сөйледі де, «өз еркімен» бас тартты. Тағы бір кісілер талаптанып көргенмен, болмады. Кезек Қаныш Сәтбаевтың өзіне келді. Ол кісі: «Мен алдын ала бір сөзге келісіп алайын. Машина деген сөздің қазақшасы болса айтыңыздар, әйтпесе, сол қалпында қолданамын. Бірақ мұны орысша демейтін болыңыздар», – деп, көптің келісімін алған соң, Қарсақбайдан Жосалыға дейін машинамен қалай жеткенін әңгімелей жөнелді.

Бір бөтен сөз болсайшы! Мысалы, ол кісі радиаторды «самаурын», кран дегенді «шүмек» деп отырды. «Машинамыздың біресе самаурыны қайнап кетіп, енді бірде шүмегінен су тамшылап, не сорғалап, әбден әбігерге түсірді...» – дегені жадымда қалып қойыпты. Ол кісі әңгімесін аяқтағанда сөзді Нығмет Нұрмақов алды: «Жігіттер, осы отырыстан не ұғып отырсыңдар? – деп

ол сол жерде отырғандарға сынай қарады да, сөзін, – «Басты кім ұстау керек?» дегенді сылтауратып, мына Қаныш біздің тілімізді тексеріп отыр ғой», – деп жалғады.

«Бұл Қаныш біздің тіліміздің тазалығын сақтамай, қалай болса солай сөйлейтінімізді кешелі-бері жақсы аңғарған екен. Міне, енді бәрімізді қан шығармай бауыздап отыр. Қазақ тілі деген – керемет бай тіл. Тек соның қадіріне жете бермейміз. Қаныш қазақ тілін қалай қолдану керек екендігінің тамаша үлгісін көрсетті. Қызылордаға барғасын бұл мәселеге арнайы көңіл бөлмесек болмайды екен», – деді Н. Нұрмақов сөзінің соңында.

Қаныш Сәтбаевтың ғұлама, даналығы да осында ғой. Ешқандай сын айтпай-ақ, бәріне тіл төңірегіндегі мәселені ұқтырып өтті. Ал соны түсіне білген Нығмет Нұрмақовтарды осал деп айта аламыз ба?

Кейін Қаныш пен Сәкен Сейфуллиннің арасындағы әңгімеге де куә болудың сәті түсті. Бұл Әліби Жанкелдин мен Сәкен Сейфуллиннің Қарсақбайға келген сапарында болған еді.

Ол кезде Қарсақбай аудан орталығы еді. Райкомның алдында тұрған құрметті қонақтарды көріп қалдым да, барып сәлем бердім. Сосын сол кісілердің қасында әңгімелерін тыңдап тұра бердім. Қаныш Сәтбаевты, сосын тағы бірекі кісіні танитын едім. Сәкен Сейфуллинмен Тәшкенде жолыққаным да бар болатын. Бірақ, біле қоймайтын шығар деп ойладым да, жанына жақындай қоймадым. Ал ол кісі: «Сен баяғыда Тәшкенде жүргенде әжептәуір етженді едің, бірақ ысылыпсың ғой, – деді де, қасында тұрған Қанышқа, – мына жігіт Тәшкенде жүргенінде қазақтың бір сөзіне бола менің бір жамағайын туысқаныммен төбелескен еді», – деді. Содан соң сондағы оқиғаны баяндап беруді өзімнен талап етті. Мен оны айтып бердім.

Сондағы сөз «шата» деген сөз болатын. Бұл сөздің екі түрлі мағынасы болатынын білмеген Сәкен Сейфуллиннің жамағайын інісімен бірге тұратынбыз. Кейде менің тентектік мінез көрсететінім бар еді. Ол маған бірде соны бетіме айтты. Мен де оның сөзіне таласпай: «Мұның рас, елдегі кейбір жеңгелерім мені «Шата» деп атайтын», – деп едім, ол бұл сөзді іліп әкетіп: «Мынау Әлкен ойнастан туған екен, өзі айтып отыр», – демесі бар ма... Содан жұдырықтаса кетіп, ақыры Сәкен ағаға барғанбыз. Сонда ол кісі кей өңірлерде «шата» деген «тентек», «бұзық» деген де мағына беретінін айтып, екеумізді татуластырған еді.

Мұны естігенде Қаныш: «Біздің тіліміз бай тіл ғой, бір сөздің өзі бірнеше мағына береді. Соны жастарға айтып, түсіндіріп отыру – үлкендердің міндеті», – деді де, сөзді одан әріге созбады.

Сәкен Қаныштың иығына қолын салып тұр екен. Екеуінің бір-бірін жақсы сыйлайтынын содан аңғардым.

Сәкен Қанышқа зауыт салып, өндірісті өркендету дұрыс екенін айта келіп: «Зауытты кен көзіне жақын жерден салғанмен, қаланы тауға тіремей, кеңдеу жерге неге салмағансыңдар? Сонда халықтың есігінің алдына бау-бақша салуына, жеміс-жидек өсіруіне жағдай туатын еді», – деген ескерту сынды ойын білдірді. «Мұндағылардың қалай тұрып жатқанын қайдам, айналасы бір-екі күнде аяқкиіміміздің тоз-тозы шықты ғой. Зауыттың шаң-тозаң, түтіні де қалаға тарайды екен», – деді. Қаныш бұл сұраққа тура жауап берген жоқ.

«Сәке, қырман суырған адам да шаң-тозаңның арасында тұрып таза дән алмай ма? Біз де табиғатпен алысып жүріп, жердің астындағы байлықты үстіндегі халықтың ырзығына айналдырамыз», – деген оның сөзіне Сәкен: «Мен артық сұрақ қойыппын», – деп кешірім өтінді. Қаныш болса, керісінше:«Не дегеніңіз бұл? Менің сөзім дұрыс шықпады. Сіз кешіріңіз мені», – деп Сәкеннің қолын алып жатты.

Кейін олардың сөзін салмақтап көрсем, Сәкеннің кешірім сұрағаны, Қаныштың әлгі сөзіне қарап, «Қайтсек тезірек зауытты іске қосып, өнім өндіреміз?» деп жүргенде қаланы кең жерден салу туралы кім ойланды дейсіз? Зауыттан қашыққа салынса, жұмыскерлердің қатынауы қалай болатын еді?» деген ойлардың жатқанын түсінгені деп ұқтым. Ал Қаныштың кешірім өтінгенін «Шынында да, зауыттың қамын ойлап, халықтың қонысы туралы кеңірек ойластырмағанымыз рас еді» дегені деп түсіндім. Қазақтың екі ұлы перзенті де бір-бірін осылайша түсінген шығар.



***Жәлел ҚАЛМАҒАНБЕТОВ***

*1934 жылы 18 наурызда туған. 1955 жылы Мәскеу түсті металдар және алтын институтын бітірген соң Жезқазған кен-металлургия комбинатында кен шебері болудан бастап, әртүрлі жауапты жұмыстар атқарды. 1973-1988 жылдары Жезқазған облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы, обком хатшысы, Қарағанды обкомының екінші хатшысы, кейін Жезқазған облыстық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, облыс әкімінің орынбасары болды. Екі мәрте ҚазКСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. КОКП XXVII съезінің делегаты. Екі рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды. Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.*

# «БАЛА ЕКЕН ҒОЙ» ДЕГЕН ЖОҚ

Ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы қанша айтсаң да, жазсаң да жарасады. Мұндай тұлға мың жылда бір туар ма екен, тумас па екен? Өз басым енді Қаныш аға тәрізді үлкен жүректі адамның қайта жаратыла қоятынына күмәнім бар. Ол – қайталанбайтын тұлға!

Мен ол кісінің қамқорлығын он алты жасар бала кезімде сезіндім. Бұл былай болған еді.

Біздің заманның балаларының есіл-дерті оқу болатын. Соғыстан соңғы уақыт. Қарсақбайдың зауыты гүрілдеп тұр, мына жақта Үлкен Жезқазған бой көтеріп келеді. Сол өндірісті өрге сүйрейтін кімдер? Мұндай сұраққа ұстаздарымыз: «Соның бәрінің ертеңгі иесі – сендерсіңдер. Сондықтан сабақты жақсы оқуға ұмтылыңдар. Ертең мектеп бітіргесін кен инженерінің оқуын оқыңдар. Сонда өзіміздің өндірісімізді өздерің дөңгелетіп жүретін боласыңдар», – дейтін.

Мектепті алтын медальмен бітірдім. Бұл маған жоғары оқу орнына түсу үшін үлкен жеңілдік беретін еді. Бірақ...

Қандай себебі барын қайдан білейін, сол алтын медальді маған мектеп директоры бермей қойды. Барлық пәннен «5» қойылған аттестатым қолымда, бірақ медалім жоқ күйі Мәскеуге аттандым. М. Калинин атындағы Түсті металдар және алтын институтына талаптанып көріп едім, жолым болып, оқуға түсіп кеттім. Бұл 1950 жыл болатын. Жасым 16-да ғана.

Он жылғы еңбегіңнің нәтижесін қолыңа бермей, қысастық жасап отырса, қалай шыдайсың? Содан отырып алып Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа хат жаздым. Хатта мектеп директорының себепсізден-себепсіз маған тиесілі алтын медальді бермей қойғанын, соны алуға көмектесуін өтіндім.

Алдында үлкендерден Қанекең туралы көп еститінмін. Олардың әңгімесі «Қаныш Сәтбаев анаған олай, мынаған бұлай көмектесіпті» дегенге саятын.

Сол кезде Қаныш Имантайұлы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты еді. Былайша да ол кісіні өте жақсы білетін қарсақбайлықтар сайлаушылар ретінде жиі өтініш жазатын болса керек. Бұл жағын, әрине, нақты біле қоймаймын, бірақ жұртшылық екі сөзінің бірінде Қанекеңнің атына мақтау сөздер айтып жататын.

Содан хатты пошта арқылы салып жібердім. «Назар аудара қоймас» деген күдігім де болғанын жасырғым келмейді. Қазақстан Ғылым академиясының президенті, депутат адамға еліміздің барша шалғайынан шағымхаттар, өтініштер түсіп жататыны белгілі ғой. Солардың арасынан «Бір бала медалін іздеп хат жазды екен» деп уақытын жоғалтып, сол мәселемен айналысуға көңіл бөле қоймас дегенмін. Сөйтсем...

Қаныш аға мені «бала ғой» демепті. Менің өтінішімнің негізінде сол кездегі Қарағанды облыстық халық ағарту бөлімінің бастығы Жұманиязов деген кісіге арнайы хат жолдапты. Ол хаттың мәтіні:

«Заведующему Карагандинским ОблОНО тов. Джуманиязову

Ко мне обратился окончивший в этом году школу 10-летку в пос. Карсакпай Карагандинской области Джезказганского района, Калмаганбетов Жалел, с просьбой оказать ему помощь в получений медали по существующему положению для учащихся. 10 августа Министерства просвещения КазССР, за подписью начальника Управления школ тов. Вечкутова также написал Вам письмо с просьбой проверить все материалы по этому вопросу.

Сейчас Калмаганбетов Жалел поступил студентом Московский институт цветных металлов, однако настойчиво просит меня довести до конца дело получения им медали. Поэтому прошу Вас сообщить мне результаты рассмотрения Вами его жалобы. 1950 год, 7 сентября».

Бұдан не аңғарылады? Әрине, ұлы адамның үлкен жүрегінің жанашырлық қамқорлығы. Академиктің ақиқаттың қорғанышы болуға деген аппақ ниеті. Хат

мәтініне назар сала оқысаңыз, ол кісінің бұл мәселеге асқан тиянақтылықпен қарап отырғандығы байқалады. Өйткені Жұманиязовтан бұрын, менің өтінішім бойынша, министрліктің өзіне де хат жолдаған екен ғой! Өзіне жазылған өтінішке осыншалықты ыждағаттылықпен қарау деген тек асқан жауапкершілік иесіне ғана тән болса керек.

Қанекеңнің үлгі тұтатын ғибраттары көп қой, соның бірі – осы оқиға!

*2019 жыл*



*«Адам – ұрпағымен бақытты»*

*«Біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді».*

***Қ.И. Сәтбаев***



***Мұзараф АХАНОВ***

*1934 жылғы 24 желтоқсанда туған. 1958 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтын бітірген. Көптеген жылдар геология саласында еңбек етті. 1973-1985 жылдары Сәтбаев қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, қалалық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болды. Қарағанды облысының және Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Қаныш Сәтбаевты қазақ халқының біртуар перзенті, ортақ мақтанышы десек те, Жезқазған-Ұлытау өңірі тұрғындары үшін есімін ерекше қастер тұтар жан. Олай болар реті де бар. 65 жыл ғұмырының қырыққа тарта жасын осы аймақта өткерген. Көзкөргендер қаншама. Кезінде онымен бірге қызметтес болған, жақын сыйлас болған жандардың кейінгі ұрпақтары да Қаныш есімін айрықша қастер тұтып, құрметтейді.

Кіндік кескен жері Баянауыл болғанмен, Жезқазған – оның екінші алтын ұясы. Жезқазған өндірісі оның төл перзентіне айналды.

Қанекең туралы жазылған кітаптарды оқып отырсақ, ол кісінің өмір бойы Жезқазғанды аузынан тастамай, қадірлеп өткеніне куәгер боламыз. Алматыда қызметте болған жылдарындағы Жезқазғанға деген сағынышын арқау еткен жолдарды тебіренбей оқу мүмкін емес. Бұл сағыныштан оның жезқазғандықтарға деген ыстық ілтипатын аңғарар едік. Аяулы жанның шапағаты тигендер, оның азаматтың бет-бейнесінен өшпестей әсер алғандар бүгінде баршылық. Соның бірі мен едім.

Қанекеңнің өзін көрмей тұрып-ақ есіміне қанықтым. Геолог мамандығын таңдауыма ол кісінің айырықша ықпал еткені айдан анық.

1953 жылдың көктемі болатын. Жезқазған (Рудник) кентіндегі №7 қазақ орта мектебінің 10-сыныбында оқып жүргенмін. Бір күні ол кезде Жезқазған геология-барлау экспедициясының аға геологі қызметін атқарып жүрген Шахмардан Есеновтің мектеп бітірушілермен кездесуі өтті. Ол геология ғылымы туралы, кен барлаушысы – инженер-геолог мамандығы жөнінде қызықты да тартымды етіп әңгімелеп берді. Әсіресе, қазақтың тұңғыш инженер-геологі Қ. Сәтбаев жайлы айтқан әңгімесі маған қатты әсер етті.

Кен барлаушысы ретінде Жезқазған атын дүние жүзіне паш еткен оның ерен еңбегі туралы әңгіме тек маған ғана ой салмапты. Сол жылғы мектеп бітіруші 10 ер баланың бесеуі бірдей геолог мамандығын таңдады. Жылдар өткен соң солардың бірі М. Омаров – Жезқазған кен-барлау экспедициясының бас инженері, М. Әшенов – кеніштің бас инженері, мен болсам шахта проходкалау тресінің бас геологі қызметін атқардық.

Қазір қарап отырсам, осы мамандықты игерген осы өңірдің жастары кейіннен де көп болыпты. Міне, Қаныш Имантайұлының өнегелі қызметінің әсері осылайша жалғасын тауып жатыпты...

Ол кісімен алғаш жүздесуім де дәл кешегідей көз алдымда.

1956 жылдың жаз мезгілі болатын. Бір топ студенттер қатарында Жезқазған геология-барлау экспедициясында өндірістік тәжірибеден өтіп жүргенмін. Бір күні «Сәтбаев келіпті» деген хабарды әркім бір-біріне қуана айтып жатты. Естуімізше, осында келгенде геологтардың басын қосып әңгімелеспей, шахталарды араламай кетпейді екен. Мұны естіген біз ғалыммен кездесу сәтін асыға күттік.

Айтқандай-ақ, экспедиция әкімшілігі үйінде кездесу өтті. Ол кісіні жақыннан бір көруге, әңгімесін тыңдауға онсыз да құштар болып жүрген едім, кездесуге ертерек келіп, алдыңғы жақтан орын алдым.

Алғашқы кездесудің әсері айырықша болды. Естен кетпес сәттен соң Қанекең бейнесі бұрынғыдан да асқақтай түсті. Әсіресе, ол кісінің байсалдылығы, тәкаппарлықты білмейтіндігі маған қатты ұнады. Мұны айтып отырғаным, сол кездесуде академик Қ.И. Сәтбаевтың 30 жыл бойы терең зерттеп, іс жүзінде бекітілген гидротермальдық теориясына қарама-қайшы пікір айтылды. Оны «Покро» шахтасының геологиясы және кеннің тізбектелуі» деген тақырыппен хабарлама жасаған сол шахтаның аға геологі Л.Ф. Наркелюн айтқан болатын.

Хабарламаны жасап болған Л.Ф. Наркелюнге Қанекең «Мыстың негізінен шыққан жері қай маңайда және ол қай тау жынысымен байланысты?» деген ыңғайдағы бір-екі сұрақ қойды. Ал ол бұл сұрақтарға тура жауап беруден тайсақтады да: «Біздің қолымыз қысқа, химиялық лаборатория, микроскоп жоқ. Оның бер жағында шахтадан тыс жерлерді геолог болып аралаған жоқ едім», – деп сөзді басқа жаққа бұрып жібермекші болды.

Мен Қанекең енді оның дәйексіз пікіріне ашуланады ғой деп ойлап қалдым. Жоқ, олай болмады. Қанекең: «Нақтылы пікірталастан шындық туады, бірақ, есіңізде болсын, қандай да істі терең зерттеп, көз жеткізбей жатып ұйғарым жасауды ғылым көтермейді және түпкі нәтиже бермейді. Сіздің өндірісте жұмыс істеп жүріп, ғылыми зерттеуге талпыныс жасауыңыз – құптарлық жайт. Ізденісіңізді жалғастыруда табыс тілеймін», – деп Л.Ф. Наркелюннің арқасынан қақты.

Кейін ойласам, бұл Қаныш ағаның жас геологтің үстірт пікіріне қарамастан, бірден бетін қайтармай, қатесін көзтүрткі етпей, керісінше, оған ақыл-кеңес беріп, демеу арқылы оны ізденіске қанаттандыра түскен ұлағатты ұстаздығы, асқақ парасаттылығы екен ғой.

...1961 жылы республикалық Ғылым академиясының көшпелі мәжілісі Жезқазғанда өтіп, сессияда Жезқазған өндіріс ауданының өндіргіш күштерінің даму проблемалары жан-жақты талданды. Көшпелі мәжіліске менің де қатысуымның сәті түсті.

Сессияға қатысушылар қолдайтын мәселелеріне орай 7 секцияға бөлінсе, оның ең бастысы геология секциясы болды. 27 баяндама жасалып, ғалымдар, инженер-геологтар, басшы қызметкерлер сөз сөйледі. Негізгі баяндаманы академик Қ.И. Сәтбаевтың өзі жасап, секцияны қорытындылады.

Секцияның алдына қойған проблемасы кен іздеу, барлау, оны дұрыс бағытпен кең көлемде шапшаң жүргізіп, тез арада кен қорын ұлғайтумен қатар жаңа кен орнын ашу болғандықтан баяндамашылар кеннің шығу тегі туралы тақырыпқа тоқталған жоқ еді. Осыған қарамастан Фатиков, Иванков, Штрем тәрізді геологтар сөйлеген сөздерінде Жезқазған кені «тұнба» жолмен пайда болған деген үстірт пікірін дәлелдеуге әуреленіп бақты. Мәселен, Иванков: «Отанға мыс қажет, сондықтан кеннің бай жерін қазып алу керек, – деумен қатар, – «тұнба» қағидасы негізінде Жезқазған кен қорын қайта зерттеп, оның келешегін жаңадан бағалау керек», – деп бұра тартты. Олар Попов пен Наркелюнді жақтап, академик Қ. Сәтбаевтың негізгі ұстанған гидротермальдық теориясына қарсы шығып, ол кісіні ашықтан-ашық ретсіз айтысқа қатыстырғылары келді.

Ал Қанекең олардың сөздерін бөлмей, қақпайламай, мұқият тыңдап, ой-пікірлерін толық айтуларына мүмкіндік берді. Секция жұмысын қорытындылай келіп, әлгілерге жауабының бірінде: «Тұнба» теориясының фанатигі В.М. Попов 1929 жылдан бері, яғни, 30 жылдан астам кезеңде Атбасар, Терісаққан аймағында көп шығынмен барлау жұмысын жүргізгенмен, өндіріс игеруге жарайтын бір де бір кен орнын ашпады. Бұдан да сорақысы, Наркелюн болса мақалаларындағы ойын бекіту үшін көрер көзге жалғандыққа барды», – деді.

Жезқазған тарихында ерекше орын алатын осы сессияның өту барысында Қ.И. Сәтбаевпен 7 күндей күнде көріп, әңгімелесу мүмкіндігіне ие болдым. Ол кісінің энциклопедиялық білімі бар екенін бұрын кітаптан оқып қана білсек, енді сессия барысында айтқанын өз құлағымызбен тыңдап, оған көзіміз айқын жете түсті.

Иә, ол қазақ халқының зор ғалымы еді. Соңғы демі таусылғанша ғылымның қия жолында тар жол, тайғақ кешіп, оған бар күш-қуатын, асқан ақылын, қайрат-жігерін жұмсаған сегіз қырлы, терең сырлы Қаныш Имантайұлының асыл қасиеттері келешекте де талай зерттеулерге арқау болары сөзсіз.

*«Сарыарқа»,*
*10.04.1999*



**_Гариф САФАРГАЛИЕВ_**
*(1913-1997)*

*Инженер-геолог, кандидат геолого-минералогических наук. Почетный гражданин г. Сатпаев.*

# МОЕ ЗНАКОМСТВО

Впервые я встретился с Канышем Имантаевичем Сатпаевым в 1939 году в пос. Карсакпай, куда я приехал для производства магнитометрической съемки на Карсакпайском месторождении железистых кварцитов. С приездом в Карсакпай я сразу же обратился к К.Сатпаеву с просьбой оказать мне содействие. Он очень заинтересовался моей работой и оказал мне необходимую помощь. Подробно рассказал мне о залежах железистых кварцитов и дал полезные советы в организации работы.

Поздней осенью, когда заканчивались полевые работы, я вновь зашел к Сатпаеву. Теперь он интересовался объемом сделанной работы, ознакомился с некоторыми моими записями, сделал много очень полезных рекомендаций. Тогда я был студентом 3-курса Казахского горно-металлургического института, а он говорил со мной с как с солидным инженером. Это оставило у меня незабываемое впечатление.

Каныш Имантаевич длительное время был председателем Государственной экзаменационной комиссии геолого-разведочного факультета Казахского ГМИ (ныне КазПТИ). Готовясь к защите диплома инженера, в 1941 году, я ждал новой встречи при защите диплома. Но по занятости он не смог присутствовать. Тогда он работал директором института геологических наук Казахского филиала АН СССР.

После окончания как-то я зашел к нему в кабинет. Он не забыл меня, хорошо принял, поздравил с защитой, расспросил все подробности моей жизни и рекомендовал мне поехать в Джезказган. Я тогда просил Сатпаева познакомиться с моей дипломной работой по Атангорскому месторождению. Он обещал. При очередной встрече он высказал мне свое положительное мнение о моей дипломной работе. Сатпаев стал для меня с этих дней учителем, наставником. По сути эти первые встречи определили мой приезд в Джезказган в начале 1944 года.



***Мұзарап ЖҮСІПОВ***
*(1906-1980)*

*Еңбек жолын Қарсақбай мыс қорыту зауытында жұмысшы болып бастаған, 1928 жылы 19 қазанда бірінші мыс балқымасын алуға қатысқан. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. 1939 жылы Кремльде М.И. Калининнің қолынан «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін алған. Бірнеше рет облыстық және аудандық Кеңестердің депутаты болып сайланған.*

# ҚАНЫШПЕН ҚАТАР ЖҮРГЕНДЕ

Иә, Қанышпен қатар жүргенде өзіңді бір ерекше еркіндік, өзімсіну сезімдері билеп алады. Алғаш көргенде «Сырмінез емес адам ғой, әлдеқалай болар екен...» деп бүгежектегенмен, бірер минут өтпей-ақ бұл ойдан қалай арылғаныңды білмейсің. Қарым-қатынасы қарапайым, әңгімесі әсерлі, әр сөзінен адамға деген шексіз де шынайы қамқорлық төгіліп тұратын жайсаң жан еді. Әсіресе, Қарсақбайды аузына алған адаммен ақтарыла әңгімелесіп, осы жердің керемет келешегі туралы көл-көсір түсінік беретін.

Онымен бір рет қатар отырып дәмдес болдым, 2-3 рет бетпе-бет жүздесіп, әңгімелестім. Соның бәрінде аялы алақанын ұсынған туған ағаның қамқорлығындай шынайы жақындықты сезіндім.

Дәмдес болғаным – 1939 жылы Қарсақбай мыс қорыту заводында мастер болып істеп жүрген кезім. «Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Еровский, завод директоры Богатырев және Жүсіпов Мұзафар (мен) тез Алматыға жетсін» деген хабар келді де, біз жолға шықтық. Жосалыға жеткен жерде «Жүсіпов июнь айында Москваға барады, сондықтан Алматыға келмей-ақ қойсын» деген хабар беріліп, сол жерден мен кейін қайтып кеттім.

Сол жылдың июнь айында 4 адам Мәскеуге жол тарттық. Біреуі – Қаныш Сәтбаев басқаратын кен барлау партиясының жұмыскері Тұңғышбаев Мырзабек, екеуі – сол кездегі Байқоңыр ашық кен көзінен Ералиев Бертен, Үлкенбаев Мұқан және мен.

– Қаныш бізді Мәскеуден қарсы алады. Партия жұмысымен сонда жатыр, – деді Мырзабек. Сырт естуім болмаса, бұған дейін Қанышпен жүзбе-жүз көріскен, сөйлескен емеспін.

Мәскеуге де келдік. Кремльдің қарсы бетіндегі қонақүйге орналастық. Жуынып-шайынып отырғанымыз сол еді, есік қағып, бойы сымға тартқандай мінсіз, еңселі, аққұба жүзді жігіт жайраңдай күліп кіріп келді. Мырзабек «Қанаға!» деп құрақ ұшып қалды. «Дәу де болса осы Қаныш болар» деп, басқа үшеуіміз де жапа-тармағай қол беріп амандастық. Қанекең қалай орналасқанымызды, Мәскеуден алған әсерімізді, хал-ахуалымызды түгел сұрады. Мен «Қарсақбай заводынанмын» деген соң оның келешегі туралы да сөйлеп кетті. Қарсақбай туралы Қанекең айтқандарды, соның ішінде жұмыс істеп жүрген өзімнің де білмейтінімді сонда мойындадым.

– Оқу керек. Заводқа сауатты жұмыскерлер керек, – деді ол.

Мәскеуде өткізген төрт күнде де Қанекеңмен бірге болып, барлық жерді біргеараладық. Озаттарға награда тапсыру салтанатын М.И. Калинин ашты. Сол жолы Калинин ақсақал Қаныштың омырауына Ленин орденін, маған «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалін өз қолымен қадады.

Қазақстаннан барғандар атынан Қанекең сөз сөйледі. Ол орыс тілін таза, терең ойлы сөйлеп, басқалардың оған сүйсінгенін көргенде, біздің шоқтығымыз шығып-ақ отырды.

Кешкілік награда алғандарға қонақасы берілді. Көңіл көтеру сәтінде Қанекең өлең айтты. Орыс әнін нәшіне келтіріп орындады. Әр жерден келген өзіміз сияқты қонақтар оған ерекше қошемет көрсетті.

Қанекең бізді поезға шығарып салды да, өзі тағы да партия жұмысымен біраз бола тұратынын айтты.

Қаныштың қарапайым, кішіпейіл мінездері қанымен жаралған. Бірде Жарық станциясынан Қанекең басқаратын кен барлау партиясының Ахметов деген жүк тасушысын кездестірдім.

– Партияға жеткізетін осы станцияда біраз жүк тұр. Бірақ, қалтамдағы ақшам түгесіліп, не істерімді білмей тұрмын, – деді ол. 200 сом ақша бердім. Хабарын Қанекеңе жеткіздім.

Бір күні маған Қанекең «Келіп кетсін» депті. Бардым. Өте риза болған кейіппен маған 200 сом ақша берді.

– Есеп қызметкерлерінің кінәсінен біршама кешіктірдік. Ренжімеңіз, – деп

үлкен басымен кешірім сұрап жатыр бәйек болып. Мұндайды күтсем неғыл дейсіз?! Керемет кішіпейілділік қой!

Бұдан кейін де жиналыстарда, концерттерде талай кездесіп жүрдік. Соның бәрінде де ол бір өзгермейтін, бізді көрсе болды, дереу бауырына жақын тартып, қамқоршы болып жүретін. Сондықтан да біз үшін Қаныш қашанда қадірлі.

*(Естелік 1989 жылы жарық көрген*
*«Қаныш аға» кітабынан алынды)*




*Қаныш Сәтбаев – ортада, сол жағында – болашақ академик Патшайым Тәжібаева. 1948 жыл*

*Оның жүзінен тұңғиық ой, мейір, жылы қабақ және де бір даналық сезілетін. Көздерінің өзі таңғажайып мейірімге толы, ақылды, көңілді, сәл күліп тұратын еді. Егер онымен көңіл қойып, сыр шертсеңіз, сондай бір жақсы әсерде қаласыз. Жылы жүзімен жымиғанының өзі неге тұрады?!.*

***Қажым ЖҰМАЛИЕВ,***
*академик*



***Өмірбек МҰҚАНҰЛЫ***
*(1930-2019)*

*1954 жылы Қазақ мемлекеттік медициналық институтын үздік бітірді. 1961 жылы қазіргі Жезқазған медколледжін ашып, алғашқы директоры болды. КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері. Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.*

# АКАДЕМИКТІҢ АҚ БАТАСЫ

Мен Қанекеңді алғаш 1934-35 жылдарда мал бағып жүргенде, қозы-лақ қайырып жүрген шағымда көрген едім. Әрине, оның Қаныш Сәтбаев екеніне мән бере қоятын кезіміз емес қой. Дегенмен, жүріс-тұрысын, киген киімін, көлігін қызықтап, қасынан айналсоқтап шықпаушы едік.

Ауылымыз Айыртаудың батыс жақ беткейінде орналасқан болатын. Сол маңайда ақ шатыр тігіп тастаған әлдекімдер жер шұқылап, әлдебір тастарды жинастырып жүретін. Кейін білсек, олар Қанекең бастаған геологтар екен ғой.

Ақ шатырларда негізінен қарапайым адамдар жұмыс істеп жататын. Бірақ ара-тұра оларға жүк машинасымен ақ костюмді, галифе шалбары бар, басына шляпа киген, орта жастағы бір қазақ кісі келіп, сөйлесіп тұратын. Бала болсақ та, әлгі кісінің сөзін мұндағылардың ұйып тыңдайтынын да аңғаратынбыз.

Алғашында біз оның өзін емес, әрине, ол мінген машинаны көп қызықтайтын едік. Алыстан қарап, қызықтап тұратынбыз. Бірақ, бірте-бірте бойымыз үйренсе керек, жұмыскерлер орналасқан шатырлардың маңына жақындап баратын, кейді тіпті ішіне де кіріп кететіндей жағдайға жеттік. Әсіресе, ара-тұра келетін «аға» бізге жақындау болды. Өйткені ол біз барғанда уыстап кәмпит, пешене де беретін. Бізге керегінің өзі де сол. Бірер сапарында ол кісі ауылға соғып, ауыл ақсақалдарымен әңгімелесіп, сусын да ішкен.

Бірде Әбіш ағаның киіз үйінің іргесінде ілулі тұрған домбырасын алып, ән айтқаны да есімде қалыпты. Өздері басқа жерге қоныс аударғанда сол жерге үш аяқ темірден белгі қойып кетеді. Сол геологтардың белгілері Айыртаудың маңайында осы күнге дейін тұр.

Кейін Қарсақбайға оқуға келгенде біздің ауылға келіп жүрген кісіні тағы көрдім. Ол Қаныш Имантайұлы болып шықты.

Қанекеңнің Айыртау (менің туып, балалық шағым өткен жер) жөнінде төмендегідей жазғаны бар екен: «Қарсақбайдың оңтүстігі – шөл дала мен шексіз құм, ал терістігі – шалқар жайылымдар, суы мол, егістік егетін-ақ жерлер. Ал Айыртау жотасы болса, жусанды даладан бетегелі шөпке ауысып, «таза» дала осы жерден басталады. Айыртау – екіге жарылған айыр өркеш тау. Бұл атының өзі қазақтардың аңғарымпаз қабілетін білдіреді».

Ғалым – табиғатты жанындай сүйген жан, ол тек геолог қана емес, географ, этнограф, тарихшы ретінде де танылды. «Айыртаудың теріскей жағының топырағы тіптен өзгеше, одан Атбасарға дейін күлгін топырақ, Айыртау Ұлытауға иық тіреп тұр. Ұлытау маңқиған кейпімен біртосын шоқтанып көрінетін паң биіктерімен мені таңғалдырады. Оның қатпарлы кәрі тұрпаты тым көне, тозған тау екенін танытты. Бір көргеннің өзінде Ұлытау өзінің ұлылығын еріксіз мойындатқандай», – деген екен естеліктерінің бірінде.

1937 жылы Қарсақбайға барып оқуға түскенімде ақ шатырдан көрген адамымды комбинат конторынан жиі-жиі кезіктіретін болдым. Бірақ ол кісінің ұлылығын кейін есейе келе таныдым.

Біздің оқитын мектебіміз аралас оқу орны болатын. Қазақ-орыс балалары сол мектепте бірге оқыдық. Қаныш Имантайұлының қыздарымен бірге оқыдым. Ханиса озат та үлгілі оқушы ретінде мерекелерде мінберлерден көрінетін. Ол апамыз 1939 жылы орыс мектебін бітіріп, оқуға Алматыға кетті, ал Мейіз менен бір класс төмен оқыды.

Қанекеңмен келесі кездесуім 1948 жылы, ол кісінің КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретіндегі сайлаушылармен кездесуі кезінде болды. Мен оныншы кластың оқушысымын, жас сайлаушы ретінде маған да құттықтау сөз берілді. Сөйлеген сөзім мәнді болды-ау деймін, клубтан шығып бара жатқан Қаныш аға: «Бақытты бол, қарағым, сөзің тыңдаушылардың ойынан шықты», – деп маңдайымнан сипады. Менің сондағы көңілімнің аспандағанын сөзбен айтып жеткізе алмаспын!

1961 жылы республиканың Ғылым академиясының көшпелі сессиясы Жезқазғанда өтіп, оған алты жүзден аса адам қатысты. Мысты өңірдің материалдық-техникалық базасын дамыту проблемасы басты назарда болды. Бүкіл Одақтың көрнекті ғалымдары, облыстың басшылары қатысты. Бір жеті өткен сессияның жұмысы әрі қарай жалғасып, денсаулық саласының

жұмысын профессор А. Полосухин басқарды. Сессия жұмысына Қанекең де келіп, медицина саласына да көңіл бөлді. Мен «Тау-кен комбинатының травматизмі, оның профилактикалық шаралары» деген тақырыпта баяндама жасадым. Осыған байланысты проблемаларды да көтердім. Осы сессияның шарапатының арқасында кейін қалада қазіргі медициналық колледж, перзентхана пайдалануға берілді.

1963 жыл, қыркүйек айының іші. Кезекті түнгі жұмысқа кіріскен күнімнің бірі. Таң білінер-білінбесте қабылдау бөлмесіне орта жастағы бір қазақ әйелі келіп, көмек алмақшы болды. Үсті-басының бәрі қан-қан, өзі шаршап-шалдыққан, ашыққан, әзер сөйлейді. Жезқазғанға жаяу-жалпылап жетсе керек, жанында үш жігіт бар. Біреуі орыс, екеуі қазақ.

Мән-жайға қаныға келе, бұларды Алматыдан Қызылордаға Қ. Сәтбаевтың тапсырмасымен мұнай көздерін зерттеп-бақылауға жібергені анықталды. Топты бастап келген Патшайым есімді ғалым екен. Жанындағы екі жігіт – геология институтының аспиранттары, жүргізушілері – әскерден жаңа ғана оралған жас жігіт, тәжірибесі аздау болуы керек. Көліктері құмның арасында аударылып, алдында отырған әйел жарақат алады, басы жарылып, есінен танып, талықсиды. Олар ес жиғаннан кейін көлікті сол жерге тастап, кездескен жүк машинасымен Жезқазғанға жетеді. Ашыққан, шөлдеген, шаршап-шалдыққан, бір жағынан ұйқы да қысып барады. Дәрігерлік көмек болмағаны көрініп-ақ тұр. Осы жағдайды ескере отырып, жедел түрде хирургиялық шараларға кірісіп-ақ кеттім. Жараларын тігіп, тазалап, қанын тоқтаттым. Бірер сағаттан соң операция да сәтті аяқталып, енді ауру тарихын толтырар сәт те келіп қалды. «Фамилияңыз кім?» – деген сұраққа: «Патшайым Тәжібаева», – деп жауап берді.

Мен селк ете қалдым. Өйткені бұл есім маған жақсы таныс болатын. Қазақ әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш инженер-геолог, геология-минерология ғылымының докторы, Қ. Сәтбаевтың шәкірті екенін жақсы білетінмін. Жолсапарға шығарып жүрген де – академиктің өзі. Операция үстінде ол біраз тынығып, тыныс алғандай болды. Енді ғана әңгімеге араласа бастады.

«Інішек, егер жағдайларың келсе, менің жанымдағы жігіттерге сусын, ас берсеңіздер дұрыс болар еді. Екі-үш күн шамасында олар аузына нәр салған жоқ», – деді. Медбибім Фрида Густавовна екеуміз апайдың айтқанын орындап, оларды да демалуға орналастырдық. Апамыз да ұзақ ұйқыға кірісіп-ақ кетті.

Дәрігер бөлмесінде жасалған операцияны жазып отырған болатынмын. Таң білініп, терезеден таң сәулесі түсе бастаған кез еді... Телефонның қоңырауы сылдыр ете қалды. Ар жағынан телефонистка: «Кезекші дәрігер ме? Алматыға жауап беріңіз», – дегенде аң-таң қалдым да: «Сізбен қазір Қаныш Сәтбаев сөйлеседі», – дегенде есімді тез жинап алдым.

«Тыңдап тұрмын Сізді», – деген сөз сасқаннан аузымнан әзер шықты. «Қарағым (өте майда да жұмсақ шыққан сөзімен), сіздерге біздің институттың Патшайым Тәжібаева деген ғалымы емделуге келіп түсті деп естідім, халі қандай екен, операция жасалды ма, бізден қандай көмек керек?» – деп сұрақты бірінің үстіне бірін жаудырып жатыр. Шынында өзім абыржып, сасыңқырап та қалдым. Азырақ кідіріп: «Апай келіп түскелі бірер сағат болды, қажет деген ем-көмек көрсетіліп жатыр, операция да жасалды», – деп болған жағдайдың бәрін баяндадым. Қанекең: «Самолет жіберіп, Алматыға алдырсам қалай болар екен?» – деп тағы бір сұрақ қойды. «Бірер күн осында бола тұрғаны дұрыс болар, бізде де жағдай бар ғой, әлде де байқайық, емдейік», – дедім бас жағынан да зақым алғаны есіме түсіп. «Рахмет, қарағым, емдерің шипалы болсын. Менен Патшайымға сәлем айтарсың», – деп телефон тұтқасын қоштасқаннан кейін қоя салды.

Өзіме өзім келгеннен кейін ғана апайға академиктің сәлемін жеткіздім. Бірер сағаттан кейін ауруханаға комбинат директоры В. Гурба, Қанекеңнің шәкірті В. Штифанов келіп, Патшайымның жағдайын біліп, амандығын сұрап кетті. Бес-алты күн емдеп, Патшайым апайды астанаға шығарып салдым. Бір айдан соң Алматыға демалуға барғанда, менің келгенімді естіп, апай үйіне қонаққа шақырды.

Қанекеңмен сырттай телефонмен дидарласып, батасын алудың сәті солай түсіп еді.

*«Мысты өңір»,*
*16.03.2018*



***Тұрмұханбет ЫСМАҒҰЛОВ***
*(10.01.1937-28.09.2015)*

*1958 жылы Қарағанды политехникалық институтын бітірген. Көп жылдар энергетика саласында еңбек етті. 1973 жылы Сәтбаев қалалық Кеңесі атқару комитетінің тұңғыш төрағасы болып сайланды. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

# ЖАҚСЫНЫҢ ШАРАПАТЫ

Көктемгі емтиханды ойдағыдай тапсырып, ауылдағы үйге жетуге асықтым. Өйткені, үйдің ересегі өзім болғандықтан, әкеме қолғабыс жасағым келеді. Әкем жарықтық үнемі мал соңында жүретін. Есімді білгелі әкеме жаным ашиды.

Оныншыға өтіп келдім де, сол күні ауылдың үлкендері әкеме: «Балаңның азамат болғаны құтты болсын! Құдай қаласа, келесі жылы мектеп бітіретін болып қалыпты ғой», – деп келіп жатты.

Сондағы үлкендерге таңым бар, ескілікті салт-дәстүрге берік еді ғой. «Сен бала болсаң да, алыстан келіп жатырсың.Сондықтан сенің жолың жоғары, біз әкеңе құтты болсын айтуға, ал сенімен амандасуға келіп отырмыз», – дейтін. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» дейтін сол елдік ұлағат бүгінде ұмыт болып қалды ғой.

Ертесіне әкем: «Сиырларды өзім қарайын, сен бүгінше бұзауларға ие бол. Қанша дегенмен жолдан келдің ғой, шаршаған шығарсың, көк құнаныңды мініп ал. Түске таман, сиыр өрістен оралады-ау дегенде қайта әкеліп, қораға қамап таста. Әйтпесе, енелеріне жамырап кетіп жүрер», – деген тапсырмасын берді де, өріске беттеді.

Маңайдағы жайылымның жайын жақсы білемін ғой. Ауылдың жоғарғы жағында өзен бар. Мұнда балық баршылық. Сондықтан қолыма қармағымды

да ала шықтым. Бұзауларым жайылып жатқанда мен қармақ салып, ілінгенін шелегіме салып отырып, жаныма келіп тоқтаған ГАЗ жеңіл машинасын да аңғармайқалыппын. Тура жон арқамнан әлдекім: «Балам, қалай, қармағың қауып жатыр ма?» – дегенде селк ете қалдым. Қарасам, бірнеше кісі тұр екен. Ұшып тұрдым да: «Ассалаумағалайкум!» – деп, бәрімен де қол беріп амандасып шықтым. Олар риза болып: «Бәркелді, өркенің өссін! Үлкен жігіт бол!» – деп алғыс айтып жатты. Айрықша тұрпатты, бұйра шашты, келбеті келіскен, парасатты қазақ кісі мені сөзге тартып: «Кімнің баласысың, атың кім?» – деп сұрады. «Атым Тұрхан, әкем аты Ысмағұл», – деп едім, әлгі кісі сәл ойланғандай болды да: «Е, дұрыс екен. Үйге барғанда әкеңе «Қаныш Сәтбаев сәлем айтып жатыр» де. Біз анау жерге келіп, енді орналасып жатырмыз, осы маңайда барлау жұмыстарын жүргізетін боламыз», – деді.

Бұл менің атағы аңыздай айтылып жүретін Қаныш ағаны алғаш көруім еді.

Әкем өрістен келген бойда алдынан шығып:«Сізге Қаныш Сәтбаев сәлем айтып жатыр. Өзеннің қасындағы тоғайдың ішінде шатырларын құрып, орналасып жатыр», – деп едім, әкем қуанып кетті. «Құдай-ау, неғыл дейсің? Қанекеңнің қасымызға келіп жатқанын қалай білмегенбіз?!» – деген әкем атынан түспеген қалпы анама: «Кәні, барыңды шығар. Шай қоя бер. Мен барып, Қанекеңді алып келейін», – деп өзенді бетке алып, жорта жөнелді.

Мен анамнан әкемнің Қаныш Сәтбаевты қайдан білетінін сұрадым. Анам әкемнің ол кісіні көптен білетінін айтты. «Біз Ешкіөлместегі бекетте отырғанымызда Қаныш аға үйге жиі соғатын, әкеңмен әңгіме-дүкен құратын. Атбасарға жиі қатынайтын еді, содан жол-жөнекей біздікінде болатын. Әкең ол кісіні туғандарынан да артық көреді. Өзі де бір керемет кісі. Бізге көп жақсылық жасады. Өте қарапайым, кішіпейіл жан», – деген анам Қаныш Сәтбаевтың мақтауын келістіріп айтып берді. Ол кісі туралы көпшіліктің әңгімелерін талай естіп жүрсем де, біздің үйіміздің бір жақынындай болып кеткен адам екенін білмейді екенмін. Анамның әңгімесі көңілімді көріктендіріп жіберді.

Арада бір сағаттай уақыт өтер-өтпесте әкей де келді. Келе сала: «Жаниша, Қанекең қазір келетін болды. Шайыңды қойып, дереу балқаймақ қайнатып жібер, құрт-ірімшігің жеткілікті шығар», – деп атынан сөйлей түсті. «Өй, тұқымы көбейгір, қашаннан бері дастарханға араласатын болғансың?» – деген анам бір күліп алды да, бәрінің де дайын тұрғанын айтты.

Қаныш аға серіктерін ертпей, жалғыз өзі келіпті, машинасын да кері қайырып жіберді. Анаммен қол беріп амандасты да, сол жердегі бала біткеннің бәрінің маңдайларынан иіскеді. Бәріміз мәре-сәре болдық та қалдық.

Дастархан жайылып, сырттан самаурын кіргізілген соң, әкем маған қарап: «Тұрханжан, барып, ең үлкен бөрте лақты алып кел, Қанекең батасын берсін», – деп, сосын: «Қой ұстамаймын, аздаған ешкі-лағым бар, табылғанына риза боласыз, Қанеке!» – деді де қонағынан рұқсат сұрады.

«Ысеке, малға әуре болмаңыз. Өйткені жігіттерге «Көп отырмаймын, кешікпей қайтамын» деп кеткен едім. Жақсылап шәй ішсем болды», – деді. Сосын анама қарап: «Ысекеңнің бөрте лағынан гөрі, Жаниша, сенің «ақлағың» тәуірлеу болатын шығар. Сол болса жетеді, көптен бері кездесе қоймағандықтан, сағынған асыма айналды», – деді. Бұл неғылған «ақ лақ» деп отырсам, мұнысы кәдімгі ақ ірімшік екен.

Әкем мен Қаныш аға кездеспегелі ширек ғасыр өткен екен. Балқаймақ қосылған ақ ірімшікті сүйсіне жеген олар қою күрең шайды асықпай іше отырып, көп әңгімелесті.

Балқаймақ қосылған ақ ірімшікті сүйсіне жеген үлкендердің сұхбатын ықыласпен тыңдап отырдым. Бір кезде әңгіме ауаны өткен күндерді еске алуға ойысты.

«Баяғыда Ешкіөлместің басында үйелмелі-сүйелмелі кішкентайлар жүгіріп жүретін еді. Олар ендігі азамат болған шығар? Араларында кен оқуын оқығандары бар ма?» – деген Қаныштың сұрағына жауап қайтармас бұрын әкем терең күрсініп алды.

«Сіздің ондағы көрген балаларыңыз жоқ, олардың бәрі көкке ұшып кеткен, Қанеке!» – деген әкем сөзін жалғамас бұрын мені нұсқап: «Осы жаманымыз туғанда есімін ырымдап Тұрмұхамбет деп қойып едік, өзіміз еркелетіп Тұрхан деп атаймыз, тілегіміз Тәңірге жетті ме екен, қалқиып өсіп келеді. Соған шүкір дейміз. Ізінен ерген іні-қарындастары да бар. Қазіргі көзқуаныштарымыз», – деді де, әкем сәл үнсіз қалды. Сосын олардың екеуара әңгімесі байларды тәркілеу, одан кейінгі алапат аштық, фашизммен соғыс туралы болып кетті.

«Басымыздан не өтпеді, Қанеке! Әлгі балаларды да ашаршылық кезінде сақтай алмай қалдық қой. Аштықтан олар ауруға ұшырады, көрсете қоятын дәрігеріміз бар ма?» – деп әкем әңгімені отбасының ауыртпалықтарына қарай бұра бергенде Қаныш аға сөзді басқа арнаға ауыстырды.

«Заман бірде олай, бірде былай, түсініп те болмайсың. Әйтеуір, алғы күннен үміт үзбегеніміз абзал. «Қай жаманшылық болса да, соңы жақсылыққа ұласады» деуші еді ғой үлкендеріміз. Сол айтпақшы, күннің жаманы да, заманның қаһары да өтер де кетер, ақжарылқап күндерге де көрісерміз», – деген ол өзінің бұрынғыдай Ғылым академиясын басқармайтынын, қазір қайтадан кен барлаумен айналысып жүргенін айтты.

«Бәсе, сондай бір жағымсыз сөзді құлағым шалып қалғаны бар еді», – деген әкем енді қонағының көңілін аулауға кірісті. «Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді?» демеуші ме еді. Бұл да бір заманның қырын қараған сәті болар.Көп ұзамай бәрі орнына келуге тиісті. Әсіресе, өзіңіз тәрізді ғалым адам қазақтың даласында шашылып жатқан жоқ», – деп бір тоқтады. Әкем негізі тік сөйлейтін, ойындағысын іркіп қалмайтын адам еді. «Қанеке, сіздің бойыңыздан өмір

талқысына мойымайтын, қасқайып қарсы тұрар қайсарлықты көремін. Осыдан ширек ғасыр бұрын бір қолды екі ете алмай жүргенде жердің кенін тауып, елдің игілігіне пайдаланудың жолын салдыңыз. Еліміздің бірегей азаматысыз. Мен болсам көптің бірімін. Біз сізді маңдайымыздағы жарық жұлдызға балаймыз. Жұлдыз сөнбеу керек. Ол сөнсе, жұрт жолынан жаңылады», – деген әкемнің сөздеріне қарап, қайран қалдым. Ділмәр сөйлейді екен, тереңнен тартып айтады екен! Әкеме сондай риза болып кеттім.

Маған ғана емес, әкейдің сөзі Қаныш ағаға да ұнап қалды-ау деймін: «Жә, жарар! Бәріне төреші де, емші де – Уақыт. Сол уақытпен бірге алға жылжи білуіміз керек», – деген Қаныш аға Ұлытау төңірегінің тұнып тұрған қазба байлық екендігін нақтылап айта бастады.

«Осы сіздер отырған осы жерден ертедегі адамдар, яғни, біздің бабаларымыз мыс өндірген. Арғанатыдағы Мық деген жерде қорғасынның мол қоры бұғып жатыр. Кешегі күндері өзіңізге құтты қоныс болған Ешкіөлместің қойны таскөмірге толы», – деді ол. Мұны естіп отырған әкемнің аузы ашылып қалыпты.

«Құдай-ау, соншама байлықтың бар екенін қайдан білдіңіз? Ғылым деген осы екен-ау! Әйтпесе, біз осы жерде бағзы заманда мыс өндірді дегенді ойладық па десеңізші! Жердің астындағыны үстіне шығарып, елдің пайдасына жаратуға өзіңіз бас болмасаңыз, сізден басқа кім бар?» – деген әкем Қаныш ағаның жүзіне сұраулы кейіппен қарады.

«Мынау орыстар «Жалғыз ағаш орман болмайды» десе, біздің қазақтар «Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды» дейді. Сондықтан, бәрін бір адам ғана істейді деуге болмайды. Жезқазған-Ұлытау аймағының қойнауы толы байлық. Бізде бәрі де бар. Соны игеру керек. Біздің жастарымыз заман көшінен қалмай, білім алуға, өндірістің тілін білуге ұмтылса, ұтамыз. Мен осыны жүрген жерімде әрдайым айтып жүрем. Оқуға ынталы бала көрсем, оның кен инженері болғанын қалап тұрамын. Әрине, ғылым тек кен өндірісімен шектелмейді. Мен тек қазіргі кездегі жағдайға байланысты аса зәру мамандықты айтып отырмын. Ертең мына балалар мамандық таңдағанда, келешегін кен өндірісімен байланыстырса, ұтылмайды. Біздің ісімізді осындай жастар жалғамаса, кім жалғайды?!» – деген сөз әкеме қалай әсер еткенін қайдам, өзімнің көкейіме қона кетті. Нақ сол сәтте институтқа оқуға баратындай-ақ, міндетті түрде кен инженерінің оқуына түсемін деген шешімге келдім. Ал мектеп бітіруіме әлі бір жыл бар болатын...

Мектеп бітірген жылы Қарағанды политехникалық институтына түстім. Институттан «инженер-электромеханик» деген мамандық алып шықтым. Мені жолдамамен Жезқазғанға жіберді.

1961 жылы Қаныш ағамен жолымыз қайта түйісіп қалды. Ол кісі бұл жолы Ғылым академиясының президенті ретінде келді. Сонда менің ойыма әкем

екеуінің әңгімелері оралды. Қаныш аға сонда: «Күннің жаманы да, заманның қаһары да өтер де кетер» деп еді-ау... Не деген көреген! Әділетсіздіктер кейін серпіліп, әділет салтанат құрып, Қаныш Имантайұлы Қазақстан Ғылым академиясына екінші мәрте президент болып сайланған еді. Енді, міне, өзінің жанына сондай жақын Жезқазғанның болашағы қандай болмақ? Өндірісті қалай дамытқан тиімді? Осындай және т.б. алуан-алуан түйткілді мәселелерді ғылыми тұрғыдан талқылау үшін Ғылым академиясының көшпелі сессиясын Жезқазғанда өткізуге шешім қабылдапты.

Сессия бірнеше күнге созылды. Қанекеңнің қасына жақындау мүмкін емес. Дегенмен, ретін тауып, сәлем бердім. «Кімсің?» дегенді сұратпай-ақ, «Аға, атым Тұрхан, Ысмағұлдың баласымын. Осындағы шахталардың бірінде «инженер-энергетикпін», – деп өзімді дереу таныстырып өттім.

«Дұрыс екен. Жақсы мамандықты таңдапсың, енді атыңа кір жұқтырып алма. Айтпақшы, әкең бар ма?» – деген Қаныш ағаға әкемнің бар екенін айтып ем: «Тіпті дұрыс екен. Баласының азамат болғанын көрген әке бақытты ғой. Менен сәлем айт», – деді. Бұдан артық әңгімелесуге уақыт та, мүмкіндік те жоқ еді.

Біздің әкей Қаныш Имантайұлынан алты жас үлкен болатын. Бірақ үнемі «Қанекең» деп отыратын. Мен әкейге Қанекеңнің сәлемін зор қуанышпен жеткіздім. Ол кісі менің сөзімді асқан сабырмен тыңдап отырды да: «Енді ол Қанекең ғой, ешқашан жолынан жаңылмайды, ешкімді жадынан да шығармайды», – деп риза болып қалды. Сосын: «Қазақтың маңдайындағы жарық жұлдызы сау-саламат болсын!» – деп бетін сипады.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы небір дүлдүл тұлғалар пікір қалдырды, бағасын берді. Меніңше, солардың арасында Қанекең жөнінде нағыз тап басып, тауып айтқан – менің әкем. Шынында да, Қаныш Сәтбаев – Жарқыраған жарық жұлдыз ғой!

*Жазып алған Ақылбек ШАЙХЫ,*
*«Сарыарқа», 14.01.1998*



Академик Қ. Сәтбаев жұмыс кабинетінде

*«Жеріміздің үсті де, асты да – бай. Менің геолог ретіндегі борышым – жер астындағы қазбаны зерттеп табу, оның қорын анықтау. Ал ғалым ретіндегі міндетім – кен байлықтарын халықтың игілігіне жарату».*

***Қ.И. Сәтбаев***



***Яхия АСАТОВ***

*1939 жылы 3 қаңтарда туған. 1966 жылы Қазақ политехникалық институтын бітірген. Қазіргі «Қазақмыс» корпорациясының құрылымында көптеген жауапты қызметтер атқарды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

# БІЗДІҢ АУЫЛҒА ЖИІ КЕЛЕТІН

Қанекең кен зерттеу ісімен Кішітау өңіріне келе қалса, менің әкем Қасым Асатұлына соқпай кетпейтін еді. Ол кісі келгенде ауыл бір жасап қалатын еді. Өйткені келген сайын қап-қап ас тұзын ала келетін. Бұған, әсіресе, әжелеріміз: «Айналайын-ау, біздің үйде тұздың таусылғанын қайдан ғана біліп қаласың?» – деп жататын. Шамалы қант-шайын шешеме ұсынатын.

Анамыз бұл күні үйдегі бар дәмнің бәрін дастарханға шығаратын. Көршікөлем түгелдей дерлік Қанекеңмен әңгімелесуге жиналатын. Ол кездің әңгімесі де бүгінгіден бөлекшелеу болатын. Әңгіме ұзақ сарынға кетіп, көп тарихтың беттері ашылатын, шежіре айтылып, ел қорғаған батырлар, жыршы-ақындар, хандар мен жоңғарлар, қалмақтар, кәдімгі қазақтар туралы ел мен жердің атаулары, тау-тас, өзен-көл, бұлақтар, Кішітау баурайындағы аң-құстар мен жыландарға шейін әңгіме арқауына айналатын, көне қорғандар, тастағы таңбалы суреттер, балбал тастар, шипалы, ыстық сулар, жауатын қар, жаңбырдың мөлшері де назардан тыс қалмайтын. Өкініштісі сол, біз әңгіменің соңына шейін жете алмай, ұйықтап қалатынбыз.

Қанекеңнің қасында жүргендердің қолында карта болатын. Бірақ онда жер-су атаулары жазылмаған, бос тұратын. Соны біздің үлкендерден сұрап, картаға түсіріп отыратын. «Мынау Кішітаудың Серегі, Тасбұлағы, Әулиетас, Қарасақал

әулиенің бұлағы, Дарағанды өзені, Шығырлы өзенінің бір саласы, мына Асат, Масат, Сәдірдің атамекені, әрірек Саңғырудың асуы, Сандықтас биігі, Шәлтіктің қызыл үйі, Айбас дарасы» деп айтып отырғанда, бір атауын білмейтін жерді үлкендердің бірі: «Итім білсін бе?» – десе, қазақша сөздің мәнін түсіне қоймаған орыс геологтардың бірі «Итімбілсінбе» деп картаға жазып қойыпты. Келесі бір келгендерінде тағы да картаны жайып тастап: «Мынандай жерлер карта түсірілді, енді қалғанын түсіреміз», – дегенде, «Итімбілсінбені» көріп қалған ауылдың адамдары бір күліп алған екен.

Қай жерде қандай аң-құс, жәндік мекендейтінін де жазып жүретін. Бір келгенде Қанекең әкемнен үйдің төріндегі мылтықты көріп қалып: «Аң-құс атасыз ба?» – деп сұрады. Әкем аса аңсақ адам еместігін, дегенмен, ара-тұра үйрек атуға әуестігі барын айтты. «Ендеше, сол үйректердің бөтекелерін бөлек сақтап қойыңызшы және қай жерден қай күні атып алғаныңызды да жазып қойыңыз», – деген Қаныштың өтінішіне әкем: «Қанеке-ау, мен хат танымаймын ғой, қалай жазам?» – деп күлді. «Онда есіңізге мықтап сақтауға ұмтылыңыз», – деді Қанекең. Содан кейін шешем Айсары отағасының атып әкелген үйректердің бөтекелерін әртүрлі шүберекке орап, сақтайтын болды. Қанекең келгенде сол шүберектерді алып келіп көрсетті. Ол кісі әр шүберектегі бөтекені әр табаққа салып, ыстық су құйып ерітіп, ойлана қарап отырды. Әсіресе, қызылала шүберектегі бөтекеге ықыласы қатты ауды.

– Мынаны қайдан, қашан аттыңыз? – деп сұрады әкемнен.

– Қызыл ала сиыр бұзаулағанда, наурыз айында. Бәнипаның қарасуының бойынан атып алғанмын, – деген әкемнің жауабын естір-естіместен:

– Бізді сол жерге қазір апара аласыз ба? – деді де жолға жиналды. Сөйтсек, үйректің бөтекесін еріткен табақтың түбіндегі көзге көрінер-көрінбестей болып жылтыраған нәрселер алтын үгінділері екен ғой.

Қара төбеден қар ерігенде алтын қоспасы төмен қарай таудан қар сумен бірге өзенге келген екен. Кез келген шөптің не судың құрамында бар минералдардың үгінділері бөтекеге барып бұғады екен ғой. Қанекеңнің үйректің бөтекесін жинаттырып қойған себебі сол болып шықты. Міне, осылайша, ешқандай бұрғылау жұмыстарын жүргізбестен-ақ Қанекең Егізтөбе суларында алтын қорының бар екенін анықтады. Не деген керемет әдіс десеңізші!

Әрине, ол кезде баламыз ғой, Қаныш ағамен үлкендер болмаса, біз қайдан әңгіме-дүкен құрайық. Бірақ ол сол ауылдағы бар баланың аты-жөндерін жатқа білетін. Әр келген сайын басымыздан сипап, атымызды айтып тұрып, кәдімгідей жағдайымызды сұрайтын.

Бірде ол кісі: «Шашымды жуып алайын, басыма су құйып жіберші», – деді. Құмғанымды көтеріп барғанымды қайтейін, бойым жетпеді. Содан астыма кішкентай үстел қойып, соған көтеріліп тұрып су құйғаным есімде. Өте ірі, еңселі кісі еді ғой.

Кейін көпке шейін ол кісіні көре алмадым, өзі де бұрынғыдай ауылға соқпайтын болды. «Ол кісі қайда кетті екен?..»

Есейе келе білгенім, Алматыға, Ғылым академиясына қызмет ауыстырып кетіпті ғой. Дегенмен, кейінірек, екі рет ағайынды Өмірхан Байқоңыров пен Жаркен Баймұқановтың үйлерінде қонақта болғанын көрдім. Жезқазған жағына үлкен бір жиын өткізуге келген көрінеді. Сонда Қаныш Имантайұлын Жезқазғанның бүкіл геологтары, соның ішінде Егізек деген кісі бастаған бұрғышылар, М. Бөпежанов, О. Исаев, О. Дүйсенбаев, Т. Сәдуақасов және т.б. басшылар, жас мамандар – бәрі ортаға алып, кереметтей қуанышты болғандарын көзім көрді.

Кейіннен ол кісіні 1964 жылы Ғылым академиясының екінші қабатында табытта жатқан жерінде соңғы рет көрдім. Жерлеу рәсіміндегі қаралы шеруге, митингке қатыстым.

Ол кезде студент болатынмын. Ақпанның алғашқы күндері болса да, күн көктемдегідей жылы болатын, ептеп қар жауып тұрды.Ұлы ғалымды жерлеу рәсімі жоғарғы деңгейде өтті. Қанекеңнің денесі алғашында Қазақ КСР Ғылым академиясы ғимаратына қойылып еді, халықтың көптігінен таршылық етті. Сөйтіп, қоштасу рәсімі кейіннен Абай атындағы опера және балет театрында жалғасты. Қаралы шеруді өткізу үшін Алматының көптеген көшелері жабылды. Жиналған халықта қисап болмады. Елімізден, шетелдерден келген делегациялардың арасында ұлы ғалымдар, академиктер, өкімет басшылары болды. Абай театрынан шыққан қаралы шеру Алматының қазіргі Райымбек даңғылының бойындағы қорымға шейін жаяу жүріп өтті. Қорым басында қаралы митинг болды. Жиналған жұрттың арасынан өзімнің жезқазғандық жерлестерімнің көп екендігі байқалды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты соңғы сапарға шығарып салғандағы халықтың сүйіспеншілігі, құрметі керемет еді. Сол құрмет, сүйіспеншілік арта түспесе еш кеміген жоқ.

*2019 жыл*



*Ғалым академиктер Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Иван Павлович Бардин жұмыскерлермен әңгімелесуде*

*«Ғалымға азық берер қайнар көзі кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады».*

***Қ.И. Сәтбаев***



***Асер ИМАНГАЛИЕВ***
*(05.5.1929 -23.05.2015)*

*Горный инженер, академик Академии минеральных ресурсов РК, заслуженный изобретатель и рационализатор РК, доктор технических наук, профессор, лауреат премии Кабинета Министров Казахстана в области науки и техники, лауреат премии им. академика К.И. Сатпаева. Почётный гражданин г. Сатпаева.*

# С ЛЕГКОЙ РУКИ АКАДЕМИКА

В 1957 году после окончания Новочеркасского политехнического института я приехал в Жезказган. Вызов мне прислал Мухит Кульжанович Бупежанов – директор Жезказганского рудоуправления. Он потом стал первым заместителем председателя Южно-Казахстанского совнархоза, первым заместителем министра цветной металлургии КазССР, Героем Социалистического Труда, лауреатам Госпремии СССР.

Я счастлив тем, что приехал в Жезказган и стал первым начальником участка новой техники на шахте №51 и принимал участие в освоении самоходного оборудования. И в течение более 40 лет занимаюсь исследованиями работы самоходных машин и вопросами развитие научно-технического прогресса на рудниках. А с Сатпаевым я встретился вот при каких обстоятельствах. Каныш Имантаевич, проявлявший постоянную заботу о своем детище – Джезказгане, прекрасно понимал, что для решения проблем этого региона необходимо объединение усилий производственных предпрятий научных и проектных учреждений, министерств, партийных и правительственных органов не только Казахской ССР, но и всего Советского Союза, всей тогдашней мощи страны. Вот чем, по моему мнению, объясняется подготовка и проведение за короткое

время (в течение трех лет) двух объединенных выездных сессий. В конце ноября 1958 года сессия в г. Караганде была посвящена проблемам развития производственных сил в Центральном Казахстане и комплексного освоения его огромных природных ресурсов (Карагандинского угольного бассейна и Джезказганского меднорудного района). Другая сессия состоялась в конце марта 1961 года в пос. Джезказган по проблемам развития производительных сил Джезказганского промышленного района (Большого Джезказгана).

До начала пленарного заседания сессии в Джезказгане Каныш Имантаевич спустился в шахту №51 с целью ознакомления с работой самоходного оборудования. В то время на этой шахте впервые в Джезказгане был организован участок по испытанию и внедрению полного комплекса самоходных машин на процессах бурения, заряжения шпуров, погрузки и доставки руды, осмотра и оборки кровли. Я, как начальник этого участка, в течение часа слушал советы и наставления Каныша Имантаевича,отвечал на его вопросы. Он интересовался работой каждой машины и ее назначением, осматривал очистные забои, обращал внимание нарудные целики, оставляемые в потерях. Академик особо подчеркивал необходимость обеспечения полноты извлечения запасов, бережного отношения к природным ресурсам и создания безопасных условий труда. Встреча с Канышем Имантаевичем в шахте и на заседаниях сессии, его наставления сыграли решающую роль в дальнейшей моей деятельности. И вот, как говорится, с легкой руки академика уже более сорока лет постоянно занимаюсь исследованиями проблем и созданием более совершенных научно-технических решений по разработке Жезказганского месторождения. В круг моих интересов входил и входит комплекс вопросов технологии очистной выемки, определения параметров отработки и ее конструктивных элементов и т.д.

Каныш Имантаевич Сатпаев для осуществления выдвинутой им идеи о создании Большого Жезказгана использовал всю свою неутомимую энергию и волю. Он пешком, на лошадях, автомашине, по бездорожью в зимнюю стужу и летнюю жару исколесил обширный Улытауско-Жезказганский район и расширил объемы геологоразведочных работ. При неоднократных отказах в финансировании Главцветметом обращался во все инстанции в Москве и упорно добивался выделения средств на продолжение работ.

Широки просторы Казахстана: от Волги до Алтая, от южных гор до Урала и Сибири. Человеком широкой души являлся Каныш Имантаевич Сатпаев. Наряду с высокой эрудицией его отличали необыкновенное обаяние, скромность и чуткость. Несмотря на чрезмерную занятость, Каныш Имантаевич всегда поддерживал добрыми пожеланиями, советами и делом обратившихся к нему людей.

Поэтому его имя с любовью вспоминают тысячи...

Вот таким предстает пред нами образ этого великого человека, который, благодаря своим личным качествам, преодолел неимомерные трудности и препятствия, но сумел достичь самых величайших вершин в жизни: открыл и создал Большой Жезказган, организовал национальную Академию наук, внес крупнейший вклад в мировую геологию. Память о нем сохраняем с благодарностью...

*Записал Эдиге Сапаков,*
*«Подробности», 02.04.1999 год*



*С группой ученых*

*«...Нельзя назвать ни одного значительного начинания в Казахстане в области науки и высшего образования, в котором Сатпаев не принимал бы активного участия. При этом Каныш Имантаевич не был кабинетным ученым: главным он считал постоянную связь науки с практикой и учет нужд промышленности. В науке он видел мощный источник развития производительных сил страны».*

***Николай Васильевич Мельников,***
*академик АН СССР, Герой Социалистического Труда*



***Зейнеп ӘБІЛБЕКОВА***

*1937 жылы туған. 1957 жылдан құрметті демалысқа шыққанға дейін Жезказған кен-металлургия комбинатына қарасты №№42, 55, 57, 15 шахталарында кен көтеру қондырғысының машинисі болып еңбек етті. Халық депутаттары Сәтбаев қалалық және Жезқазған облыстық Кеңестерінің депутаттығына сайланды. КОКП XXVI сьезінің делегаты болды. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

# ҚАНЫШ АҒАДАН КЕЛГЕН ХАТ

«Байман ұста Алтаяқұлына!

Құрметті Байеке!

Сіздің Аманкелді батырдың өзі және сарбаздары ұстаған каруларының түпнұсқасын жаңадан жасап жібергеніңізге Қазақ ССР Ғылым академиясы зор алғыс айтады. Бұл қару-жарақтар белгілі бір дәуірдегі қазақ халқының жауынгерлік мәдениет үлгісін бейнелейді. Мұның қазіргі, Ұлы Отан соғысы кезіндегі маңызы да үлкен. Осы іске Сіз бұдан былай да атсалысады деп сенеміз. Академия Сізбен байланыс жасап тұрады.

Сәлеммен Қ.И.Сәтбаев».

1944 жылдың 28 маусымында жазылған бұл хаттың мәтінінен-ақ хат жолданған адамның қатардағы көп ұсталардың бірі емес, Аманкелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан сарбаздардың каруларын жасауға атсалысқан ұста болғандығы анық аңғарылады. Және бір атап өтерлігі, ол сол сарбаздар қолданған карулардың түпнұсқасын қайта жасап, Қазақстанның Ғылым академиясына өткізген. Ұстаның қолынан шыққан дүниелердің көңілінен шыққаны соншалық, Қаныш аға ризашылығын осылайша хатпен



Аманкелді Иманов сарбаздарының бірі – ұста Байман Алтаяқов

жеткізген. Бұл хат 1998 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан «Академик К.И. Сатпаев. Из писем и заметок» деп аталатын жинақта жарық көрген. Жазушы Медеу Сәрсеке 1950 жылғы 25 наурызда Қаныш Имантайұлының сол кездегі республика Әлеуметтік қамсыздандыру министріне «қарт жұмыскер, азаттық жолындағы күрескер Б. Алтаяқұлына тиісті деңгейде зейнетақы тағайындау туралы» өтініш білдірген хат жолдағанын да айтады. Өкінішке орай, бұл хаттың мәтіні қолға ілігe қоймағанмен, мұндай хаттың жазылуына Байман ұстаның зейнетақы туралы Қанекеңе айтқан ауызша немесе жазбаша өтініші негіз болған деп топшылауға болады. Өйткені КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты ретінде Қаныш Имантайұлына сайлаушылар тарапынан өте көптеген өтініштер түсіп жататын болған. Ал Қанекең сол өтініштердің ешқайсысын да аяқсыз қалдырмағанға ұқсайды.

Ұлы ғалымның ілтипатына бөленген Байман Алтаяқұлы кім болған? Ол ұсталықты кімнен үйренді екен? Аманкелді батырдың әскеріне қалай қосылып жүр? Осындай сұрақтардың туындауы заңды ғой. Ендеше, айтайын...

Бұл – менің нағашы атам, яғни анам Ақжібектің әкесі Байман Алтаяқұлы. Мен өзім сол кісінің қолында тәрбиеленіп, өстім. Мен ол кісіні «көке» деп атайтын едім.

Көкем ұсталықты ешкімнен үйренбегенін айтатын. «Бұл – маған Тәңірдің берген сыйы», – деп отыратын. Бала кезінен бастап қолының әлденеге икемі бары байқалыпты. «Шиден, қамыстан, талдың шыбықтарынан өріп, тоқып, әртүрлі заттар жасай беретінмін», – деп отыратын жарықтық. Сөйтіп жүргенде ол үлкендерге еріп Ұлытауға, Ақмешіт әулиенің басына тәу етіп, түнеуге барады. Сол жолы адам айтса нанғысыз бір кереметке тап болады.

Қазақта әулиелердің басына түнеу әлімсақтан бар. Әсіресе, бір перзентке зар болып жүретін жандардың әулие кісілердің зираттарының басына барып, мал шалып, түнеп, тілек тілейтіні әлі күнге шейін жалғасып келеді. Көкеммен аталас Әбу деген кісінің де перзенті болмағандықтан, осындай қадамға барады. Әулиенің басына баратын топқа сол кезде он үш, он төртке келіп қалған Байман да қосылады.

Бір жеңгесі мұның шаршағанын байқап, үстіндегі күпісін шешіп беріп: «Мынаны жамылып, сәл көз шырымыңды ал», – деп ұйықтауға кеңес береді.

Ұйықтап жатқанда түс көреді. Бір ақсақалды кісінің алдына барып, етегін жайып тұр екен, әлгі адам алғашында етегіне етік, содан соң бір қысқаш пен балға тастайды. Ауылға қайтып келгенде әкесі: «Неғылдың, түс көрдің бе?»– деп сұрағанда сол көрген түсін айтып беріпті. Сонда әкесі көкеме: «Балам, алдымен етікші, кейін ұста болады екенсің», – деген екен.

Шынында да, Байман көп кешікпей ауыл-үйдің арасында танымал етікшіге айналады. Сөйтіп жүріп, бірте-бірте білезік, сақина, балдақ және т.б. зергерлік бұйымдар жасап та көзге түседі. Содан бірде ол, нағашылары да сол жақта тұрғандықтан ба екен, Қостанай жағында өтетін бір жәрмеңкеге барады.

Жәрмеңкеге барғанда Байманның қолынан келмейтіні жоқтығын көзі шалып қалған бір орыс кісісі оған: «Сен менің әйелімнің сүт машинасын көріп берші», – дейді. Байман «сеператордың» иненің көзіндей тесіліп қалған тұсын тауып, жөндеп береді.

«Мұны көрген орыстың әйелі «Молодец, сынок, молодец!» деп арқамнан қағып қалғанда, жотам мұздап сала берді. Тіпті, бір қазан сүтті ысытып, соған шомылдырып та ем жасап көрдім. Бірақ бәрібір жазылмадым», – деп отыратын.

Көкем содан жазылмаған қалпы, ақыры құныс болып қалады. «Көз тигенде де қатты тиген екен», – депті кейін қаралған емшілердің бірі.

Көкем сол жолы өзінің атамекен, туып-өскен жері Ұлытауға оралмай, нағашы жағында қалып қояды, сонда жүріп Әлиман есімді қызға үйленеді.

Патшаның атақты «Июнь жарлығы» шыққанда Байманның жасы 50-ге тақап қалған кезі болса керек. Бірақ, соған қарамастан, қолы ұзындардың бірі оны өз баласының атынан әскерге жібермекші болғанға да ұқсайды. Жезқазғандық өлкетанушы, марқұм Сүтемген Бүкіровтің көкем туралы жазған «Аманкелдінің ұстасы» дейтін мақаласы бар. Осы мақалада көкем көтерілісшілер қатарына қалай қосылғаны туралы нақты айтып өтеді.

«1916 жылдың «Июнь жарлығы» келді. Патша өкіметі 19 бен 31 жас аралығындағы қазақтарды майданға жіберетін болды. Жібергенде, әскер етіп, қару-жарақ асындырса бірсәрі, қару-жарақ беруге сенбеді, қара жұмысқа айдады. Бұдан өткен қорлық бола ма? Мен болсам, жасымның келген-келмегеніне қарамай, «Алтаяқов» деген фамилияны тастауым керек те, үстемдігі жүріп тұрған бай ұлдарының бірінің фамилиясын алып, майданға кетуім керек. Бұған қалай шыдарсың? Сондай күндерде Сарғалдақ руының жігіті Жылқайдардың Иманжаны «Бұл қорлыққа көнгенше, Аманкелдіге қосыл» деп кеңес берді», – деп жазады Сүтемген аға.

Көкем Аманкелді әскеріне ең алғашқылардың бірі болып, яғни, 1916 жылдың шілде айында барып қосылады. Ұсталардың бастығы ауызекі тілде Бекет аталып кеткен, бесатар жасаудың шебері Бектепберген деген ұста бо-

лады. Байман көкем найза, қылыш, сүңгі, айбалта тәрізді қару-жарақты өте шебер жасайды екен. Ол осында жүріп, Аманкелді Иманов қана емес, атақты революционер Әліби Жангелдинмен де кездеседі.

Алғашқы ұрыстан соң, Аманкелді ұсталарды жинап алып: «Сендердің жасаған каруларың сынақтан сәтті өтті. Осылай жалғастыра түсіңдер, жетілдіре беріңдер», – дейді. Бас сардардың сөзінен қанаттанған ұсталар орыстың әскерінен тартып алынған пулеметтің нобайымен енді өздері де пулемет құя бастайды.

Көкемдердің Қарсақбай жаққа көшіп келуі ашаршылық тұсында болса керек. Өйткені сөз арасында: «Елді аштық алқымнан алып бара жатқанда Қарсақбайдағы зауытты паналап келдік», – деп отыратын.

Қанша дегенмен, темірден түйін түйген адам далада қала ма? Көкем зауытқа жұмысқа тұрып, бір жағы, қолынан келетін өнерін де жалғастырып, әйтеуір, өзінің ортасында абыройы жоғары болады. Бұл уақытта Қаныш Имантайұлымен жақын араласады.

Кешегі уақытта Аманкелді батырға қару-жарақ соғумен айналысқан ұста көкем енді бейбіт уақытта қыз-келіншектерге сырға, білезік, жүзік және т.б. бұйымдар, ерлерге шақша, таяқ жасап беретін болған. Және ол әрбір затын өте бір әдемілікпен және шеберлікпен жасаған. Мысалы, қолға ұстап жүретін таяқтың өн бойына әлдебір түймелер орнатқан. Солардың бірін басып қалсаңыз тісшұқығыш, енді бірінен тарақ, т.б. адамның тұтынуына керекті заттар шыға келеді екен.

Қаныш Имантайұлының насыбай ататынын біліп, арнайы шақша істеп берген. Сол шақшаны Қаныш аға, тіпті, Англияға барғанда да өзімен бірге ұстап жүріпті. Шақшаның әдемілігі сондай, оны ағылшындарға көрсетіп мақтанған да екен.

Сүйектен жасалған шақшаның жиегін түрлі тастармен әшекейлеп, бір бетіне айна орнатып, әбден көздің жауын алардай етіп жасаған ғой. Мұны көрген ағылшындар: «Сіздің елде мұндай шеберлерді қайда оқытады?» – деп сұрапты. «Сонда мен сіздің оқымағаныңызды айтып, ағылшындарды сендіре алмадым», – деген екен Қаныш аға кейін көкеме кездескенде. Көкем бұл әңгімені бізге үлкен мақтанышпен айтып отыратын.

Ұлт-азаттық көтерілістің 30 жылдығы қарсаңында Аманкелді әскерінің пайдаланған қару-жарақтарын қалпына келтіру туралы арнайы іссапармен ғалым Әлкей Марғұлан Қарсақбайға келіп, көкеме қолқа салады. Содан көкем қару-жарақтарды жасап береді. Кейін көкемнің қолынан шыққан дүниелер Қазақстанның Орталық музейіне қойылыпты, тек ол кісінің есімі көрсетілмей, тек «Аманкелді Иманов әскерінің қолданған қару-жарақтары» деп қана жазылыпты.

Қаныш Имантайұлының ризашылыққа толы хаты соған байланысты жазылған. Кейін Қаныш Сәтбаев көкемнің мүгедектігін ескеріп, оның жүріп-тұруына жеңіл болуы үшін «мотоарба» алуына да қамқорлық танытып, ықпал жасайды.

Көкемнің аты-жөні «Қаныш Сәтбаев» энциклопедиясында бар. Бірақ «туған-өлген жылдары белгісіз» деп жазылыпты. Ал қазақы жыл қайыру арқылы есептеп, ол кісі өзінің туған жылын 1870 жыл деп санайтын еді. Ал өмірден озған уақыты – 1958 жыл.

Ол кісінің 13 перзенті болған, бірақ көпшілігі жастай шетінеген. Құсайын деген баласы 21 жасында көкпар тартып жүргенде мерт болған. Ұлдан қалған жалғызы Базарбай 17 жасында соғысқа сұранып, содан елге оралмады, оған топырақ Ресейдің Смоленск облысынан бұйырыпты.

Көкем өзі де жақсы адам болды, соған орай жүрген ортасы да өңкей жақсылар еді. Қазіргі атақты академик Төрегелдінің әкесі Шарман, ел «Соқыр ақын» деп атаған Нияз ақын, Жылқайдардың Иманжаны, Тынымбайдың Тұрсыны және т.б. талай-талай жайсаңдар көкемнің дос-жар адамдары еді. Әрине, көкем араласқан жақсы-жайсаңдардың арасында Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың орны ерекше болғандығына еш талас болмаса керек.

*2019 жыл*



*Кеңес Одағының басшысы Никита Сергеевич Хрущевті Ғылым академиясында қарсы алу*

*«Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен қарасаңыз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер».*

***Қ.И. Сәтбаев***



***Шабал БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ***

*1937 жылы туған. 1959 жылы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Көп жылдар мектепте ұстаз болды. Сәтбаев қаласындағы №№10,27 мектептерге басшылық етті. Қазақ КСР оқу ісінің озаты. ҚР еңбек сіңірген қызметкері. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

# ҮШ КЕЗДЕСУ

Адам өмірінде есте қалар, ұмытылмас кезеңдер көп қой. Аса көрнекті қазақ геологі, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері Қаныш ағамен үш рет кездесуімді өмірімнің ұмытылмас сәттері деп білемін.

1950 жылдың жаз айы болатын. Менің он үш жасар кезім еді. 7-сыныпта оқитынмын. «Біздің ауылға Қаныш Сәтбаев келе жатыр» деген хабарды естігенде елдің үлкен-кішісі бірдей қуандық. Өйткені ол кісінің даңқы жер жарып тұрған, бірақ өзін көрген емес едік.

Біз жаз шыға ауылдың шаруасына көмектесетінбз, сол күні де кесек құйып жатқанбыз. «Қаныш аға келе жатыр» деген соң басшылар бізді үйімізге: «Жуынып-шайынып келіңдер», – деп босатып жіберді.

Ағаны ауылдың маңындағы әдемі бір алаңқайда киіз үйде қарсы алатын болдық. Табиғаттың кереметтігіне дауа бар ма, әлгі алаңқайдың өзі де киіз үй тәріздес дөңгелек, көкорай, көкмайсасы қаулап, құлпырып тұрған, гүлге көміліп жатқан шағы еді. Сол күнгі көрініс те көз алдымнан кетпейді. Ауыл комсомолдарының жетекшісі Сұлтания Махатов бастаған үлкен-кішінің бірі жерошақ қазып, бірі қазан асып, бірі бауырсақ, құймақ пісіріп дегендей, асқан ұйымшылдықпен дайындалып жатты. Елдің, ауылдың берек-бірлігі туралы әңгіме қозғала қалса, сол бір көріністер есіме оралады.

Қаныш аға ауылдың ақсақалдарынан бастап кішкентай балаларымен де қол беріп амандасып, сағына қауышты. Сол сәтте мен «Қандай қарапайым, кішіпейіл жан еді!» деп ойландым. 4-5 жасар балалардың да беттерінен сүйіп, кәрі-жас деп ешкімді алалаған жоқ. Кісілігінен кішілігі айқын байқалып тұрған азаматтың жылы жүзінен жан дүниесінің кеңдігін аңғардым. Жып-жылы алақанынан жан жылуы мен мейірімділіктің лебі ескендей. Сонда ағаның халқымен қауышып тұрып: «Мен бүгін Сарыарқаның кіндігіне, Отаныма келдім», – деген толғаныстан туған сөзі есімде қалды.

Қаныш ағамен кездесуге ауылдың тайлы-тұяғы қалмай жиналды. Шеңберленген жер бейне бір дала сахнасына ұқсап кетті.

Қаныш аға кештетіп келген еді, мотор арқылы жанған электр жарығы айналаны жарқыратып тастады. Бұйра шашты, ақсары жүзді, қарыс маңдайы жарқырап, аялы жүзінен мейірім шуағы төгілген асыл ағамыз ауыл ақсақалдарымен тұщымды әңгіме-дүкен құрып отырды. Тоқсейіт деген директор ағамыз жас мұғалімдер мен балаларды ұйымдастырып, шағын концерт қойып берді.

Ауыл адамдарының бірі: «Енді Шабалдың әнін тыңдайық», – деген сәтте, алғашында қобалжысам да, жүрегімді тоқтатып, «Баянауыл» әнін бастадым. Одан кейін ғалым ағаның өтінішімен «Көкшетау», «Майра», «Домбыра», «Гәкку» әндерін орындадым. Әнім ұнаған болу керек, ә дегеннен-ақ Қаныш аға: «Жарайсың, қызым! Талабың таудай екен, әнің тамаша», – деп қошемет көрсетіп, ақ тілегін айтты.

Таң атқанша ән шырқалып, әңгіме-сұхбат құрылды. Қаныш ағаның әсерлі әңгімесі ешкімді жалықтырар емес. «Көптен ішім түйіліп жүр еді, шерімді тарқатып, мауқымды бастым-ау» деген сөзі де жадымда. Өз кезегінде ғалым ағамыз домбыра тартып, әуелетіп ән шырқады.

Ауыл ақсақалы Ермекбай Махатовпен Қаныш аға бұрын сыйласып жүрсе керек. Оны жан жолдасы ретінде бағалайды екен. Түнде отырғандардан ол кісі жайлы сұрастырып, қайтыс болғанын естіген-ді. Таңертең ауылдың ақсақалдарын ертіп алып, сол кісінің бейітінің басына барып, құран оқып, қол жайып қайтты. Біз таңғалдық. Өйткені ол кезде мұндай көзі ашық оқыған азаматтар бейітке құран оқымақ түгілі, діни нанымдарға теріс көзқараспен қарайтын. Халық Қаныш ағаның мұнысын көріп, риза болып қалды. Кезінде Ермекбай ақсақалға ғалым аға алтын жалатқан шақшасын сыйлаған екен.

Сол күні ағамыз ауыл-аймақты аралап, серуен жасады. Әкем Бейсенбек Тастайұлы ауылдың дүкенінде жұмыс істейтін. Қолым боста мен әкеме сауда жасауға қолғабыс тигізетінмін. Ол кісі әкемнің шағын дүкенін аралап көріп: «Ә, кешегі әнші қызым, әкеңе көмектесіп тұрсың ба? Ақшаның қадір-қасиетін білу үшін саудаға араласқаның да құптарлық іс», – деп ризашылық білдірді.

Ауыл тұрғындары Қаныш ағаны сый-сияпатпен қошеметтеп, қимай шығарып салды...

1954 жылы Алматыға оқуға барғанымда Қаныш ағамен екінші рет кездесудің сәті түсті. Арман арқалап барғанда жолымыз болып, құрбым Нағи Берденова екеуміз ҚазПИ-ге оқуға түстік. Маған жатақханадан орын тиіп, ал Нағиға орын болмай қалды. Амал жоқ, құрбым екеуміз бір кереуетте 3 ай бірге жаттық. Ол мұндай қиындыққа шыдай алмай оқуды тастап, ауылға қайтқысы келді. Осындай қиналып жүрген кезімізде ойыма Қаныш аға түсе кетті. «Неге барып жағдайымызды айтпасқа?» деген шешіммен, нар тәуекел деп, Ғылым академиясына Қаныш ағаны іздеп бардым. Кіреберістегі хатшыға келген шаруамды айтып, кіруге рұқсат алдым. Кабинеттің есігін қағып, кіріп бардым. Әке-шешемнің маңдайдағы ұлы да, қызы да өзім болып, бетімнен ешкім қақпай, өжет, батыл болғанымның пайдасын көп жерде көрдім. Стол үстіндегі алуан түрлі тастарды қарап, ойланып отырған ғалым аға мені көріп күлімсірей амандасты.

– Сен Ұлытаудың қызы емессің бе? – деді ол кісі мені көре салысымен. Қалай ұмытпағанына таңғалдым. Бірақ ішімнен қуанып кеттім.

– Иә, Сіздің жаныңызда отырып таң атқанша ән салған дүкенші Бейсенбектің қызымын ғой, – дедім дереу.

– Қалқам, кел отыр, – деді ғалым аға. Сосын ауыл-елдің амандығын білген соң, қандай шаруамен келгенімді сұрады. Мен де көңілім орнына түскендей, келген шаруамды, жатақхана мәселесінің құрбы қызымды қинап тұрғанын айттым. Мәселенің анық-қанығын біліп алған Қаныш аға институтымыздың ректоры Мәлік Ғабдуллинге телефон шалды.

– Мәке, үйіші аман ба? Маған Ұлытаудан төркіндерім келіп қалыпты. Шабал деген әнші қызымыздың құрбысына жатақхана керек екен, соған сенің қамқорлығың керек. Шабал қызымызды көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыстырып, талантын ұштауға да көмек бер, – деді. Телефонмен сөйлесіп болған соң Нағи екеумізге әкелік, ағалық ақыл-кеңес берді.

– Қарақтарым, сендер ауылдан білім іздеп келдіңдер. Алды-арттарыңа қарап, абайлап жүріңдер. Алданып қалмаңдар. Алматыда сұлу жігіттер көп, – деп сәл күлімсіреді де, – олар ауылдан келген қыздарды алдап қолға түсіргілері келеді. Ондайлардан бойларыңды аулақ ұстаңдар. Терең білім алыңдар, ата-аналарыңның аттарына кір келтірмеңдер. Ұлытаудың қыздарысыңдар, ұлылық қасиетті биік ұстаңдар! – деді.

Нағи екеуміз жұбымызды жазбай институтқа барып, ректор Мәлік Ғабдуллинге жолықтық. Алдында ғана Қаныш ағадан біздің баратынымызды біліп отырған ректор жылы шыраймен қарсы алды. Ол кісі ақжарқын, ойыншыл кісі еді.

– Ал, Шабал қайсысың боласың? Маған ән айтып бер. Жатақхана мәселесін сосын шешерміз, – деді. Мен ректордың алдында «Қарқаралы», «Көкшетау» әндерін орындадым. Ол кісі тыңдап болып:

– Дауысың жақсы екен, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыс, – деп ұсыныс айтты. Сонымен, Мәлік аға комендантқа айтып, Нағиға жеке жататын орын алып берді.

Бес жыл студенттік өмірді бірге өткізген Нағи құрбым қазір Көкшетауда тұрады. Ол да 30 жылдан астам уақыт мұғалім болып, қазір құрметті еңбек демалысында жүр. Хабарласып тұрамыз...

Қаныш ағамен үшінші рет 2-курста оқып жүргенде кездестім. Жатақхананың артындағы көгалға жайғасып, Нағи екеуіміз емтиханға дайындалып отыр едік. Таңғы сегіздің кезі болатын. «Сәлем, қыздарым!» – деген дауысқа селт етіп қарап қалсақ, Қаныш ағамыз қолын шекесіне қойып, бізге жымиып қарап тұр.

– Мақұл, дұрыс көрініс. Талаптанғандарыңа ризамын. Терең оқу керек, – деді ол кісі. Сөйтсек, ол кісі күйеу баласының үйіне кетіп бара жатып, бізді көріп, арнайы бұрылған екен.

1961 жылы Жезқазған поселкесінде Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының көшпелі сессиясы өтті. Сол сессияда Қаныш Сәтбаев Жезқазған аймағының өндіріс күштерінің даму мәселесі жөнінде баяндама жасады. Мен ол кездері институтты бітіріп, №7 орта мектепке мұғалім болып келген едім. Сол тұста «Жезқазған жұмысшысы» газетіне «Озық ойлы ағаға» деген өлеңім шықты. Қаныш аға телестудияда отырып, газетке шыққан өлеңге көзі түсіп, операторға: «Менің Шабал деген қызым маған арнап өлең шығарған екен. Соны қиып беріңдерші», – депті. Кейін оператор маған телефон шалып: «Қаныш аға сенің өлеңіңе риза болды. Мен газеттен қиып бердім», – деді. Озық ойлы ағамызға арналған өлеңімнің газетке жарық көргеніне қуандым. Қалай болғанда да, ол кісінің маған деген әкелік, ағалық қамқорлығына борыштармын. Жақсылық, қайырымдылық қасиеттері мәңгі жадымда.

*Жазып алған Ләззат ТОРТАЕВА,*
*«Сарыарқа», 13.03.1999*



***Борис ОПЕСКИН***
*(1931-2012)*

*Горняк, писатель. Окончил Казахский политехнический институт. Его трудовой стаж составлял более 40 лет. Автор нескольких книг.*

# КАК ЭТО БЫЛО

В 1950 году, после окончания 10 класса в школе №2 Рудника я пошёл работать в ШСУ, где начальником в то время был Семён Осипович Вепринский. Приняли меня в отдел оборудования товароведом. В 1951 году я решил поступать в Казахский горно-металлургический институт, который находился в Алма-Ате. В июле собрал документы, написал заявление о желании в нём учиться отправил их в институт и жду вызов на экзамены. А вызова нет и нет.

Думаю, что случилось, неужто письмо не дошло. И вдруг получаю ответ из приёмной комиссии, в котором от меня требуют представить подробную биографию, с указанием причины пребывания отца в Джезказгане. Вот те на, такого я не предполагал, показал отцу эту бумажку, а сам уволился поехал в институт, что будет, то будет. За отцом никаких прегрешений ни числилось, человек он был уважаемый в посёлке, небось разберутся. В те годы при поступлении в институт требовалось иметь трудовой стаж, он у меня был. Хоть и небольшой, но был. Приехал в Алма-Ату, пошёл на Ленина, 90 в институт,сдал в приёмную комиссию документы и отправился в общежитие для абитуриентов на улицу Калинина 124. А там большая комната, в ней стоит около двадцати коек, есть свободная, занимай и обосновывайся на период поступления. Так я и сделал. И поехал узнавать расписание экзаменов, аудиторию, где будут проводиться консультации, выяснял, кто будет принимать экзамены. Все боялись письменного экзамена по литературе, сочинения. Наконец приступили

к сдаче экзаменов, все шло пока нормально, правда был конкурс, сейчас не помню, сколько человек на место, но был.

В промежутке между экзаменами мы, абитуриенты, принимали участие в строительстве двух спальных корпусов на территории института, выполняли подсобные работы. Я активно участвовал в этих делах и на меня обратил внимание декан горного факультета Кулибаба Андрей Николаевич, похвалил за работу и сказал:«Нам такие ребята нужны, давайте к нам, на горный факультет». Собственно так потом и произошло, меня зачислили в горняки. Зачисления я ждал с тревогой в душе, я же не представил подробной автобиографии с указанием причин приезда отца в Джезказган. Ну, как бы то ни было, я студент и как мои друзья занимался, ходил на лекции и мечтал о студенческой форме с эполетами. Через месяц, где-то в середине сентября староста группы ГИ-51-3, в которой я числился, говорит мне: «Зайди в деканат, тебя вызывают». Ну, решил я, опять биография. Чего прицепились, ведь отец ничего противозаконного не совершал. Зашёл в деканат, Андрей Николаевич спрашивает, знаком ли я с Сатпаевым. Я говорю, нет, так знаю, что он президент АН КазССР, депутат Верховного Совета СССР от нашего избирательного округа, а так не знаком, и даже не видел его ни разу. «Ну ладно, не видел, так увидишь, он приглашает тебя во вторник к себе. Понял?» Я отвечаю ему «Понял», а в голове ералаш, не могу понять, с какой стороны у президента Академии наук возник ко мне интерес. Что такое мог я совершить? Чего я только не передумал, ну никак, ни с какой стороны к академикам я не был причастен, и зачем вызывает меня наш депутат мне и в голову не приходило. Тем не менее в назначенный срок я сидел в приёмной президента и ждал вызова. Наконец помощник президента говорит мне: «Заходите». Ну я и зашёл, большой кабинет, длинный, уставленный стульями стол заседаний, покрытый зелёным сукном, и во главе его – за письменным рабочим столом сидит большеголовый, крепкий на вид мужчина. Он посмотрел на меня добрым взглядом издалека и говорит: «Подходи ближе, не стесняйся. Ты, Борис Опескин? В институт поступил?» «Поступил», – отвечаю я ему. «А отцу об этом сообщил?» «Да, – говорю, – телеграмму дал». «А на какой факультет пошёл учиться?». Я сказал «на горный». «Ну что же, это хорошо, горняки нужны нашей республике, учись, желаю успеха». Беседа наша была кратковременной, я попрощался и пошёл к двери. Вышел на улицу, иду и думаю, чем вызван этот интерес ко мне, так ничего и не придумал. Ведь этот человек по горло занят своими научными трудами, государственными делами и вдруг находит время для меня,человека, ничем себя не проявившего в жизни. Эта загадка длилась до моего приезда домой, когда я рассказал отцу о моём посещении Президента. Отец показал мне письмо, в котором он обратился к

К.И. Сатпаеву, после запроса секретаря приёмной комиссии о причинах его пребывания в Джезказгане.

Что говорить, дурная слава о Джезказгане, как о каторге, давно разнеслась по белу свету, также как о Соловках, о Норильске, о лесоповалах Сибири. Я сам видел каторжан с белыми номерами на фуфайках, где рядом с номером стояли три буквы КТР, что означало каторжанин. Многие из живших в городе, освободившись из лагеря, жили на поселении. Детей, членов семей репрессированных не принимали на ответственную работу, ограничивали их приём в институты. Бывшим узникам Степлага не разрешался выезд из города, они постоянно отмечались в комендатуре. Под подозрение попал и я, потому что жил в Джезказгане и здесь работал мой отец первостроитель, а в последующем заслуженный строитель Казахской ССР. Большого ума и благородной души был наш Канеке. Он был очень обязательным человеком по отношению к выполнению своих депутатских обязанностей. Он не оставил без внимания письма джезказганского инженера, он не только написал письмо директору институтапо существу вопроса поднятого жителем подопечного ему, как депутату региона,он ещё нашёл время, чтобы убедиться в том, что несправедливость к юноше не допущена, и он может получить высшее образование.

Не знаю, запомнил ли он меня, но в день рождения моего первенца 30 марта 1961 года выездная сессия Академии наук КазССР проходила в Джезказгане.

Я, будучи участником этого события, встретился с Каныш Имантаевичем, напомнил ему о себе и сообщил о рождении первенца.Он поздравил меня с рождением сына, поинтересовался здоровьем отца. Я поблагодарил Канеке за участие в моей судьбе и после обмена добрыми пожеланиями мы расстались. Больше я с ним не встречался.

...Вот так оно было, в те далёкие годы, большие люди, при всей своей занятости, находили время для общения с народом, который доверял им и избирал их на ответственные государственные посты.



*Первые академики и члены-корреспонденты Академии наук КазССР*

*«Каныш Имантаевич лучше других понимал тайны земных недр и заранее знал, как и где найти месторождения. Его предвидения были всегда верны и точны. Мы, производственники, верили его прогнозам и ни разу не обманулись».*

***Ефим Павлович Славский,***
*советский государственный и партийный деятель,*
*трижды Герой Социалистического Труда*



***Абулайс ТҮСІПБЕКҰЛЫ***

*1954 жылы 30 қазанда туған. Көптеген жылдар тау-кен жұмыскері болды. Қазір «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС Ардагерлер кеңесі Сәтбаев филиалының төрағасы.*

# ӘЗІЛІ ДЕ ӘДЕМІ БОЛҒАН

Қаныш Сәтбаевты менің көзім көрген жоқ. Бірақ әкем ол кісімен жақын араласқан, сыйлас, досжар адам болған.

1901 жылы дүниеге келген әкем – қазақ өндірісінің алғашқы қарлығаштарының бірі болған. Ол бүгінде біреу біліп, біреу білмейтін Байқоңыр көмір кенішінде еңбек жолын бастаған. Ол сол кеніште басшылық жасай жүріп, 1937-1938 жылдардың зобалаңын басынан өткерді. Шамасы келгенше қарамағындағыларға қорған бола білді. Кейін ірі өндіріс басшысы болған, Социалистік Еңбек Ері атанған Мұхит Бөпежановқа «үш әріптің» назары ауып, қайта-қайта шақырта бергендіктен, істің түбі жақсылықпен бітпейтінін байқаған әкей оған: «Өз еркіңмен жұмыстан шығып, Мәскеуге кетіп қал», – деген ақыл береді. Сөйтіп, ол жұмыстан шығып, Мәскеуге барып, Қаныш Сәтбаевтың қамқорлығына бөленеді. Мұны Мұхит Құлжанұлы кейін «Жезқазған туы» газетінде зор ризашылық сезіммен жазған да болатын.

Қазақтың ардақты азаматы, айтулы ақын ағамыз Кәкімбек Салықовтың 2001 жылы жарық көрген «Жанымның жақсы көрген адамдары» деп аталатын кітабында «Кейкі тілді батырым» деп аталатын өлеңі бар. Бұл өлең менің әкеме арналған. Дұрыстап айтқанда, өлеңге әкемнің Қаныш Сәтбаевпен кездескен сәті, екеуінің өзара әңгімесі арқау болған. Өлеңнің өзінен бұрын оған негіз болған оқиға туралы айтып өтейін.


Түсіпбек Молақов

Жезді марганец кенішін ұзақ жыл басқарған Әбдірахман Тоқтыбаев деген кісі болды. Ол Қаныш Сәтбаевтың аса қадір тұтқан азаматтарының бірі еді. Қанекең Жезқазған-Ұлытау жағына жолы түссе, Әбекеңе соқпай кетпейтін болған. Қаныш Имантайұлы Ғылым академиясын басқарып, президент болып тұрғанда да елді жиі аралайды екен. Сондай сапардың бірінде Әбдірахман Тоқтыбаевтың үйінде Қаныш ағаға қонақасы беріліп, аймақтың менмін деген азаматтары жиналып, бас қосыпты. «Бір тамаша ғибратты күн болды», – деп еске алатын еді әкем.

Қанышпен бұрыннан да таныстығы бар әкем ол кісімен емін-еркін сөйлесетін болған. Сөздің бір орайында Қанекең: «Жігіттер, өндірістің, шаруаның жайын біршама сөз еттік қой, енді өздерің туралы айтыңдаршы. Отбастарың, бала-шағаларың, тұрмыстарың қалай болып жатыр? Қолдан келсе көмек етейін, қысылмай о жағын да айта отырыңдар», – дейді. Әркім әртүрлі мәселені сөз етеді. Әкей болса: «Қанеке, әзір еш қауіп жоқ, дегенмен, әр нәрсенің алдын алып қойған дұрыс қой, кейін мүйіздеп жүрмесін, қаладағы дөкей досыңызға бізді жақсылап айтып, тапсырып кеткеніңіз дұрыс болар еді. Қазір «тірегі» бардың ғана аты озатын заман болып барады ғой», – деген өтінішін білдіреді. Міне, сол сәтте Қаныш Имантайұлы әкейдің өтінішін әдемі әзілге айналдырып жіберіпті.

«Түсіпбек-ау, менің танитын таныстарымның ішіндегі ең мықтысы – өзіңнің үйіңдегі келін, соған сені анда-мында жібере берме деп тапсырып қояйын», – деген Қаныш Имантайұлының сөзіне жиналғандар: «Онда мұның аяғына шідер түседі ғой», – деп мәз болып күліскен екен.

Әзілдің соңы салмақты сөзге ұласыпты. «Ең мықты – Құдай ғана, Құдайға тапсырамын. Әрине, мамандардың қадірін білу керектігін жергілікті өндіріс басшыларына әрқашан ескертіп отырамын ғой», – деген екен Қанекең.

Кәкімбек ағаның өлеңге айналдырғаны – осы оқиға. Ақын адам аңғарымпаз келеді ғой. Мүмкін, басқалар Қанекең мен әкейдің арасында болған әңгімені сол сәтінде-ақ ұмытып кеткен шығар. Ал Кәкең мұны сол оқиғадан кейін арада көптеген жылдар өткен соң, тіпті бертінде, яғни, 1997 жылы өлең тілімен жазып шыққан ғой. Сол өлең мынау:

*«Мен – Молақов Түсіпбек,*
*Шахтыға бірге түсіп ек.*
*Қарсақбай мен Байқоңыр,*
*Жемісті болып пісіп ек.*

*Жанашыр көмек – тіректен,*
*Қажыр мен қайрат – білектен.*
*Бір қызық заман болды ғой,*
*«Тірегі» барлар ілеккен.*

*Жүрсің ғой, Қаныш, алыста,*
*Мен қалдым таса қалыста.*
*Тапсырып кет досыңды*
*Қалада мықты танысқа».*

*Қанекең сонда: «Менің де*
*Достарым көп қой, сенің де.*
*Ең мықтысы солардың,*
*Тапсырам үйдегі келінге.*

*Жалынсам ақы сұрай ма,*
*Көрейін олай, бұлай да.*
*Дәл одан артық мықты жоқ,*
*Тапсырдым, – деді, – «Құдайға».*

*«Оларға табам бір айла,*
*Екеуін қой былайға.*
*Тапсыр, – деді, – Түсекең, –*
*Қаладағы дөкей «Құдайға».*

*«Алмас тілді батылым,*
*Кейкі тілді батырым,*
*Қай жерге сыйып тұр екен, –*
*Депті ғалым, – ақылың?!»*

Ұлы адамның қарапайымдылығы ақын тілімен қандай әдемі өрнектелген десеңізші!

Қаныш атамыздың Жезқазған кен өндірісінде тамаша ізбасарлары өсіп шықты. Олардың арасында Мұхит Бөпежанов, Ғазиз Омаров, Далабай Ешпанов, Виктор Гурьба, Василий Штифанов, Садық Асатов сынды атпал азаматтар болды. Солардың бірі өзімнің әкем Түсіпбек Молақов болғаны – тек мен үшін емес, барша әулетіміз үшін әрі мақтаныш, әрі мерей.

*2019 жыл*



*Қазақ ғалымдарының ортасында*

*«Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады».*

***Қ.И. Сәтбаев***



***Нығмет ІЛИЯСОВ***

*1932 жылы туған. 1954 жылы Ленинград тау-кен институтын бітірген. Көп жылдар бойы Жезқазған өндірісінің металлургия саласында еңбек етті. ҚазКСР еңбек сіңірген металлургі, КСРО Министрлер Кеңесі сыйлығының лауреаты, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.*

# «ІЗДЕНІСТЕН ЖАЛЫҚПАУ КЕРЕК»

Қаныш ағаның өзінен бұрын, әрине, есіміне қанық болып өстік. Біз ол кісінің көрегендігін: «Қазіргі Жезқазған, Сәтбаев қалалары орналасқан аймаққа келіп, бір қырдың биігінде тұрып, «Кейін осы жерлер қайнаған тіршілік ордасына айналады. Шахталар іске қосылады, жаңадан қалалар бой көтереді» деп айтқанын қасында тұрып естігенде ешқайсымыз сенбейтін едік. Енді, міне, сол өзгерістерді көзіміз көрді» дейтін бізден бұрынғы аға буынның әңгімесі арқылы естіп, білдік. Газет-журналдардан Қаныш Имантайұлының мақалаларын іздеп жүріп оқитынбыз. Ал көзбе-көз, жақын жерден көргенім 1961 жылы Қазақстан Ғылым академиясының көшпелі сессиясының Жезқазғанда өтуі кезінде болды.

Баяндамасын тыңдадық. Сөз деген қандай?! Әрбір сөзі көкейге барып қона қалады, сондай қарапайым түсіндіреді екен. Содан үзіліс кезінде жақынырақ баруға бәріміз де ұмтылдық қой. Қолын алып, сәлем бердік. Мен сонда өзімді ертегілерде, батырлар жырларында сипатталатын алып адамдардың бірінің алдында тұрғандай сезіндім. Саусақтары қандай салалы еді! Сом тұлғасы қандай! Сондай нән кісінің ақыл-ойы – дария, парасат-пайымы биік екенін білгенде, оған деген құрмет пен сүйіспеншілік одан сайын арта түседі екен.

Қанекеңмен кейінірек екінші рет кездесудің тағы бір сәті түсті. Бұл жолғы кездесу өндірістік мәселеге қатысты болды.

Мыс қорыту зауытында бас металлург болып істейтін едім. Жаңылмасам, 1963 жыл болу керек. Зауыт директоры Е.И. Ли, техникалық бөлім бастығы М.И. Филимонов үшеумізді «Комбинат директоры Виктор Васильевич Гурбаға тез келсін» деген хабарды естігенде «Не болып қалды екен?» дейтін екіұшты ойда болдық.

Барсақ, Виктор Васильевичтің кабинетінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаев отыр. Қастарында Андриян Лукьянович Цефт деген кісі бар екен. Біз бұл кісіні де жақсы білетін едік. Өйткені ол да академик болатын. Ал жақынырақ білетініміз, А.Л. Цефт сол кезде кенді бөлшектемей, гидрометаллургиялық әдіспен ерітіп, мыс алуға болады деген ұсыныс енгізіп, соны іске асыру үшін бізге біршама тер төгуге тура келген еді. Егер А.Л. Цефттің ұсынысы нәтижелі болса, кенді байытудың, яғни, байыту фабрикасының түкке де қажеті болмай қалар еді. Сол үшін зауыттың ішіне арнайы тәжірибелік-өндірістік құрылғы орнатып та көрдік. Бірақ идеяның шикілігі ә дегеннен-ақ айқын көрініп тұрды. Тым болмаса, лабораториялық деңгейде зерттеу жасалып, сынақтан өтпеген нәрсе қайдан нәтиже бере қойсын?! Ал академиктің өзі де идеясының жетімсіз тұстарының көп екендігін білетін, байқайтын болу керек, бізге үстін-үстін: «Енді былай жасап көріңдер», – деп қайта-қайта ұсыныстарын өзгерте беретін еді. Сонымен, екі жылдай уақытымыз текке кетіп, ақырында«экспериментті» одан әрі жалғастырудан бас тартқан едік. Біздің мұнымызды ұнатпаған Андриян Лукьянович Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаевқа шағымданған тәрізді.

Қанекең бәрімiздiң пiкiрiмiздi тыңдады. Бір ғажабы, ешқайсымыздың сөзімізді бөлген жоқ. Кейбір басшылар, сөзің ойына қиғаш келіп жатса, орта жолдан бөліп жібереді ғой. Қанекеңе де біздің сөздеріміз ұнай қоймағанын соңынан білдік. Бірақ сабыр сақтап, сөзді бөлей отырғанын асқан мәдениеттіліктің үлгісі деп түсіндік.

А.Л. Цефт, әрине, өзінің ұсынысының дұрыстығын, тиімділігін өзінше дәлелдеп бақты, ал біз болсақ, мұндай идеяны іс жүзінде өндіріске енгізудің ешқандай да мүмкін еместігін айтып, қарсы екенімізді сездірдік. Екі жақты да толық тыңдап болған соң сөзді, әрине, Қаныш аға алды.

Ол ғылымның ешқашанда шығынсыз алға баспайтындығына тоқталды. «Әрбір идеяны ақырына шейін зерттеп, зерделеп, оның тиімді-тиімсіздігіне нақты көз жеткізбейінше, орта жолда тоқтатып тастауға болмайды. Ізденістен жалықпау керек. Әрине, қаржы-қаражатты да, уақытты да ойлау керектігін жақсы түсінемін. Бірақ, идея айтылған соң, қолға алынғаннан кейін соңына шейін сынап көргеніміз жөн», – деген Қанекең бізге сынақты одан әрі жалғастыруға кеңес берді. Сөйтіп, қайтадан жұмысқа кірістік.

Қаныш Имантайұлы сол жолы, біріншіден, А.Л. Цефт әріптесі, академияның академигі болған соң, өзінен көмектесуді өтінген соң, оның көңілін жыққысы келмеді, екіншіден, шынымен де, академик ұсынған әдіс оң нәтижеге жеткізіп қалады-ау деген үміт те болған секілді. Егер ұсынысты өндіріске енгізу мүмкін болғанда, өндірістік шығынды анағұрлым азайтуға қол жеткізуге болатын еді. Академик А.Л. Цефтің көздегені де сол еді ғой. Қаныш ағаның оған, оның идеясына қолдау білдіруін өз басым осылайша түсіндім.

Бірақ, өкініштісі сол, әлгі идея іске аспаған қалпында қалды. Ұсыныстың қаншалықты әдемілігіне қарамастан, оны өндіріске енгізудің мүмкін еместігіне А.Л. Цефтің өзінің де көзі жетті.

*2019 жыл*



*Жас ғалым Қанекеңнің ақыл-кеңесін тыңдап тұр*

*«Әрбір идеяны ақырына шейін зерттеп, зерделеп, оның тиімді-тиімсіздігіне нақты көз жеткізбейінше, орта жолда тоқтатып тастауға болмайды. Ізденістен жалықпау керек. Әрине, қаржы-қаражатты да, уақытты да ойлау керектігін жақсы түсінемін. Бірақ, идея айтылған соң, қолға алынғаннан кейін соңына шейін сынап көргеніміз жөн».*

***Қ.И. Сәтбаев***



***Мақами ЖАПАРОВ***
*(1936-2012)*

*Еңбек жолын Ұлытау ауданындағы Шеңбер ауылының №2 Қорғасын орта мектебінде мұғалім болып бастаған. Жезқазған облыстық білім бөлімі басқармасы бастығының орынбасары, Сәтбаев қалалық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болды.*

# ЖАҚСЫЛЫҚТАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«Қазақ совет энциклопедиясының» 6-кітабын аударыстырып отырып «қорғасын» деген сөзді қарай бастадым. Ол екі мағынада беріліпті. Біріншісі – Менделеев системасының IV тобындағы химиялық элемент, металл. Екіншісі – бұрынғы Жезқазған облысының Ұлытау ауданындағы село. «Арғанаты, Қоянды тауларының баурайында, Қараторғай мен Қоскөл көлінің жағасында орналасқан» деген анықтама беріліпті. Шындығына келсек, Қорғасын Қараторғай өзенінің жоғарғы жақ жағасына орналасқан. Бұрынғы Қорғасын кеніші, бұрынғы «Шеңбер» кеңшарының орталығы – Қоскөлден 45 шақырым. Арғанатыны айтпай-ақ қояйық, ол – Қоянды тауынан табаны күректей 18 шақырым жер! Ал менің ойыма сонау 1958 жыл түсті.

...Студенттердің қысқы каникулы. Аздап демалып әрі қаражаттанып қайтуға «Шеңбер» кеңшарындағы үйіме келдім. Көзді ашып-жұмғанша ағайын-туған, дос-жаран жиналып қалды. «Той жаса балаңа, оқудан келді!» – деп имanды болғыр шешейді ортаға алды. Бір уақытта Оңдыбай деген ағамыз келіп: «Алыстан алты жасар бала келсе, ауылдың алпыстағы шалы сәлем береді» деуші еді атамыз қазақ, шырағым, бала да болсаң, өзіңе сәлем беруге келдім», – деп қауқылдап жатыр.

Қазан асылып, шай қойылды. Сөзден сөз шығып:

– Оңды аға, осы жер қалай Қорғасын аталды? – деп сұрауым мұң екен, әңгіме басталды да кетті.

– Шырағым, бұл жерді бұрынырақта «Дәбей» дейтін. Дәбей деген кісі – қазақ даласындағы ірі байлардың бірі болған. Қызыл кірпіштен соғылған бүрмелі бейіті, әне, ауылдың ортасында тұр, – деп бір тоқтады Оңдекең.

– Мен Дәбейді (Қорғасынды) 1949 жылы бірінші рет көріп едім. Ертеде «Талап», «Желдіадыр», «Қызыл ту» колхозының үш қотан қойын «заготскотке» өткізуге айдап бара жатқанымызда Дәбейдің қызыл бейітінің жанына аялдап, әруаққа құран оқып, өзеннің арғы жағындағы бұлақ басында түстеніп едік. Ол кезде өзен бойы жайқалған қалың тал болатын. Өткелдің екі жағында әрқайсысының ұзындығы 450-500 метрдей қарасу болатын. Есімде, ат үстінде тұрып, су бетінде үйездеп қалған шортанды тұзақпен алғанымыз. Ал бұлақ басында жайқала өсіп, бір-бірімен сыбырласқан балаң теректер көзімізді қызықтыратын. Олардың ортасында «менмұндалап» биіктігі 20-25 метрдей алып бәйтерек тұратын.

Өзен жағасын қаулай өскен қалың шөптің арасынан анау-мынау мал көріне қоймайтын. Қазір мұның бәрі мүшкіл халде. Алып бәйтеректің құр сүлдесі қалған. Баяғы қалың тал селдірсақалданып бітіпті. Бұлақтың суы да жылап ағып жатыр, баяғыдай емес. Ішің удай ашиды...

Шырағым, Қорғасынның Қорғасын атануына өзіміздің Сүйіндік сүйегінен шыққан Қаныш ағаның көп еңбегі сіңді.

Қазан төңкерісіне дейін бұл жерді ағылшындар жергілікті байлардан сатып алып, азын-аулақ қорғасын алыпты. Кейіннен, 1936 жылы Қаныштың басшылығымен жан-жақты барлау жұмыстары жүргізіледі. Осы экспедицияның кызметкерлері мен жұмысшыларының уақытша қонысы ретінде Қорғасын селосының іргесі қаланыпты. Қанышпен бірге жүріп, жол көрсетуші болған Махаттың Ермекбайының айтуынша, осы жерге «Қорғасын» деп ат қойған Қаныштың өзі екен. Экспедиция жұмысына байланысты Қаныш ағамыз Арғанаты, Терісаққан, Балатерісаққан өңірін жаяу аралап шықты деуге де болады. Бір ғажабы, ол кісі осы өңірдің тарихын жергілікті ақсақалдардан да жақсы білетін. Қанышпен төрт-бес мәрте кездесіп, бірге дәмдес болудың да сәті түскен еді. Сол кездесулер туралы айтып берейін, – деген Оңдыбай аға әңгімені тереңдете түсті.

– 1929 жылдың жазында Қаныш біздің ауылға келіп, оқшаулау отырған біздің үйге ат басын тіреді. Бұл жолы Қаныш Атбасардан келе жатыр екен. Жанында үш-төрт жолдасы бар. «Кімсің? Қайдан келесің?» деп сұрағанымыз да жоқ. «Қонақ келді, құт келді!» дейтін ежелгі әдетімізбен жалғыз марқаны алып ұрып, қазанға салдық.

Қаныш Ұлытау өңірінің жер асты байлығы ұрпақтан ұрпаққа жететін мол байлық екенін әңгімелей отырып, «Дәлірек айтсақ, Жезқазған, Жезді (неге екенін білмеймін, біз бұл жерді «Қаратас» дейтінбіз), Қорғасын кен орындары күні ертең-ақ тек Қазақстанды емес, бүкіл Одақтың бетке ұстар мақтанышы болады» дегені әлі есімде.

Бұған кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде көзіміз әбден жетті ғой.

Бұдан кейін қылышын сүйретіп 1937 жыл да жетті. Осындай аласапыран кезде ауылнай мені шақырып алып, үш бұрыштап бүктелген қағазды берді де, «Осы шаруаны Қарсақбайға барып, орындап келесің. Барып қайтуыңа үш күн, үш түн беремін» деді. Оның қандай тапсырма екенін айтқан да жоқ, мен сұраған жоқпын. Бір күн, бір түн өткенде, таң ата Қарсақбайға жетіп, қаланың ортасына бара бергенімде алдымнан бір жігіт шыға келіп, тоқтатты. «Қайдан келе жатырсың? Қандай құжатың бар?» деп тексере бастады. Ол кезде бізде қандай құжат болушы еді? Мені абақтыға жауып тастады. Сол жолы түрмеден Қаныштың көмегінің арқасында босап шықтым.

Осылай барып кел, шауып келмен жүріп, өзімнің ауруға шалдыққанымды да білмей қалыппын. Жөтел, тұмау, жел тиген деп, әне кетеді, міне кетеді деп жүргенде қан құса бастадым. Жағдайдың насырға шапқанын Әйме дейтін ағамыз сезсе керек (Әйме деп отырғаны – Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Біләл деген ақсақалдың әкесі Әмір деген кісі. Ел арасындағы қадірлі адамдардың бірі еді. Үлкені де, кішісі де сол кісінің атын атамай, Әйме деп кеткен – М.Ж.). Мені оңаша шақырып алып, «Бала, науқасың бар. Қазақ мұндайды «жіңішке ауру» дейді. Асқындырып алмай тұрғанда дәрігерге көріну керек. Үмітсіз – шайтан. Алла сәтін салса, айығып кетерсің» деді. Мен үн-түнсіз келістім. Бірақ қай қаланың дәрігеріне барамын? Біз тұрған жеріміз – Қарсақбай мен Атбасардың тең ортасы. Мейрам қажының екі қабат қызыл үйінен Қарсақбай да, Атбасар да 300-350 шақырымдай жерде. Не істерімізді білмей, дағдарып жүргенімізде, ел аралап жүрген бір ағайын «Оңдыбайды дәрігерге апарудың ең оңай жолы – оны Дәбейге жеткізу. Сол жерде кен іздеп жүрген көп адам жатыр. Бастығы – Қаныш. Солар таяуда маусымдық барлау жұмыстарын аяқтап, Қарсақбайға көшеді дегенді естідім. Мәшинесі бар. Қысылып барған адамды жолға тастамас, қол ұшын берер» деді. Жаңағы ағайынның айтуымен «Қоскөлді» басып, араға бір түнеп, Дәбейге келдік. Рас, барлаушылар көшуге дайындалып жатыр екен. Көшті күтіп біздің елден 4-5 адам жатыр. Қанышқа барып, сәлем бердік. Мұқтажымызды айттық.

Қанышпен Қарсақбайға келген соң, ол мені өзі ертіп барып, бір дәрігерге тапсырды. Содан бір жарым, екі айдай емделдім. Қаныш та мені ұмытқан жоқ, келіп тұрды. Менің осы уақытқа шейін жер басып жүргенім – бірінші Құдайдың,

екінші – Қаныштың, үшінші – дәрігердің арқасы, – деген Оңдекең жақсының жақсылығына риза кейіппен иегін бір сипалап қойды.

– Қаныш көмек сұрап барған адамның бетін қайтармаушы еді. Әйме ағайдың үлкен баласы Қарсақбайда интернатта жатып оқитын еді. Оған да көмектескені бар, – деген Оңдыбай аға, – мұның жай-жапсарын өзің біліп аларсың, Жезқазғанда тұратын Сейдіғазымен сөйлесіп көрерсің, – деді де, сөзді әріге созбады.

Жезқазғанға келген соң Сейдіғазы ағайдың үйіне арнайы бардым. Мақсатым – Оңдекең орта жолдан үзіп тастаған әңгімені жалғастыру. Ұлы Қаныш Сәтбаевтың Сейдағаңа тигізген қандай көмегі болды екен? Соны оның өз аузынан есіту.

Үйдегі Төлеукүл жеңгем:

– О, шақырсаң, келтіре алмайтын алтын қайным келіп қалыпты ғой, қазанға ет салайын, – деп ас үйге кіріп кетті.

Сейдағаң менің неге келгенімді білген соң:

– Қанекеңнің жасаған жақсылығын қанша рет айт десең, сонша рет айтуға бармын, – деп әңгімесін бастап кетті.

– Қарсақбайда интернатта жатып оқимыз, оқушымыз. Ала жаздайғы демалыс та бітіп, оқуға баратын да кез келді. Бірақ не сия-қалам, кітап-дәптерім, тіпті, сабаққа киетін жаңа киімім де жоқ. Не істейін? Көмек сұрап Оңдыбай ағаның үйіне бардым. Бірақ, ол кісінің өзінің де қайбір жетісіп отырған жайы бар, көмектесе алмайтынын ашық айтты. Дегенмен, «Қарсақбайға жеткен соң Қаныш ағаның үйіне барып сәлем бер, менің сәлем айтып жатқанымды жеткіз, денсаулығы жақсы деп айтарсың» деген ақыл әрі тапсырма берді.

Әрине, Қаныш ағаға баруға жүрегім дауаламады, қысылдым, ұялдым. Бірақ болмады. Аяғымда тозығы жеткен, маңдайынан таңдайы көрініп тұратын бәтеңке, үстімде алым-жұлымы шыққан кәстөмім бар, Қанекеңнің үйіне кештетіп кіріп бардым.

Мен барғанда Қаныш тамақ ішіп отыр екен. Қолында – газет. Сәлем бердім. Дастархан басына шақырды. Тамақтанып болған соң «Ал, бала, жол болсын. Кімнің баласысың? Шаруаңды айт» деді. «Терісаққаннан Оңдыбай деген ағам сәлем айтып еді, денсаулығы жаман емес, жақсы. Сізге рахметін айтып жатыр. Соны жеткізейін, Сізге сәлем берейін деп келдім, басқа шаруам жоқ» дедім де, орнымнан тұрып, кетуге ыңғайландым. «Шырағым, сәл ғана аялдай тұршы» деп бір бөлмеге кіріп кетті де, бір уыс ақша алып шығып, маған ұсынды. Мен тартыншақтап едім, ерікке қоймай алғызды.

Саған өтірік, маған шын, сол ақшаға мен дүкеннен бір кәстөм-шалбар, бәтеңке, бұларға қоса бір оқу жылына жететін оқулық, қалам-қарындаш, дәптер, тағы басқа керек-жарақ сатып алдым.

Қаныш аға менің тек сәлем беру немесе Оңдекеңнің сәлемін айту үшін ғана бармағанымды айтпай-ақ түсінсе керек. Не деген аңғарымпаздық! – деген Сейдағаң, – сондай ұлы адамдар да өтті-ау бұл дүниеден... – деп сәл мұңайып та қалды.

Қазір арамызда Оңдекең де, Сейдағаң да жоқ. Қаныш ағамыз да бар-жоғы 64 жыл ғана ғұмыр кешті. Бірақ, «Жақсының аты өлмейді» демекші, оның есімі елінің есінде. Халыққа, айналасындағы адамдарға жасаған жақсы істері қалай ұмытылсын? Ұмытылмайды. Жақсы адамның жақсылықтары да ұрпақпен бірге жаңғырып, әрқашан көпшілікке үлгі-өнеге болып қала береді.



*Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – Қарсақбай комбинатының геологиялық-барлау бөлімінің бастығы. 1930 жыл*

*«Қаныш жалғыз жезді зерттеген жоқ, ол Арқаның Жезқазған, Қарсақбай атты атырабында талай да талай басқа қазына да ашты. Сол өлкеден Байқоңырдай, Қияқтыдай көмірді тапты. Еспедей елеусіз жерден есілген тағы талай қазына ошағын тапты. Қалың қатпар қорғасын мен күміс тапты. Болашақтың зауытына керекті қара темір, марганец кенін ашты. Үй, дүкен салар тасты, топырақты заттың асылын, тағы талай бұйым тапты».*

***Мұхтар ӘУЕЗОВ,***
*жазушы, Лениндік сыйлықтың лауреаты*



***Шоқан ОСПАНБЕКОВ***
*(1936-2019)*

*Партия, кеңес органдарында, шаруашылық салаларында басшылық қызметтер атқарған. «Терісаққан басы – Желдіадыр» атты кітап авторы.*

# БАТАСЫ ТИДІ

Соғыс аяқталған жылғы жаздың соңы болатын. Рүстем әкеміз екі дөңгелекті арбаға өгіз жегіп, Ұлытауға жүрмекші. Анам Мария 9 жасар мені екінші өгізді ерттеп, салт мінгізіп Рүстекеңе ертті. Ол кезде ауылда (колхозда) жылқы жоқ. Барлық шаруа өгізді жегіп, салт мініп атқарылатын.

Балатерісаққанның бойындағы жайлаудан шығып, үшінші күні түстен кейін Арғанаты тауларының арасындағы Мықтың адырына келдік. Бұл жердегі адамдар адырды «Мық тауы» деп атайды. Осы тауға жақын жерде кен шахтасы тұр. Онда жұмыс істейтіндердің ішінде Тұңғышбай деген жездеміз де бар. Ол кісі үй ішімен Мыққа көшіп келіп, тау етегіндегі тоғайдың шығыс жағына киіз үй тігіп отыр.

Біз өгізімізді арқандап, осы үйге қонбақшы болдық. Кешке қарай Ұлытау жақтағы қара жолдың бойынан машинаның дауысы естілді. Үйде отырған кісілер сыртқа шыққанда машина таянып келіп тоқтап, ішінен бірнеше адам түсе бастады. Келгендердің ішінде ұзын бойлы, ақсары жүзді, бұйра шашты, түсі жылы кісіге үлкендермен бірге мен де қол ұсынып, сәлем бердім. Ол кісі «Мық» шахтасындағы жұмыс барысын көруге келген Қаныш Имантайұлы Сәтбаев ағамыз екен.

Амандасып болғаннан кейін адамдар киіз үйге кіріп жайғасты. Ауылдың үлкен кісілері Қаныш ағамен әңгімелесіп отырды. Мен есік жақта отырып, үлкен кісілердің әңгімелерін тыңдаумен болдым.

Шай ішкеннен кейін үйдегілер сыртқа шықты. Қаныш аға бастап адырдың үстіндегі шахта шұңқырының қасына тоқтады. Осы жерде тұрып үйдегі әңгімені жалғастырды. Одан есімде қалғаны – Арғанатының шұрайлы жер екендігі. Мұнда бұрын тұрғандар сонау аласапыран жылдары жағдайлары болмай, басқа жаққа ауып кеткені, үй, қоражайларының иесіз қалып, кейіннен өртке шалдыққаны туралы және Ұлытау аймағының кен көзіне бай екендігі. Оны зерттеп, ел игілігіне пайдалану жөнінде жұмыс жүргізіліп жатқандығына тоқталды.

Бір кезде Қанекең кейінірек тұрған маған көзін тоқтатып: «Мына тұрған бала кім, сырттан келген сияқты ғой?» – деп қалды. Көпшіліктің ортасында тұрған Рүстем әкей: «Бұл бала – менімен бірге Ұлытауға бара жатқан азамат. Соғысқа аттанған әкесі Мүсілім қайтып келе жатып, ауырып, ауылға жете алмаған. Қайтыс болып, Ұлытауға жерленген. Әкесінің жатқан жерін көріп, басына белгітас қойып, дұға жасату ойы бар», – деді. Елдің бәрі үнсіз қалды. Аздан кейін Қаныш аға мені өзіне қарай шақырды. Қасына жақындадым. Оң жақ қолымды алып, маңдайымнан сипап, арқамнан қақты. Атымды сұрап:«Оқисың ба?» – деді. Мен атымды айтып, мектепке баруға өткен жылы жағдайдың болмағанын айтып: «Енді барамын», – дедім. Қаныш аға: «Соғыс бітті. Енді жағдай жақсарады. Сен сияқты балалар көп. Оқуларың керек. Өзің адам болайын деп тұрған бала екенсің», – деп сөзін аяқтады. Балалығым болар, көңілім босап, көзіме жас келді. Бірақ онымды үлкендерге білдіртпеуге тырыстым.

Олар әңгімелесе жүріп, орындарынан қозғалды. Қанекең бір топ адаммен «Мықтың» адырының етегіне қарай барды. Жолшыбай беткейде ағып жатқан бұлаққа тоқтап, қолдарын малып, алақандарымен су алып, аузын шайды. Жазықта тұрған адам бейнесін салып қажалған тасты айналып тоқтады. Ол жөнінде де біраз әңгіме айтылды.

Үйге келгенде дәм дайын болып қалған екен. Тамақ ішіп болған соң сыртқа шығып, біраз жүрді. Түннің бір уағында қатарласа салынған төсекке жайғасты. Қаныш ағаның әңгімесі көзі ұйқыға кеткенше жалғасты.

Таңертеңгілік шайдан кейін қоштасып, Қанекеңдер машиналарына мініп, жүріп кетті. Мен машина көрінбей кеткенше арттарынан қарап тұрдым. Сол көрініс өмірімде есімнен кеткен емес. Қаныш ағаның жарқын бейнесі, сөйлеген сөздері, қозғалысы көз алдымда тұрғандай әсер етеді. Әсіресе, кішіпейілдігін, қарапайымдығын, мейірімділігін айтсайшы!

Содан бері бірнеше ондаған жылдар өтті. Қаныш аға айтқандай, заман жақсарды. Оқыдым. Мамандық алдым. Әртүрлі қызмет істедім. Үйлі-жайлы болдым. Балалар өсіп, жеке-жеке үй болды. Немерелерім мойынға секіреді. Пайғамбар жасына келдім. Зейнеткермін. Бәйбішем Күлпан ұзақ жылдар

ұстаздық қызмет атқарды. Осының бәрі ұлы ғалымның бір кезде сонау Мық тауында, өзі ашқан кен шахтасының басында кездесіп, маған түскен мейірімінің әсері болар деген ой келеді.

Жыл сайын Арғанаты тауына барамыз. Мықтағы шахтаның орны әлі жатыр. Оған соғып, машинадан түсіп, жан-жаққа көз салып тұрсам, шахтаның шығысында Барақ көлі, солтүстігінде Арғанатының қос шоқысы, батысында Бозай өзені басталып, Қараторғайға құяды. Оңтүстігінде маңғазданып Мық тауы керіліп жатыр. Осындай алып даланы аралап, жерінің үстіндегі тіршілік атаулыны аялаған, астындағы кенін алып, халық игілігіне пайдаланған ғұлама ғалым, асыл азамат, қазақ халқының сүйікті де сүйкімді перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев екенін оны көзі көрген қарияларымыз Махаттың Ермекбайы, Айдарлының Тәжібайы, Найманбайдың Жұмабегі, Қожағұлдың Сейдахметі, Оспанбектің Ақаны әркезде де айтып отырушы еді.

Өткен жылғы көктемде Терісаққан жерінде егін салатын ұлым Ғалымжанмен бірге бара жатып Мық тауына бұрылып, шахта орнына соқтым. Сол жерде біраз демалдық. Осы әңгіменің желісін балама айтып бердім. Қаныш ағаның бейнесі көзіме елестеп, көңіліме өлең жолдары оралды. Сол қалпында қағаз бетіне түсірдім.

*Мықтың тауы қатарласа қалыпты,*
*Ойлап көрсем, бейнелейді алыпты.*
*Соғыс жылы оққа қажет кен іздеп,*
*Қаныш ағам осы тауға барыпты.*

*Тау үстінен шахта қазып, кен алған,*
*Шыңды бұзып, тасты үгітіп, жол салған*
*Азаматтың бірі еді Тұңғышбай,*
*Апайды іздеп сол бір жылы мен барғам.*

*Мықтың бауыры – қалың орман, тал, қайың,*
*Бітік өскен, бос жері жоқ жай сайдың.*
*Осы жерде Қаныш ағам кездесіп,*
*Сұрап еді ауылдағы ел жайын.*

*Сәлем беріп, жақыннан қол ұсындым,*
*Анық көрдім жылы екенін түсінің.*
*Қолымды алып, маңдайымнан сипауын*
*Маған берген батасы деп түсіндім.*

*Қатар жаттық киіз үйдің ішінде,*
*Қаныш аға жайбарақат пішінде.*
*Көпке дейін әңгіме айтып жатқанын*
*Қайта көрдім мен таяуда түсімде.*

*«Сарыарқа»,*
*03.04.1999*



***Бейсен ХАЛЫҚҰЛЫ***

*1951 жылы туған. Көптеген жылдар құрылыс саласында еңбек етті. Құрылыс-монтаж тресіне басшылық жасады.*

# ХАЛ-АҒА ЕСТЕЛІКТЕРІ

Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі халықпен тонның ішкі бауындай араласып кеткен Қаныш Имантайұлының ең бір жақын араласқан тұлғаларының бірі әкем Халық Темірбайұлы Тамабай немересі болғанға ұқсайды. Қ. Сәтбаевтың ол кісіні сыйлағаны соншалық, өзінен төрт-бес жас кішілігі болса да, әрқашан атын атамай,«Хал-аға» дейді екен.

Олардың өзара жақсы қарым-қатынаста болғаны туралы Медеу Сәрсекенің атақты «Сәтбаев» кітабында да жан-жақты айтылған. Осы кітаптағы және басқа да жәйттерді үлкендер «Халық ағамыз айтып отыратын» деп біздерге ауызша да сан мәрте әңгімелеп берген еді. Өзіміздің де азды-көпті естігеніміз бар, енді бүгін сол әңгімелерден есімде қалғандарын жинақтап, бір естелік аясына топтастыруды жөн санадым.

Ең алдымен сөзді ол кісілер қалай танысқан дегеннен бастасақ. Бұл былай болған.

Біздің әкелеріміз Кеңгір бойын жаз жайлау, қыс қыстау етіп, көшіп-қонып жүрсе керек. Тек малға қарап қалмаған, аздаған егін де егетін болған. 1929 жылы егін шықпай қалады, нақтырақ айтқанда, көктемей жатып, жауынның жоқтығынан күйіп кетеді. Күнкөріс қиындайды. Сол кезде Сорқұдықтың айналасында жер шұқылап, жұмыс істеп жүретін орыстар болады екен. Бұлар негізі геологтар екенін үлкендер кейін ғана біледі. Сол орыстарға барып: «Бізге де жұмыс табыла ма екен?» – деп сұрағанда, әлгі жұмыскерлерге бас-көз болып



Қаныш Сәтбаевтың 50 жас мерейтойында.
Халық Темірбаев Қанекеңнің иығына шапан жауып жатыр. 1949 жыл

жүрген қазақ азаматы: «Сіздерді кіші жұмыскерлікке алайын», – дейді. Бұл Қаныш Сәтбаев екен. Міне, ол кісілер осылайша танысқан.

Шаруаның ыңғайы келмей, жағдайлары жүдеу тартып жүргенде жылы шырай танытып, жұмысқа қабылдаған соң, бұлар да жанын салып еңбек етеді, аянып қалмай, құлшына кіріседі. Бірақ бұлар қара жұмысты жапырып тастағанмен, техниканың маңына жолай қоймайды. Соны байқап, аңғарып жүрген Қаныш Сәтбаев бірде оларды жинап алады да: «Анау ішкі жақтан келген жұмыскерлер не істесе, сіздер де соны істеуге ұмтылыңыздар. Олар ертең елдеріне тайып тұрса, мұндағы шаруаны өзіміз істемегенде кім істейді?» – дейді. «Қаныштың көрегендігі кейін көрінді ғой. Анау жұмыскерлер қар түсе бере елдеріне қарай кетіп отырды. Сонда станоктардың жанында өзіміз қалдық. Олардың қалай жұмыс істейтінін Қанекеңнің айтуымен үйреніп алғанымыз сондай жақсы болар ма...». Әкем Қанекеңнің мұнысын асқан көрегенділікке бағалайтын.

Жан-жағының бәрін жайпай жеткен ашаршылық жылдары елдің көбісі оңтүстікке қарай шұбырып, көше бастайды. Халық ағайындарына ермей, Қаныштың қасында қалған. «Біздің азды-көпті нан-суымыз бар. Қаныштың қасында жүрміз, оны қалай тастап кетемін? Істеп жатқан ісіміздің бір нәтижеген жеткенін көргім келеді», – деген.

«Ашаршылық әбден алқымнан қысқан кезде, жеті ай бойы күніне 400 грамм қара нанды қорек етіп жүрдік. Адам деген бір нәрсеге шын ниеттеніп бекінсе, ешқандай ауыртпалық оны жеңе алмайды екен. Сөйтіп жүріп жұмыс істейтін едік», – дейтін әкеміз.



Қанекең «Хал-аға» деп құрмет тұтқан Халық Темірбаев (ортада)

«Жығылғанға – жұдырық» дегендей, ашаршылықтың беті қайта бастадыау деген кезде Мәскеу Қаныш Имантайұлы басқаратын геологтарды қаржыландырудан бас тартады. Яғни, барлау жұмыстарын жүргізу үшін бөлініп қойған қаражатты беру тоқтатылады.

«Бұл Қанекеңе тіпті ауыр соқты. Өйткені қаржы болмаса жұмыс жүре ме? Өте қиын ахуал қалыптасты. Бұл тығырықтан да шықтық. Қалай? Біріншіден, Қаныштың абырой-беделі керемет еді. Біз оған сендік. Өйткені ол бәрімізді жинады да, Мәскеудің сенімсіздік көрсетіп жатқанын айтты. Өзінің өкімет ешқандай қаражат бөлмесе де, Жезқазған жерін тастап кетпейтінін, жұмысты ақысыз-пұлсыз жалғастыра беретінін мәлімдеген кезде, сол жиналысқа қатысып отырған алты-жеті жүзде адам – бәріміз бірауыздан «Қаныш, біз өзіңмен біргеміз! Біз де ақысыз-пұлсыз жұмыс істеуге әзірміз! Өйткені саған сенеміз!» деген кездегі Қаныштың толқығанын көрсеңдер ғой. Еңгезердей алып адамның жанарынан жас тамшылағанын көрдім.

Мен бригадир едім. Содан бәріміз қашан Мәскеу өздерінің қателескендерін мойындап, тиісті қаражатты бөлгенше ақы-пұлсыз еңбек еттік. Демек, бізді тығырықтан шығарған, біріншіден, Қаныш Сәтбаевқа деген үлкен сенім. Екіншіден, намыс. Ұлттық намыс. Басқаларға күлкі болмауды ойладық», – деген оның сөзін естігендер ертегі естігендей болады екен.

«Қаныш Алматыға кетерде ол бізді, біз оны қимай қатты қиналдық. Сол күнгі ауа райы әдеттегіден өзгеше керемет болып тұрды. Күн шайдай ашық еді. Жезді өзенінің ең бір құйқалы өңіріне киіз үй тігіп, Қарсақбайдан келе жатқан

Қанекеңнің көшін күтіп тұрдық. Қазан-қазан ет асылып жатыр. Үлкен мейрам сынды еді. Таңертеңнен басталған қошемет кешке дейін ұласты. Бір мезет сөзді Қаныш алды. Ол аса толқып тұр еді, дауысында аздаған діріл байқалды. Өткен күндерді, қиын шақтарды да ұмытпады. «Егер сол кезде Сіздер менің қасымнан табылмағанда, қазіргі Қарсақбай да, Жезқазған да болмайтын еді, манадан бері мақтап-мадақтап жатқан Қаныш та алдарыңызда тұрмайтын еді. Мені биікке көтерген – Сіздер. Сондықтан да мен Сіздерге қарыздармын» деп, көпшілікке қарап басын иді. Не деген кішіпейілділік! «Ұлыдан – ұлағат» дегенді екінің бірі естіп жүр. Ал біз – соны көзімізбен көрген адамбыз», – дейді екен әкей Қаныш Сәтбаевтың ұлағатты жолы туралы сұрағанда.

1949 жылы Қаныш Сәтбаевтың 50 жылдық мерейтойы Алматыда зор салтанатпен атап өтіледі. Жезқазған жағынан барған делегация құрамында менің әкем Халық Темірбаев та болады.

«Қанекеңнің жезқазғандықтарға деген ықыласы тіпті айрықша болды. Той төрі бізге бұйырды. Қаныш ресми салтанаттың алдында бізбен кездескенде «Мені Жезқазған халқының атынан Хал-аға құттықтайды» деді. Мұны естігенде сасып қалдым. Өйткені орысша сөйлей алмаймын ғой. Соны айтып, сөйлеуден бас тарттым. Бұл бұрын мұндай мәртебелі жиында сөйлеп көрмегендіктен, бірдеңені бүлдіріп алармын деп қашқақтағаным ғой. Бірақ Қанекең кесімді сөзін айтты. Ол «Орысша білмесеңіз, қазақша сөйлеңіз. Сізге өзім аудармашы болып отырамын» деді. Сөйтіп, құттықтау сөз сөйлеп, қазақы жолмен иығына шапан жаптым», – деп той салтанатын еске алғанда әкеміздің жанарынан сол бір сәттерге деген сағыныш сезіліп-ақ тұрады екен.

Қаныш Имантайұлының қазасын естігенде қатты қайғырыпты. Көлік қатынасының қиын кезі ғой. Аэропортқа барып, Алматыға ұшайын десе, арнайы делегацияның құрамында өңкей басшылар болса керек. Ал қарапайым жұмыскерлерге орын жоқ көрінеді.

«Содан сол жерде жүрген Василий Иванович Штифановты ортаға алдық. «Сіздер барасыздар да, біз қаламыз ба? Бұлай болмайды. Егер біз бармасақ, сіздер де бармайсыздар» деп бұзықтыққа баруға, мінез көрсетуге мәжбүр болдық. Сөйтіп, самолетті ұшырмай қойдық. Ол кісі дереу жан-жақпен хабарласып, Жезқазғаннан Алматыға Қаныш Сәтбаевтың жаназасына қатысушылар үшін қосымша самолет алдырған еді», – деп еске алады екен Қаныш ағаны қайтпас сапарына барғаны жөнінде.

«Қанекең – қазақ қатыннан да, орыс қатыннан да бағы жанған кісі ғой. Қанекеңнің қазасына барғанда, Таисия Алексеевна «Мынаны Қаныш Имантайұлының көзіндей киіп жүріңіз» деп маған бостоннан тігілген костюм-шалбар кигізді. Қазақшаға шорқақ болса да, жөн-жобаны жақсы білетін еді», – деп Қаныш ағасының үйіндегі жеңгесін де үнемі мақтап отырады екен.

Халық арасында «Қаныштың қара шалдары» атанып кеткен жетеудің бірі болған Халық Темірбайұлы туралы кен инженері, ақын Өмірбек Сартовтың «Қаныштың қара шалдары» дейтін поэмасында:

*Аңызақ құла дүзде күн қақтаған,*
*Қиындықта «қара шалдар» міз бақпаған.*
*Солардың біреуі емес, бірегейі*
*Темірбайдың Халықын ел мақтаған, –*

деген жолдар бар.

Әкем 1980 жылы дүниеден өтті. Бір ғажабы, ол кісі хат танымаған. Газет-журнал оқи алмаған. Егер өзінің жазу-сызудан хабары болғанда, Қаныш Сәтбаев туралы көп нәрсе жазып қалдырған болар ма еді?.. Ал біз елге естігенімізді ғана жеткізіп отырмыз.

*2019 жыл*





*Өмір кезеңдері*





*«Мен – қазақпын, жаратылысым да, жаным да қазақы, ой-түсінігім бойынша да қазақпын. Алдағы өмірімді тек қана туып-өскен Қазақстанда өткізбекпін. Бұл жолда ай сәулелі армандарға беріліп асқақтаудан адамын. Сондай-ақ, сөзсіз кездесер қиыншылықтардан да алабөтен безінгім келмейді. Жан тыныштығын да шат-шадыман тұрмыстан гөрі рухани күрес жолында өткізгенді жөн көремін.Сол үшін тіршіліктің барлық жақсы күйтінен бас тартып, Қазақстан қиырында «кезбе» болып, өмір бақи кен іздеуге әзірмін».*

***Қ.И. Сәтбаев,***
*1927 жыл*



***Абдикарим МАКАЕВ***
*(10.04.1927-05.12.2013)*

*Почетный гражданин г. Каражал, кавалер ордена Трудового Красного Знамени.*

# «И УГОСТИЛ Я АКАДЕМИКА КУМЫСОМ»

Летом 1947 года я работал буровым мастером в бригаде из 12 человек. Дело было то ли в июне, то ли в июле. Наша буровая вышка находилась на южном склоне сопки Каражал. Среди зарослей осоки стояли первые юрты геологов казахов, а впоследствии появились и саманные домиқи. Моя небольшая скромная юрта располагалась в 50 метрах от буровой вышки. Тогда мне было всего 20 лет. К этому времени я уже успел обзавестись семьей. После свадьбы тесть нам подарил молодую кобылу и мы с женой Жакиш только начали обживаться.

Наша контора геологов находилась в нынешнем старом Каражале в двух километрах от нашего аула.

В то время Атасуйская геологоразведочная партия подчинялась «Уралчерметразведке» из Свердловска, в ней работало около 200 человек. Рядом в домах барачного типа жило около 20 семей казахов, 70 русских, украинцев, немцев. Среди казахской молодежи, в основном неграмотной, только я один с семиклассным образованием был допущен к буровым работам, которые выполнялись одноцилиндровыми двигателями. Мы тогда пробуривали землю до 200 метров глубины. Однако год за годом обновлялись марки буровых станков, стали бурить глубже, железную руду находили на глубине 100, 200, 300, иногда 1000 метров.

Наша бригада за смену проходила в глубь от 5 до 8 метров, работая по восемь часов в день, в три смены. Когда достигали пласта железных руд, через каждые 20-50 сантиметров приходилось остановливать станок ждать пока остынет алмазная коронка. В моей смене кроме меня, работали опытные бурильщики с большим стажем – С. Апатапенко, В. Дехант, Б. Нукушев. К тому же я числился сменным мастером бригады, следил за ходом буровых работ, вел записи в журнале, ежедневно посещал утреннюю планерку, получал новые разнарядки от начальства.

И вот однажды утром я пошел на планерку в контору ГРП по тропинке через караганниковую рощу. По этой тропинке было очень опасно ходить, т.к. на каждом шагу встречались змеи. А забойщики, часто выкопав два-три метра шурфа, на следующее утро обнаруживали в них сотней змей и были вынуждены переходить на другой объект, оставляя в покое змейную орду. Я сам не раз убегал от змей, которые прямо-таки кишели на тропинке.

Когда я зашел в кабинет начальника ГРП на планерку, он всем объявил, что приезжает к нам президент АН КазССР Каныш Имантаевич Сатпаев. Мы все удивились. Еще бы, мы никогда не видели, не встречали ученого с мировым именем, человека такого ранга, как Каныш Сатпаев.

...Машина приехала к нашей буровой вышке к 12 часам дня. Вместе с водителем их было четверо. К. Сатпаев был плотным, высокорослым человеком. Его высокий лоб, кудрявые волосы с сединою на висках придавали его внешности интеллигентность. Он поздоровался со всеми на равных за руки. Заметив мой высокий рост и светлое лицо, удивленно смотрел на меня, не отпуская мою ладонь, спросил:

– Парень, ты казах?

– Да, казах из здешних краев, Каныш-ага, – ответил я взволнованно.

– Смотрю, ты еще очень молод.Сколько ты окончил классов, браток?

– Семь классов. Работаю в ГРП с 16 лет. Зовут меня Абдикарим Макаев.

– Ну, как работает твоя бригада? – спросил Сатпаев, войдя в наш бытовой вагончик. Я ему представил свой журнал сменного мастера. Прежде чем раскрывать журнал, он обратился к нам.

– Вы, наверное, знаете меня? Я президент Академи наук Казахской ССР Каныш Имантаевич Сатпаев. Рядом со мною крупный ученый-геолог, академик Иван Петрович Бардин из Москвы.

Каныш ага внимательно прочитал журнал сменного мастера, интересовался, на какой глубине нашли руду, параметрами пласта. Получив от меня конкретные ответы, он остался доволен. Когда увидел образцы руд, он обрадованно воскликнул, как мальчишка, обращаясь к Бардину:

– Иван Петрович, посмотрите, какая она богатая! Ох, какая чистая! Это железо-марганцевая руда высокой пробы, не имеет аналогов в мире!

Оба они с радостью рассматривали куски руды, а несколько камушек положили в свои сумки для демонстрации в Академии наук.

Довольный увиденным, в порыве радости Каныш ага похлопал меня по спине. Я сиял от радости.

– Братишка, тебе надо учиться, – сказал он мне. – При первой возможности, – повернулся он всторону начальника ГРП, – Направьте этого молодого человека на учебу. Что такое двадцать лет для мужчины? Ломоносов в таком возрасте поступил только в первый класс, а у него семь классов и столько трудового стажа. Он такой молодой, а соображает в геологии не хуже меня. Нам нужно воспитывать и готовить национальные кадры из числа таких, как Абдикарим Макаев, а не случайных людей.

Я тут не удержался, забыв про этику:

– Каныш ага! Я живу совсем рядом, в 50 метрах отсюда, вон в той юрте. Заходите к нам попить кумыса, – сказал я. Сатпаев посмотрел на Бардина, тот улыбнулся в знак согласия. Мы зашли в нашу юрту. Гости выпили по кесюшке свежего утреннего кумыса.

Второй раз Каныш ага приехал в Каражал в 1954 году в составе делегации около двадцати человек.В честь высокопоставленных гостей поставили большую палатку, рассчитанную на 30 человек. Я, как самый молодой среди своих, должен был обслуживать гостей, разнося тарелки с мясом по-казахскому обычаю. Когда я разносил тарелки по столам, вдруг Каныш ага, остановив меня, стал расспрашивать о моих делах, как старый знакомый. А я думал, через семь лет после первой встречи он уже забыл обо мне. Спросил о здоровье моей жены, сына, назвав их по именам, затем спросил, поступил ли я в институт. Я покраснел, ответил, что не смог по-семейным обстоятельствам. Каныш ага огорчился.

– Зря ты не учился, паренек. А надо бы...

Откуда было знать Каныш аге, что к этому времени у меня уже было четверо детей, потом появились еще трое. Сегодня семейную традицию продолжают мои дети. С того дня, как впервые я увидел Каныша Сатпаева на Каражалской земле, прошло уже 50 лет, а в мае мне самому будет 70 лет. Когда я впервые пришел в геологию в июне 1943 года, в этих местах, кроме караганниковых рощ, ничего не было, а сейчас стоит город, получивший название исчезнувшей с лица земли сопки Каражал.

Так что есть что вспомнить, а особенно греет сердце воспоминания об этой встрече с Канышем Сатпаевым.

*Записал Толеухан ИЛЬЯСОВ,*
*«Центральный Казахстан», 11.04.1997*



*Весной 1947 года К.И. Сатпаев в составе делегации ученых посетил Англию. Там он встретился с бывшим Премьер-министром Англии У. Черчиллем*

*«Среди казахов я, пожалуй, самый маленький. Мой народ выше меня».*

***К.И. Сатпаев***



***Сәбит БАРМҰХАМЕТҰЛЫ***
*(1908-2003)*

*Ұлы Отан соғысының ардагері. Ұзақ жылдар бойы Атасу кентінде мұғалім болған. Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі.*

# ҰМЫТЫЛМАС СОЛ БІР СӘТ

Осыдан жарты ғасырдай уақыт бұрын мен Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаевтың атына өзімнің жанып тұрған отқа ұстап, қағаз ыдыспен тамақ пісіру жөніндегі тәжірибемді айтып, хат жазып жіберген едім. Көп ұзамай маған Ғылым академиясынан хат келді. Онда былай деп жазылған:

«Бармұхамбетов Сәбит жолдас!

Сіздің Ғылым академиясының президенті Қ. Сәтбаевтың атына жазған хатыңызға жауап ретінде төмендегі түсініктерді сұраймыз: біріншіден, қағаз өзі жанбай ма, оған сіз бір нәрсе қосасыз ба? Қоссаңыз, қандай нәрсе қосасыз? Ол затты қандай тәртіппен қосасыз? Екіншіден, қағазбен тамақ пісіргенде қанша уақытқа қағаз шыдайды? Қысқасын айтқанда, қағаздың барлық сырын көрсетуіңіз керек. Осы жағдайлардың бәрі көрсетілген күнде сіздің қағазыңызға қорытынды шығады. Оны сізге хабарлаймыз».

Осылай деп жазылған хатқа академияның ғылыми хатшысы И. Жаналин қол қойыпты. Бұл хат конвертімен қоса күні бүгінге дейін менде сақтаулы.

Хатты алып тұрған шағымда ойламаған жерден Қаныш Сәтбаев Жаңаарқа ауданына ат басын тіреді. Ғалымды 1950 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат етіп ұсынғанда алғашқы сапарын Жаңаарқа ауданындағы «Алғабас» колхозына келіп, еңбекшілермен кездесумен бастады. Алматыдан келген бетте Қаныш Имантайұлын жаңаарқалықтар аудандық Мәдениет сарайында күтіп алды. Сол жерде салтанатты жиналыс өтті. Осы

жиналысқа қатысқан мен үзіліс кезінде Қаныш ағаға сәлем беріп, Ғылым академиясынан келген хатты көрсеттім. Ол кісі маған: «Қазір «Алғабас» колхозына барамыз. Сен бізбен бірге жүр. Осы хатта айтқан тәжірибеңді сол жерде көрсетерсің», – деді. Сөйтіп, аудан орталығынан 8 шақырым жердегі «Алғабас» колхозына қыс ішінде ат шанамен жол тарттық. Аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Шоқан Жақыповтың ат шанасымен мен де «Алғабасқа» жеттім.

Колхоздың сайлау үйіне Қаныш ағай бірінші болып кіріп, өзін күтіп отырған халықпен сәлемдесті. Кездесу үстінде баяндама жасалып, жарыссөзге шығушылар депутаттыққа кандидатқа аманаттар тапсырды. Кездесудің аяғына таман Қанекең сөйлеп, халықтың аманатын орындауға уәде берді. Осыдан соң ауыл мұғалімі Зекен Жақыпбеков сахнаға шығып, өзінің шәкірттерінің осы кездесуге арнайы әзірлеген концерті бар екенін хабарлады. Колхоздың бастауыш мектебінің оқушылары ән шырқап, Қаныш Сәтбаевқа арнаған ақындардың өлеңдерін оқып, жұртты бір серпілтіп тастады. Осыдан соң «Алғабас» колхозының механизаторы, «түйе палуан» атанған Мұхамеджан Боқаев кездесуге жиналғандардың баршасын үйіне шақырып, қонағасы берді. Бұл қонағасы да той-думан, ойын-сауық түрінде қызықты өтті. Қанекең қарапайым адамдармен жарқын әңгімелесіп, көңілді отырды.

Міне, содан бәрі де зырлап елу жылға жуық уақыт өте шығыпты. Уақыт алыстаған сайын Қаныш Имантайұлы сынды ғұлама ғалымның есімі халқына жақындай түсетіндей. Оның артына қалдырған өнегесі, баға жетпес еңбегі еш уақытта ұмытылмақ емес. Оның 100 жылдық мерейтойын әлем халқы болып атап өтуі – осының айғағы.

Қаныш Имантайұлы тек қазақ халқының мақтаулы перзенті емес, ол – адамзатқа ортақ ұлы тұлғалардың бірі. Біз, әріптесім Зекен Жақыпбеков екеуміз, өткенді еске алғанда әрдайым сол бір қыстағы ғұлама ғалыммен кездесіп, әңгімесін тыңдаған сәтті сағына айтып отырамыз. Сол шақ жадымыздан еш уақыт ұмытылар емес.

*«Сарыарқа»,*
*03.04.1999*



***Шахбазия ИБАДІЛДИНА***

*1944 жылы туған. Қазақ КСР оқу ісінің үздігі, еңбек ардагері.*

# ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҒЫМЕН ТӘНТІ ЕТКЕН

Қазақта «Би болмасаң да, би түсетін үй бол!» дейтін баталы тілек бар. Мен де халық арасында аса беделді кісінің шаңырағына келін боп түстім. Қағазға жаза берсе болатын шығар, қайынатам Күзеубай Жиенбаев заманында Арқа еліне әмірін жүргізген, аты шыққан атақты Жандәулетов Қалманбай болыстың хатшысы болған кісі екен.

«Ол кісіге еріп, ақ патша әулетінің таққа отырғанына 300 жыл толуын тойлағанда Омбыға бардық. Қалекең жарықтық елді таңғалдырып патша ағзамның өкілдеріне жолбарыстың терісін сыйға тартып еді-ау» деп өткен күндерді сағына еске алып отыратыны бар еді.

Атамыз, сондай-ақ, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен де өте жақсы қарым-қатынаста, сыйластықта болған екен. Олар 1930-1932 жылдары Қарсақбайда танысқан тәрізді. Сол жағын анықтаңқырап сұрамаппын. Бірақ атам: «Алғаш көргенде Қанекеңнің Ханисасы 10-класта оқитын еді, ал Мейіз мүлдем кішкентай болатын», – деп отыратын. Ал өзінің құжат бойынша туған жылы 1887 жыл деп көрсетілгенмен, өзі: «Менің жасым мұнда ең кемі 10 жыл кемітіліп жазылып кеткен», – дейтін. Құжатқа соншалықты мән бере қоймаған кезең ғой.

Қаныш Имантайұлы 1952 жыл шамасында жаз айында елге арнайы қымыз ішуге келіпті. Сонда көрген кісілердің айтуынша, атағы дүрілдеп, дүркіреп тұрған кісінің сондай қарапайымдылығын көріп бәрі таңғалғанға ұқсайды. «Ол кісі адамды алаламайды екен, шаруа адамдарына менсінбеушілікпен қарайтын әлдебір бастықсымақтардай емес, кіммен болса да қауқылдасып,



Қаныш Имантайұлымен бірге үш ай бойы геологиялық экспедицияға жолбасшы болған Күзеубай Жидебаев

құшақтасып, жатырқанбай, жатсынбай отырады екен», – дейді көзкөргендер.

Менің атамның Қаныш Сәтбаев дегенде көңілі алабөтен ерекше еді, бейнелі тілмен айтқанда, ол үшін жүрегін суырып беруге дайын тұратын. «Қазақта енді қайтып тумайтын адам», – деп бағалайтын Қаныш ағаны.

Сол келгенде кейін елдің айтулы азаматына айналған Сапар Үсеновтің бала кезі екен. Оның әкесі геологиялық-барлау партиясында Қаныш Сәтбаевпен бірге жұмыс істесе керек. Үлкендер Сапарға: «Қаныш – сенің әкеңнің досы, барып сәлем бер», – деп ақыл қосса керек. Сол ақылды басшылыққа алған ол Қаныш ағаға сәлем беріп тұрып, өзінің Үсеннің баласы екенін де айтады. Сонда Қаныш аға Сапарды тізесіне отырғызып, маңдайынан иіскеп, құшағына алады. Жағдайларын сұрайды. Сосын:«Қажеттеріңе жұмсаңдар», – деп қалтасынан алып, біршама ақша беріпті. Тек Сапарға ғана емес, көмек сұрағандардың ешқайсынан ол кісі ешқашан тартынбайды екен.

Сол сәлем бере барған балалардың арасында Қалманбай болыстың Құрмет есімді немересі де болған екен. Қанша дегенмен, бұрыннан қалған із бар, өзі шырттай киініп алған Құрмет екі қолды шалбардың қалтасына салып, шәлтиіп тұрған болса керек, мұны байқап қалған Қаныш аға оны: «Атың кім? Кімнің баласысың?» – деп сөзге тартыпты. Оның атын білген соң: «Егер атым затыма сай болсын, елдің құрметін иеленемін десең, көп ширене берген дұрыс болмайды», – деп ақылын айтыпты. «Сол келгенінде ауылдың мектепке баратын балаларына қағаз-қаламын, кітабын алып берді», – дейтін атам.

Қаныш Имантайұлының қарапайымдылығы туралы Күлиза Күзеубаева: «Қаныш аға бетін мәрлімен жауып, ұйықтап жатыр екен, шамасы шыбын-шіркейден қорғанғаны болса керек, қасындағы шляпасын басыма киіп көргім келіп кетті. Енді алып, басыма кие бергенімде Қаныш аға көзін ашып, басын көтеріп алды. Мен қысылып қалдым. Сонда аға «Жақсы нәрсеге қызыға білу керек, ұялма» деді. Ал басқа біреу болса «Бас киімді не істегелі жүрсің?» деп ашу шақырар еді», – деп еске алады.

1950 жылдардың соңында Қаныш Имантайұлы қайтадан келген, бұл жолы ол өңіріміздe геологиялық барлау жұмыстарын жүргізген. Менің қайынатам үш ай бойы сол экспедициямен бірге жүрген. «Сен осы даланы өте жетік

білесің, бізге жолбасшы боласың», – деп Қ. Сәтбаев ол кісіні өзі қолқалап ертіп алған.

«Үш ай бойы араламаған жеріміз қалмады. Бетпақты түгел араладық, Қаражал, Шалғияға да бардық. Жетіқоңырдың ой-қырын да сүзіп шықтық. Жинаған тасты Қанекең кішкентай балғасымен уатып, бөлек-бөлек қалталарға салып отыратын. «Шалғияның суы ауруға – ем, жанға – шипа» дегенді ең бірінші рет сол кісіден естідім. Жаман Айбат туралы «Үсті жаман болғанмен, асты жақсы» дейтін. «Жамантау десе, бұл жер нағыз Жаман тау екен» дегеніне қарап, ол жерден іздегені табыла қоймағанын түсіне қоятын едік. «Бұл өңірдің кені әлі шикі, піскен кезде шетінен кертіп ала беруге болады» дегенін естігенде, «Жер астында жатқан нәрсенің де шикісі, піскені болады екен-ау» таңғалған едім», – дейтін атай сол сапар туралы аз-кем әңгіме шерткенде.

Ол кісінің өзі де жер жағдайын өте аңғара білетін адам болған. «Өске деген жерге барғанда, Қаныш маған «Күзеке, осы маңнан құдық табылар ма екен, шөлімізді басатын?» деп қалды. Шөптің түсіне қарап құдықтың бар екенін байқадым. Он-он бес қадам жүрген кезде шеген құдыққа тап болдық. Көзі бітеліп жатыр едік, аршып, тазартып едік, мөп-мөлдір су шықты. Мұны көрген Қаныш «Күзеке, өзіңіз нағыз оқымаған инженер екенсіз ғой» деп риза болды», – деп сапар барысында Қаныш Имантайұлынан қандай мақтау естігенін де ақырындап айтқаны бар еді.

Менің күйеуім Аманкелді – отбасындағы жалғыз ұл болды. Ол мектеп бітірген соң Алматыға оқуға аттанады. Әкесі Қ. Сәтбаевқа төте жазумен хат жазып береді. «Осыны апарып бер», – деп тапсырады. Ол барған кезде кабинетте басқа адам отырады. Бұл – Өмірхан аға Байқоңыров екен. Хатты алып, ұстап отырады да: «Қазір Қанекең Мәскеуде, емделіп жатыр», – дейді.

Жалпы, Қаныш Имантайұлы біздің шаңыраққа қолынан келген көмегін аямаған. Жезқазғандағы геологиялық-барлау партиясының басшысы Василий Штифановқа Күзеубай Жидебаевтың өтініш-тілектеріне әрқашан сергек қарауды арнайы тапсырған екен. Олар шынында да көмектесіп тұрған.

1970 жылдары атамды жазушы Медеу Сәрсеке іздеп келді. Бірақ атай ол кісімен шешіліп әңгімелесе қоймады. Әдетте айтып жүретін әңгімелерін айтқан жоқ. Мұны жазушы кітабында да жазады.

Кейін атайдан: «Білетініңізді неге бүгіп қалдыңыз?» – деп те сұрадық. Сонда ол кісінің айтқаны: «Қанышқа пайдадан гөрі зияным тиіп кетер деп ойладым», – деді. Сөзіне қарағанда, үш ай бірге жүргенде Қаныш Имантайұлы атайға өмірден көрген қиыншылықтары туралы көп нәрсе айтқан тәрізді. Бірақ атам сол әңгімелерді бізге де айтпай кетті. Ол кісі 1973 жылы қайтыс болды.

*2019 жыл*

# Каныш Имантаевич САТПАЕВ



## От Президиума Верховного Совета СССР

Президиум Верховного Совета СССР с глубоким прискорбием извещает, что 31 января 1964 года после тяжелой и продолжительной болезни на 65-м году жизни скончался видный советский ученый, президент Академии наук Казахской ССР, лауреат Ленинской и Государственной премий, депутат Верховного Совета СССР, заместитель Председателя Совета Союза Верховного Совета СССР, академик **Каныш Имантаевич Сатпаев.**

**ПРЕЗИДИУМ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР.**

## *От Центрального Комитета КП Казахстана, Президиума Верховного Совета и Совета Министров Казахской ССР*

**Центральный Комитет Коммунистической партии Казахстана, Президиум Верховного Совета и Совет Министров Казахской ССР с глубоким прискорбием извещают, что 31 января с. г. в г. Москве после тяжелой болезни скончался член ЦК КП Казахстана, депутат Верховного Совета СССР, выдающийся советский ученый, лауреат Ленинской премии, президент Академии наук Казахской ССР, академик Каныш Имантаевич Сатпаев.**

| ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ КП КАЗАХСТАНА | ПРЕЗИДИУМ ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР | СОВЕТ МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР. |
|---|---|---|

## В ЦК КП Казахстана и Совете Министров Казахской ССР

Для организации похорон президента Академии наук Казахской ССР **Каныша Имантаевича** Сатпаева ЦК КП Казахстана и Советом Министров Казахской ССР образована правительственная комиссия. В ее составе: тт. **Джандильдин Н. Д.** (председатель), **Шарипов А. Ш., Полосухин А. П., Дыханов Н. В., Мустафин Г. М., Боруцкий Р. А., Билялов К. К.**

## От комиссии по организации похорон Каныша Имантаевича Сатпаева

Гроб с телом К. И. Сатпаева будет установлен в Казахском Государственном академическом театре оперы и балета имени Абая.

Для прощания с покойным К. И. Сатпаевым будет открыт доступ 3 февраля 1964 года с 10 часов утра до 13 часов.

Похороны состоятся 3 февраля в 15 часов.




# Центральный Комитет КП Казахстана
и
# Совет Министров Казахской ССР

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

от 21 марта 1964 года № 193

АЛМА-АТА, ДОМ ПРАВИТЕЛЬСТВА

### ОБ УВЕКОВЕЧЕНИИ ПАМЯТИ К. И. САТПАЕВА

В целях увековечения памяти выдающегося казахского советского ученого, академика, лауреата Ленинской и Государственной премий, депутата Верховного Совета Союза ССР Каныша Имантаевича Сатпаева ЦК КП Казахстана и Совет Министров Казахской ССР постановляют:

1. Присвоить имя К. И. Сатпаева:

а) Институту геологических наук Академии наук Казахской ССР и впредь именовать его:

«Институт геологических наук имени К. И. Сатпаева Академии наук Казахской ССР»;

б) Джезказганскому горно-металлургическому комбинату;

в) совхозу «Шадринский» Баян-Аульского района Павлодарской области.

2. Принять предложение Алма-Атинского горисполкома о присвоении имени К. И. Сатпаева 56 школе города Алма-Аты и переименовании улицы Университетской в улицу К. И. Сатпаева.

3. Поручить Алма-Атинскому горисполкому установить надгробное сооружение на могиле К. И. Сатпаева.

4. Разрешить Академии наук Казахской ССР установить бюст К. И. Сатпаева в Академии наук Казахской ССР и издать в 1965—1967 годах избранное собрание сочинений К. И. Сатпаева.

| Центральный Комитет КП Казахстана | Совет Министров Казахской ССР |
|---|---|





***Раушан ҚАПАРОВА***

*1975 жылы 8 наурызда туған. Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің қазақ әдебиеті және тарих факультетін бітірген. Қазір Жезқазған қалалық тарихи-археологиялық музейінің директоры.*

# АТАМНАН ЕСТІГЕН ӘҢГІМЕ

Менің атам Жансейіт Қапарұлы қазір сексеннің бел ортасында. Ол – «Кешегінің қиыншылығын да бастан өткердік, бүгінгінің берекелі тірлігін де көзіміз көрді. Құдайға тәубе!» деуден жалықпайтын жандардың бірі.

Соғыс басталғанда он жасар бала екен. Әкесі Қапар Бекназаров пен оның інісі Қали соғысқа аттанады. Анасы Ханшайымның қолғанаты өзі болып қалады. Інісі Қыдырәлі ол кезде 4 жаста екен.

Жансейіт ата сол кезде небәрі он жаста болыпты. Жасына қарамастан ол Жездіден ашылған кенішке жұмысқа тұрады. Мүмкін,«жұмысқа тұрады» деген артықтау да шығар. Өйткені он жасар баланы ресми түрде жұмысқа, соның ішінде кенішке алмайтыны белгілі ғой. Бірақ ер азаматтар соғысқа аттанып, тылдағы жұмыстың бар ауыртпалығын елде қалған кәрі-құртаң, бала-шаға, қыз-келіншектер атқарып жатқанда ешкімнің де ортақ істен шет қалмағаны анық.

Атам Жезді кенішінің жанында халық «Қаратас» деп атап кеткен жерде жаз уақытында шатыр тігіп жатып жұмыс істейді. Сондағы бұларға жүктелген міндет – дәу-дәу қара тастарды алдымен арбамен жүріп бір жерге жинап, кейін көлікке арту екен.

«Бұл неғылған тастар? Мұны не үшін жинайды? Көлікке тиеп қайда жіберіп жатыр? Біз бұған басымызды қатырмаймыз. Тапсырма берілсе, оны орындасақ,

соған мәз болып жүреміз. Әрине, тас көтеру оңай ма, әбден қшаршаймыз. Бірақ, амал жоқ. Сөйтіп жүргенде бір күні бізге алпамсадай зор денелі, кең иықты, ұзын бойлы, келбетті кісі келді. Бәріміз жапа-тармағай алдынан шығып, амандасып жатырмыз. Ол да ешқайсымыздың қолымызды қақпай, асқан жылылықпен амандасып шықты. Содан сол жерде жиналыс жасады. Ол елдің басына төнген қауіп – соғыс туралы сөйледі. «Фашизмнің мақсаты – біздің елді жер бетінен жойып жіберу. Олар сіздердің, біздердің жер басып жүргенімізді, өмір сүргенімізді қаламайды. Бізді қырып жіберуді көздейді, тірі қалғанымызды құл ретінде жұмысқа жегеді. Ал біз мұндайға көне аламыз ба? Әрине, жоқ. Сондықтан да азаматтарымыз майданда жан алып, жан берісіп, қан төгіп жатыр. Ал біз мұнда қиындыққа қайыспай, тер төгіп жатырмыз. «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұлы Сталин жолдастың ұраны өте дұрыс. Жауды жеңу – бәрімiздің міндетіміз. Қиындыққа төзуге тиіспіз. Мынау сіздер жинап жатқан қара тас Отан қорғау ісіне ауадай қажет. Бұдан танктерге оқ өтпейтін қаптама жасайды. Бұл марганец біздің фашистерді талқандауымызға өте қажет» деді.

Ол кісінің сөзі бәріміздің көңілімізден шықты. Еңсеміз көтеріліп қалды. Өйткені не үшін еңбек етіп жатқанымызды түсіндік, қара тастың қадірін ұқтық. Сөйтсек, ол кісі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев екен.

Кейін де Қанекеңді сыртынан алыстау жерден бір-екі рет көрдім. Бірақ бала кездегі көргенім, аузынан шыққан лебізін дәл алдында отырып тыңдағаным көз алдымнан кетпейді.

Еліміз үшін ең бір сындарлы сәтте қиналып жүргенімізді байқап, жігерімізді жаныған сөздерін қалай ұмытарсың? Қиын сәтте көңіліңді аулап, ауырлықты ұмыттыратын сөз таба білу де оңай бола қоймас. Қанекеңнің тереңнен ойлайтын, парасатты жан екенін сөйлеген сөзінен бала болсақ та байқаған едік», – дейтін.

Қапар атамның халқымыздың ұлы перзенті, данышпан ғалымы Қаныш Имантайұлы туралы шағын естелігі осындай. Мен оны көпшілікпен бөліскім келді. Өйткені жақсының ғибраты ешқашан ескірмейді.

*2019 жыл*



***Алтыншаш ЖАЛМАҒАМБЕТОВА***

*1937 жылы туған. Жезқазған кен-барлау партиясында жұмыс істеген. Еңбек ардагері.*

# ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЕСІМІН ҰЛЫМЫЗҒА БЕРДІК

Менің отағасым Иманбай Жалмағамбетов Жезқазған-Ұлытау өңіріне жақсы танымал азамат еді. Ол кен комбинатында кезінде партком хатшысы болып та істеді, кейінгі жылдары сот жағында жүрді. «Судья болу оңай емес, бірақ, егер әділ шешім шығарсаң, ешкімнің де өкпесіне қалмайсың», – деп отыратын. Содан ба екен, ел арасында абыройсыз болған жоқ. Бірақ менің айтпағым ол кісі туралы емес, ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен кездескен сәттерім жөнінде болмақ. Дегенмен, егер отағасымның абырой-беделі болмаса мен Қаныш аға тәрізді үлкен тұлғамен кездесе алар ма едім?! Сондықтан аруағынан айналайын Имекеңе мың рахмет!

Бұл сонау 1956 жылы болған оқиға еді. Біздің енді ғана бас қосқан кезіміз болатын. Имекең тау-кен басқармасында партия ұйымының хатшысы болатын, ал мен геологиялық-барлау партиясында жұмыскермін. Бір күні аяқ астынан: «Қанекең келе жатыр екен, өзеннің жағасына үй тігу керек, жақсылап қарсы алмаса болмайды», – деген отағасының сөзін алғашында түсінбей де қалдым. Сөйтсем, олардың күтетін қонақтары Қаныш аға екен. Бұрын атын сыртынан жақсы білсем де, өзін көрмеген кісім ғой, аңыз ағаның келетінін білгенде, ол кісіні көретін болғаныма қатты қуандым.

Жезді өзенінің бойына үш киіз үй тігілді. ГРП-ның үлкені де, кішісі де сол жерден табылдық.



Есімі Қаныш Сәтбаевтың құрметіне қойылған
Қаныш Жалмағанбетов (ортада) және ақын Мұса Тілеуов (сол жақта )
пен журналист Абдолла Дастанов

Қаныш ағалар жеңіл машинамен келді. Өзінен басқа құрметті қонақтардың арасында Шахмардан Есеновтің де болғаны есімде қалыпты. Бәріміз жиылып тосып тұрдық қой. Ол кісі көліктен түскен соң көпшілікке жақындап келіп амандасты. Бұрын танитындар құшақтасып, қауқылдасып жатыр. Содан сыртта көп кідірместен киіз үйге кіріп кетті. Аз ғана уақыт болса да, ағаның алып тұлғасы, мейірімді жүзі көз алдымда қалып қойыпты. Ақырын сөйлейтін кісі екен.

Бір ғажабы, ол кісінің зайыбы Таисия Алексеевна киіз үйге кірмей, сырттағы біздің қасымызда қалып қойды. Сол жердегілердің арасындағы ең жасы болғасын ба, мені бірден өзіне жақын тартты. Ақжарқын әйел екен. Екі сөзінің бірінде қазақ халқының ерекшеліктерін сөз етіп отырды. Бір кезде, кім екені есімде жоқ, біреу: «Кәне, суретке түсейік», – деп қалды. Сол-ақ екен, жан-жақтағылар жанымызға жиналып, тіпті, киіз үйдің ішінде отырғандардың да кейбірі сыртқа шығып, бәріміз суретке түстік. Сол сурет үйдегі альбомда әлі сақтаулы тұр.

Қаныш ағалар кешке шейін қонақ болды. Іңір түсе рахметін айтып, жолға шықты. Бұл менің Қаныш ағаны алғаш көргенім еді.

Біз кезінде қазіргі Жезқазған поселкесінде тұрдық. Көршіміз Иван Васильевич Резник деген кісі болды. Ол Қаныш Сәтбаевтың зор қамқорлығына бөленген шәкірттерінің бірі еді, үнемі әңгіме етіп айтып отыратын.

Рудниктегі Кеншілер мәдениет сарайында әртүрлі іс-шаралар өтіп жататын. 1962 жылдың 6 наурызы күні сонда Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен кездесу өтті. Ол кісі депутаттыққа кандидат па екен, әлде депутат па екен? Әйтеуір, сайлаушылармен кездесу еді. Аяғым ауыр еді, айы-күніме жетіп отырған жайым бар болатын. Соған қарамастан, Қаныш ағамен кездесуге барғым келді. Менің мұнымды отағасым да қолдады. Бірақ енем: «Түрің болса мынау, қайда барасың? Селтеңдемей үйде отырмайсың ба? Аяқ астынан толғақ қысса қайтесің?» – деп, менің кездесуге барғанымды жақтыра қоймады. Анасының бұл сөзіне ұлы: «Апа, толғақ қысып бара жатса, Қаныш ағаның алдына апарамын ғой», – деп күле жауап қайтарды.

Ақыры бардым кездесуге. Қаныш аға халықтың алдына шығып сөз сөйледі, сұрақтарға жауап қайтарды. Үлкен кісілер алғысын айтып, батасын беріп жатты. Соңынан концерт болды. Үйге қалай келдім, солай толғақ басталды. Сөйтіп, сол түні ұлым дүниеге келді. Әкесі: «Бұл балам Қанекең келгенде туды, сондықтан сол кісінің есімін қоямын», – деп жақсы ырымға балап, ұлына «Қаныш» деген есім берді. Кейін көрші-көлем, дос-жаран маған: «Үлкен кісіні көргенде қатты толқып кеткенсің де, «роддомнан» бір-ақ шыққансың ғой», – деп әзілдеп те жүрді.

Шынында да, Қаныш аға – Үлкен Тұлға ғой. Сондай кісінің есімін иеленген баланың анасы болу да зор қуаныш екен. Мен әрдайым Қанышымның дүниеге қалай келгенін, оның не себепті Қаныш аталғанын айтып жүремін. Сол кезде кәдімгідей айналамдағы адамдар маған асқан бір қызығушылықпен «Мынау әйел аты әлемге әйгілі ұлы адамды көрген, не деген бақытты еді!» деп қарап отырғандай көрінеді. Ал бұған қуанбауға бола ма?

*2019 жыл*




*Сәтбаев қаласындағы Қаныш Сәтбаев ескерткіші. 2014 жыл.*
*Ескерткіш авторы – белгілі мүсінші Жаубасар Қалиев*



*Жазушы Медеу Сәрсеке (сол жақта ) мен Сәтбаев қаласының әкімі*
*Асқар Абылайұлы Ыдырысов ұлы ғалымның ескерткішіне*
*гүл шоқтарын қоюда. 2017 жыл*



***Жәми ТҰРСЫНБАЕВ***

*1952 жылы туған. Көп жылдар Солтүстік Жезқазған кенішінде еңбек етті. 2015 жылдан құрметті еңбек демалысында.*

# ШАҢЫРАҒЫМЫЗҒА ШАПАҒАТЫ ТИГЕН

«Егер сондай қажеттілік туындаса, өмір-бақи кен іздеуге әзірмін. Бұл жолда адами қызықшылықтарды да тәрк етуге дайынмын», – деген екен Қаныш Сәтбаев өзінің алға қойған мақсатына жету үшін қандай қиыншылық кездессе де қарсы тұруға бел шеше кірiскенін сездіріп. Шынында да, ұлы ғалым тар жол, тайғақ кешуден өтті. Бірақ мойымады. Соның арқасында өзін күллі әлемге мойындатты.

Ол кісі Үлкен Жезқазған жобасын қолға алған кезде, жұртшылықпен жүздескенде: «Мына өңір келешекте адам танымастай өзгереді. Бұл жерге қала салынады. Мүмкін, қазір Наушабай деп аталғанмен, кейін басқаша атауға ие болатын шығар, бұл жағын толық біле қоймаймын. Менің білетінім – анау дала жайқалған гүлі, мәуелі ағашы оқтай түзу көшелеріне көрік берген әдемі қалаға айналады. Теміржолмен отарба қатынайды, әуемен самолет ұшып-қонатын болады. Қала адамдары дәу зауытта жұмыс істейді. Кеңгірдің жоғарғы жағы үлкен көлге айналады», – дейді екен. Сол кездесулерде болған, Қанекеңнің сөзін құлағымен естіген Әбдірахман деген ақсақал: «Сонда ертегі тыңдағандай елтіп отыратын едік. Кейін соның бәрі ақиқатқа айналғанда Қаныштың даналығына, көрегендігіне, алысты болжайтын зеректігіне таң-тамаша қалдық қой», – деп отыратын.

Мен өмір бойы Жезқазған шахталарында еңбек еттім. Дегенмен, ата-бабамыздың ежелгі қонысы Баянауыл баурайы болғанын айта кеткім келеді.

Аталарымыздың Жезқазған өңіріне келуі теміржол құрылысына байланысты болса керек. Содан Жезқазған жерін құтты қонысқа айналдырып, қалып қойған тәрізді. Мұны айтып отырғаным, біздің Қаныш Имантайұлына төрт атадан қосылатын туыстығымыз бар. Қанекең Қарсақбайда жүрген кезінде әкейдің ағасы арнайы іздеп те барған екен. Сонда Қанекең «Ағам Қабекеңе естелік інісі Қаныштан» деп жазып, суретін сыйға берген екен. Бұл суреттің үлкейтілген нұсқасы қазір Жәйремдегі інішектің үйінің төрінде ілулі тұр.

Менің әкем соғыстан алғашында броньмен қалса да, «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген қазақтың баласымыз ғой, «Өлсем онысын көрермін, өлмесем қайтып келермін» деп, өзі сұранып майданға атанады. Соғыстан аман-сау оралғанмен, денсаулықта бірталай кінараттар пайда болады. Шешей: «Әкең денсаулығын дұрыстау үшін Қаныш ағасына хабарласып, ол кісінің жәрдемімен Алматыдағы тәуір доғдырларға барып емделетін еді», – деп отыратын. Соған қарағанда, Қаныш Имантайұлының біздің шаңыраққа да шапағаты аз тимегенге ұқсайды.

Қанекең дүниеден озғанда Баянауылдың тұрғыны, қарапайым бір малшы кісі:

*Қатарынан озған бұл Қаныш,*
*Ғұлама еді, кең еді.*
*Қолдан келер шара жоқ,*
*Амандығы жөн еді, –*

деп жоқтаған екен. Шынында да, ол кісі өмірден ерте кетті. Егер тірі болғанда, халқына әлі де берері мол болатын еді ғой...

Қызым бірде «Қыз сыны» байқауына қатысатын болды. Сол кезде «Таныстыру» бөлімінде:

*Арғында Қаржас деген елге жатам,*
*Дем берсін тұла бойға алған батам.*
*Қаланың тұрған анау қақ төрінде*
*Академик Сәтбаев – менің атам, –*

деп жазыпты. Әрине, баланың көңіліндегі мақтаныш сезімін түсінуге болады. Дегенмен, мен қызыма: «Қаныш Сәтбаев тек сенің ғана емес, өзің секілді күллі өскелең қазақ баласының атасы», – дедім. Өйткені ұлы адамдар, тау тұлғалар белгілі бір ауданмен, ауыл-аймақпен шектеліп қалмайды.

*2019 жыл*

# II БӨЛІМ

## *Жыр болып өрілген, ән болып төгілген*

***Омар ҚУНАҚҰЛЫ***

# ҒЫЛЫМДА БИІК НАР ТҰЛҒА

*(Ұлы ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1943 жылы Ұлытау ауданы еңбеккерлерімен кездескенде оқылған)*

Ақбастың ақ бидайын
Ақ маржандай жинаймын.
Сезгенде Отан хал-жайын,
Туған жеріме сыймаймын.

Сілтеймін талмай кетпенді,
Қысса да қарттық өкпемді,
Қайраттанам қасарып,
Намыс отына жасарып,
Маңдайдан төгіп көп терді.

Төгілген қазақ қаны үшін,
Жеңістің аппақ таңы үшін,
Алпыста аттан түспедім
Болашақ ұрпақ бағы үшін.

Бейнетпен жастай алыстым,
Жанымды қинап жаныштым.
Жеткізермін халқыма,
Сыртыңнан қанық даңқыңа,
Кім екенін Қаныштың.

Сөз қалдырып артыма,
Ғылымда биік нар тұлға,
Өзіңменен таныстым.
Халқың үшін тер төккен
Өзісің нағыз арыстың.

Ғылымға жастан зер салдың,
Құлашыңды кең салдың.
Жүрегіне дем салдың
Қарсақбайдай алыптың.

Табаныңды тоздырып,
Байлығын елдің оздырып,
Білімге қолды создырып,
Көзін аштың халықтың.

Отанымның тағдыры,
Ашылмаған сан сыры
Еңбекші қауым қолында,
Осыған шейін амалсыз,
Шыдаған шетел зорына.

Ғасырлар бойы шырмалған,
Қорлықты көріп шыңдалған,
Байлықтың аштың тың сырын.
Көрсетіп сәуле тылсымын,
Үйретші елге қыр-сырын!

Еңбекші елің соңыңда,
Қас қыраным, Қанышым!
Қанатың, сірә, талмасын,
Ғылымның өшпес шамысың.

Сәуленді тозаң шалмасын,
Суарылған алмасым!
Еңбегіңді еш қылмай,
Ұрпақтарың жалғасын!

Тіледім сенің жаныңа
Ақбастың тұнықтығын.
Тіледім сенің бағыңа
Ұлытаудың биіктігін.

Ғылымның сара жолында
Өзіңнен, сірә, иықты кім?

Болашақтың көзін ашқан,
Өзіңнен қазағыңа сүйікті кім?

Мен бүгін масаттанып кеткендеймін,
Мұратыма аңсаған жеткендеймін.
Ағаңмын Алғабастан, Омар – атым,
Бір қысып бауырыма кетсем деймін!

*«Сарыарқа»,*
*03.04.1999*

***Константин АЛТАЙСКИЙ***

# КАНЫШ САТПАЕВ

Есть памятники –
Вещему Абаю,
Бесстрашному в боях Амангельды.
И ждет страна, что бронза увенчает
Сатпаева великие труды.
Когда-нибудь,
Всю ночь не засыпая,
Приеду в Джезказган
И в свете звезд
Увижу –
В бронзе отлитый Сатпаев,
Врастя в гранит,
Стоит во весь свой рост.
Спокойный,
Обаятельный
И мудрый, –
Вся жизнь его
Исканье и борьба.
Тепла улыбка,
И упали кудри
На выпуклость сократовского лба.
Как в жизни,
Ни усов и ни бородки,
Глаза похожи на миндаль слегка,
И ямка доброты на подбородке,
И чуть косые скулы степняка.
Геолог,
Академик
И философ –
Любимый сын народа своего.
Зовем его –
Казахский Ломоносов,
Равняем с Валихановым его.

Вошли в сказанья –
Зоркость его взгляда,
Необоримость богатырских сил.
Он медных руд неслыханные клады
В потемках недр
Разведал и открыл.
В тиши по-африкански знойной сини
Расслышал он индустриальный гул,
И вызнал джезказганскую пустыню,
И полюбил,
И жизнь в нее вдохнул.
И дальние и ближние соседи
Глядят на исполинский комбинат,
Дивясь, что хорошеет Город Меди,
– Теперь он Коунраду старший брат.
Сатпаев с Джезказганом в сердце рядом,
Он всенародной славой осиян.
Я мысленно всегда Сатпаевградом
Зову тебя, любимый Джезказган!

*1965 год*

Әбділда ТӘЖІБАЕВ

# ҚАРАШЫ, ӘНЕ, ИМАНТАЙҰЛЫ ҚАНЫШҚА!

Ең мықтылардан үйрену керек әманда,
Тәжірибе деген қашан да қажет адамға.
Біреуге беріп, біреуден алмай бола ма,
Жүрген соң жасап адамзат деген қоғамда?

Қарашы, әне, Имантайұлы Қанышқа,
Болашақ үшін болдырғанынша алысқан.
Көргісі келіп ертеңінің қандай боларын,
Қарап тұр әлі, жіберіп көзін алысқа.

...Есімде менің бейнесі сонау Қаныштың,
Құйынмен бірге үйіріле кезген даласын.
Жүзімен оның балауса күннен таныспын,
Өтіпті-ау соған жарты ғасырдай шамасы.

Тыңдайтын жердің тереңнен жеткен дауысын,
Ұғатын тілін сыңғырларынан металдың.
Алтындар, мыстар кезекпен сөйлеп жарысып,
Баяндаушы еді қат-қабаттарын Отанның.

Тотығып Қаныш аңызағынан даланың,
Сіміре жұтып сусынға қазақ шалабын,
Он жылдар бұрын ұсынып қойған жоспарын
Кеңгірді бойлап өсетін жаңа қаланың.

Көрген жоқ Қаныш өз басын ғана ойланып,
Отырған емес жан күйттеп, титтей жайланып.
Күн сайын тастар шағылып қанттай жататын,
Күн ұзақ алмас қашаулар тынбай қайралып.

Не деген көп сан!
Емес ол ұсақ қиқымдар,
Сөз сөйлеп бейне жатқандай жерде сиқырлар.

Ұрпақтың ертең алатын темір салмағын
Айтатын елге Қанекең жазған цифрлар.

Цифрлар қандай, миллиард-миллиард тонналар!
Қазағым сақтап жеткізген бізге қордалар.
От беретін де бар, оқ беретін де бар,
Отанға керектің бәрі сонда бар.

Сондайда Қаныш ұйқысы шайдай ашылып,
Тұратын түнде төсектен тұра асығып.
Керіліп тұрып қарайтын түнгі аспанға,
Туған аспанға – жұлдызым жатқан шашылып.

– О, аспаным, жұлдызым менің, аспаным!
Менің оттарға толы, шоқтарға толы аспаным!
О, менің туған далам,
Зеңгір тауларым,
Ормандарым,
Тек сендерге ғана құрбандық болғай жас шағым!

Тек сендерге ғана арналған барлық жас шағым,
Барлық өмірім менің, барлық болашағым!
Тек саған қиылсын, саған құйылсын қаным,
Менің меһірбаным – менің алтын ошағым! –

Дейтұғын Қаныш,
Қуанып кейде жылайтын,
Тағдырдан ол тірлікті ғана сұрайтын,
Күнұзақ Қаныш, жыл ұзақ Қаныш қимылдап,
Қанша рет сынып, құлайтын жерде шыдайтын.

Есімде менің өткізген түнім сол күндер:
Айлы түн еді, жағасында едік Кеңгірдің.
Шаршаған аға алсын деп көздің шырымын
Өзім де жаттым, оны да әрең көндірдім.

Жатқанбыз қатар, кенеттен күліп жіберді:
– Тұрыңыз, Әбе, ұйықтамай өтірік, тұр енді!
Ән айтайықшы, өзеннің бойы жаңғырсын,
Сілкіндірші бір, қатырмай босқа сілемді.

Бастады өзі күмбірлеп қоңыр үнімен,
Қосылып кетті Арқаның мөлдір түнімен.
Аңсады жігіт сағынтқан сонау Хорланын,
Жап-жарық сырын жасырмай жақын iніден.

«Хорланым, менің Хорланым», – деді сол түнде,
Сілкінді сонда Қанекем, ғажап сілкінді.
Құшақтай алғам ағатайымды бауырым деп,
Тоқтата қойып жаңағы жеңіл күлкімді.

Не деген ғажап сағыныш еді сол түнгі!
Бауырым менің неліктен сонша сілкінді.
Үнінен оның үзіле жаздап жүрегім,
Көзімнің жасы төгіле жаздап іркілді.

Көзімнің жасы төгіле жаздап іркілді,
Ұмыта алмаспын сондағы сұлу бұл түнді.
Ән болмас, сірә, қыз болмас, сірә,«Хорландай»,
Тағы бір, бауырым, қайталар ма едің шіркінді!

Жап-жарық сырын жасырмай жақын iніден,
«Хорланын» айтты қоңыраулы даусы түнімен.
Тыңдадым ұзақ ғашығын іздеп жылаған,
Мәжнүннің әнін – Мәжнүннің отты мұңымен.

Батырдық айды, шығардық күнді лаулаған,
Қанекем, әне, батырдан титтей аумаған.
Өзеннің салқын суына сүңгіп алды да,
Жарқырап жүзі қарады күліп ол маған...

Содан соң кетті тағы да кезіп Арқаны,
Толтырған тасқа қапшықтар менен қалтаны.
Уақытты түгел белгілеп қойған минуттап,
Сол минуттары жетіспей ме деп қорқады.

Далаға – Қаныш, Қанышқа дала жарасқан,
Қосылған талай, қоштасып талай тарасқан.
Қондырамын деп, дәм беремін деп үйінен,
Талайын көрдік қазақтың оған таласқан.

Талайын көрдік арыз да жазған жамандап,
Жауыққан жандар жанығушы еді танаулап.
Қызғаншақтардың қадалып қызыл көздері,
Қаныштың қанша қалғаны бар-ды арандап.

Мықты еді Қаныш, жатпады бірақ арандап,
Ұмытты көбін арыз жазғанның жамандап.
Достармен тостар қағысып жүріп қуанды ол,
Өзі де аман, Жезқазғаны да аман қап.

Тотығып Қаныш аңызағына даланың,
Тұлғасын сақтап далалық дарқан дананың,
Әнеки, ол тұр, гранит сауыт киінген
Кең алаңында жаңадан туған қаланың.

Әнеки, ол тұр, гранит сауыт киінген,
Аздап шалдыққан, қабағы да аздап түйілген.
Сонда да оны мызғыта алмайды орнынан
Ең күшті дауыл ауыр тастарды үйірген.

Кеңгірден бұрын ағатын еді су ғана,
Ағады бүгін сап-сары металл шулаған.
Ағады бүгін қып-қызыл металл тулаған,
Отты әндер туды – мың жылдар бойы тумаған.

Отты әндер туды – мың жылдар бойы тумаған,
Жырлаймыз бүгін тасқынын металл шулаған.
Жаңа қалада жаңа адам өсті Қаныштай
Мыс пен темірді қамырдан оңай тураған.

Кәнеки, достар, шырқайықшы бір отты әнді,
Қояйық былай ән менен сөзді жаттанды.
Жазайықшы бір көкпеңбек мөлдір аспанға
Алтын бояумен Сәтбаев деген аттарды!

*Кәкімбек САЛЫҚОВ*

# КӨРГЕНДЕ СӘТБАЕВТЫ АЛҒАШҚЫ РЕТ

Жезді өлке, үміт, сенім ақталыпты,
Ұлына Баянауыл бақ дарыпты.
Сарыарқа самал желі беттен сипап,
Жезқазған қарсы алып тұр Сәтбаевты.

Сұңғыла тірек болған бір ғасырға,
Ақтангер төтеп берген бұрқасынға,
Келіп тұр заңғар ғалым Ұлытауға,
Баяғы жас күніндей сырласуға.

Көз көріп, тапты сонда тағат жаным,
Аңсаған туды сәтті сағаттарым.
Күлімдеп шықты Қаныш алдымызға,
Қырандай еркін жайған қанаттарын.

Көңілдің ала бұлтын асырып қыр,
Сабырмен жан толқынын жасырып түр.
Күн сүйген Жасыбайдың айдынындай,
Жүзінен мөлдір шуақ шашылып тұр.

Келбетін дауыл, ызғар өзгертпеген
Тау дерсің, өр шыңына көз жетпеген.
Осы ғой жастай құмар пірім менің,
Періште нағыз абзал перзент деген.

Толғағын көкіректе толған сырдың,
Еріксіз елең қағып, қолдап тұрмын.
Ақбет тау күміс сәуле ұшқыны бар
Аққұба келбетіне қонған нұрдың.

Көз тояр тұрпатына, батыр тұлға,
Әр сөзі, әр қимылы татыр жырға.
Басында бұйра шашы толқып жатыр,
Салғандай сал қарағай асыр шыңда.

Таңғалса көзі көрген жан санасы,
Тумас та бұдан артып жан баласы.
Кең құлаш,
Жардай биік маңдайың-ай,
Қазақтың сыйып кеткен маң даласы!

Жылылық кескінінде тұрған жайлап,
Тентекті жасқандырар құрған айбат.
Қос жанар ақ кеседей аунап түссе,
Тамсантар қарашыққа тұнған қайрат.

Өзі өлең, есімі өлең тарланкөгім,
Бір көріп,
Кештім ғажап арман төрін.
Дүние дүрмек емес, майдан екен,
Дүлдүлдер бақытты етер жүрген жерін!

Әнеки, сұлу жүзі құлпырады,
Қисайды-ау шекесінен Күн тымағы.
Байқалды бүкіл болмыс, кескінінен
Адам мен сал табиғат ынтымағы.

Артық сөз, ұзақ кеңес құрмай бекер,
Бейнесі шалқар шабыт шыңдайды екен.
...Қанша айтқыр болсаң-дағы дастан керек,
Қанекең бір өлеңге сыймайды екен.

*Шынболат ДІЛДЕБАЕВ*

# ОРТАҒА ҚАЛА БОЛЫП ҰЛЫҢ КЕЛДІ

*(1990 жылғы 13 қыркүйекте кеншілер қаласына академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі берілді. Соған байланысты өткен салтанатты жиналыс осы арнаумен ашылған еді)*

Бұл өзі көптен күткен той болатын,
Той болса, ағыл-тегіл жыр болатын.
Тойыңа жырдан шашу шашайын деп
Алдыңа тағы шықты Шынболатың.

Атағы Алатаудан әрі асқандар,
Халқының хал-жайымен санасқандар.
Армысың, Қанышпенен бірге болып,
Іргесін бұл қаланың қаласқандар.

Армысың, кен қопарған батырларым,
Шахтаға бірге түскен жақындарым.
Намысын кеншілердің тасқа жанып,
Сендер деп жыр төгеді ақындарың.

Әрқашан елім дедім, жерім дедім,
Елім деп жыр төгуден ерінбедім.
Қуаныш құтты болсын аға, жеңге,
Бақ тілеп бетін ашқан келіндерім!

Қуантып Арқадағы байтақ елді,
Алғысын ақсақалдар айта берді.
Жарқырап ақ маңдайы, алшаң басып,
Ортаңа Қаныштарың қайта келді.

Халқымның осы еді ғой аңсағаны,
Соғады Сарыарқаның таң самалы.
Әжелер ақ жарылып алғыс айтып,
Жастары «Сәтбаев» деп ән салады.

Алдымен айналайын тілің келді,
Одан соң «біссімиллә» деп дінің келді.
Әз Наурыз ұлы тойың қайта келіп,
Ал бүгін қала болып ұлың келді.

Бауырлар шет елдегі жақын болды,
Бауыржан жұлдыз тағып батыр болды.
Айналдым қайта туған заманымнан,
Бетбұрыс көп жағдайда мақұл болды.

Сондықтан шүкір делік, шүкір делік,
Өкініп өткен күнге түкірмелік.
Әлде де жырым-жырым жыртығың көп,
Ел болып сол жыртықты бүтінделік.

Уа, халқым, құтты болсын салтанатың!
Күн бүгін қызыл тілден бал таматын.
Еске алып кешегі мен бүгінгіні,
Сөз сөйлер топ ішінде арқалы ақын.

Қазына көрінгенге жем болмасын
Дейміз ғой тереземіз тең болғасын.
Сәт сапар тілейікші Сәтбаевқа,
Даңқы оның Ұлытаудан кем болмасын!

Ілікпей саясаттың шатағына,
Намысты ер елім демей жатады ма?
Қаланы одан әрі көркейтейік,
Қаныштың кір келтірмей атағына.

Жыршыға жаңылмайтын жағын берсін,
Сарқылмас өзен-суға ағын берсін.
Ал енді кейінгі ұрпақ, балаларға,
Әумин, Қаныш аға бағын берсін!

*Яхия АСАТОВ*

# ҒАЛАМШАРДА – БІР ЖҰЛДЫЗ

Жер қойнауын дұрыстап
Зерттегенде саспадың.
Мәскеуден алып рұқсат,
Жезқазғанды бастадың.

Жезқазған мен Қарсақбай,
Байқоңыр, Ақтас зерттедің.
Барлық жерден кен тауып,
Ұлытауға беттедің.

Чиатурия, Никополь
Жау қолында қалғанда,
Жездіден алып марганец,
Елімді жаудан қорғадың.

Еңбегіңіз еш болмай,
Академия басқардың.
Ғаламшарда – бір жұлдыз,
Жарқырап тұр аспаным.

Менделеев кестесінде
«Сатпаевит» табамын.
Кеншілердің есінде
Үйретіп кеткен сабағың.

Геология – барлау жұмысы
Жүріп жатсын үздіксіз.
Түзелсін жұрттың тұрмысы,
Қалмасын адам білімсіз!

Жақсылық болсын көргені –
Құсайынов, Кентаев,
Демберген, Ғазиз сияқты
Еңбектің болсын ерлері!

Компания «Қазақмыс»
Әкеле берсін мол табыс.
Еңбекші біткен аман боп,
Көркейе берсін қаламыз!

*Ибрагим БЕКМАХАНОВ*

# СӘТБАЕВ ЖҰЛДЫЗЫ

Ғасырлармен бірге жасап жаңғырып,
Асылдармен бірге жасап мәңгілік,
Қазақ атын аспандатты әлемге,
Қаныш баба өшпейтін із қалдырып!

Сырын сезіп, қырын кезіп даланың,
Зерттеп өсті кен байлығын саланың.
Өзін танып, сөзін танып болдық па
Жүз жылда бір туатұғын бабаның?!

Әрқашан елдің аты – ерттегені,
Сол елдің болашағы – зерттегені.
Мыс, күміс, алтынның да көзін тауып,
Болашақ жайлы көп сыр шерткен еді.

Ең алғаш «Ең кішкентай» қазақ атын,
Танытты қайсарлықпен ғажап атын.
Қайран жұрты көтеріп кетті сосын
Алатаудай тұлғасы асқақ азаматын!

Бар ғұмыры дана ойлардан тұратын,
Ар тұғыры мәңгі салтанат құратын.
Көк жүзінде жұлдыздар көп самсаған,
Бір жұлдыз бар көзге ерекше ұратын!

Ол Сәтбаев жұлдызы еді жап-жарық,
Көп жұлдызды тұрған мысы қақ жарып.
Қаныш аты, ғарыш аты жүр шырқап,
Тарихтың сан бетін көрсең ақтарып!

Сол жұлдыздың тағы – биік, бағы – шың,
Миллиондардың алған бата, алғысын.
Аңыздайын аты асқақтап жер-көкте,
Мәңгі жаса, Қаныш баба нар мүсін!

* * *

Қыдыр қонып, бақ дарыған өлкемде
Кенші-шахтер тұрып жатыр өр кеуде.
Сәтбаевтың шаһары – бұл шат мекен,
Күннен-күнге өркен жайып, өрлеуде!

Туған күнін тойлап жатса нақ бүгін,
Көтергені көкке ұзартып шаттығын.
Бақ-мерейі ортаймайтын қалада
Қаныш даңқы жарасымын тапты шын!

***Батырбек МЫРЗАБЕКОВ***

# АЛТЫН ЖҮЗІН АРАЙ ҚҰШҚАН

Жезқазған – жерұйығы жұмыр жердің,
Ізі бар дәл осында Қаныш ердің.
Жастарға Қаныш салған сара жол бар,
Бастауы ең ғажайып ұлы істердің.

Ер Қаныш білім алған Томскіден,
Хабары болған оның жеті тілден.
Қолында сар даланың картасы бар,
Жеті қат жер астының сырын білген.

Ту тіккен табан тіреп асқар шыңға,
Өсиет тастап кеткен өсер ұлға.
Елінің ертеңі үшін, ұрпақ үшін
Мың мәрте маңдай тері тамған мұнда.

Бұл дала – сары мысты өлкем менің,
Жемісін көрді Қаныш төккен тердің.
Ғалымның ізін жалғар жігіттер көп,
Ырысын молайтатын ертеңдердің.

Тік қарап зеңгір көкке қыран ұшқан,
Сыр бермей өткен талай қиын тұстан.
Қаныштың төл перзенті – мысты қала,
Аймалап, алтын жүзін арай құшқан.

# ТУ ТІККЕН ТАУДЫҢ ШЫҢЫНА

Ұлытау шыңына ту тікті Қаныш,
Әр төбе, әр шыңы оған таныс.
Жетіқұм, Бетпақдала, Терісаққан,
Қос Кеңгір, Сарысу да емес алыс.

Әр жерге белгі салды ол ретіменен,
Қонаға түней жүріп кіресімен.
Қағазға қажеттерін түріп алып,
Көргенін шығармайды бір есінен.

Заманда құйыны мол аласұрған,
Еңбекпен елдің даңқын ол асырған.
Қазақтың атын Қаныш асқақтатты,
Шаң басып жатқан қырды сан ғасырдан.

Күй тұнып қоңыраудың дауысында,
Мыс балқып Қарсақбайдың зауытында,
Ел үшін төккен тері жеміс беріп,
Ер Қаныш жеңіп шықты ауыр сында.

*Өмірбек САРТОВ*

# ҚАНЫШТЫҢ «ҚАРА ШАЛДАРЫ»

Тарихың, кенді өңірім, анық маған,
Жырыммен өткеніңе алып барам.
Көгінде кені тұнған Жездарияның
Қаныштай ақ шағала қалықтаған.

Төгілген рахым нұры қарасынан,
Кеңдігі аумай қалған даласынан.
Болашақ академик білім алған
Орыстың Усов деген данасынан.

Қазақтар «Бурабай» деп кеткен қостан,
Бұрғышы «қара шалдар» түлеп ұшқан.
Кездерде қиын-қыстау тастап кетпей,
Қаныштың арманына сенім қосқан.

Аңызақ, құла түзде күн қақтаған,
Тайсалмай, қиындықтан міз бақпаған.
Солардың біреуі емес, бірегейі
Темірбаев Халықты ел мақтаған.

Жан еді ол жаңалыққа жаны жақын,
Ең білгір бұрғышы боп танылатын.
«Жуковы Бурабайдың» атаныпты,
Қашанда қиын жерден табылатын...

Тағы бір «қара шалдың» ашсам сырын,
Ескірмес ескерткіштей жазған жырым.
Жоқтан бар жасайтұғын «Өнертапқыш»
Білген жөн Қойшыбайдың Базарқұлын.

Зерек жан, техникаға икемдірек,
Кеңпейіл, жаны жайсаң, үлкен жүрек.

Сәтбаев, Есенов пен «Вася ағайға»*
Ақ адал еңбегімен болған тірек.

Жер асты арпалысқан қызу майдан,
Жарыста жалындамай озу қайдан?!
Ауысымда 400 тонна тау қопарып,
Ерлігін Ахмет Сафин елге жайған.

Жаңалық кеншілерге тез тараған,
Көп еді озаттар да бұл саладан.
Ақшалов Арыстанбек жаңа әдіспен
Нормасын озаттардың он ораған.

Атанған тас палуан Дүрментаев,
Көрмеген уәде мен серттен тайып.
Жұптасып Омарымен Жабағының,
Жүз вагон кен тиеген таңғажайып.

Алдына жан салмаған Сайдалиев,
Вагонға кен тиесе, салған үйіп.
Түспеген «Стаханов» қатарынан
Атағы жер жаратын Байғабылов.

Шпурын тереңірек, көлбеу салып,
Тау тұлға, тау қопарған Аймаханов.
Көрсетіп адам нанбас нормаларын,
Рекорд қайталанбас қойғаны анық.

Қамқоршы Қаныш аға – бас сардарым,
Жебеген жер астының сарбаздарын.
Оқытып «Тасқұдықта»** қазақтарды,
Білеміз кеніштерді басқартқанын...

Бастық болып келген соң Анарқұлов,
Кеншілер соңына ерген жанын ұғып.
Ол-дағы керек болса кеншілерге,
Аузынан несібесін берген жырып.

* «Вася ағай» – Василий Иванович Штифанов

** «Тасқұдық» академиясы – алты айлық инженерлік оқу курсын халық солай атаған

Кешегі өзі кенші болған адам,
Жұмыстың барлық қырын барлай алған.
Ысқағы Анарқұлдың, міне, осылай,
Жеңіске сарбаздарын бастай алған.

Соғыстың ауыр жағдай шегіп шерін,
Кеншілер еңбек еткен, төгіп терін.
Он оқтың «қарсақбайлық» тоғызымен,
Фашистің қойған екен қазып көрін!

Кен көзін Қаныш аға барлап кеткен,
Кейінге «Қара шалдар» жалғап кеткен.
Солардың мұрагері «Қазақмыстың»
Атағы әлем асып, самғап кеткен.

*Мұса ТІЛЕУОВ*

# ҚАНЫШТЫҢ ҮШ АРМАНЫ

Дем жүрмей, тамағынан дәрі сыймай,
Қиналып, қайран Қаныш, арысым-ай,
Сарқылып күш-қуаты отырғанда
Келіпті Мұхтар досы халін сұрай.

Жаутаңдап, жанарынан өмір аунап,
Шықпайды қоңыр үні қоңыраулап.
Шарасыз досын көріп төсектегі,
Мұхтар да күмілжіді көңіл аулап.

– Биіктен биіктерге самғадың тек,
Ел-жұртың әлпештеді ардағым деп.
Ауылда өсіп, атандың академик,
Қаныш-ай, арманың жоқ, арманың жоқ.

...Сусыған ақ төсектің шетін жаба,
Қан-сөлсіз бұрды Қаныш бетін ғана.
Оңаша бірі дертті, бірі шерлі,
Қазақтың екі алыбы, екі дана.

Тағдыры, заманы бір, сыры-мұңы,
Даланың бірі – заңғар, бірі – шыңы.
Қазақтың қос биігі дара туған,
Бұлардай кім ұғады бірін-бірі?!

– Е, солай, солай, Мұқа, сырым анық,
Көрмедім пенде болып тыным алып.
Тер төктім қадірімше халқым үшін,
Талпындым ілім ұстап, ғылым танып.

Қолдады кең даламның салты мықты,
Қазақ боп бар ғаламға даңқым шықты.
Бағым да, бақытым да еліммենен,
Қызығым, қуанышым – халқымдікі.

Күш-қуат қолда барда дәрмен көріп,
Шайқадық дүниені, дәурендедік.
Ғұмырдың қысқалығы рас екен,
Халімді көріп тұрсың, тәубе дерлік.

«Тәубе!» деп Тәңіріге жалбарынар
Сын сағат соқты, білем, алдым мұнар.
Фәниге ризамын десем-дағы,
Тұншығып, іште жүрген арманым бар.

Ұқпадым иман-құран өсиетін,
Білмедім пір мұсылман қасиетін.
Болмады бір сәтті күн дұға қылып,
Ата-ана аруағына бас иетін.

Не қайыр, көштен қалып оянғаным,
Не қайыр, орны толмас ой-арманның.
Алдамшы дүниені шарлап жүріп,
Бір белгі өз қолыммен қоя алмадым.

...Көз салып суреттерге бұрыштағы,
Сәл ғана демін керіп, тыныстады.
Әлден соң әлгі үзілген сөзін жалғап,
Болмашы иек қағып, дыбыстады:

– Білемін, ардақтарым, аңсадыңдар,
Қарамды күте-күте шаршадыңдар.
Сапарға шығар күнім таяу, білем,
Жәннатта жабырқамай қарсы алыңдар.

Жарық күн қимай-қимай батар мына,
Таусылар дәм де, тұз да, татарым да.
Ел-жұртым жылай-жылай қош айтысып,
Шығарып салар соңғы сапарыма.

Сыңарым құдай қосқан жас күнімнен,
Себелеп, жанарынан жас төгілген.
Аңырап, ағыл-тегіл жоқтар ма екен,
Бабамның салтыменен, дәстүрімен?

Әй, бірақ... айту соны қиын маған,
Тағдырдан бұл да, сірә, сыйым алған.
Жасаған өз еркіммен, өз қолыммен,
Бұл да бір арман екен бұйырмаған.

Ал енді соңғы арманым, ақырғы үміт,
Төсектен тұрғызардай, батыр қылып.
Кен терген жастық күнім көз алдымда,
Кеңгірдің жағасына шатыр тігіп.

Шарладым көлденең де, ұзыннан да,
Ықпадым сызынан да, мұзынан да.
Тепсініп Кремльге талай кірдім,
Шындықты бетке басып қызынғанда.

Кеңгірдің игеріліп кен байлығы,
Мыс қайнап, ақтарылды ен байлығы.
Жезқазған – жаңа қала бой көтеріп,
Шалқыды ел дәулеті, ел байлығы.

Аянбай арқалап ем азабын мың,
Дәл қазір осыны ойлап азалымын.
Боданға түсіп кетпей ел дәулеті,
Өзіне бұйырса екен қазағымның...

Қазына сақтап жүрген сұлтаныма,
Өзгенің түспесе екен ұлтанына.
Ұқыптап ұстай білсе, ризығы
Жетеді ұрпағымның ұрпағына.

## ПОРТРЕТ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ

Қолына алып жаңа әкелген тастарын,
Үңіледі зейін қойып жас ғалым.
Жанарының нұрын төге зерттейді,
Көрсем-ау деп құпиясын, астарын.

Бәрі ұмыт қап осы тастан басқаның,
Қызықтайды қызғылт сәуле шашқанын.

Зерек көңіл сезіп отыр мүлт кетпей,
Тағы да бір кен ошағын ашқанын.

Сол қуаныш жадыратып жас жанын,
Күлімдейді керіп қана қастарын.
Ел парызын қыран көңілі көтеріп,
Аралап жүр туған жердің аспанын.

## «ЕҢ КІШКЕНЕ» ҚАЗАҚ

Көрініп тұр тым тәкаппар екені,
Нью-Йорк – капиталдар мекені.
Ғимараттар аспанменен таласып,
Зеңгір көкке сіңіп кеткен екі елі.

Нөпір халық, абыр-сабыр айналаң,
Машиналар құмырсқадай қайнаған.
Кең көшені кереметі кернейді,
Алып қала, алпауыттар жайлаған.

Бір шетінде алаңқайдың шап-шағын,
Шағын үй тұр, сарайындай патшаның.
Бүгін мұнда кеңес құрып ғалымдар,
Сөз алуда небір шешен от-жалын.

Білімдарлар пікір айтса – дес бермей,
Кім қалады көзін жұмып, ескермей?
Тек әнебір бизнесмен мырзалар
Мұрындарын шүйіреді қош көрмей.

Өңкей көкжал, жыртқыштардан ұялы
Әрменірек, ғалымдармен зиялы
Отыр еді академик Сәтбаев,
Шартарапты шарлап қанат қиялы.

Орынынан көтеріліп жай ғана,
Зал ішіне көзін салды ойлана.

Дуылдаған пікірталас сап болып,
Тына қалды демін тартып айнала.

Кере қарыс кең маңдайы жарасып,
Кең кеудеге тай жортқандай таң асып.
Кермиықты, зор тұлғалы ғалымға
Сансыз жанар қарап қалған таласып.

Бидай өңді, қызыл шырай, қыр мұрын,
Толықсып тұр толқын шашы бір қырын.
Ел құрметін ілтипатпен қабылдап,
Түсіндірді сапарының сыр-қырын.

Таныстырып туған жерін, өңірін,
Өз елінің тұрмыс-салтын, өмірін,
Лебізінен домбыраның сазындай
Зал ішіне құйылды бір қоңыр үн.

Манағы бір марғау күйден арылып,
Мырза біткен ұйып отыр сарылып.
Не де болса, мынау тегін жан емес,
Көмейінен шыққан сөздің бәрі нық.

Тура айтады, кесіп-пішіп, есептеп,
Түйіндейді түйдек-түйдек кесектеп.
Тың ойымен тыңдаушыны толқытып,
Шешімдерін ұсынады кезектеп.

Мистер Томпсон Сәтбаевқа бұрылып,
Қарап қалған, өліп-өшіп құнығып.
«Осы жігіт, япыр-ау, шын қазақ па?!
Тұла бойы тұнып тұрған ұлылық...»

Кәрі Томпсон – беделді бір алпауыт,
Үйренбеген ит тірлікпен мал тауып.
Емшек сүті езуінде жүргенде-ақ
Олжа іздеген, алыс елден жол тауып.

Белі қатып, жігіт болып зерделі,
Әлі есінде әкесіне ергені.

Әлі есінде алыс елдің қиырсыз,
Кең жазығы, өркеш-өркеш белдері.

Тағы да бір көңілінде қалғаны –
Көл-көсір бір кенді өлкеге барғаны.
Сары мыспен қойны-қоншын тығындап,
Әкесінің орындалды арманы.

Шаңы шығып, тілімденді көне жер,
Тасы ұшып, төңкерілді төбелер.
«Қазақ» деген халық екен, қараңғы,
Алдап-сулап, жұмысыңа жеге бер.

Сол қуаныш, әттең, ерте үзілді,
Ашық аспан аяқ асты бұзылды.
Ту көтерді қара сирақ жалшылар,
Арқа тұтып қарғыс атқан қызылды.

Күн тұтылып, қараң қалды бәрі де,
Елге қайтты, ендігінің сәні не?
Суға кеткен шахталарын ойласа,
Кеуде тұсы ауырады әлі де.

Керуен көшті, кейін қалып көп белес,
Есте бары – бұлдыр сағым, тек елес.
Енді сонау мысты өңірдің қожасы –
Мына қазақ, өзіменен тетелес.

Көрініп тұр жеке-дара екені,
Дарынына білімі сай, жетеді.
Қараңғы елдің саяқ ұшқан сұңқарын,
Нар тәуекел, бір сынаса не етеді?

Өңі түгіл, өртенбеген түсінде,
Күйік қоздап Томпсон шалдың ішінде,
Үзілісте күле қарап Қанышқа,
Қалжың айтты бейкүнә бір пішінде.

– Қаныш мырза, балап тұрмын endime,
Ризамын жолығысқан күніме.

Қазақ деуге қимай тұрмын мен сізді,
Қазақ біткен бәрі сіздей ірі ме?

– Мистер Томпсон, қазақ деген – кең дала,
Елде қалды үлкендерім ең дана.
Ұлы халқым небір алып туыпты,
Ішіндегі ең кішісі мен ғана...

Кәрі Томпсон қолын беріп, тұра қап,
Мойындаған сөйлегенін тым ағат.
Нью-Йоркке аңыз болып тарапты
Сондағы бір Қаныш айтқан ұлағат.

*Ғазиз* ***ЕШТАНАЕВ***

# ЕСКЕРТКІШ АЛДЫНДА ТУҒАН ЕКІ ӨЛЕҢ

*(Жақында Жезқазған жұртшылығы теңдессіз қуанышқа кенелді.
Барыс жылы 6 сәуірде қаланың қақ төрінде ғасырдың ғалымы
Қ.И. Сәтбаевтың ескерткіші қойылды)*

**Бірінші өлең**

Ұлылық пен ірілік ұғысқан, ә?..
Ықыласын төгеді ырыс-дала.
Ұлытау да ұлым деп той бастады,
Ақ көңілден аққу боп жыр ұшты, аға.

Мекен еттік сен кезген түз-даланы,
Бүгіннен де ертеңге із қалады.
Сеземісің,
«Бауырымда өскен ұл» деп,
Баян таудан біздің жақ қызғанады.

Қызғанышы бұл елдің қызық дерсің,
Құлай сүйші,
Жанын да үзіп берсін.
«Қаныш – Баянтаудан» деп Қасен шалға айт,
Жеті атаңды түгендеп тізіп берсін.

Қиқар шалдың қылығы күлдіреді,
Бөлісе алмай келеміз кімді, нені?
Хан басыңды таласқа салғандарға
Қарсылығы шығар бұл,
Кім біледі?

Кер даланың кескіндеп көркін ақ таң,
Өмір күйін өзені шертіп аққан.
Бір қалаға атыңды беріп тұрып,
Осы шалдар аспанға бөркін атқан.

Өзің болып ертеңге кетеді өлең,
Сыр тартамыз бел-белес, бетегеден.
Осы өлкенің құдірет-киесі бар,
Сені арманға сол шығар жетелеген.

Сүйіншісі сілкінтіп шатқал басын,
Жұртың қалай жүгіріп шаттанбасын.
Айырықтан басталған бала қиял
Кеңгірге кеп құйылды,
Тапты арнасын.

Аңыз қылып арпалыс шақтарыңды,
Саған ұқсап талай ұл атқа мінді.
Баянтауда бесігің тербетілді,
Ұлытаудан несібің ақтарылды.

Ғалам кезіп даңқыңның дабысы ұдай,
Жырлап жатыр жұлдызбан жарысып Ай.
Дауға лайық пенделер енді ұғынды
Тауға лайық тұлғаңды, арысым-ай!

**Екінші өлең**

Соныға сап соқпақта
Серт егеспен,
Базарлы күн басыңнан ерте көшкен.
Керзі етікпен сен кезген кең даланы
Жүзіп келе жатырмыз «Мерседеспен».

Айыптама,
Жел жүйрік астымда әлгі,
Мойындаттық, ағатай, басқа ұрғанды.
Тасымды да танытып кеткен өзің,
Тастан қашап тұрғыздық хас тұлғаңды.

Қараулары қалды ұмыт қарғыс ұрып,
Оралдың ба –
Болды елдің алғысы құт.

Белгің болмай жүруші ем, ардақтым-ау,
Аруағыңның алдында сан қысылып.

Тауы мынау елiңнiң,
Тасы мынау,
Айтар ма екен адамзат ғасыры дау.
Екi ананы тел емген ерке бала,
Екi өлкеге тең өскен асылым-ау.

Күй толғандай көңiлдiң шанағына,
Пейiлiмдi қабыл ал, аға, мына.
Боз даланың боздаған ботасы едiң,
Боз жусанды төседiм табаныңа.

*1999 жыл*

*Абдолла ДАСТАНОВ*

# ХАЛЫҚ ҚАЛАП ҚОЙҒАН АТАУ

*Поселке қалаға айналатынын естігенде, біздің кеншілер оған Қаныш Имантайұлының есімін беру туралы жоғары жаққа дереу өз өтініш, тілектерін жолдаған еді. Бірақ Алматыдағылар «Қаланы қалай атауды біз шешеміз» деген қысқа ғана жауап қайтарды. Сол тұста жаңа қаланы «Неміс коммунисі Ульбрихтің есімімен атау туралы Мәскеудің талабы болыпты» дейтін сөздерді де естігенбіз.*

***Ғазиз аға Омаровтың естелігінен***

Жұрт құлақ тосып жатыр жаңалыққа:
«Құдай-ау, естігенім шын, анық па?
Өседі мәртебесі поселкенің,
Біз енді айналамыз қалалыққа».

Бәрі де жан біткеннің қуанышты,
Сүйіншілеп жан-жаққа хабар ұшты.
«Болашақ қаламыздың атауына
Тек қана Қаныш аты лайықты».

Көптенгі жеткендей-ақ арманына,
Жанғандай жарық жұлдыз алдарында.
Алматыға хат жолдап қарт кеншілер,
Сеніп жүр оңды жауап болмағына.

Алматы бірақ үнсіз, қатпайды тіл,
Айтпайды жақтамасын, жақтайтынын.
Суық сөз сумаңдаған рас па екен,
Жүретін ел аралап таппай тыным?

Сол сөздің шындық болып шыққаны ма?
Көсемнің не кедергі құптауына?
«Сәтбаевқа қабағы салқын» деуші еді,
Жүр ме екен пенделіктің ықпалында?

Көпшілік иланғандай қисынға осы,
Төркінін ақиқаттың білсін қайсы?
Тықпалап жатқан жоқ па Ульбрихті
Мәскеудің жымысқылау саясаты.

Бұқара бірақ мұны қайдан білсін
(Сондықтан өз дегенін ойлай берсін).
Басқа емес, нақ Қонаев біледі ғой
Олардың бір жабысса қоймайтынын.

Сондықтан пейілі жоқ таласатын,
Ойлайды елдің бірақ болашағын.
Қазақтың қаласына қалай ғана
Береді қайдағы бір неміс атын?

Шаншудай қадалатын жанды жерге,
Белгілі оған әлгі әңгіме де.
Екі оттың ортасында қалғандай боп,
Қиналып отырғаны енді, міне.

Ақылы адастырмай ақтанкерді,
Ақыры бір амалын тапқан болды.
Қалаға Никольск атын беріп,
Орыстың аузын сөйтіп жапқан болды.

Ел білмес елеусіздеу атты беріп,
Қалаға ұзақ ғұмыр, бақ тіленді.
Халықтың көңілінде атой салған
«Сәтбаев» сәтті күнін жатты күтіп.

Ескенде егеменнің самал лебі,
Қазақтың жоғалғаны түгенделді.
«Қалаға Қаныш аты берілді» деп,
Алматы жақтан жақсы хабар келді.

Халықтың сол еді ғой күткені де,
Алтын күз айналғандай көктеміне.
Ақсарбас шалып жатты ақсақалдар,
Бір сәтте қолы жетіп көктегіге.

Ұлтына ұлағатты ұлы тұлға,
Өзінің қонды солай тұғырына.
...«Сәтбаев» – халық қалап қойған атау
Сәтбаевтың мәңгі өшпес рухына!

# ҚАНЫШ СӘТБАЕВ МҮСІНІ ЖАНЫНДАҒЫ ОЙ

Сәтбаев қаласы, Сәтбаев даңғылы,
Төрінде – Сәтбаев мүсіні.
Шахтаға жіберіп кеншіні,
Қарсы алып тұрғандай бұл кісі.

Сәнді де, мәнді де орынға,
Тауыпты тастұғыр жарасым.
Көзімен көруге келгендей
Атымен аталған қаласын.

Адамдар тәрізді тастың да
Тарихи тағдыры болады.
Осынау еңселі ескерткіш
Есіме әлдене салады.

Тас түгіл, алыптың аты ұмыт
Болуға, білемін, шақ қалған.
Көгімде «жұлдыз» боп жанғанда,
Жерімде есімі тапталған.

Кезеңнің көпіршіп көбігі,
Қалғанбыз асылды таба алмай.
Сол тұста әлдебір қоймада
Болыпты оқиға мынадай.

Қараңғы қуыста жәшік тұр,
Нән жәшік... тақтаймен қапталған.
«Бұл не екен? Не бар, – деп, – ішінде?» –
Балташы балта ұрды қапталдан.

О, ғажап! Көзіне сене алмай,
Өн бойы барады қалтырап.
Балталап ашқан сол жәшікте
Қаныш тұр... маңдайы жарқырап.

Пенделік билеген заманға
Біз мұны жабамыз кінә ғып.
Ұлы адам – Қанекең қашалған
Тасқа да түскен деп бұғалық.

Сол мүсін бүгінде қаланың
Төрінен халқына қарап тұр.
...Тастұғыр тарихы білгенге
Таптырмас тамаша сабақ бұл!

***Несіпкүл САПАРҒАЛИҚЫЗЫ***

# ГҮЛДЕНЕ БЕР, СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЛАСЫ!

*(Толғау)*

Кенді өлке жазиралы даласы,
Қандай ғажап көркем еді, қарашы.
Кеншілердің ордасына айналды
Сәтбаевтың атындағы қаласы.

Кеніменен өріледі өмірі,
Бұл ежелгі келген жора-сарынды.
Кен қопарып, малын баққан бабалар
Тарихта да солай алған орынды.

Ескерткіші тұр төрінде Қаныштың,
Ел бағалап, ардақтаған алыптың.
Білімде де, ғылымда да із қалды,
Кеншілерім, содан үлгі алыпсың.

Қаныш ғалым кезінде,
КСРО жиыны, әр сөзінде:
«Ел байлығын көздің қарашығындай
Сақтаңдар, – деген, – елімде!»

Жер асты кен байлығы,
Ұрпаққа мұра шайлығы.
Сонымен даңқы шығады,
Ғарышкер болған айлағы.

Тау-тасты күн-түн кезген-ді.
Іздерін салған көз көрді.
Мыс кенін ашып, зауыт сап,
Жездімнің де өңі өзгерді.

Өсиеті қандай қалдырған,
Жанарға жасты алдырған:
«Құрметте, – деп, – байлығын!»
Өсиет, мұра қалдырған.

Тыңнан қала салдырған,
Үміттің отын жандырған,
Талай ғасыр аңсаған
Арманды сусап қандырған.

Кемеңгер аға көзіндей,
Зәулім ғып биік салдырған.
Шахта, зауыт, фабрика
«Менмұндалап» шығар алдыңнан.

Бізге де болған аманат,
Сіздерге де сол аманат:
«Қаныш аға сөзі әрқашан
Халқының болсын есінде.
Ұлы жиын-тойларда,
Аталып жүрсін әрдайым,
Қаланың әр кешінде».

Ей, жас ұрпақ, мақтанып,
Айтайық атын шаттанып.
Қазыналы құт мекен,
Жайнай бер, жүлдегер атанып!

Мадақтап сенің атыңды,
Ақындар жырға қосады.
Мерейлі күндер алдыңнан
Әлі де талай тосады.

Кенші ақындар – Кәкімбек,
Жыр дүлдүлі Шынболат,
Мұса, Яхия ақындар
Жырдан шашу шашады.

Қаныштан қалған ұлы арман,
Кеудеге нұр боп таралған.
Болатын бұлай себебі,
Ұлытаудан нәр алған.

Құрылысы бүгін жаңарған,
Күтеді аппақ таң алдан.
Кеншілері забойда,
Күні-түні кен алған.

Кеншілердің қаласын,
Ақындар, жыр ғып жазасың.
Мәдениеті өркендеп,
Заңғарға қол созасың.

Салт-дәстүрін сақтаған,
Ел сенімін ақтаған.
Жас ұрпақтың ішінен
Небір дүлдүлді баптаған.

Тарихы кеткен тереңге,
Намысы биік өр елде
Ержеткен ұлан кім болар,
Күтеміз үміт сенен де!

Ұлытаудан нәр алған,
Құрылысы бүгін жаңарған.
Қыран құс ұшпас төменде,
Сол арқау болды өлеңге.

*Ләззат ЖҰМАНОВА*

# НАР ТҰЛҒА

Алтын арай нұрын төгіп жеріме,
Түн түндігін ашқан кезде еліме,
Таң самалмен тербеліпті тың дала,
Күн шыққанда шуақ шашып керіле.

Аққу ұшып, қаз қоныпты көліме,
Өмір жыры басталарын сезіне.
Сол көктемде қазағымның бағына,
Қайтқан құспен ұл келіпті кезіне.

Ержетіп ол ерлік істер жасапты,
Болса-дағы балауса жас масақты.
Ағылшындар ашып кеткен жерлердің
Әрбір тасын қалдырмастан қашапты.

Ұлан-байтақ кең далада кезінде
Барын байлық дәлелдеуге, кенін де.
Ерен еңбек атқарғаны Сәтбаев
Көрініп тұр оның еңбектерінде.

Сан іздерің сайрап жатыр бүгін де,
Арқалаған ғасыр ауыр жүгін де.
Бар әлемге несібелі ырыс боп,
Пайдаға асты бас жоспары бұ күнде.

Бар қазағым кеннен тапты бақытын,
Асыл жайып, үстіне ілді жақұтын.
Қалдың мәңгі елдің, ұрпақ есінде,
Академик Қаныш – биік аты тым.

Елім сыйлап, жинап жатыр естелік,
Ер есімін жырға қосып десте ғып.
Сәтбаевқа сан ескерткіш көп емес,
Нар тұлғаң тұр бүгін тағы көшке еріп.

Ерсің асыл нардың жүгін көтерген,
Еңбегі есіл екен дейміз өтелген.
Құрмет тұтып, қуанышпен қараймыз:
«Шаршамаған екенсің, – деп, – бекерден».

*Петр ЦАПЛИН*

# ВЫСОТА САТПАЕВА

Драгоценные камни:
Рубин, изумруд.
В их прожилках читаю
Сатпаева труд.

В их окрасках читаю
Каныша мечту.
В бликах, отблесках
Вижу его красоту.

Драгоценные камни:
Аметист и берилл.
В их созвучье я слышу
Сатпаева речь.

На привалах геологам
Он говорил:
«Нашу дружбу, как недра,
Должны мы беречь!».

Драгоценные камни:
Карнеол, сердолик.
В их отсветах, оттенках
Есть Сатпаева лик.

А в извилинах, гранях,
Есть его доброта,
И восход, и закат
И его высота.

# УЛИЦА ИМЕНИ САТПАЕВА

Улица моя твоим
Именем зовется,
Это означает
Твое сердце бьется.
Это означает Ты,
Каныш, живой.
Именем твоим
Назван город мой!
За твои заслуги,
За твою работу,
Это за великую
И нужную
Памятник поставлен
Тебе на века.
Чтоб ты был замечен
Всем издалека.
Мы цветы приносим
К бюсту каждый раз,
Ты, Каныш, с улыбкою
Смотришь на всех нас.
Это нам отрадно
«Память уберечь,
Этими словами
Я закончу речь.

# ЗЕМЛЯ САТПАЕВА

Земля Сатпаева– кормилица моя,
Тыприютила многих и меня.
Ты привечаешь журавлей, грачей,
Иянавеки твой, и больше я ничей.

Не надо мне Египетских красот,
Равнин Австралии и Андовских высот.

Земля Сатпаева – красавица моя,
В одну тебя влюбился сердцем я.

И кажется, тебякрасивей нет
На свете, в космосе, среди других планет.
Как ты, во всей вселенной не найти,
К местам сатпаевским меня ты приюти.

## ОН БУДЕТ СЛУЖИТЬ МНЕ ПРИМЕРОМ

Никто непознает, никто не поймет,
Никто не заглянет мне в сердце.
А в нём, так уютно Сатпаев живет
На поприше единоверца.

Мне хочется больше о нём распознать:
И тем, ограничиться в меру.
Мне с ним будёт легчепрепятствия брать.
Он будет служить мне примером.

## МНЕ ТАК ПОВЕЛЕЛА ПРИРОДА

Мне так повелела природа,
Чтоб о Сатпаеве писать.
Стихи, рожденные душою,
Грешно кому-то поправлягь.

Я в каждуюстроку из прозы
Вплетаю васильки и розы,
И в эту памятную тишь
Их доношу – прими, Каныш!

# Я ЛЮБЛЮ СВОЙ ГОРОД

Как говорится в народе,
Город на вечной породе.
Нами построен не Комсомольский,
А наш любимый Сатпаев.

Я люблю тебя город,
Всем сердцем, всем нутром.
Для меня ты вечно молод,
Под голубым шатром.

Небо знает об этом,
Знает скромная степь.
Здесь я вырос в поэты,
Возмужал и окреп.

Здесь сдружился с природой,
А друзей сколько хошь.
Весь мой труд для народа,
Но об этом – хорош.

Я люблю свой город,
В этом золоте дня.
Горожане со мной,
Как большая родня.

*Тоқтар ЕРСЕЙІТҰЛЫ*

## МАҚТАНЫШЫМ

Қаныш дана, бір ғасыр толғаныңа,
Жан едің биік арман, талғамың да.
Жезқазған, Қарсақбайым, Ұлытауда,
Өшпейтін ізің жатыр Сарыарқада.

Қаныш аға, өшпейсің жүрегімде,
Атың мәлім бұл күнде бар әлемге.
Мыс орда мекенінің шамшырағы,
Кен қазған кеншілермен жүрсің бірге.

Өмір-теңіз шалқыған айдынында,
Нұр жүзің шуақ шашқан жан-жағыңа.
Кеншілер, металлург, байытушы,
Ардақтаған атыңды Жезқазғанда.

Кен көзін өзің ашқан Жезқазғанда,
Сені мақтан етеді аналар да.
Өзіңменен барамыз сенімді боп,
Өмірдің келе жатқан ғасырына.

## МӘҢГІЛІК

Өмір деген кейде өзі құйын ғой,
Әркім-дағы айта бермес түйінді ой.
Данамын деп жүргендердің көбісі
Сәтбаевтай болуы шын қиын ғой.

Қарт Қарсақбай тербеп кеннің бесігін,
Танытты елге Қаныш аға есімін.
Қаныш жайлы ұзақ бүгін жырласам,
О, адамдар, айтыңдаршы, несі мін?

Жөнім де жоқ келешекке алаңдар,
Ер Қаныштай дара, бөлек ағам бар.
Оның ісі мәңгілікке жасайды,
«Дана өлмейді – сөзі өлмейді» деген бар.

*1999 жыл*

***Жақсылық ОМАРОВ***

# ДАРА ТУҒАН

*(Қаныш Сәтбаев ескерткіші алдында)*

Ірі тұлға, ірі адам қазағымда,
Орыныңыз ерекше, Қаныш аға!
Кең-байтақ Сарыарқадан кенді тауып,
Төзе білген талай сын азабына.

Ырзық тауып өзіңіз ашқан кеннен,
Бақыт тапты ел кен тау боп жатқан жерден.
Кеншілер қаласында қойдық, міне,
Еңселі ескерткішті Сізге төрден.

Қалаға келген қонақ Сізге келед,
Құрметтеп, басын иіп сәлем беред.
Ғаламға кең танымал атағыңыз
Ғасырдан ғасырларға өте беред.

Лайықты орыныңыз төрден, міне!
Көзқуаныш болып тұр көрген елге!
Ешқашан ұмытылмай еңбегіңіз,
Есіміңіз жасайды елмен бірге!

«Ел, халық» деп соқты ғой жүрегіңіз,
Қазақта дара туған ұл едіңіз.
Сізге деген сездірді ықыласын
Осы ескерткіш арқылы Ұлы Еліңіз!

***Бұқар Амангелді***

# ӘН ҚАНАТЫНДА

*Қанекең сегіз қырлы, бір сырлы болатын.*
*Баянауыл, Семей өңірінің әндерін*
*керемет орындаушы еді.*
*Қаныш Имантайұлының әнге әуестігі де –*
*атаның қанымен берілген қасиет.*

***С. Жаппарханов,***
***академиктің көмекшісі***

Қайта жанып кешегі ғұрпым өшкен,
Баянауыл басынан бұлты көшкен.
Ән әуелеп, жаяуы жүйрік мініп,
Аққелінге бет бұрған, жұрт ілескен.

Ән бесігі тербетіп Қанышымды,
Жаяудың әні оятты намысымды.
«Бір балаға» қоятын ән салғызып,
Қос етек, бұраң белдер таныс үнді.

Ауызданып өнермен бала қыран,
Түлеп ұшты от ойнап балағынан.
Тоғыз перне домбыра қолына алса,
Ән шырқайды төгілтіп шанағынан.

Ән еркесі аяулы «Мақпал» екен,
Алма мойын, ақ жүзі – ақ таң екен!
Демін жұтып, әлеумет қостап қойды:
«Қандай ана, шіркін-ай, тапқан екен!?»

Әнге салды: «Бір қыз бар Маралдыда...»
Пері ме, әлде адамнан жаралды ма?!
Жанды баурап барады саз сиқыры,
Аққу қонды Ащыға* таң алдында.

* Ащы – өзен атауы

Сұлу әнмен қарсы алып таң самалын,
Ән салады Қаныш, жұрт тамсанады.
«Бүркітбайды» жіберді сорғалатып,
Осы еді ғой қашаннан аңсағаны.

Жанарына сыйдырып бар алапты,
Көз алдында көсіліп дала жатты.
Жаяу Мұса байлаған көк қаршыға
Қиялында ағындап бара жатты.

Небір дарын сыйлапты дарқан өмір,
Жұрты жомарт, бұл да бір арқалы өңір.
Қырдағы ауыл Қанышын қошеметтеп,
Той боп жатты тамаша Арқада бір.

## ҚАНЫШ ҚАЙТА ОРАЛДЫ

*(Еңселі ескерткіш бой көтергенде)*

Дарқан далам сәуірде балқып жатты,
Ел көңілі еңселі, шалқып жатты.
Қаламызға Қанышым қайта оралып,
Шаттығымның қаймағын қалқып жатты.

Осы еді ғой арманым айдан аппақ,
Қалың жұрт жүр Қанышын айналақтап.
Түу алыстан төбеме Ай қонақтап,
Қуаныштан Күн нұры аймалап қап.

Дидарынан Қаныштың құйылып нұр,
Естір құлақ, көрген көз сүйініп тұр.
Көктемеде түлеген қалама кеп,
Бар тіршілік тамылжып сиынып тұр.

Арқадағы мыс шаһар – күміс кемер,
Қанышымен құт қонып, ырыс келер.
Кенші қауым, сүйінші!
Қаныш данам
Еңбегіңе екпінді тыныс берер!

# ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫ

Түледі түз де, керім бел,
Көз салып қайта қарашы.
Керілген Кеңгір төрінде
Құлпырды Қаныш қаласы.

Тал-терек – көркі көшенің,
Тербеле көзді тартады.
Жапырақ-жүрек неше мың
Сыбдырлай иек артады.

Алаңның аты – Кеншілер,
Демалыс орны тұрақты.
Көк желек гүлді көркімен
Жұмақтың төрі сияқты.

Мейірім-шуақ көл-көсір,
Кептерлер мұңсыз дән терген.
Бұрқағы көкке өрлесе,
Сарқырамасы сән берген.

Кешқұрым үні кернейдің
Думанға бөлер маңайын.
Әуелеп ән-күй тербейді
Шынболат жырау сарайын.

Сән құрып жастар жатады,
Самалды кеште табысқан.
Жас жұбайлар тұр бата алып
Ардағы – абыз Қаныштан.

Кеншілер елі осындай,
Ағызған мыстың бұлағын.
Ақын тұр жыры жасындай,
Жүректе тулап жыр-ағын.

*Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ*

# СУРЕТІҢЕ ҚАРАЙМЫН КҮНДЕ СЕНІҢ...

*(Қаныш ағаға арнаймын)*

...Суретіңе қараймын күнде сенің,
Сосын ұз-а-а-қ өзіңмен тілдесемін.
Жанарыңнан содан соң сәуле тарап,
Өлеңімнің қажайды ілмешегін.

Баянтаудан ұштың-ау, бала қыран,
Бала қыран, бақ саулап балағыңнан.
Шеңгеліңе, шіркін-ай, шыдай алмай,
Уатылды қара тас талабыңнан!

Дегендей-ақ – дархандық ала келсін,
Кең маңдайың – көсілген дала дерсің.
Жез сандығын сен ашып бұл даланың,
Сүйсініпті ісіңе тамам ел шын.

Сен ұстаған қайла тұр мұражайда,
Соны көрсем, сан сауал тұнады ойға.
Өміріңнің өрнегін көріп содан,
Күш аламын, сенсеңіз, тұла бойға.

(Бар қазаққа шұғыла жауды арайлы),
Сен жайлы жыр жан-жақтан қаумалайды.
«Бұл Қаныштың ашқаны – кен ғана емес!..»
Тарих-ата сақалын саумалайды.

Уысына көсіп бір кенді алады,
Елің – еркін, басылған енді алаңы.
...Естимісің?
Тербеп тұр бір ән ғажап,
Керзі етікпен сен кезген кең даланы!..

*Жанат ӘБДІҒОЖИН*

# ҰЛТҚА ҮЛГІ БОЛАРДАЙ ТҰЛҒАҢ БӨЛЕК

*(Қаныш Имантайұлының 120 жылдығына арнадым)*

Қазынасы қазақы қаймананың,
Жерге мәлім, атағың Айға мәлім.
Өзіңдей болса, шіркін, туған ұлдар –
Сарқып берер халқына бойда барын.

Жанын берген қашанда жолында ардың,
Ұғынатын елміз ғой мәнін бардың.
Даңқың өрлеп, ішінде дара тұрсың
Дарқан дала тудырған дарындардың.

Таста тағылым жатқанын күнде ескеріп,
Тарих айтып тұр, әне, түрлі естелік.
Ер болмаса өзіңдей, елімнің де
Есігінен бақ-ырыс кірмес келіп...

Шашылмайды деп сенем жолда құтың,
Байлығың мен бақытың барда бүтін.
Перзентісің аяулы Алашыңның,
Жер-Ананың ақтаған арда үмітін.

Естеліктер – тарихи жылдан дерек,
Шабыт берер ақынға жырлауға ерек.
Қолға қалам алғызбай қойсын ба әсте,
Ұлтқа үлгі болардай тұлғаң бөлек!

Қымбат сен үшін саналған сондай құны,
Жер байлығы әлемге болды әйгілі.
Есіміңмен тікелей байланысты
Мен сүйетін халықтың бар байлығы!



*«Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!»*

*«Музыкамен қатар, Қаныш өнердің бір түрі – биді де қатты қадірлейтін. Полька, мазурка, вальс билерін ол кездегі қазақ жастарында ол сияқты ешкім билей алмайтын».*

***Әлкей МАРҒҰЛАН,***
*академик*

*«Қаныштың ұлы ақындарымыздың бірі екеніне бүгінге дейін шәктеніп көрген емеспін. Рас, ол ұлы ақын еді. Ол желдің, судың тілін түсінетін, далада жатып жердің алып жүрегінің қалай соққанын тыңдайтын, тереңдегі мұнайдың шуылын еститін. Оған тас сөйлеп, сыр шертетін, темір ән айтатын. Ол нағыз ақын еді ғой».*

***Әбділда ТӘЖІБАЕВ,***
*ақын*

# СӘТБАЕВ – КИЕЛІ МЕКЕНІМ

***Сөзі: Мұса Тілеуов***
***Әні: Шәміл Әбілтаев***




Мақтаныш – Қаныштай ұлысы,
Жастары – жасампаз көк өрім.
Халқымның береке-ырысы,
Сәтбаев – киелі мекенім.

Керімсал кеншілер алаңы,
Көшелер шомылып шуаққа,
Келемін аралап қаланы,
Кіргендей пейіш пен жұмаққа.

Нұр жауып шуақты шаһарға,
Құшағын жаяды тал-терек.
Шаттығы шалқиды жаһанға,
Шынболат сарайын ән кернеп.

Барым да, бағым да басымда,
Елім деп, жерім деп өтемін.
Думаны ұласқан ғасырға,
Сәтбаев – киелі мекенім.

# ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫНДА

***Сөзі: Қуаныш Ахметов***
***Әні: Марат Түсіпбеков***




Қаныштың қаласында,
Жұлдыздай жанасың ба?
Өзіңді гүл деп қалдым,
Гүлдердің арасында.

***Қайырмасы:***
*Төзімді сен сынама,*
*Сезімді қамшыла да,*
*Алаулап құшағыма,*
*Гүл болып енші лала.*
*Сыр болып тамшыла да,*
*Нұр болып жаншы дара.*
*Сен куә пәк сезімге,*
*Сәтбаев – кенші қала.*

Нұр кешіп сол көктемде,
Сыр-бесік тербеткенде,
Жандырған жүрегімді
Сендегі келбет, бейне.

***Қайырмасы.***

Жан дүнием толып нұрға,
Бақ құсы қонып тұр ма?
Аңсаған арманыма
Осында жолықтым ба?

***Қайырмасы.***

# СӘТБАЕВ – ДОСТЫҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

***Сөзі: Шынболат Ділдебаев***
***Әні: Жақсыкелді Сейілов***




Сапырған сары алтын тастардан,
Бәрінде асқақ ән, жақсы арман.
Бақытты байтақ ел достығы
Қаныштың қосынан басталған.

***Қайырмасы:***
*Сары алтын Сарыарқа даласы,*
*Халқымның кемеңгер данасы.*
*Әр таңын ән-күймен қарсы алған*
*Сәтбаев – достықтың қаласы.*

Жалынды жүректе сыр қандай,
Шын достық салтанат құрғандай.
Қаланың әр көше, әр үйі
«Сәтбаев» деп жырлап тұрғандай.

***Қайырмасы.***

Ырыс боп ағылған кеніміз,
Шахтада шыңдалған еріміз.
Қарсы алар құшағын кең жайып,
Сәтбаев – жас қала, келіңіз!

***Қайырмасы.***

# СӘТБАЕВ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

***Сөзі: Амангелді Бұқар***
***Әні: Құрманғали Тәшетов***




Кеңгірдің толқыны тербетіп,
Күлімдеп атады ақ таңым.
Күн сүйген көрікті келбетін,
Қаласы Қаныштың – мақтаным.

***Қайырмасы:***
*Өнеге – шежіре, дастаны,*
*«Ел іші – өнердің кеніші».*
*Сәтбаев – береке бастауы,*
*Кеңейсін, өркендеп өрісі!*

Кеншілер мерейлі өлкемде
Қазына аралын тапқандай.
Достықты ту еткен өркенге
Өмір тұр қол бұлғап ақ таңдай.

***Қайырмасы.***

Дүбірлі думанға ғаламда
Құт мекен Шынболат сарайы.
Жұмақтың төріндей аланда,
Әрдайым мереке маңайым.

***Қайырмасы.***

# ҚАНЫШ-ҚАЛА

***Сөзі: Мұса Тілеуов***
***Әні: Мәжит Тоғайбеков***




Жарқ етіп жанарлары қарай қалған,
Көзінен қыздарының арай тамған.
Айналдым, кенші қалам, келбетіңнен,
Табысқан талай тілек, талай арман.

***Қайырмасы:***
*Өн қала, ару қала, арман қала,*
*Жұлдыз боп Сарыарқада жанған дара.*
*Тер төккен тереңінде өрендері,*
*Қаныштың ұлағатын алған қала.*

Атағы алыстарда, ғарыштарда,
Есімі алты алашқа таныс қала.
Отаны кен қопарған кеншілердің,
Көзіндей ғұламаның Қаныш-қала.

***Қайырмасы.***

Ордасы ырысым мен берекемнің,
Ортасы қуаныш пен мерекемнің.
Мекені құз құлатқан кеншілердің,
Кіндігі құт дарыған кенді өлкенің.

***Қайырмасы.***

# ГОРОД АЛЫХ ТЮЛЬПАНОВ

***Слова: Ю. Грунина***
***Музыка: Романа Бурда***






Зорька ясная, с пригорками,
Высь весенняя, запылает.
Город рудный мой, город юный мой,
В майской зелени – весь Сатпаев.

***Припев:***
*Город алых тюльпанов,*
*Холодов и жары,*
*Город радостных планов, нашей новой поры.*
*Город ярких гигантов, золотых облаков,*
*Город медных гигантов, гордый труд горняков.*

Сторек отзвуки, сварок отблески
Словно музыка заиграет.
В твердой поступи, общей доблести,
В нашем мужестве – встал Сатпаев!

# КЕНШІ ҚАЛА

*Сөзі: Мұса Тілеуов*
*Әні: Мұрат Сейтенов*




Бақ мекенім, бесігім тербетілген,
Кенші қала, айналдым келбетіңнен.
Шыға келсем ертемен көше бойлап,
Күлімсіреп сипайды Күн бетімнен.

Қала толы қайнаған жұрт ішінде,
Кеншілердің үңілем түр-түсіне.
Кенді өлкенің кемеңгер ұландары,
Толағайдың қуаты тұр күшінде.

Кеніштердің Күн сүйіп мұнарасын,
Ырыс ағып, кен кернеп тұр арнасын.
Қара жердің қайнаған қазынасы
Ақтарылмай білемін шыдамасын.

Кенші қалам, кең сарай, туған жерім,
Туған жерім – базары думанды елдің.
Өзің десем өртеніп қуаныштан,
От жүрегім кеудемде тұрар менің.

Жүректерде алауың жалындасын,
От іздесең бізге кел, бауырласым!
Кенші қалам – кіндігі Сарыарқаның,
Қаныш өзі көтерген қабырғасын!

# КИЕЛІ КЕН ҚАЛАМ

***Сөзі: Дәуренбек Бұланбаев***
***Әні: Мәжит Тоғайбеков***




Ұлылық – ұраны,
Ұл-қызы – қорғаны.
Жұлдызы жарқырар,
Сәтбаев – жыр-әнім.

Еңбекте – еншісі,
Кеңпейіл кеншісі.
Сары жез құрсанған,
Келешек елшісі.

***Қайырмасы:***
*Атыңнан айналдым, кен қалам,*
*Шабытты сыйладың сен маған.*
*Жібектей самалмен желпиді*
*Өзіңді, киелі кең далам.*

Ертеңі – ертегі,
Көп сырды шертеді.
Киелі кең далам –
Мендегі дерт емі.

Мөп-мөлдір аспаны,
Бір әуен басталды.
Жүрекке жазылды
Кен қала дастаны.

# ПЕСНЯ О САТПАЕВЕ

***Слова: Алесь Черкасов***
***Музыка: Еркин Омаров***




Летний день уже погас...
Сумерки струятся с облаков...
Как красив ты в этот час,
Город горняков!
Я иду по улицам.
Добрый вечер, город мой родной!
Нитью крепко связаны одной

*Ты и я.*
*Общая судьба и жизнь одна.*
*Свет звёзды*
*Озарит мой путь.*
*Я с тобой, и все печали высохли до дна!*
*Добрый город, вечно юным будь!*

Здесь, в степях Сарыарки,
Ты, земля, сокровища хранишь.
Здесь нарушил стук кирки

Вековую тишь.
Город сбывшейся мечты,
Воплощенье славного труда,
Будем вместе мы с тобой всегда –

*Ты и я.*
*Радость и невзгоды пополам.*
*Вся твоя*
*Слава – по делам.*
*Пусть не будет в нашей жизни хмурых, серых дней!*
*Светлый город, нет тебя милей!*

Хоть он вовсе не велик,
Но из тех, кто горд своей судьбой.
Он ведь тем и знаменит,
Город трудовой.
Вот на площадь вышел я,
И навстречу заревом огней
Город улыбнулся тихо мне.

Мы друзья.
Друг без друга нам нельзя никак.
Ты и я –
Город и горняк.
Будь всегда, цвети под солнцем, как тюльпан степной!
Добрый вечер, город мой родной!

# ШАХТЕРСКАЯ

***Слова: В. Виноградец***
***Музыка: Роман Бурда***




На белом свете много городов прекрасных,
Их славят часто подвиги людей труда.
И наш Сатпаев – словно городок из сказки,
Стоит в степи теперь – как яркая звезда.

***Припев:***
*И мы любим тебя, наш шахтерский край родной,*
*И мы славим тебя, и гордимся все тобой.*

Над степью ранней птицы стаей пролетают,
И солнце ярко плещет счастьем и теплом.
И горняки – герои, медь тут добывают.
И мы с тобой, волнуясь, каждый день их ждем.

***Припев.***

Но лучших в нашей жизни мы путей не ищем,
Не знаем в жизни края краше и милей.
Тюльпаны наши душу согревают лучше,
Чем даже тысячи светящихся огней.

***Припев.***

# САТПАЕВСКИЙ ВАЛЬС

*Слова: Константина Пригодича*
*Музыка: Марата Тусупбекова*




Степью ковыльной, степью раздольной,
Шел по жаре и в туман.
И как геолог, и как ученый,
Славил он наш Жезказган.

Край наш суровый, медью богатый
В сказочный сад превратил.
Землю степную, как мать родную,
Он навсегда полюбил.

Имя Каныша с детства мы слышим,
С ним нам жить веселей.
Шахты – гиганты, люди – таланты
На жезказганской земле.

От Карсакпая до Жезказгана
Тропки его пролегли.
Травы степные, ветры лихие
След тот стереть не смогли.

# СӘТБАЕВ ВАЛЬСІ

***Сөзі: Мәуия Бекмағанбетова***
***Әні: Нұрлан Керімбеков***




Ғасырлар сырын жасырған,
Қойнауы қазына тасыған.
Байлығын тауып танытқан –
Қаныштай ұлы данышпан.

***Қайырмасы:***
*Сандуғаш сайраған әнді өлкем,*
*Әлемді таңдантқан кенді өлкем.*
*Ғарышпен тілдескен сәнді өлкем,*
*Сәтбаев қаласы мәңгі көркем.*

Қиындықпен күрескен,
Даласын сүйген сеніммен.
Бақытқа бөлейді ол елін
Ашып кеткен кенімен.
***Қайырмасы.***

Аңсаған асыл арманың
Жалғайды, аға, ұрпағың.
Өмір жолы – өнеге,
Жұлдызы Сарыарқаның.

***Қайырмасы.***

# МАЗМҰНЫ

*Асқар Ыдырысов.* Ескірмейтін есім ....................................................................................5

**І БӨЛІМ**
**ЖҰРТЫНЫҢ ЖАДЫНДА, ЕЛІНІҢ ЕСІНДЕ**

*Таисия Сатпаева.* Незабываемые годы ..........................................................................9
*Кәкімбек Салықов.* «Оқысаң, Қаныштың оқуын оқы!» ..............................................23
*Мухит Бупежанов.* Память..............................................................................................29
*Өмірхан Байқоңыров.* Қамқоршым еді ..........................................................................33
*Василий Штифанов.* «Он был моим учителем и другом» ..........................................39
*Василий Штифанов.* Ұстаз ұлағаты................................................................................43
*Виктор Гурба.* «И нет другого пьедестала для монумента твоего» ...................... 49
*Далабай Ешпанов.* Жаңалыққа ұмтылдырды ..............................................................55
*Әбдірахман Тоқтыбаев.* Кемеңгер еді, дос еді ..............................................................59
*Иосиф Богданчиков.* Көреген ...........................................................................................65
*Саид Сейфуллин.* Байконуровская встреча ..................................................................69
*Сүтемген Бүкіров.* Асыл аға ............................................................................................73
*Ғазиз Омаров.* Қос жолдама.............................................................................................77
*Иван Резников.* «Горжусь, что был соратником Сатпаева»........................................81
*Мәкен Төрегелдин.* Өмірдегі ұстазым.............................................................................87
*Қойшыбек Тоқтамысұлы.* Алыппен кездескен күн .......................................................93
*Федор Пастухов.* Командировка в Алма-ату .................................................................95
*Әлкен Жылқайдаров.* Тұла бойы тұнған – тәлім...........................................................103
*Жәлел Қалмағанбетов.* «Бала екен ғой» деген жоқ........................................................107
*Мұзараф Аханов.* Ғибратты ғұмыр..................................................................................111
*Гариф Сафаргалиев.* Мое знакомство ..............................................................................115
*Мұзарап Жүсіпов.* Қанышпен қатар жүргенде...............................................................117
*Өмірбек Мұқанұлы.* Академиктің ақ батасы ..................................................................121
*Тұрмұханбет Ысмағұлов.* Жақсының шарапаты ............................................................125
*Яхия Асатов.* Біздің ауылға жиі келетін ..........................................................................131
*Асер Имангалиев.* С легкой руки академика ..................................................................135
*Зейнеп Әбілбекова.* Қаныш ағадан келген хат ................................................................139
*Шабал Бейсенбекқызы.* Үш кездесу ..................................................................................145
*Борис Опескин.* Как это было ............................................................................................149
*Абулайс Түсіпбекұлы.* Әзілі де әдемі болған...................................................................153
*Нығмет Ілиясов.* «Ізденістен жалықпау керек» ..............................................................157
*Мақами Жапаров.* Жақсылықтар жаңғырығы.................................................................161
*Шоқан Оспанбеков.* Батасы тиді ........................................................................................167
*Бейсен Халықұлы.* Хал-аға естеліктері ..............................................................................171
*Абдикарим Макаев.* «И угостил я академика кумысом» .................................................177
*Сәбит Бармұхаметұлы.* Ұмытылмас сол бір сәт ...............................................................181
*Шахбазия Ибаділдина.* Қарапайымдылығымен тәнті еткен ...........................................183
*Раушан Қапарова.* Атамнан естіген әңгіме.........................................................................187
*Алтыншаш Жалмағамбетова.* Ұлы тұлғаның есімін ұлымызға бердік.........................189
*Жәми Тұрсынбаев.* Шаңырағымызға шапағаты тиген .....................................................193

***II БӨЛІМ***
## ЖЫР БОЛЫП ӨРІЛГЕН, ӘН БОЛЫП ТӨГІЛГЕН

*Омар Қунақұлы.* Ғылымда биік нар тұлға.......... 197
*Константин Алтайский.* Каныш Сатпаев .......... 200
*Әбділда Тәжібаев.* Қарашы, әне, Имантайұлы Қанышқа! .......... 202
*Кәкімбек Салықов.* Көргенде Сәтбаевты алғашқы рет.......... 206
*Шынболат Ділдебаев.* Ортаға қала болып ұлың келді .......... 208
*Яхия Асатов.* Ғаламшарда – бір жұлдыз.......... 210
*Ибрагим Бекмаханов.* Сәтбаев жұлдызы .......... 212
*Батырбек Мырзабеков.* Алтын жүзін арай құшқан.......... 214
Ту тіккен таудың шыңына .......... 214
*Өмірбек Сартов.* Қаныштың «қара шалдары» .......... 216
*Мұса Тілеуов.* Қаныштың үш арманы .......... 219
Портрет алдындағы ой .......... 221
«Ең кішкене» қазақ.......... 222
*Ғазиз Ештанаев.* Ескерткіш алдында туған екі өлең.......... 226
*Абдолла Дастанов.* Халық қалап қойған атау .......... 229
Қаныш Сәтбаев мүсіні жанындағы ой .......... 231
*Несіпкүл Сапарғалиқызы.* Гүлдене бер, Сәтбаевтың қаласы! .......... 233
*Ләззат Жұманова.* Нар тұлға.......... 236
*Петр Цаплин.* Высота Сатпаева .......... 238
Улица имени Сатпаева.......... 239
Земля Сатпаева.......... 239
Он будет служить мне примером .......... 240
Мне так повелела природа.......... 240
Я люблю свой город .......... 241
*Тоқтар Ерсейітұлы.* Мақтанышым .......... 242
Мәңгілік.......... 242
*Жақсылық Омаров.* Дара туған .......... 244
*Бұқар Амангелді.* Ән қанатында .......... 245
Қаныш қайта оралды .......... 246
Қаныштың қаласы.......... 247
*Дәуренбек Бұланбаев.* Суретіңе қараймын күнде сенің... .......... 248
*Жанат Әбдіғожин.* Ұлтқа үлгі болардай тұлғаң бөлек .......... 249

***Әндер***

Сәтбаев – киелі мекенім .......... 251
Қаныштың қаласында.......... 252
Сәтбаев – достықтың қаласы .......... 254
Сәтбаев – береке бастауы .......... 256
Қаныш-қала .......... 257
Город алых тюльпанов .......... 259
Кенші қала .......... 261
Киелі кен қалам.......... 263
Песня о Сатпаеве .......... 264
Шахтерская .......... 266
Сатпаевский вальс .......... 268
Сәтбаев вальсі .......... 269

*Осы кітапты жинақтау барысында жан-жақты көмек көрсеткен Жезқазған қаласының, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы Сағындық Үсенұлы Қожамсейітовке, Жезқазған қалалық мемлекеттік архив (басшысы Дәметкен Орынбасарова) ұжымына, С. Сейфуллин атындағы Жезқазған қалалық кітапханасына (басшысы Ғалия Түгелбаева), Б. Бұлқышев атындағы Сәтбаев қалалық кітапханасына (басшысы Гүлнара Қожахметова), Қ. Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейіне (директоры Кенжал Балкенов) және осы музейдің қызметкері Жансұлу Ильясоваға, «Жезқазғантүстімет» ӨБ-нің ақпараттық-кітапхана орталығына алғыс білдіреміз.*

***Құрастырушы***

---

# ЖҮРЕКТЕРДЕ ЖАНҒАН ЖҰЛДЫЗ

*Естеліктер, арнау өлеңдер мен әндер*

**Құрастырушы және жауапты редакторы**
**Абдолла Дастанов**

*Редакторы* Қуат Құрмансейіт
*Техникалық редакторы* Ақбота Жан
*Көркемдеуші редакторы* Вячеслав Козлов
*Корректоры* Жұлдыз Аманғали
*Компьютерде беттеген* Ерке Арыс

Басуға 04.09.2019 қол қойылды.
Пішімі 70х100 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 22,1.
Тапсырыс №48. Таралымы 500 дана.

«Кәусар» баспасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы
Мәскеу көшесі, 40, 212-кеңсе
тел.: 8 777 323 25 47, 8 776 198 63 51,
8 705 160 06 21, 8 777 116 58 96